

ЖОҒАРЫ



БІЛІМ

А. Дүйсенбаев

Педагогика

Оқулық

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана–2018

ОӘЖ
КБЖ
Д

Баспаға Абай атындағы ҚазҰПУ базасындағы РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік бірлестігі (№2 хаттама, 20.05.2016 ж.) ұсынған

Пікір жазғандар:

Бөлеев Қ. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Сарыбеков М. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Иманғалиев А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Бердимуратов Т. – психология докторы, профессор

Д **Дүйсенбаев А.**
Педагогика: Оқулық / А. Дүйсенбаев. – Астана: Фолиант, 2018. – 264 б.

ISBN

Бұл оқулық мазмұнында педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері, пәнаралық бағыттағы педагогикалық үдерістің ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар, практикалық сабақтардың жоспары, өзіндік жұмыс тапсырмалары, емтихан сұрақтары, глоссарий, әдебиеттер тізімі берілген.

Оқулық 5В010000 – «Білім беру» тобы мамандығының студенттеріне, магистранттарға арналған.

ОӘЖ
КБЖ

ISBN

© Дүйсенбаев А., 2018
© «Фолиант» баспасы, 2018

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
1-тарау. Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері	6
1.1. Педагогиканың жалпы мәселелері	6
1.2. Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері	15
1.3. Жеке тұлға туралы жалпы түсінік	23
1.4. Жеке тұлғаның дүниетанымы	40
Тест тапсырмалары	49
2-тарау. Тәрбие теориясы	59
2.1. Тәрбиенің генезисі және тарихи негізі	59
2.2. Тәрбиенің формалары мен әдістері.....	72
2.3. Тұлғаны отбасында тәрбиелеудің мәні	81
2.4. Сыныптағы тәрбие жүйесі	94
Тест тапсырмалары	101
3-тарау. Дидактика.....	108
3.1. Білім беру және оқыту теориясы	108
3.2. Білім мазмұны	117
3.3. Оқытуды ұйымдастыру формалары	124
3.4. Оқыту әдістеріне сипаттама.....	137
3.5. Білім беру жүйесіндегі бақылау мен бағалау	147
3.6. Педагогикалық технологиялар.....	156
Тест тапсырмалары	163
4-тарау. Педагогикалық менеджмент негіздері	188
4.1. Педагогикалық менеджмент және корпоративтік мәдениет түсініктері	188
4.2. Педагогикалық менеджменттің функциялары мен принциптері	200
4.3. Басқару стильдері және лидерлік	209
4.4. Кадрларды жоспарлау.....	218
Тест тапсырмалары	222
Тест жауаптарының кілті.....	246
Глоссарий	247
Әдебиеттер.....	261

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстанның білім беру жүйесінде көптеген ілгері реформалар жүргізілуде. Олардың мақсаты – ұлттық білім беру жүйесін өркениетті елдердің білім беру жүйесі мен әлемдік стандартқа сай негіздей отырып сабақтастыру.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Интеллектуалды ұлт – 2020» идеясын ұсына отырып: «... заманауи өркениеттің мәнін білуіміз керек. Қазіргі шындық мынандай: бүгінгі мемлекет өзінің интеллектуалды ресурстарымен бәсекеге түседі. «Интеллектуалды ұлт – 2020» идеясының мақсаты – жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеу. Елді адам капиталы арқылы бәсекеге қабілетті ету бәсекенің бастысы – білімнің бәсекесі. Бұл үшін, біріншіден, білім жүйесінің инновациялық дамуына жол ашу керек, екіншіден, электронды қызмет көрсетуді жаңа заманға сәйкестендіру керек», – деп атап көрсетті.

Осы мақсаттарды мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде іске асырушы басты тұлға – мұғалім. Қазіргі кезеңде қоғам адам туралы ғылымдардың жетістіктері мен оның даму заңдылықтарын, жаңа педагогикалық тех-

нология мен қарым-қатынас мәдениетін терең меңгерген, жан-жақты шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімді қажет етеді. Аталған мәселенің өзектілігі қазіргі мектептегі оқу үдерісінің сын тұрғысынан оқытуға көшуімен, білім беру мекемелерінің жаңа түрлерінің пайда болуымен, мұғалімнің қолданатын жаңа білім технологияларының көбеюімен, мектептегі эксперименттік жұмыстардың кеңінен қолдануымен байланысты. Мектептегі инновациялық үдерістер бүгінде ауқымды сипат алуда, сондықтан бұл мектептерде жұмыс жасайтын жоғары білікті, шығармашылық, ғылыми-педагогикалық ойлауы жоғары дамыған жаңашыл мұғалімдерге деген қажеттілігі туындап отыр.

Сонымен қатар, «Педагогика» пәнін оқыту болашақ маманға жүйеленген білім мен дағды іс-әрекеттерін меңгеруге бағытталған зерттеу жұмысы мен тәжірибелік міндеттерді жауапкершілікпен шеше білетін, ғылым мен техниканың, мәдениеттің жетістіктерін дамыта отырып, шығармашылықпен пайдалануға мүмкіндіктер жасайтын ерекше мазмұнға ие болады.

Педагогика пәнін оқытудың мақсаты: тұтас педагогикалық үдеріс жағдайында болашақ мұғалімдердің практикалық іс-әрекетке көшуіндегі теориялық білімдері мен практикалық іскерліктерінің жүйесін қалыптастыру.

Педагогика пәнін оқытудың міндеті:

- болашақ мұғалімдердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын қалыптастыру;
- студенттердің кәсіби маңызды жеке тұлғалық сапасын қалыптастыру (функционалдық сауаттылық, адамгершілік қарым-қатынас, педагогикалық ойлау, педагогикалық әдеп, толеранттылық және т.б.);
- студенттердің шығармашылық, ғылыми ізденіс жұмыстарға, өздігінен білім алуына дайындығын қалыптастыру.

«Педагогика» негізінен пәнаралық байланыс талабын орындауды жүзеге асыратын гуманитарлық білімдер жүйесіндегі ғылым ретінде интеллектуалды жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

«Педагогика» курсынан оқытудан бұрын әлеуметтік-гуманитарлық пәндер (философия, әлеуметтану, жас ерекшелік психологиясы, мәдениеттану және т.б.), сонымен қатар педагогикалық циклдің «Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», «Педагогика тарихы», «Этнопедагогика» пәндері оқытылады. Қазіргі кезде педагогикалық білімнің аясы біршама кеңейе түсті. Педагогика міндетті курс ретінде «Адам-Адам» жүйесі негізінде мамандар даярлауды жүзеге асыратын әртүрлі оқу орындарында оқытылады. Осыдан келіп педагогикалық білім мен ғылым, практикалық қажеттілігімен қатар, оның гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарымен байланысты салалары және оқыту әдістемесі қалыптасу үстінде.

«Педагогика» пәнін оқып-білу ба-рысында әртүрлі педагогикалық құбылыстар, пәнаралық бағыттағы педагогикалық үдерістің ерекшеліктері қарастырылады.

1-тарау. ПЕДАГОГИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Педагогиканың жалпы мәселелері

Жоспары:

1. Педагогика пәні.
2. Педагогиканың негізгі ұғымдары.
3. Педагогиканың міндеттері.
4. Педагогика ғылымының салалары.
5. Педагогика ғылымының пайда болуы мен дамуы.

Негізгі ұғымдар: педагогика, категория, тәрбие, оқыту, білім беру, әлеуметтену, қалыптастыру, әдістеме, педагогика ғылымының салалары.

Басқа пәндермен байланысы: философия, психология, педагогика, физиология, этнопедагогика.

1. Педагогика пәні. Педагогика пәні – адамтану ғылымының ішіндегі жетекшілерінің бірі ретінде өте ертеден қалыптасқан ғылымдардың бірі. Сондықтан педагогика ілімінің адам баласының саналы өмірімен ұштасып, оның көне заманнан бастап орын алып келе жатқанын түсінуге болады.

Адамзат қоғамының дамуына байланысты ғылым-білімнің дамуы, тәрбиенің шығуын, оның даму заңдылықтарын ғылыми жолмен түсіндірудің қажеттігі туды. Жинақталған ғылыми мәліметтерді пайдаланып, педагогика адам тәрбиесі туралы мәселелерді жан-жақты түсіндірудің ғылыми және әдіснамалық бағытын қарастырады.

Қазіргі кезде тәрбиенің ықпал ету факторлары кеңейе түсуде. Олай болса педагогика тек балалар тәрбиесі туралы ғылым ғана емес, қоғамның дамуымен қатар білім беру, өркениетті мәдениет, тұлғаның кәсіби дамуы мәселелерін зерттейтін кешенді ғылым. Педагогиканың ғылыми танымдық саласы – тәрбие. Педагогика қоғамдық өмірдегі тәрбиенің мәні мен ролін анықтайды.

Педагогика (грек. «*paidea*» – бала, «*gogos*» – жетектеуші) – 1) жеке адамды тәрбиелеп, қалыптастыру үшін белгілі мақсатқа бағытталған жүйелі тәрбие мен білім беру туралы ғылым; 2) тәрбиені, білім беруді және оқытуды зерттейтін теориялық және практикалық ғылымдардың жиынтығы. Педагогикалық инсти-

туттарда профильді бағдарламалар бойынша оқылатын оқу курсы да педагогика деп аталады. Қазіргі кездегі педагогика оқу-тәрбие жұмысының мәселелерін қамтиды. Ежелгі Грекияда еңбекке, қолөнерге және соғыс өнеріне үйретуші құлдарды педагог деп атаған.

Педагогикалық ойлар алғашқыда философияда, діни ілімдер жүйесінде, саясаттануда, құқықтануда, әдебиетте дамыды, кейін XII ғасырдың басында жеке ғылым болып бөлініп шықты. Ф. Бэконның, Я. Коменскийдің еңбектерінде педагогиканың дербес ғылым ретінде маңызы арта түсті. Олардың ізінше Д. Локк, Ж. Ж. Руссо, И. Песталоцци, И. Гербард, А. Дисстервег, т.б. еңбектері жарық көрді.

Орта ғасырларда жастарға білім және тәрбие беру ісі діни орындардың қолында болды. Мешіт жанынан медреселер, шіркеу жанынан приходтық, соборлық, монастырьлық мектептер ашылды. Олардың бәрінде дерлік құдай заңы, төрт амалды есеп, таза жазу, еңбекке үйрету пәндері оқытылды. Кейіннен өндіріс пен сауда-саттықтың өркендеуіне орай гильдейлік мектептер ашылды, онда тауартану, заттың өзіндік құны мен сапасын анықтау, геодезия, топография сабақтары енгізілді. Педагогика пәні қоғамның талабына сай өскелең жас ұрпақтың тәрбиелеу, білім беру және оқытудың жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттейді. Сонымен

қатар, педагогика тәрбие туралы ғылым ретінде тәрбиенің мәнін анықтау, түсіндіру, тәрбиенің өзіне тән заңдылықтарын көрсету, қоғамның, жеке тұлғаның мүддесіне сай болуы туралы жан-жақты зерттеулер жүргізеді.

2. Педагогиканың негізгі ұғымдары. Педагогикалық ұғымдардың бірі тәрбие болып табылады. Тәрбие – 1) әлеуметтік мағынасында – өскелең ұрпақты өмірге дайындау бойынша барлық әлеуметтік құрылым: қоғамдық институттар, діни ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары мен мәдениет, отбасы мен оның орындайтын қоғамдық функциясы; 2) педагогикалық мағынасында – тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілер арасындағы арнайы ұйымдастырылған және басқарылатын қарым-қатынас үдерісі, оның барысында қоғамдық-тарихи тәжірибені, жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру мен оларды қоғамдық өмір мен өнімді еңбекке дайындау мақсатында жаңа ұрпаққа дарыту орындалады.

Тәрбие келесі бағыттардан тұрады:

1. *Рухани* – адамның тұрақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін өмірге құндылықты қатынасты қалыптастыру. Бұл адамның жұмысы мен ойларына жоғары мағына беруге қабілетті парыз, әділеттілік, шынайылық, жауапкершілік, т.б. қасиеттер сезіміне тәрбиелеу.

2. *Адамгершілік* – адамдармен ізгілік қатынастарды, оларды жетілдіру және қоғамдық талаптар мен нормаларды, әдептілік негіздерін құрайды.

3. *Отансүйгішітік* – атамекенге сүйіспеншілік, Отанды қорғау мен оның мүдделері үшін өз ар-намысын жоғары қою сезімін қалыптастыру.

4. *Еңбексүйгішітік* – жеке тұлғаны адал еңбек етуге, еңбек пен оның өнімдеріне жауапкершілік қатынасты қалыптастыруға бағытталған тәрбие жүйесі.

5. *Құқықтық* – Ата заңды құрмет тұтуға, адам құқықтары мен құқықтық мәдениетті және заңға бағыну мінезін қалыптастыру үдерісі.

6. *Дене тәрбиесі* – адамның денсаулығына қатысты денсаулықты нығайту, дұрыс тамақтану, жаттығу, тынығу, т.б. тұлғаның дене бітімін жетілдіру жүйесі.

7. *Экономикалық* – өндірісті тиімді жүргізу мен ұйымдастыру, бөліп тарату мен тұтыну принциптері мен нормаларының табиғатына сай білімді, іскерліктер мен дағдыларды, қажеттіліктерді, қызығушылықтары мен ойлау стилін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілердің өзара мақсатты әрекеті.

8. *Экологиялық* – өскелең ұрпақты табиғат туралы білім мен аса жоғары ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық ретінде жауапкершілікті қызметті сезінетін жоғары экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.

9. *Эстетикалық* – тұлғаны өмірдегі және өнердегі көркемдікті қабылдау, дұрыс түсіну, бағалау мен жасаудағы, сұлулық заңдары бойынша шығармашылыққа, жасампаздыққа белсенді қатынастаудағы тәрбие жүйесі.

Білім беру дегеніміз – табиғат және қоғам жайлы ғылымдар жинақтаған білім жүйесін жеке тұлғаның меңгеруін және оны өмірде тиімді қолдана білуі. Бұл ұғымды тұңғыш рет енгізген – швейцар педагогы Иоганн Генрих Песталоцци.

Оқыту – бұл оқушы мен мұғалімнің мақсатты түрде өзара әрекет жасау үрдісі. Бұл үрдістің барысында білім беру, тәрбие беру және адамның дамуы, оның білім алуы жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаның дамуы – бұл ішкі және сыртқы, басқарылатын және басқарылмайтын факторлардың ықпалымен жеке тұлғаның қалыптасып жетілу үрдісі. Жеке тұлғаның дамуында, жетілуінде, қалыптасуында мақсатты түрде жүргізілетін тәрбие мен оқыту негізгі роль атқарады.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік және ғылыми-техникалық өркениеті үздіксіз білім алу принципі негізінде оқу-тәрбие жүйесін қайта құруды талап етіп отыр. Сондықтан «өздігінен білім алу» заңдылығы, оның мазмұны қазіргі қоғам дамуының қажеттілігіне айналды. Осыған орай педагогиканың анықтамасының құрамы-

на: «тәрбие», «білім беру», «оқыту» ұғымдарымен қатар, «өздігінен білім алу» ұғымы қалыптасты.

Өздігінен білім алу – тұлғаның мақсатқа бағытталған арнайы көздеген жұмысы, өздігінен білім алу адамның өзі қызығатын мәселеге байланысты ізденіп, қажетті білімді меңгеруі, сонымен қатар ақпараттық технологиялар мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы білімін жетілдіру болып табылады.

Сонымен бірге, адамның «қалыптастыру», «жетілу», «дамуы», «өзін-өзі тәрбиелеу», т.б. ұғымдармен бүгінгі педагогика ғылымының зерттейтін проблемаларының шеңберін толықтырады.

Жеке адамның қалыптасуында өзін-өзі тәрбиелеудің маңызы зор. *Өзін-өзі тәрбиелеу* – адамның саналы түрде, белгілі бір мақсат көздеп өзінің бойына қалыптастыратын қасиет, мінез-құлық дағдысына бағытталған іс-әрекеті.

3. Педагогиканың міндеттері.

Бүгінгі күні педагогиканың негізгі міндеттеріне:

- үздіксіз білім берудің біртұтас жүйесін жетілдіру
- оқу-тәрбие үрдісін интеграциялау, ізгілендіру және демократияландыру, ғылыми-теориялық принциптерін ашу;
- қоғам өміріндегі тәрбиенің ролі мен жеке тұлғаның қалыптасуы туралы оқушылардың танымдық ерек-

шеліктерін ескеру, қоғамның дамуы мен тұлғаның өзара қарым-қатынасы жайындағы теориялық мәселелерді айқындау;

- білім беру мазмұнының ғылыми негіздерін жасау, жалпы, политехникалық және кәсіптік білім беру арасындағы қатынасын анықтау, оқу-тәрбие үдерісіне тиімді әдістерді қолдану, ғылыми-практикалық маңызын жетілдіру;

- оқыту үрдісін «технологияландыру», оны мектеп тәжірибесіне енгізу;

- этнопедагогиканың педагогика ғылымындағы орнын, жүзеге асырылу жолдарын айқындау, ұлтымыздың ерекшеліктерін білім мазмұнына пайдалану;

- қоғамдағы мұғалімнің әлеуметтік орнын және оқу-тәрбие үрдісіндегі ұстаздың ролі мен беделін көтеру және елімізде үздіксіз педагогикалық білім берудің мазмұнын жасау, өздігінен білім алудың ғылыми-практикалық негізін айқындау жатады.

4. Педагогика ғылымының салалары. XIX ғасырдың басында ғылым мен техниканың өркендеуіне байланысты педагогика ғылымы тармақталып, жеке салалары қалыптасты. Педагогиканың ғылыми пән ретінде және өзінің тарихи даму барысында мынадай салаларды қамтиды:

1. Жалпы педагогика – барлық жастағы тұлғаның оқуы мен тәрбие-

сіне ортақ негізгі заңдылықтар мен принциптерді зерттейді.

2. Мектепке дейінгі педагогика – мектеп жасына дейінгі жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу заңдылықтарын зерттейді.

3. Мектеп педагогикасы – мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың заңдылықтары мен ерекшеліктерін, оны ұйымдастыру жолдарын қарастырады.

4. Жоғары мектеп педагогикасы – жоғары оқу орындарында оқитын жастарды тәрбиелеу мен оқытудың заңдылықтарын зерттейді.

5. Арнаулы педагогика бірнеше бағытқа бөлінеді:

– сурдопедагогика (лат. «*surdus*» – саңырау, күнгірт естілетін) – арнаулы педагогиканың саңырау және құлағының мүкісі бар адамдардың дамуын, оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейді;

– тифлопедагогика (грек. «*typhlos*» – соқыр, көзі көрмейді) – соқырлар мен көзі нашар көретіндерді оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтарын қарастырады;

– олигофренопедагогика (грек. «*oligos*» – аз, және «*phren*» – ақыл) – 1) ақыл-ойдың кемдігі; 2) баланың іштен туа біткен не алғашқы үш жыл өмірінде дамымай қалған психикасының әртүрлі формалары кездесетін ақыл-ойы кем балаларды оқыту мен тәрбиелеу проблемаларын зерттейді;

– логопедия (грек. «*logos*» – сөз, ілім, «*paideia*» – тәрбиелеу, оқыту) – баланың тіл кемшілігін, оны жою мен алдын алудың әдістері мен қағидаларын зерттейді.

6. Педагогика тарихы – әртүрлі тарихи дәуірлердегі педагогикалық идеялары мен білім беру мен тәрбиенің даму тарихын зерттейді.

7. Оқыту әдістемесі – мектептегі немесе ЖОО пәндердің оқыту әдістемесінің негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттейді.

5. Педагогика ғылымының пайда болуы мен дамуы. Педагогикалық ойлардың дамып-жетілуі ертедегі шығыс елдерінің (Ежелгі Мысыр, Вавилон, Үндістан, Қытай) философиялық жүйесінде қалыптасып, ежелгі грек философиясының өкілдері Сократ (469–399), Платон (427–347), Аристотель (384–322), Демокрит (460–370) еңбектерінде саясат, тәрбие, мемлекет, жеке тұлға туралы құнды пікірлерімен жалғасын тапты.

Құлдық қоғам дәуірінің ойшылдары Платон және Аристотель тәрбие мен оқытуды мемлекет тарапынан ұйымдастыру қажет деп, құлдардың балаларына білім беруге қарсы болды, дене еңбегі құлдардың негізгі жұмысы деп санады, тәрбиенің мақсатын өздері өмір сүріп отырған қоғамдағы мемлекеттің саяси міндеттерімен ұштастырды. Дегенмен ғұлама-ойшылдардың өздерінің философиялық еңбектерінде педагогикаға

қатысты адамдардың рухани өмірінің кейбір заңдарын ашты, тәрбие қызметінде басшылыққа алуға қажет болатын бастапқы бірқатар ережелерді қалыптастырады.

Қайта өрлеу дәуірінде (XIV–XVI ғғ.) оқу-тәрбие мәселелері жайында «гуманистік» бағыт қалыптасты. Олардың қатарында социал-утопистер француз жазушысы Франсуа Рабле (1494–1533), ағылшын Томас Мор (1478–1535), италиялық Томазо Кампанелла (1568–1639) педагогикалық ойдың көрнекті өкілдері болды. Олар жаңа дәуір үшін жаңа адам қажет деген көзқарасты ұсынды. Гуманистік бағыттың педагогтары балаларға дене тәрбиесін, эстетикалық тәрбие, математика, астрономия, механика, жаратылыстану ғылымдарын оқыту арқылы білім беруді талап етті. Педагогика ғылымының философия шеңберінен өз алдына дербес пән болып қалыптасуына айрықша үлес қосқан чех халқының педагогы Ян Амос Коменский (1592–1671). Оның «Ұлы дидактика» атты еңбегі – педагогика теориясындағы тұңғыш зерттеулердің бірі. Бұл еңбекте ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесінің мәселелері, өзі ұсынған жаңа мектепті ұйымдастыру мәселелері зерттелді. «Осыдан келіп ол ортағасырлық мектеп тәртібіне қарсы шықты, мектеп балаға сүйіспеншілікті, адамгершілік жақсы қасиеттерді тәрбиелейтін «адамгершілік шеберханасы» болуға тиіс деген көзқарасты ұсынды.

Педагогика ғылым ретінде дамудың ұзақ жолдарын өтті. Қоғамның дамуымен бірге оның бала тәрбиесі жөніндегі тәжірибесі, ойлауы да өсті.

Педагогикалық теорияның дамуына одан әрі үлес қосқан «прогресшіл» көзқарастың өкілдері: ағылшын ойшылы Джон Локк (1632–1704), француз ойшылдары Клод Адриан Гельвеций (1715–1771) мен Дени Дидро (1713–1784), француз жазушысы, ағартушы-философы Жан-Жак Руссо (1712–1778), Швейцарияның педагог-демократы Иоганн Генрих Песталоцци (1746–1827), неміс педагогы Адольф Дистервег.

XVIII ғасырдың философ-ағартушыларының педагогикалық ойларының дамуына нәтижелі үлес қосқандар XIX ғасырдың социал-утопистері Клод Анри Сен-Симон (1760–1825), Шарль Фурье (1772–1837), Роберт Оуэн (1771–1858). Олар өз дәуіріндегі капиталистік қоғамды сынап, адамды қанау жойылатын жаңа өркендетті, әділ қоғамды аңсады.

Қазақ халқының ағартушы қайраткерлерінің әлеуметтік-саяси, философиялық және этикалық көзқарастары ағартушылық бағытта қалыптасты. Халқымыздың ардақты ұлдары, қоғам қайраткері Жәңгір хан (1801–1845), ағартушы-этнограф Шоқан Уәлиханұлы (1835–1865), ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) және кемеңгер ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлы (1845–1904) өз елінде

білім, ғылым, тәрбие жолымен алға қарай бастады. Олар қазақ халқының өркениетті қоғамға қол жеткізудің бірден-бір жолы – өнер-білім, дін, ұлттық тәрбие мен мәдениетті жетілдіру деп біліп, өз өмірлерін осы мұратқа жетуге арнады.

Одан кейінгі толқын халқымыздың біртуар ұлдары Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Мағжан Жұмабайұлы және Жүсіпбек Аймауытұлының педагогика саласындағы еңбектері өзінің құндылығымен сипатталады.

Ахмет Байтұрсынұлы – ағартушы, ақын, әдебиет зерттеушісі, ғалым, этнограф, түркітанушы, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алашорда өкіметінің мүшесі. Филология ғылымында «Қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салушы» деген атпен әйгілі зерттеуші. Ол «Оқу ана тілінде жүргізілсін» деген талапты бастаушы болды.

1912 жылы тұңғыш рет қазақ тілінде «Әліппені» жазды, аталған еңбек халықты сауаттандырудың басты құралы болды. Бұл оқу құралы сауат ашу әрі ұлттық дүниетанымды тұлға бойында қалыптастыру мақсатын қойды. 1926 жылы «Әліппенің» жете

өңделген жаңа түрі жарияланып, қазақ халқының сауат ашу мектебінің басты құралы болды.

Ағартушы-ғалым оқушыларға ереже жаттатудың тиімсіз екенін дәлелдеп, түсіндіру, ой-қорыту, салыстыру әдістерін қолдануды ұсынды. Сол сияқты әдебиет сабағын оқытқанда әсерлендіру, талдау, бейнелеу, тұжырымдау тәсілдерін қолдану қажет екенін «Қай әдіс жақсы» (1928) деген мақаласында айқын баяндайды. Халыққа білім беру ісі үшін халықтың ана тіліндегі жазуы, оқу құралдары болуы керек. Міне, осындай өзекті мәселелерге ерекше мән беріп, ұлттық емлені, грамматиканы ғылыми негізде жаңадан құрып, оны жүзеге асыруға жанашыр болды.

А. Байтұрсынұлы 1913 жылғы «Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында: «Бала оқытатын адам оған үйрететінін, оның көңіл сарайын және мұғалімдік ғылымды жақсы білу керек», – дейді.

Ағартушылық идеяны насихаттаушы профессор Х. Досмұхамедұлы – тарих, әдебиет, тіл білімі, психология, педагогика, педология, физиология ғылымдары саласында бірнеше ғылыми еңбектері бар.

Бала кезінде ауыл молдасынан хат танып, одан кейін орыс-қазақ мектебінде оқиды. 1903 жылы Орал қаласындағы реалдық училищені «үздік» бітіріп шығады. 1903–1909 жылдары Петербургтегі әскери медицина

академиясында оқиды. Ол көрнекті физиолог-психолог, Нобель сыйлығының лауреаты, академик Иван Петрович Павлов, көрнекті шығыстанушы, қазақ лингвистикалық мектебінің негізін салушы, академик Василий Васильевич Радлов, Ресей ғылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор Бодуэн де Куртэне, т.б. ғалымдардан дәріс алды. Оны «Алтын медальмен» бітірген соң Пермь губерниясында, одан кейін 22-ші Орал казак-орыс атқыштар батальонында әскери дәрігерлік қызмет атқарады. Осы кезден бастап қоғамдық істерге белсене араласып, «Орал», «Пікір», «Қазақ» газеттеріне мақалалар жазады. 1917 жылдан бастап Алашорда үкіметінің басқару жұмыстарына белсене араласады. Батыс Қазақстан өлкесіндегі Алаш партиясының белсенді қайраткерлерінің бірі болады.

1924 жылы Орта Азия университетінде ординатор, 1926–1929 жылдары Қазақ педагогикалық институтында проректор, кейіннен педология кафедрасының меңгерушісі, профессоры болады. Оның қаламынан шыққан қазақ мектептеріне арналған «Өлі табиғат» оқулығы (1920), «Жануартану» (үш бөлімнен тұрады), «Табиғаттану» (1922), «Оқушылар гигиенасы» (1925), «Адамның тән тіршілігі», «Денсаулығыңды сақта» және т.б. оқулықтары кезінде жаңадан ашылып жатқан қазақ мектептеріне өте қажетті оқулықтар болған

еді, бүгін де өз мәнін жойған жоқ. Сонымен қатар, психология, педагогика, биология, медицина ғылымдары саласында тұңғыш ұлттық ғылыми терминдерді қалыптастыруда үлкен еңбек етті.

Профессор Х. Досмұхамедұлының тарих, әдебиет, тіл білімі ғылымдары саласында да бірнеше ғылыми еңбектері бар. Мысалы, «Қазақ халық әдебиеті», «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», «Кенесары-Наурызбай» еңбектерінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің тәлімдік жағына баса көңіл бөлген, қазақ әдебиетін жинап, зерттеуші орыс ғалымдары В. В. Радлов, Г. Н. Потанин, А. В. Алекторов, Ә. Диваев, т.б. еңбектеріне ғылыми талдау жасаған. Қазақ ауыз әдебиетіне ғылыми тұрғыда тұңғыш классификация жасаған. Ұлттық өнер туындыларына, әсіресе айтыс өнеріне этнопедагогика тұрғысынан ғылыми пікір білдірген. Қазақтың ою-өрнек, зергерлік бұйымдарының жасалу ерекшеліктерін, Самарқанд шаһарындағы «Тілләқари» және «Ширдор» медресесін салдырушы Жалаңтөс батыр туралы тың мағлұматтар берген.

Профессор Х. Досмұхамедұлы қазақ тілі, сөйлеу-мәдениетіндегі адам психологиясының ерекшеліктерін сөз ете келіп: «Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт. Мектеп пен баспаның тілі дұрыс болса, елдің тілі көркейіп, гүлденеді... Ал мектеп пен

баспада қолданудан қалған тіл – шатасқан тіл. Ол ел сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды», – дейді. Сонымен қатар, «Өз тілін білмей тұрып, жат елге еліктей беру зор қате» дегенді айтады. Біз бұдан оның ұлтын, ұлт тілі мен ұлт мәдениетін қастерлейтін нағыз патриот азамат екенін білеміз.

Сонымен қатар, М. Жұмабайұлының педагогика саласындағы еңбектері ерекше болып табылады. Оның 1923 жылы Орынборда жарық көрген «Педагогика» атты оқулығының маңызы зор. Ол өз еңбегінде ұлттық мәселелерді орынды көтеріп, ғылыми мәнді пікірлер келтіреді. Өмірдің өзекті мәселелерін жүректің нәзік қылымен өрнектей білген Мағжан ұлттық тіл, ұлттық тәрбие туралы да өрелі ойлар айтқан. Яғни, «Тәрбиеден мақсұт – адамды һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты», – деп өзінің гуманистік пікірін айтады.

Ал Ж. Аймауытұлы педагогикалық оқу орындарында қызмет істей жүріп, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге, ғылымның әр саласынан жан-жақты білім алуға шақырған көптеген еңбектер жазды. Оның «Тәрбиеші жетекшісі» (1924), «Комплексті оқыту жолдары» (1929), «Жана ауыл» (1930) атты журналдағы мақалаларында педагогикалық мәселелерге ерекше мән берген, ал «Психология» (1926), «Жан дүниесі және өнер таңдау» (1926) еңбектері – психология ғылымы саласында жазылған тұңғыш төл туындылар.

Ағартушы Ж. Аймауытұлы бала тәрбиесіндегі отбасының роліне, онда балаларды тәрбиелеудің жолдарына ерекше тоқталады. Өз еңбектерінде мұғалімге қойылатын талаптарды, дидактика мәселелерін оқытудағы және тәрбиелеудегі ана тілінің мәнін, жекелеген пәндердің оқыту әдістемесін қарастырады.

Ж. Аймауытұлының педагогикалық және психологиялық мұрасының ғылыми мәнінің күні бүгінге дейін маңызы зор болып табылады.

Негізгі әдебиеттер:

1. Әбенбаев С., Әбиев Ж. Педагогика. – Астана: Фолиант, 2009. – 336 б.
2. Әбиев Ж. Педагогика тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2006. – 480 б.
3. Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов. /Под ред. А. П. Тряпичиной. – СПб: «Питер», 2014. – 304 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Бабаев С. Б., Оңалбек Ж. К. *Жалпы педагогика. Оқулық.* – Алматы: Нұр-пресс, 2005. – 228 б.
2. Байжанова З. Т. *Жалпы педагогика. Оқу құралы.* – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 168 б.
3. Сейталиев Қ. Б. *Педагогиканың жалпы негіздері.* – Атырау: Атырау университетінің баспасы, 2004. – 271 б.
4. *Педагогика. Оқу құралы. / Жалпы ред. басқарған А. Құдиярова.* – Алматы: Дарын, 2004. – 448 б.

1.2. Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері

Жоспары:

1. Әдіснама – ғылыми таным әдістері туралы философиялық ілім ретінде.
2. Педагогиканың эксперименталды-эмпирикалық деңгей әдістері.
3. Теориялық деңгей әдістері.

Негізгі ұғымдар: ғылыми-зерттеу әдістері, ғылыми дәлел, заңдылық, ғылыми ақпараттың анықтығы, жүйе, модель.

Басқа пәндермен байланысы: философия, психология, педагогика, элеуметтану.

1. Әдіснама ғылыми таным әдістері туралы философиялық ілім ретінде. Әрбір ғылым өзінің дербес әдіснамасынан, зерттеу әдістерінен тұрады. Педагогиканың да өзіне тән ғылыми-зерттеу әдістері бар. Ол әдіс-

терді зерттеуші әрбір педагогикалық құбылыстың ерекшеліктеріне сәйкес қолданады. Тәрбие мен оқытудың нәтижесі мұғалімнің тиімді әдістерді қолдана білуі мен педагогикалық шеберлігіне ғана емес, ол оқушылардың қабілетіне, жан-жақты дамуына және т.б. факторларға байланысты. Басқа жаратылыстану ғылымдарына (физика, математика, химия) қарағанда педагогикалық құбылыстарды зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, жаратылыстану ғылымдары бойынша экспериментті қайталап жүргізуге болады. Егер бұрынғы жағдай ескеріліп, сол кезеңдегі материалдар пайдаланылса, эксперименттің нәтижесі өзгермейді. Ал педагогика ғылымы бойынша экспериментті қайталап жүргізу тиімді нәтиже бермейді. Себебі педагогикалық зерттеудің объектісі баланы тәрбиелеу болып табылады. Сондықтан педагогикалық үдеріске ішкі және кейбір сыртқы факторлар (даму үдерісінде оқушыда пайда болатын өзгерістер,

әлеуметтік және микроортада кездесетін түрлі жағдайлар және т.б.) әсер етеді. Міне, осы тұрғыдан қарағанда, ғылыми-педагогиканың зерттеу әдістері баланың денсаулығына зиян келтірмейтіндей және оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру бағытында қолданылуы қажет.

Әдіснама, әдіс және теория әрқашан бір-бірімен тығыз байланысты. *Теория* – педагогикалық құбылыстардың кез келген әдіснамасының негізі болып табылады және сол әдістеменің көмегімен табылған деректер нәтижесі кеңейеді. Теория – таным үдерісінің нәтижесі, ал әдіснама болса, осы танымға жету мен оны құру тәсілі болып табылады. Ол теориялық және практикалық ғылыми-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мен құрастырудың негізі мен тәсілдер жүйесін таным жолы деп атайды.

Әдіснама дегеніміз – әдістер туралы ілім, оларды зерттеушінің ойлау сипатын, оның танымдық үдерісінің дамуының жолын анықтаушы ретінде қарастыру керек. Оқыту, тәрбиелеу мен дамыту теориялары педагогика ғылымы әдістерінің негізгі мазмұнын құрайды. Қазіргі уақытта таным әдістері, олардың қалыптасуы мен даму үдерісі, зерттеу объектісін тану мен өлшеудің анық ғылыми нәтиже бере алатын нақты әдістерін талап ететін деңгейге жақындап келеді. Сондықтан ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерінің дамуы мен жетілдіру

үдерісі тұтас педагогика ғылымның дамуының ең басты құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазіргі кезде ғылыми-әдіснаманың теориялық негізін құрайтын бірнеше құрылымдары бар:

- фактологиялық материалдың бастапқы эмпирикалық негізі, ол теориялық түсіндірмені талап етеді;
- бастапқы теориялық негіз, ол зерттеу объектісін суреттейтін алғашқы анықтамалардан, аксиомалардан, болжамдардан және теориялық ыңғайлардан тұрады.

Зерттеу әдістері педагогика ғылымының дамуының басты құрамды бөлігі болып табылады. Педагогикалық ғылым мен тұтас педагогикалық білімнің дамуы педагогикалық зерттеу әдістерінің даму деңгейіне байланысты. Кез келген педагогикалық зерттеу белгілі ғылыми білімдерді дәлелдеу емес, ол жаңа білімдерді табу үдерісі болып табылады. Ол адамның зерттеу объектісі, заттар мен құбылыстардың мәнін ашуға бағытталған жан-жақты танымдық іс-әрекеті болып табылады.

2. Педагогиканың тәжірибелік-эмпирикалық деңгей әдістері. Педагогикада зерттеудің үш деңгейі бар: *эмпирикалық, теориялық және әдіснамалық*. Аталған әдістерге келетін болсақ:

Бақылау әдісі. Бұл – педагогикалық мәселелерді зерттеуде жиі қолданылатын әдістердің бірі. Бақылау

деп әдеттегі жағдайда педагогикалық құбылыстарды қабылдау арқылы таныуды айтады. Ғылыми бақылау арнайы жоспар бойынша жүргізіледі. Жоспарда бақылаудың мақсаты мен міндеттері, объектісі (сабақ, экскурсия, оқу-тәжірибе учаскесі), жүргізілу әдістері мен техникасы дұрыс көрсетілуі тиіс. Ғылыми негізде шығармашылықпен жасалған зерттеу жұмысының нәтижелі болуына игі әсер етеді. Ғылыми бақылау зерттелетін педагогикалық құбылысты дұрыс және шын дәлдікпен жазып алуды талап етеді. Сондықтан бақылаудың нәтижесі зерттеушінің педагогикалық іскерлігіне, қабілетіне және оның жоғары дәрежелі сауаттылығына байланысты. Педагогикалық бақылау – бұл белгілі бір құбылысты ұзақ және жоспарлы түрде зерттеудің танымдық әдісі. Зерттелетін тақырыптың мақсаты мен мазмұнына қарап, бақылауды жаппай және ішінара жүргізуге болады. Оқу-тәрбие үдерісінде жалпы мәселелерді (сабақ үстіндегі оқушылардың таным іс-әрекеті, оқушылар зейінін белсендіру, балалар ұжымының іс-әрекеті және т.б.) зерттеу үшін жаппай бақылау әдісі пайдаланылады. Жеке мәселелерді (кейбір оқушылардың кітаппен, географиялық картамен жасайтын жұмыстарын, жеке оқушының мінез-құлқын бақылау) зерттеу үшін ішінара бақылау әдісі қолданылады. Бақылау нәтижелері дұрыс шығу үшін зерт-

теуші түрлі формулаларды, кестелерді, фотосуреттерді, сызбаларды, әсіресе техникалық құралдарды, бейнетаспаға түсіру және т.б. үшін кеңінен пайдаланады. Бақылау материалдары арнайы күнделікке жазылады. Бақылау әдісіне сүйеніп, оқушылардың сырттай мінез-құлқын, іс-әрекеттерін, сұрақтарға берген жауаптарын зерттеп, жазып алуға болады.

Әңгіме әдісі. Бақылау мәліметтерін әңгіме әдісі арқылы түскен материалдармен толықтырады. Әңгіме әдісін дұрыс қолдану үшін арнайы жоспар жасап, онда негізгі сұрақтар мен жанама сұрақтардың және әңгіме жасаудың әдістері мен тәсілдері нақты көрсетілгені жөн.

Педагогикалық құбылыстарды анықтау үшін әңгіме мұғаліммен, сынып жетекшілерімен, мектеп басшыларымен, ата-аналар және басқа да тұлғалармен жүргізіледі. Әңгіме барысында зерттеуші тұлғалардың дербес ерекшеліктерін еске алады. Кейде әңгімеге қатысушылар зерттеушінің сұрақтарына ойдағыдай жауап бере бермейді, керек десе, олар сақтанып, өздерінің ойын шын мағынада айтып беруден де бас тартады. Сондықтан әңгіме зерттеушіден үлкен дайындықты, зор шеберлікті, зейінділікті және әдептілікті талап етеді. Кейде зерттелушіге елеусіз жағдайда әңгімені диктофон арқылы жазып алуға да болады. Әңгіме әдісі эксперимент және бақылау әдісімен

байланыстырылып жүргізілгенде ғана тиімді нәтиже береді.

Эксперимент. Эксперимент деп нақты жағдайды есепке алып, педагогикалық үдерісті әдейі зерттейтін ғылыми тәжірибені айтады. Педагогикалық эксперименттерге сүйеніп, зерттеуші оқытудың және тәрбиенің тиімді тәсілдері мен әдістерін, формалары мен мазмұнын тексереді. Экспериментті зерттеулердің нәтижелері әдеттегі жағдайда жүргізілетін педагогикалық жұмыспен салыстырылады. Сондықтан эксперимент мәліметтерін салыстыру үшін екі объект алынады. Олардың бірі – экспериментті, екіншісі бақылау объектісі деп аталады.

Соңғы кезде педагогикалық зерттеулерде эксперименттің бірнеше түрлері қолданылып келеді. Олардың бірі – табиғи эксперимент, бұл сыныпта, бүкіл ұжымда оқу-тәрбие процесін бұзбай, педагогикалық мәселелерді зерттеу үшін әдеттегі жағдайларда жүргізіледі. Оқу мен тәрбиенің мазмұнын, ұйымдастыру формаларын, принциптері мен әдістерін жаңадан құру үшін арнаулы эксперимент жүргізіледі. Педагогикалық құбылыстарды нақты бақылау үшін сынып ұжымынан бір топ бала бөлініп алынады да, олармен арнаулы эксперимент жүргізіледі. Эксперименттің мұндай түрін лабораториялық эксперимент деп атайды. *Лабораториялық эксперимент дегеніміз*

(лат. «*laboratorium*», «*laboro*» – жұмыс істеу, тәжірибе) – арнайы жабдықталған бөлмеде, тәуелді және тәуелсіз айнымалыларды қатаң бақылау үшін жасанды жағдайда жүргізілетін эксперименттің түрі.

4. Оқушылардың жұмысын зерттеу. Оқушылардың жазба, бақылау және графикалық жұмыстары, суреттері, пәндер бойынша дәптерлері, әртүрлі тақырыптарға жазылған баяндамалары мен рефераттары және еңбек сабақтарында жасаған заттары және т.б. педагогикалық зерттеуде кейбір қажетті мәліметтерді алу үшін қолданылады. Осы құжаттар арқылы оқушылардың дербес қабілетін, оқуға және еңбекке көзқарасы мен қатынасы, олардың теориялық және практикалық дайындықтарын, осыған орай, мұғалімдердің де іс-әрекетін зерттеп анықтауға болады.

Зерттеуші оқушылардың жұмысына жан-жақты талдау жасайды. Сабақ процесінде оқушылардың өз бетінше жұмыс жасаудың, олардың топтық және дербес орындайтын жұмыстарын ұштастырып жүргізудің және дидактикалық мәселелерді қолданудың тиімді жолдарын іздестіреді.

Анкета – арнайы іріктелген тағымдық сұрақтар мен олардың мүмкін деген жауап нұсқалардың қатаң логикалық құрылысы. Анкета мүмкін деген бірнеше жауаптары бар жабық сұрақтардан да тұрады. Егер анкетадағы сұрақтардың жауаптары

болмаса, онда ол ашық сұрақтар деп аталады. Жабық сұрақтарға қарағанда ашық сұрақтарға статистикалық талдау жасауда қиындық тудырады. Анкета әдісі көбінесе тұлғалардың бір-біріне, оқиғаларға, іс-әрекет, пікірлерді зерттеуге деген қатынасын анықтау үшін қолданылады.

Педагогикалық құжаттарды зерттеу – білім беру жүйесі қызметінің негізгі бағыттарының жағдайы мен даму тенденцияларын көрсетеді. Оқу жоспарлары, бағдарламалары, оқулықтар, оқу-әдістемелік, оқу құралдары, мұғалімдердің сабақ жоспарлары, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, колледждердің оқу-тәрбие бағдарламалары мен жоспарлары, сынып журналдары, мұғалімдердің есеп беруі, оқушыларды оқыту, тәрбиелеу мен дамытудың мазмұндық құрылымдарда тіркелген басқа да құжаттар зерттеуге негіз болып табылады. Мектеп іс-әрекетінің нәтижесіне баға беру үшін тестілердің, емтихандардың, бақылау жұмыстарының, шығармалардың, эсселердің, жобалардың, суреттердің ерекшелігін зерттеудің маңызы зор. Бұл зерттеушіге мектептің оқу-тәрбие үдерісіндегі іс-әрекетінің шынайылығын анықтауға, себеп-салдарының байланыстары, оқушының жеке тұлғасының дамуына әсер ететін факторларды айқындауға мүмкіндік береді.

3. Теориялық деңгей әдістері. Ғылыми танымның екінші деңгейі теориялық деңгей әдістері деп аталады. Мұндай зерттеу әдістері ғылыми нәтижелер арасындағы себеп-салдардың тәуелділігін айқындауға, эмпирикалық деректерден теориялық қорытындыларға өту барысындағы педагогикалық заңдылықтарды анықтауға көмектеседі. Теориялық деңгей әдістерінің бірнеше түрлері бар.

Әдебиет көздерін зерттеу зерттеудің бастапқы құрылымдық бөлігі болып табылады. Бұл – кез келген ғылыми іс-әрекеттің алғашқы кезеңі. Зерттеушінің осы саласы оған дейін қандай мәселелер зерттелгенін анықтау үшін, зерттеу мәселесінің бұрынғы мен қазіргі жай-күйін және оған қатысы бар барлық мәселелерді түсіну үшін таңдап алған тақырыбы бойынша әдебиеттермен танысуы.

Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді білу зерттеуші мәдениетінің, оның ғылыми адалдығы мен зерттеу нәтижелерінің құндылығының шарты болып табылады. Ғылымның зерттеліп отырған саласының жай-күйі мен дамуын тану үшін зерттеуші әртүрлі педагогикалық бағыттар, көзқарастар, ғылыми мектептер, отандық және шетелдік баспалардың арасынан өзіне керекті әдебиетті таңдап алып, көптеген авторларға ортақ және білім беру үдерісіндегі заманға

сай тенденцияларды анықтайтын мәліметтерді табуы қажет.

Әдебиеттерді зерттеу кезінде оларға талдау жасау, оларды салыстыру, жалпыға ортақ ғылыми әдістерді анықтау сияқты жұмыстар жүргізіледі, ол қоршаған болмысты тануда үлкен роль атқарады. Әдебиет көздерін зерттеу әдісі ғылыми танымның белгілі бір кезеңіндегі зерттеудің нақты мақсаттары мен міндеттері анықталады. Бұл әдістің қажетті әдебиеттерді іздеу, әдебиет материалдарына алдын ала талдау жасау, оқу мен жазып алу, тақырыптың белгілері бойынша жеке картотека құру, әдебиеттерді бір жүйеге келтіріп қолдану, әдебиеттерді зерттеу, т.б. кезеңдерінен тұрады.

Ғылыми әдебиеттермен жұмыс. Мұндай әдіске: ғылыми тақырыпқа байланысты кітаптардан деректер жазу (библиография) – зерттелетін мәселеге байланысты іріктеліп алынған деректік әдебиеттер тізімі; реферат жазу – жалпы тақырып бойынша бір не бірнеше ғылыми еңбектің қысқартылып берілген мазмұны; конспектiлеу – жұмыстың маңызды идеялары мен тұжырымдарына байланысты жан-жақты материалдарды мұқият қамтыған жазбалар; аннотациялау – кітап пен мақаланың жалпы мазмұнынан қысқаша ақпарат жазу; сілтеме (цитата) беру – әдеби деректе келтірілген ой, пікір не санды өзгерістен, мәтінге ендіре жазу.

Талдау мен синтез. *Талдау* – эмпирикалық материалды механикалық бөлу немесе тұтастың құрамындағы элементтердің өзара қатынас формаларын анықтау. Талдау элементарлы сипатта болуы мүмкін, мұндай талдауда элементтердің бір-біріне және тұтастай бастапқы жүйеге қатынасы айқындалмайды. Сондай-ақ, ол қатысы бар болуы мүмкін, мұндай талдауда элементтердің бір-біріне қатынасы көрініс табады. Талдау барысында зерттеу нәтижелерін бағдарламалар, кестелер, жоспарлар, жүйелер түрінде жинақтауға болады.

Конъюнкция (лат. *«conjunction»* – одақ, байланыс) ережесін де қолдануға болады, бұл ереже бойынша екі немесе одан да көп пікірлерді бір күрделі сөйлемге біріктіруге болады. Талдау мен синтез диалектикалық түрде бір-бірімен тығыз байланысты, «талдау» термині көбінесе зерттеу үдерісін тұтастай анықтау кезінде қолданылады. Сондай-ақ, белгілі бір нәтижелері бар деректерге жүйеге келтіруде және оны талдау жасап, салыстыруға болады.

Абстракциялаудың (дерексіздендіру) екі түрі бар: талдап қорыту және жекелеп бөлу. *Талдап қорыту* – көптеген бірыңғай заттар мен құбылыстардың жалпы, бірдей белгілерін анықтау. Жекелеп бөлу – бір затты немесе құбылысты зерттеп, талдау үшін зерттеушіге қажетті бір қасиетін бөлу үдерісі болып табылады.

Дәріптеушілік дерексіздендірудің бір түрі, оны ғылыми танымның жеке тәсілі ретінде қарастыруға болады. Дәріптеушілік үдерісі барысында зерттеуші ой жүзінде заттың барлық шынайы қасиеттерінен бас тартып, оның мазмұнына іс жүзінде мүмкін немесе жаңа түсінік пен белгі береді. Дәріптелген объектінің зерттеушіге теория жүзінде шынайы объектілерді зерттеу мен есте сақтаудың маңызы зор.

Тұжырым жасаудың **индуктивті** және **дедуктивті** әдістері. Бұл әдістер көмегімен эмпирикалық деректер қорытындыланып, жекеден жалпыға қарай және керісінше жалпыдан жекеге қарай қисынды салдарлар айқындалады.

Ұқсастыру әдісі заттар мен құбылыстардың жалпылығын айқындау үшін қолданылады.

Теория жүзінде мүмкін жағдайдың, құбылыстың немесе заттың моделін жасау әдісі. **Модельдеу** – зерттеу объектісі өзімен ұқсастық қатынастағы басқа бір объектімен алмастырылатын зерттеу әдісі. Бірінші объект түпнұсқа болады да, екінші объект оның моделі болады. Зерттеуші модельді зерттеп, алған нәтижелерін ұқсастық және үйлестік заңы бойынша түпнұсқаға көшіреді. Модель және модельдеу әдісі түпнұсқаны зерттеу қиын немесе мүмкін емес болғанда немесе түпнұсқаны зерттеу үлкен қаражат шығынын та-

лап еткен жағдайда қолданылады. Модель мен түпнұсқа арасында белгілі бір ұқсастық болу керек. Мұндай ұқсастық зерттеушінің модельді зерттеу кезінде алған ақпараттарын түпнұсқаға көшіруге мүмкіндік береді, ал көшіру үшін ұқсастықтың, талдау мен синтездің әртүрлі формалары қолданылады. Модель (лат. «*modulus*» – өлшеуіш, өлшем, үлгі, норма) – нысан және оған қатынас мәндерді көрсететін көрнекі құралдардың бірі (шартты бейне, сызба және т.б.).

Модельдің физикалық табиғаты түпнұсқаның физикалық табиғаты сияқты болу керек. Модельдің түпнұсқадан айырмашылығы оны зерттеу оңай, алайда оның бойында модельге де, түпнұсқаға да тән негізгі сипаттары мен өлшемдері болуы қажет. Модель ұқсастық ретінде түпнұсқа, оны жетілдіру, қайта құру және оны басқару туралы білімді зерттеу, сақтау және кеңейту үшін қолданылады.

Модельдеу – ауызша, логикалық, физикалық, математикалық, заттық, белгілік болады. Модельдің түрін таңдау таным зерттеу объектісінің күрделілігіне байланысты.

Болжау әдісі – педагогикалық жүйе немесе білім беру жүйесінің қозғалысын көрсету үшін қолданылады. Зерттеу нәтижесінде алынған нақты ғылыми деректерді сандық көрсеткіштерге, графиктерге, сызба-

ларға, диаграммаларға, формулаларға, түсініктер мен заңдарға айналдыру үшін зерттеушінің ойлау абстракциясының жоғары деңгейі мен дәрежесі қажет.

Педагогикадағы математикалық және статистикалық әдістер. Сауалнама, эксперимент жолымен алынған деректерді өңдеу үшін, сондай-ақ зерттеліп жатқан құбылыстар арасындағы сандық тәуелділіктерді анықтау мақсатында қолданылып, эксперимент нәтижесін бағалауға, қортындылардың нақтылығын арттыруға, теориялық тұжырымдарды негіздеуге жәрдемдеседі. Математикалық әдістер арасында педагогикада ең көп қолданылатыны тіркеу, өлшемеге түсіру және т.б. әдістер. Статистикалық әдіспен көрсеткіштердің ор-

таша сандық шамасы айқындалады: орта арифметикалық (салыстырып бақылау және эксперименттік топтардың жазба жұмыстарында жіберілген кәтелердің орташа санын шығару үшін); медиана – тізімдердің орта тұсындағы көрсеткіш (топта он екі оқушы болса, бағаның өсу дәрежесімен өрнектелген тізімде алтыншысының бағасы – медиана); таралу дәрежесі – дисперсия немесе орташа квадраттың ауытқу, баламалар коэффициенті және т.б. Мұндай есептерді жүргізу үшін белгілі формулалар, анықтама кестелер қабылданған. Осы әдістермен жинақталған көрсеткіштердің сандық нәтижелері графиктер, диаграммалар, кестелер түрінде беріледі.

Негізгі әдебиеттер:

1. Аубакирова Р., Нұрбекова М. Педагогикалық зерттеулер әдістемесі. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2011. – 128 б.
2. Бордовская Н. В., Реан А. А. Педагогика. Учебник для вузов. – СПб: «Питер», 2001. – 304 с.
3. Скалкова Я. Методология и методы педагогического исследования. – М.: Педагогика, 1989. – 224 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Педагогика. Оқу құралы /Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. – Алматы, 2002. – 384 б.
2. Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования. – Алматы: Алем, 2000. – 381 с.
3. Харламов И. Ф. Педагогика. Учебник для студентов педагогических вузов. – Минск, 2002. – 560 с.

1.3. Жеке тұлға туралы жалпы түсінік

Жоспары:

1. Жеке тұлға туралы ғылыми-зерттеулер.
2. Бала дамуына әсер ететін әлеуметтік, биологиялық факторлардың орны.
3. Жас ерекшеліктері туралы ұғым. Белгілі жас кезеңдерге бөлінуі.

Негізгі ұғымдар: жеке тұлға, тәрбие факторлары, даму, қалыптастыру, педология, инстинкт, тұқымқуалаушылық.

Басқа пәндермен байланысы: философия, психология, педагогика, физиология, анатомия, генетика.

1. Жеке тұлға туралы ғылыми-зерттеулер. Жеке адам бір-бірінен ерекшеленетін және оған пәрменді түрде ықпал ететін биологиялық белгілерімен сипатталады. Жеке адам болу үшін психикалық дамудың белгілі бір дәрежесіне өтіп, басқа адамдарға қарағанда өзгешелігі бар екенін білетіндей біртұтас тұлға болуы тиіс. Өмір бойы даму мен тәрбиенің нәтижесінде жеке адамның жетілуін қалыптасу үдерісі дейді. Жеке адамның қалыптасуы – күрделі, ағзаның өсуі мен жетілуін, стихиялы әсерлерді, мақсатты әрі ұйымдасқан тәрбиені қамтитын қарама-қайшылықты үдеріс болып табылады. Жеке адамның

қалыптасуы өмірге келген сәтінен басталады, жеткіншек және жасөспірім шақта жедел жүреді, ересек шақта өзінің біршама аяқталу кезеңіне жетеді. Сондай-ақ, жеке адамның дамуы деген ұғымға түсінік беретін болсақ, дамуға ағзаның өсуі мен дамып-жетілу процесі жатады. Бұл психикалық дамумен өзара тығыз байланыста өтеді, оған ықпал жасайды, бірақ адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуын белгілеп бере алмайды. Жеке тұлғаның дамуы – оның рухани өсуінің, жетілуінің үдерісі жеке адам үшін елеулі болып табылатын барлық салаларды іс-әрекетте, өзін қоршаған құбылыстарға, адамдарға деген қарым-қатынасқа, танымдық үдерістерінде болатын сапалық өзгерістер болып табылады. Жеке адамның, әсіресе балалық және жасөспірімдік шақтарында дамып-жетілуі ең алдымен тәрбиенің ықпалы арқылы жүреді. Дегенмен тәрбие әсерінің дәрежесі мен сипаты көп жағдайда тәрбиенің даму заңдылықтарын қаншалықты ескергеніне байланысты болады. Сөйтіп, тәрбие мен дамудың арасында екі жақты байланыс болады. Сондықтан жеке адамның даму заңдылықтарын тереңірек қарастырған жөн. Жеке тұлға мен қоғамдық ортаның қарым-қатынасы философия, психология, педагогика, әлеуметтану және т.б. гуманитарлық ғылымдардың көптен айналысып жүрген көкейкесті мәселелерін құрайды.

Бұл туралы философиялық, педагогикалық, психологиялық, этикалық еңбектерден белгілі ғалымдар М. Ф. Харламовтың, Б. С. Гершунскийдің, А. Т. Тайжановтың, Г. К. Нұрғалиеваның, К. Ж. Қожахметованың еңбектері жарық көрді.

Адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында өмір сүреді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның, ұжымның, ұлттың, рудың мүшесі ретінде өзіндік ақыл-парасатымен, жеке басына тән ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрінуге тырысады. Қоғам мүшелерінің бәріне ортақ біркелкі мінез-құлықтың, қасиеттің болуы мүмкін емес. Әр адам – өзінше жеке тұлға. *Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз* – оның өзіне тән мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы. Қоғамда тұлғаларға ортақ этикалық бірыңғай талаптардың болуына қарамастан, қоршаған орта жөнінде әр адамның қалыптасқан өзіндік ойының, көзқарасының болуы, олардың құбылысқа деген пікірін білдіруі заңды болып табылады. Мәселен, біреулер айналасындағы құбылысқа тандана, тамашалай қараса, енді біреулер сын көзімен қарап, ой қорытуы, сын пікірлер айтуы мүмкін. Адамдардың қоршаған ортадағы құбылыстарды түсініп қабылдауы да әртүрлі. Ол әр адамның жеке басына тән физиологиялық, психологиялық, биологиялық ерекшеліктеріне

байланысты. Жеке тұлғаның ой-санасының, білім деңгейінің толысуына байланысты оның өмірге көзқарасы, белгілі құбылыстарға баға беруінде де өзгерістердің болуы, толысып жаңарып отыруы заңды құбылыс. Өмірде бір анадан туған егіз балалардың түр жағынан бір-біріне ұқсас болғанымен, мінез-құлқы, іс-әрекеті, өмірге деген икемділігі, қабілеті бірдей болмайды. Сондықтан әр адамды өзінше даралығын жеке тұлға деп қараймыз. Адамның психологиялық қасиеттерін анықтайтын оның санасы болып табылады. Сана ақыл-ойдан туындайды. Адамның ақыл-ойы біркелкі дамымайды. Адамдар бір-бірін бағалауда қателіктер жіберуі де мүмкін. Кейбір адамдар өзінің жеке басын басқалардан жоғары бағалауға тырысады. Жеке тұлғаға тән қасиет – ақыл, ес, яғни ол өмірді өзінің сана-сезім өлшемімен қарап бағалауға бейім тұруы. Сондықтан өмірді танып-білу – миллиондаған тұлғалардың сезім, түсінігінен тұрады. Жеке тұлғаның есте сақтауы өзге адамдардың тәжірибесін жинақтауға да негізделеді. Әрбір тұлға оларды оқып, көріп, оқығанын, естігенін, көргенін өз ойына тоқып, содан сабақ алу арқылы да өзінің іс-әрекетін, мінез-құлқын, сана-сезімін байытады. Адам өмірде өзі жіберген қателіктерден де, басқалардың қателіктерінен де сабақ алады. Оны қайталамауға тырысады. Мұны педагогикада *адам-*

ның өзін-өзі тәрбиелеуі деп атайды. Басқалардың өнегелі іс-әрекетінен үйрену, оны өзінің жақсы қасиетіне айналдыру өмір заңы болып табылады.

Тұлға – жеке адамның мақсатының орындалуы, ерік-жігерінің жүзеге асуы, өзі жөніндегі ойын, еркін іске асыруға дайындығы және оны орындауының нәтижесі. *Ерік-жігер механизмі дегеніміз* – адамның өзіне тән қасиеттерін жүзеге асыруы. Адам ойына келген іс-әрекетті іске асыруда ерікке жол береді. Бірақ адам бір нерсені бастарда алдымен өз еркін ақыл-парасат таразысына салып, оны жүзеге асыру жөн бе, басқалар оған қалай қарар екен деген ойға қалады. Ерік-жігердің жүзеге асырылуы ақыл мен санаға бағынышты. Өмірде кейбір адамдар бір іс-әрекетті іске асырарда өте байыппен қарап, осының нәтижесі қалай болар екен деп «жүз ойланып, мың толғанып» іске кіріседі, ал кейбіреулер бірден ойына алғанын асығыс жүзеге асырып, кейін опық жеп жатады. Осының бәрі адамның ерік-жігер күшінің түріне байланысты. *Тұлға дегеніміз* – сезімнің, әсердің, ішкі күйініш-сүйініштің бойға жинақталған көрінісі. Алайда әр тұлғаның эмоциялық сезім дүниесі әр басқа. Біреу жауыздықты көргенде айғайлап, бақырып, ішкі сезімінің сыртқа шығуына еркіндік берсе, екінші біреу іштей булығып, көгеріп-сазарып, тас-түйін болып қатып

қалады. Бұл – әр тұлғаның эмоциялық сезімі өзін-өзі ұстай алу еркіне байланысты құбылыс. Адамның дамуы және қалыптасуы жайында осы уақытқа дейін әртүрлі пікірлер мен теориялар орын алып келеді.

Атақты грек философтары Платон мен Аристотель адамның дамуын алдын ала тағдыр белгілеген тұқымқуалаушылық табиғатынан деп дәлелдеді. Аристотель адамдардың құл болуы немесе бағынушылықты табиғаттың заңы дейді. Тұқымқуалаушылық теориясын қолданушы және уағыздаушылар – преформистер. *Преформизм* – XVIII ғасырда биология саласында үстемдік еткен адамның дамуы туралы диалектикаға қарсы философиялық ағым. Преформистер ересек адамдардың барлық қасиеттері мен белгілері ана құрсағындағы сәбидің ағзасында болады, сондықтан жеке адамның дамуын алғашқы рет ұрықта пайда болған қасиеттердің өрістеп күшеюі мен сан жағынан артуы деп қарастырады. Ал *даму* – жеке адамды жетілдірудің өте күрделі және диалектикалық үдерісі. Баланың бойында анадан туа біткен белгілі идеялар мен түсініктер және өжет, жұмсақ немесе байсалды мінез болмайды. Платонның адамгершілік, әуестік, белсенділік және батылдық сияқты қасиеттері даму үдерісінде қалыптасады. Өйткені оның өсіп-жетілуіне белгілі әлеуметтік тәрбие мен орта әсер етеді. Адамның да-

муы және оның дүниені тануы түрлі әлеуметтік жағдайларға байланысты. Сондықтан оның мінезінде әртүрлі ерекшеліктер мен үдерістер пайда болады. Баланың дамуына ықпал ететін факторларға тұқымқуалаушылық, әлеуметтік орта, тәрбие, т.б. әсер етеді. *Тұқымқуалаушылық* – ұрпақтың ата-анасынан берілген биологиялық ұқсастығы. Кейбіреулері баланың сыртқы пішініне қарап, бірден қалай әкесіне не шешесіне ұқсап қалған деп таңданады. Әрине, бұл кездейсоқ нәрсе емес. Өйткені баланың шашы мен көзінің бояуы, терісінің пигменті, бет келбеті мен басының формасы, жүрісі мен өзін ұстау қалпы – тұқымқуалаушылық арқылы берілетін биологиялық ұқсастығының белгісі. Бала қозғалыс мүшелерін, жүйке жүйесінің функционалдық қасиеттерін, ал кейде дауыс тембрі, музыкаға, биге, математикаға қабілеттілігі сияқты өте нәзік ерекшеліктерді тұқымқуалау арқылы алады. Бірақ өте нәзік ерекшеліктердің тұқымқуалау жолымен берілуі сирек кездесетін жағдай. Мысалы, әйгілі композитор Иоганн Себастьян Бахтың ұрпақтарында 300 жыл ішінде тек қана 20 адамдай музыканттар болған. Мұны бір жағынан отбасы мүшелерінің табиғи мүмкіншіліктердің (нышанның) болуына, екінші жағынан отбасындағы музыкалық дәстүрге, музыкалық тәрбиеге байланысты деп қарастырған жөн. Орта адам дамуына табиғи және

әлеуметтік ықпал жасайды. Табиғи орта түрлі табиғат жағдайының адам тұрмысына, қызметіне әсер етуімен сипатталады. Жылы және суық, климат жағдайы да адамдардың тұрмысына, іс-әрекетіне елеулі ықпал етеді. Климаты ыстық жерлерде егін шаруашылығымен шұғылданады. Ал солтүстікте балық аулау, бұғы шаруашылығымен айналысады. Табиғат жағдайына байланысты олардың мінез-құлықтарында да ерекшеліктер байқалады. Әлеуметтік орта – жеке адамның мінез-құлқының дамуына ықпал жасайтын әлеуметтік қатынас, олардың көп қырлы іс-әрекеттері. Әлеуметтік ортаға мектептің ықпал жасауы нәтижесінде баланың дүниеге көзқарасы, эстетикалық және этикалық қасиеттері дамып қалыптасады. Егер адамдардың қалыптасуына ортаның қатысы болмаса, онда орта адамдардың талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан адам өзінің дамуы үшін қажетті материалдарды осы әлеуметтік ортадан қабылдайды. Егер бала әлеуметтік ортадан тыс қалса, онда оның даму дәрежесі жануарлардан жоғары болмайды. Мысалы, Африка, Үндістан, Индонезия елдерінің ормандарында түрлі себептерімен аң үңгірлерінде әлеуметтік ортадан тыс өмір сүретін жас баланың қабілетін дамытудың мүмкін емес екендігіне ғылыми мәліметтер дәлел бола алады. Мысалы, Үндістанның Гадамури елді мекенінде тұрғындардың

хабарлауымен аңшылар қасқырдың апанынан бет әлпеті адамға ұқсайтын, бірақ төрт аяқтап жүретін екі қыз баланы табады. Оларға Камала және Амала дейтін ат қояды. Камала – 7–8 жаста, ал Амала – 2 жаста. Амала көп кешікпей қайтыс болады, ал Камала күн сәулесінен және оттан қатты қорқып, тек шикі ет жеп қана күн көріп, төрт аяқтап жүріп, көбіне күндіз ұйықтап, түнде бөлме ішін кезіп жүрген, өзінің кешкі сағат ондарда, түнгі сағат бірлерде, таңға жақын – үш мезгіл ұлитын уақыты болған. Камаланы адамға айналдыру өте қиын болды. Адам арасында жүрген 2 жылдан кейін Камала түрегеліп тұруды және екі аяғымен жүріп, бірте-бірте түнде ұйықтап, тамақты қолымен жеуді үйренеді. Адам тілін үйрету бұдан да қиын болған. Жеті жыл ішінде Камала 45 сөз ғана түсіне білді. 15-ке келгенде оның есі екі жасар баладай, ал 17-ге келгенде ой-өрісінің дамуы 4 жастағы баланың деңгейіне әрең жетті. Камала 17 жасқа дейін өмір сүрген. Адам жеке тұлға болып қалыпты өсуі және дамуы үшін тек қана адамдар арасында өмір сүруі қажет. Соңғы кезде Орталық Австралияда және Филиппиннің Минданао аралы ормандарынан табылған жабайы адамдардың сана-сезімінің өте төменгі сатыда екендігі байқалды. Олардың тіршілік әрекетінің де алғашқы қауымдағы жабайы адамдардың өмір сүріп, күн көру әрекетіне ұқсастығы анықталады.

2. Бала дамуына әсер ететін әлеуметтік, биологиялық факторлардың орны. Жеке адамды дамытудағы басты факторлардың бірі – тәрбие. Тәрбие балалардың жеке және дербес ерекшеліктеріне, дайындығы мен дәрежесіне лайық іске асырылып, тұлғаның іс-әрекеттерін ұйымдастырады. Ол үшін тәрбиеші алдын ала жасалған арнаулы жоспар бойынша тәрбие жұмысын мақсатқа бағыттап ұйымдастырып, тәрбиенің құралдары мен әдістерін және формаларын іздестіреді, оларды тиімді пайдаланады. Тәрбиенің орнын педагогика тарихында ерекше бағалаушылар да болды. Ағылшын ағартушысы Джон Локк (1632–1704): «Тәрбие – адамның көзқарастары мен адамгершілік қасиеттерін жасайтын негізгі құрал, адам тәрбие арқылы жақсы болады», – деген пікір айтты. Бала өмірге келгенде, оның жаны сүттей ақ, судан таза деп, тәрбиенің ролін аса дәріптеп, тұқымқуалаушылық пен әлеуметтік ортаның баланың қалыптасуындағы ролін бағаламайды. Демократ, ағартушы В. Г. Белинский (1811–1848) баланың жаны таза тақтай емес, тақта да сапалы, жазу да әдемі болуы керек деді. Ол тәрбиенің ролін жоғары бағалап, адам дамуындағы тұқымқуалаушылық пен ортаның әсерін де ескерген жөн деді. Ағылшын ағартушысы Д. Локктың көзқарасы бойынша, тәрбие арқылы адамды түрлі дәрмен-

сіздіктен, кемістіктен құтқаруға болады. Демек, тәрбие арқылы адам баласының тұрмысын жақсартуға және санасын өзгертуге болады деген жорамал ойға келді. Тәрбиеші тәрбие арқылы баланың түрлі іс-әрекеттерін тиімді етіп, оның жақсы дамуына қажетті материалдарды іріктеп алады, айналадағы табиғи және әлеуметтік ортаға көзқарасын дамытады. Тәрбие жұмыстарының сара жолдарын табу нәтижесінде баланың ой-өрісі кеңейеді, эстетикалық сезімі мен талғамы артып, адамгершілік қасиеті қалыптасады. Мектеп, қоғам қолындағы ақпарат құралдары негізінде (баспасөз, радио, теледидар) көмегімен оқушыларға тәрбие береді, сондай-ақ мемлекеттің саясатын жүргізеді. Баланың жеке басының дамуы мен қалыптасуына ықпал ететін үш фактордың ішінен тәрбие адамның дамуына орасан күшті және тұқымқуалаушылық пен ортаның ықпалына белсенді әсер етіп, баланың дамуын қоғам талаптарына сәйкес бағыттап, белгілі бағытта баланың өмірі мен іс-әрекеттерін ұйымдастырады, ортадағы жағдайлардан тұлға дамуына қажетті материалдарды іріктейді, жеке бастың дамуына теріс, зиянды әсер қалдыратын жағымсыз ықпалдардан аластайды. Осы тұрғыдан келгенде, тәрбие аға ұрпақтың жаңа ұрпаққа қоғамдық тарихи тәжірибені беру үдерісі, жаңа ұрпақты өмірге, еңбекке дайындау арқылы қоғамның

алға қарай дамуын қамтамасыз ететін үдеріс болып табылады. Сонымен, тәрбие бала дамуын бағыттайды, басқарады, сондықтан да ол баланы қалыптастырудағы негізгі күш. Тәрбие негізгі күш болғандықтан, оның жетімсіздігі, әлсіздігі баланың қалыптасуына кері әсер етуі мүмкін.

Жеке тұлғада кездесетін *акселерация құбылысы*, оның әлеуметтік және педагогикалық мәні қоғамдық ортада негізгі проблемалардың бірі болып табылады. Адамның өсіп-жетілуінде белгілі бір заңдылық болады. Ал бұл заңдылық әр балада түрліше кездеседі. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін олардың жас және жеке ерекшеліктерін білу қажет. Мектептегі кезеңнің өзі бастауыш (6–10 жасқа дейін), тоғыз жылдық (10–15-ке дейін), орта мектеп оқушылары (15–18-ге дейін) болып үшке бөлінеді. Баланың дене дамуындағы ең маңыздысы – орталық жүйке жүйесі, өйткені адамның психикалық әрекеттері осы орталық жүйке жүйесіне байланысты болады. Балалардың дене және психикалық дамуында соңғы жылдары айқындалған күрделі өзгерістердің бірі – ағзаның жедел дамуы. Бұл құбылысты акселерация (лат. «*acceieratio*» – үдеу, жеделдету) деп атайды. Акселерацияға тән ерекшелік: балалардың бойының, салмағының, бұлшық еттерінің жедел түрде өсіп-жетілуі. Акселерация құбылысы тұрғысынан қарағанда қазіргі жеткіншек балалар-

дың бойы биік, иықтары қысыңқы, кеудесі қысқа, аяқтары ұзын келеді. Күні бұрын тез жетілген ағза ауруға, суыққа және дене салмағына төзімсіз келуі анықталуда. Ересек жастағы балалар жыныс мүшесі жетілу кезінде тез шаршайды. Осындай тез өсетін ағзада жүрек-тамыр жүйесінің дамуы бірнеше есе жетілмей қалады да, өз міндеттерін атқара алмайды. Ал баланың психикалық жетілу деңгейі артта қалады. Осы мәселені ата-аналар, мұғалімдер ескеріп отыруы қажет. *Акселерация* – биологиялық фактор, аталған құбылыстың пайда болуына әлеуметтік жағдайлардың жақсаруы, сонымен бірге радиотолқындардың және географиялық-климаттық жағдайлардың өзгеруі әсер етті. Әрине, акселерация құбылысы жайлы түпкілікті қорытынды шығару ертерек. Өйткені бұл әлі де зерттеуді қажет етеді, дегенмен акселерацияға байланысты мектеп жиһаздарын, сырт және аяқкиімдерінің үлгілерін, дене шынықтыру және жаттықтыру кешендерін қайта қарауға тура келіп отыр. Акселерацияның ақыл-ой дамуына ықпал жасайтындығы байқалуда. Сонымен, адамның дамуы өзара байланысты бірнеше факторлардың ықпалымен жүзеге асатын күрделі педагогикалық, психологиялық үдеріс болып табылады.

Жеке тұлғаға тән белсенділіктің табиғатын тани білу, еңбек және моральдық белсенділік дәрежесі бойын-

ша адамның қоғам мен ұжым үшін жарамдылығын жете анықтау – мұғалімнің басты міндеті. Белсенділік деп адамның іс-әрекет үстіндегі жағдайын айтады. Өмір сүру әрекеттері барысында адамның қарым-қатынас жасау, таным және өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі дамиды. Бала белсенділігінің ең алғашқы формасының бірі – қарым-қатынас жасау белсенділігі. Бұл адамның бүкіл өмірінде дамитын белсенділік. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес басқа адамдармен қарым-қатынас жасау белсенділігінің мазмұны өзгеріп отырады. Мектеп жасына дейінгі балалар ересек адамдардың әрекеттеріне үңіле қарап, үйренеді, оларға еліктейді. Балалардың саналы түрдегі мұндай әрекеттерін ырықты немесе ерікті белсенділік дейді. Бұл жастағы балалардың үлкендердің әрекеттеріне және олармен өзара қарым-қатынас жасауға еліктеуі рольге құрылған ойындарды атқару барысында байқалады. Ойын барысында балалардың құрдастарымен өзара қатынасы өзгереді. Бала еліктеу, қабылдау арқылы түрлі рольдік ойындарды атқара отырып, әлеуметтік өмірдің, өндіріс қатынастарының мазмұнын түсінеді. Әртүрлі ойындар баланың дүниетанымын кеңейтіп, қарым-қатынас жасау белсенділігін дамытады. Қарым-қатынас жасау белсенділігі жеке адам қасиеттерінің (қайырымдылық, қамқорлық, т.б.) қалыптасуына мүмкіндік

туғызады. Баланың даму барысында таным белсенділігі артады. Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу ісін жетілдіру үшін олардың жас және дербес ерекшеліктерін еске алып, оқу-тәрбие жұмысының барысында сана-сезімін ояту, өз бетінше жұмыс істей білуге үйрету – мұғалімнің басты міндеті. Мұғалім оқушының білімге, өнерге қызығушылық ынтасын, спорттық ойындарға құштарлығын анықтайды, өзін-өзі тәрбиелеу жұмыстарының тақырыптарын ақыл-ой, еңбек, эстетикалық тәрбиесімен ұштастырады.

Баланың өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігін қоғамдық жұмыстарға байланысты тапсырмалар беріп, орындау арқылы дамытуға болады. Мысалы, сынып старостасы, тазалық комиссиясының төрағасы болу, т.б. Осындай тапсырмаларды дер кезінде сапалы орындап отыруға балаларды үнемі жаттықтыру мен дағдыландыру – мұғалімнің және тәрбиешінің негізгі ісі. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, барлығын тапсырмалармен, яғни түрлі қоғамдық іс-әрекеттермен қамтамасыз ету керек. Егер тапсырма балаға бұйрық есебінде немесе көтеріңкі дауыспен берілсе, онда ол іштей наразылық білдіріп, тапсырманы орындамай, аяқсыз қалдыруы мүмкін. Сондықтан мұғалім әр уақытта өзінің ілтипатты және ұстамды болуын естен шығар-

май, тапсырманы тыңғылықты орындау үшін балаға рухани күш беріп, сенім білдіреді. Кейбір баланың ерік қасиеттері тұрақсыз болады. Ол бірінші қиыншылықты сезісімен-ақ қоғамдық тапсырманы орындаудан бас тартады. Мұндайда сангвиник балаға көмек бере отырып, оның намысына тимей, тапсырманы орындауын табандылықпен талап ете білу керек. Сонда ғана баланың ісінде жаңа қарқын туып, ол алдына қойған мақсатын орындаудың қажет екенін сезінеді. Адамның еңбекте және адамдармен қарым-қатынаста көрсеткен белсенділігіне қарап, оның қоғамға және ұжымға жарамдылығын жете анықтау – мұғалімнің басты міндеті. Педология туралы әлеуметтік мәні жоғары зерттеулер ғалымдар арасында үлкен пікірталас тудыруда, бұл бала туралы синтезді, кешенді ғылым болып табылатын педология ғылымында сауалнама мен тест әдістерін шамадан тыс пайдаланылуы, сондай-ақ осы ғылымның «Бала ой-өрісінің дамуы түрліше болып, әлеуметтік ортасына қарай олардың ойы, зердесінің деңгейі біреуде жоғары, біреуде төмен болады» деген тұжырымдарды жалған деп есептеуімен байланысты. Педология бала туралы ғылымдарды, яғни психология, педагогика, психотехника және т.б. кешенді түрде біріктіретін, баланың жан жүйесі жайлы жан-жақты мағлұмат беретін синтезді ғылым болып табылады.

Белгілі ғалым, профессор Х. Дос-мұхамедовтың педология саласында жүргізген зерттеулеріне ғылыми әділеттілік тұрғысынан қарасақ, оның пікірінше, қазақ баласының шыр етіп жерге түскеннен бастап, кәметке толғанға дейінгі тыныс-тіршілігі ән-жырдың құшағында өтеді, әдетте оның бірінші еститін үні анасы айтқан бесік жырының әуені деп сипаттайды. Қазақ баласын тәрбиелеуде дыбыстық ырғақтардың басты орынға шығуына қазақтардың өмірін кез келген жағдайында өлең шығарып, ән айтуы себеп болған. Профессор Х. Досмұхамедов осы саладағы ғылыми еңбектерін қорытындылап үлгермеді. Ғалым өз еңбектерінде бала психологиясының қалыптасу жолдарын қазақ халқының ұлттық психологиялық ерекшеліктеріне негіздей отырып түсіндірген болатын.

3. Оқушылардың жас ерекшеліктерінің оқу-тәрбие процесіндегі орны. Дамудың белгілі кезеңдерге бөлінуін, белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас және жеке ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психологияда балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің қоршаған ортамен қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Балалар-

дың өсіп-жетілуінің бір сатысынан екіншісіне көшуі кездейсоқ емес. Әр жастағы кезеңге тән психологиялық ерекшеліктердің ұштасуын жиі байқауға болады. Сана-сезімнің, дене күш-қуаттарының дамуы адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Баланың жасы өскен сайын, бойлары өсіп, денелері жетіліп, ақыл-саналары дамып, білімдері тереңдей бастайды. Балалардың жас ерекшелігін есепке алу – оқыту мен тәрбие жүйесіндегі негізгі принциптердің бірі. Қоғамда атқаратын ролі, белгілі құқығы бар адамды жеке адам деп түсінеміз. Ал *қалыптасу дегеніміз* – адамның жеке басының дамуы мен тәрбиесінің нәтижесінде жетілуі, саналы өмір сүруге дайын болуы. Адам табиғаттан тыс өмір сүрмейді, олай болса, оның табиғи заңына орай дүниеге ұрпақ әкеледі. Адам өзінің баға жетпес ұрпағы үшін бар жағдайды жасайды. Тәрбие ісінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп отыру қажеттігін педагогика ғылымы ерте кезде-ақ көрсеткен еді. Ал белгілі педагогтар Я. А. Коменский, Ж. Ж. Руссо тәрбие беру кезінде бала табиғатын, оның қабылдау, ойлау ерекшеліктерін еске алып отыруды қажет деп келтіреді.

Қазіргі педагогика және психология ғылымында балалар мен жеткіншектердің дамуындағы биологиялық фактордың ролін айрықша көрсетеді. Педагогика ғылымы жас ерекше-

ліктерін анықтауға баланың дамуын үнемі қозғалыс үрдісі ретінде қарастыра отырып, бұл қозғалыстан сан жағынан жинақталу, сапа жағынан елеулі өзгерістер болатынын алға тартады. Мәселеге бұлайша қарау балалардың дене және психикалық дамуының бірқатар кезеңдерін белгілеуге мүмкіндік береді. Осының негізінде мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің өсіп-жетілуін мынадай кезеңдерге бөлу қабылданды:

1) бастауыш сынып жасындағы кезең (6 жастан 10 жасқа дейін);

2) негізгі мектеп шағындағы жеткіншектік кезең (11 жастан 14 жасқа дейін);

3) орта мектеп шағындағы жасөспірімдік кезең (14 жастан 17 жасқа дейін).

Соңғы жылдары қабылданған балалардың жас кезеңдерінің сызбасына жаңа туған баладан бастап жасөспірімдік кезеңдерге дейінгі өзгерістер кіреді. Олардың сатылары:

- Жаңа туған бала (туған сәттен бір-екі айға дейін);

- Нәрестелік шақ (бір-екі айдан бір жылға дейін);

- Ерте сәбилік шақ (1 жастан 3 жасқа дейін);

- Мектепке дейінгі балалық шақ (4 жастан 6 жасқа дейін);

- Бастауыш мектеп жасы (6 жастан 10, 11 жасқа дейін);

- Жеткіншек шақ (10, 11 жастан 14 жасқа дейін);

- Жасөспірім шақ (14 жастан 17 жасқа дейін).

Тәрбие мен оқыту осы жас сатыларына сәйкес жүргізілуі керек.

Әрбір жас шағы психикалық дамудың ерекше сапалы кезеңі болып табылады және бала дамуының осы кезеңдегі жеке басының өзіндік құрылымының жиынтығын құрастыратын көптеген өзгерістермен сипатталады. Осыған байланысты әрбір педагог-маман орта мектеп оқушыларының жас кезеңдеріндегі ерекшеліктерге сергек те сезімтал көзқараспен қарап, олардың жан дүниесін түсіне білуі шарт. Мектепке дейінгі балалық шақта, жас баланың 4 пен 6 жасының аралығындағы өзіне тән ерекшеліктері, оның айналасындағы болып жатқан құбылыстарды жіті аңғарып, көргені мен сезінгендерін зердесіне хаттай жазып ала қоятын зеректігін ескерген жөн. Әрдайым қозғалыс үстінде жетіле дамыған балалардың денесі мен салмағы да бірқалыпты мөлшерді сақтап, өсіп отырады. 4–5 жасар балалардың салыстырмалы ойлай алатын қабілеттері ерекшелене түседі. Санамақтарды тез игеріп, аз және көп сандарды, ай, күн, жыл мезгілдерін айыра алатын деңгейге жетеді. Бұл жастағылардың ойыны, әрбір әрекеттері мазмұнға айналып, белгілі бір мақсаттарды орындауға ұмтылыс жасайды. Мұндай жастағы балалар топ-топ болып, өзара бірігіп

ойнағанды жақсы көреді. Баланың мектепке 6 жасында баруы – негізінен биологиялық және физиологиялық заңдылықтарды басшылыққа алудан деп түсінген жөн. Дені сау боп дүниеге келген балалар, қашанда алғыр, зерек, бір нәрсені ұғып алуымен ерекшеленеді. Олар айналасындағы құбылыстарды тез байқап қабылдауға да бейімді. Жете түсінген құбылыстарын өмір бойы ұмытпайтындықтары да белгілі.

Бастауыш сынып оқушысын дамыту мен тәрбиелеудің ерекшелігі. Мұндай жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктері баланың бұрынғы дамуында жинақталып, оны өз кезеңімен дамудың келесі сатысына көшуге дайындап отырады. Бастауыш мектеп мұғалімі сынып оқушыларының ерекшеліктерін зерттей отырып, сол ерекшеліктерді мектепке дейінгі шағында қалыптасқан ерекшеліктерден бөлек алып қарай алмайды. Мектептегі тәрбие оның бүкіл өміріне түбегейлі, сапалы өзгерістер енгізеді. Алаңсыз балалық шақ аяқталып, бала өмірінің іс-әрекетінің жаңа түрі оқып-үйрену басталады. Оқу міндетті жұмыс болғандықтан, ол баладан белгілі бір жауапкершілікпен еңбек етуді талап етеді. Мектепке бару баланың қоғамдағы және отбасындағы жағдайын өзгертіп, оған бірқатар жаңа міндеттер жүктейді. Осының бәрі баланың қоғамдағы жағдайын өзгертіп, бұл өзге-

рісті ол біртіндеп сезінеді. Төменгі сынып оқушылары біртіндеп оқу ісіне, мектептің сан-салалы өміріне бауыр басып, өздерінің түсініктерін кеңейтіп, сөздік қорын молайтып, оқуға, жазуға, санауға үйренеді. Оқытудың алғашқы сатысында олардың өмірлік тәжірибелері арта түседі. Бірлесіп оқу, жалпы оқу тапсырмаларын шешу, мінез-құлықтың жаңа ережелері мен нормаларын игеру балалар арасында қарым-қатынастардың қалыптасуына жағдай туғызады. Төменгі сынып оқушыларының ойлауын дамытуда екі негізгі саты байқалады. Бірінші сатыда ойлау әрекеті мектеп жасына дейінгі баланың ойлауын еске түсіреді. Екінші сатыда оқушылар заттар мен жағдайларды сыртқы белгісі бойынша бағалайды. Есейе келе ойлау сипаттары өзгереді. Оқушылар білуге құштар болғандықтан, олардың табиғат құбылыстары, адамдардың өмірі туралы сұрақтары көбейеді. Шығармашылық ойындар баланың ақыл-ойын дамытады. Оқушылар ересек адамдармен, өзінің құрдастарымен қарым-қатынаста болғанды жақсы көреді. Бұл жастағы балалардың негізгі іс-әрекеті оқу болып табылады. Бастауыш сынып оқушылары ұзақ уақыт бірқалыпты отыра алмайтындықтан, сабақта жазу мен оқуды алмастырып, сергіту сәттерін өткізіп, сыныптың ауасын тазартып, үзіліс кезінде мектеп ауласында ойындар ұйымдастыру

керек. Мұғалім оқыту процесін жеке бөліктерге бөліп, оқушыларға жеңіл тапсырмалар беріп, оларды бірте-бірте күрделендіріп отырады. Оқыту үдерісі зейін мәдениетін тәрбиелеуге бағытталуы керек. Оқуға және қоғамдық жұмыстарға байланысты талаптарды жүйелі қойып, оның орындалуын бақылау, өздік жұмыстарды орындату, іс-әрекетті түрлендіру, ойындарды қолдану, балалардың еңбегін жеңілдетіп, балаға тапсырма орындаудың қажет екендігін түсіндіру арқылы, мұғалім оқушының оқуға деген жауапкершілігін тәрбиелейді. Бала форма, бояу, дыбыс арқылы ойлайды, сондықтан көрнекілік әдістері мен ойындарды жиі қолдану пайдалы. Мектептегі, үйдегі еңбек, дене жаттығулары, ойындар баланың есте сақтау қабілетін дамытады. Бастауыш мектеп оқушыларының оқу мүмкіндіктерін зерттеп, оларды күрделі бағдарлама, оқулықтармен оқыту өте маңызды, атап айтсақ өз ойын ауызша, жазбаша түрде жеткізуге үйретеді. Бұл жастағы балалармен тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыру үшін мына ерекшелікті ескеру керек: сөз бен істің сәйкес болуын талап ету, жөнсіз кінәлаудан жиіркену сезімінің пайда болуы, үлкен адамдардың жіберген қателігін тез байқау, арманшыл-қиялшыл, ұйымшыл, сенімді серік іздеу, өз мүмкіндіктерін асыра бағалау, түрлі спорт ойындарына ықыласты болу және т.б. Осы ерек-

шеліктерді оқу-тәрбие жұмысында сынып жетекшілері, мұғалімдер, ата-аналар ескеруі қажет. Адамгершілік тәрбиесінде баланың әдептілігін, сенгіштігін, еліктеуге бейімділігін пайдаланып, қателігін мойындауға үйретуге болады. Мұғалімнің оқушымен қарым-қатынасы, жайдары ізгі қатынасқа көшуі, баланың өзіне-өзі тануына септігін тигізіп, адамгершілік сезіміне тәрбиелейді. Ерекше көңіл аударатын мәселе – баланың мінез-құлқының көпшіл де кең пейілді болуы. Бұл жастағы балалар үшін еңбектің тәрбиелік мәні зор. Балаларды бірте-бірте еңбекке баулу отбасында, ұжымда жүргізіледі. Ұзақ уақыт дене еңбегіне, күш түсетін жұмыстарға әлі қабілетсіз болатындығын ескеру керек. Еңбек әрекетімен жүйелі айналысу, оны бірте-бірте күрделендіру, өндіріс орындарына экскурсияға алып бару, мамандықтармен таныстыру тұлғаның әлеуметтік құндылық сапаларын қалыптастыруға көмектеседі. Төменгі сыныпта өзіне-өзі қызмет етудің әдеттері мен дағдылары қалыптасады. Үлкендердің еңбегін құрметтейді, адам өміріндегі еңбектің ролін түсініп, дене еңбегіне даяр болады, дүние туралы ұғымдар қоры, қажетті іс-әрекет икемділігі дамиды. Мектептің ең негізгі міндеті – балаға білім берумен қатар, оның өмірдегі өз орнын табуына көмектесу. Жеке тұлғаны қалыптастыруда ең басты-

сы – ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесін өзара байланыста кешенді жүргізу.

Жеткіншек балаларды дамыту және тәрбиелеу ерекшелігі. Анатомиялық тұрғыдан қаңқа сүйегі мен бұлшық етінің жедел дамуына байланысты моторлық аппараттың қайта құрылуы мінез-құлқының өзгеруіне әкеліп соғады, сондықтан ой еңбегі мен дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру керек. Жеткіншектік кезеңнің шектері шамамен орта мектептің 5–8 сыныбына сәйкес келеді де, 11–12 жастан 14–15 жасқа дейінгі аралықты қамтиды. Жеткіншектік кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орны оның «өтпелі», «бетбұрыс», «қиын» кезең деген атаулармен сипатталады. Бұл – ең тынымсыз, ең қиын, ең қызба жас кезеңі болып табылады. Жеткіншектің жеке басы дамуының аса маңызды факторы оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі, ол белгілі бір үлгілер мен ізгіліктерді игеруге, үлкендермен, жолдастарымен қарым-қатынас орнатуға бағытталады. Жеткіншектік кезеңнің маңыздылығы адамның жеке басының моральдық, әлеуметтік негіздерін қолданып, қалыптасуының жалпы бағытының белгіленуі. Бұл кезеңдегі дамудағы биологиялық және әлеуметтік жағдайлардың ролі туралы теориялық пікірталас жарты ғасырдан астам уақыттан бері жалғасып келеді. Жеткіншектердің

дамуындағы ерекшеліктер әртүрлі теорияларға негіз болды. Жеткіншектік шақтың басында балалардың сырт пішіні, мінез-құлқы ересектерге ұқсамайды. Олар көп ойнап, көп жүгіреді, алысып-жұлысып тентектіктер жасайды, әлі де бала бола жүріп, елеусіз есейеді. Жеткіншектің жеке басындағы басты жаңа құрылым өзі туралы «енді бала емеспін, ересекпін» деген түсініктің пайда болып, өзіне жұрттың осылай қарауын тілейді. Мектеп пен оқу жеткіншектердің өмірінде үлкен орын алады. Оқу қызметіндегі бұл қылықтардың сырттай көріну дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін. Жеткіншектер білімді, әділ, мейірімді, сабақтағы жұмысты ұйымдастыра білетін мұғалімдерді бағалайды. Мұғалімнің міндеті оқу материалдарын қайталау арқылы мағынаны есте сақтауға үйрету болып табылады. Жеткіншектік шақ – болашақ туралы балалардың армандарын орнына өзінің мүмкіндіктері мен өмір жағдайларын ескере отырып, ол туралы ойлану басталатын, өз ниеті, іс-әрекетін жүзеге асыруға ұмтылатын кезең екендігін үнемі есте ұстауымыз қажет. Сананың дамуы баланың өз бетімен тәуелсіз талаптануын тудырады. Олар отбасында, мектепте еңбек үдерісіне араласады, күнделікті өмірді бақылайды, ой-өрісі кеңиді. Бұл жастағы бала намысқой келеді, үлкендер бақылауын, әкімшілік шараларды ұнатпайды. Үлкендер-

ді озбырлық жасайды деп ойлайды. Кейде түсініспеушілік осындайдан да туады. Үлкендерге байланып, олардың мінезінен шындықты байқауға тырысуы үлкендер мен балалар арасында түсініспеушілік туғызады. Үлкендердің ойланбай асығыс шешім қабылдауы балаға зиян келтіруі мүмкін. Бұл жастағы балалар өнегелі адамдық істерімен масаттанады. Осы тұрғыдан баланың мінезін тәрбиелеу, ықыласы мен қабілетін дамыту, мұқтаждықтары мен тілектерін қамтамасыз ету дұрыс педагогикалық ойларға негізделуі керек. Осы ерекшеліктерді есепке ала отырып, тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру қажет. Жеткіншектер қоғамға пайдалы істерге ықыласты, ұжымшыл, жолдастық, достық сезімге бай, кітап оқуға, кинофильмдер көруге ынталы болып, спортты ұнатады.

Көркем әдебиетті оқу жеткіншекке азаматтардың қарым-қатынасының мәнін, сезімдерін ашып, өз сенімдерінің дұрыстығына жауап іздеуге үйретеді. Саз әуені – адам сезімінің әміршісі, толқу үстіндегі адамға түсінікті, сондықтан музыкаға көңіл бөлу жеткіншектер тәрбиесіне, ой-өрісінің дұрыс қалыптасуына көмектеседі. Жеткіншектермен жұмыстағы негізгі педагогикалық идеал – баланың іс-әрекетте жетістікке жетуіне жағдай жасау. Баламен жеке жұмыс жүргізу, әдептілік сақтап, педагогикалық шыдамдылық, ұстамдылық

көрсету жеткіншектің қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Дұрыс тамақтанып, таза ауада жиі болу, көп қозғалу (ойын, дене жаттығулары, спортпен айналысу) дене тәрбиесіне көмектеседі. Дене тәрбиесі мұғалімі және жаттықтырушы баланың бет әлпетінің, қолының, ернінің түсін үнемі қадағалау керек. Бұл жұмыс сабақтың басындағы және соңындағы қан тамырының соғысын тексерумен толықтырылады, жеткіншектер жиі тыныс алатындықтан, тыныс алуын басқаруын үйрету керек. Жеке гигиена, ұйқы, тамақ, демалыс, белсенді еңбек іс-әрекетіне жағдай жасайды. Шамадан тыс жұмыс жалпы дамуын тежейді. Дене тәрбиесі арқылы жүрек-қан жүйесін жаттықтыру, дене жаттығулары, спорт, дене еңбегі үшін дәрігерлік және педагогикалық бақылау өте пайдалы. Маскүнемдікке жол бермеу керек. Дене тәрбиесі және спортпен айналысу зейіннің дамуына әсер етіп, оның көлемін көбейтеді, зейіннің бір нәрседен екіншіге бөлінуіне әсер етеді. Тәрбиешінің міндеті еңбек, спорт іс-әрекетін, ерік-жігер сапаларын оқушы бойында қалыптастырумен сипатталады. Мұғалімдер, тәрбиешілер, ата-аналар мақсатқа жетудегі сенімділігін, жетістігін атап көрсетіп, қауіп-қатерден сақтандырып, дер кезінде көмекке келіп, жеткіншекті өз кемшіліктерінің себептерін түсіндіруге үйретеді. Жеткіншектердің өмірінде жол-

дастарының пікірі үлкен роль атқарады. Мораль мәселелерін талдау және адамгершілік тақырыптардағы пікірсайыстардың әсерінен өмірдің мәні, өз болашағы, мамандығы туралы, өз беделі туралы ойланатындықтан, мұғалім бұл мәселелерді шешуге және күнделікті іс-әрекеттерінде адамгершіліктің мәнін ашуға көмектеседі. Ересек адамдар бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, әр баламен ойланып жұмыс істеу керек. Сәнге сәйкес киінгені, музыка тыңдағаны үшін баланы сөгу дұрыс емес. Жеткіншектермен өзара әрекеттің негізгі тәсілдері: онымен бірге оқиғаларды талдау, баға беру, өзін-өзі талдауға, өз мінез-құлқын басқаруға үйрету. Осы жаста тұлғаның мінез-құлқы және басқа да жеке басының негіздері қалыптасады. Міне, осы кезеңде жеткіншектермен жүргізілетін тәрбие жұмысында кемшіліктер айқын көріне бастайды. Соңғы кездері жеткіншектер тәртібінің төмендегенін байқауға болады: а) ата-анамен келіспеушілік жағдайда болу; ә) мектептегі қиындық пен сәтсіздік; б) тәртібі қиын құрбы-достарымен байланыс орнату және т.б. себептермен байланысты.

Отбасы жағдайы, ата-ананың кәсібі, материалдық жағдайы, білім деңгейі жеткіншектің өмірдегі жолын айқындайды. Ата-ананың саналы, мақсатты тәрбиесі бала өмірінде үлкен роль атқарады. Отбасындағы

жақсы қарым-қатынасты жоғалту, мектептегі сәтсіздік, келеңсіз топтағы құрбыларымен жақындық әртүрлі жолдарға итермелейді. Отбасы, мектеп, құрбы-құрдастар тобы – барлық жеткіншектердің нағыз табиғи ортасы, ең маңызды қоғамдық факторы. Демек, баланың мінез-құлқының қалыптасуына отбасы ерекше әсер ететіндіктен, оның көп қырлы, жан-жақты болуы отбасына байланысты. Педагогикалық, әлеуметтік жағынан жіберілетін әлсіздік, оқу жүйесіндегі сәтсіздік – айнымалы мінез-құлқтың қайнар көзі. Жеткіншектің мінез-құлқындағы ауытқулар көбіне туа пайда болмайды, олар отбасындағы және мектептегі дұрыс тәрбие бермеуден пайда болады. Осы аталып көрсетілген ауытқу *девиантты мінез-құлық* деп аталады.

Девиантты мінез-құлқтың бір түріне қылмыстық әрекетке апаратын *агрессивті мінез-құлық* (төбелес, тіл тигізу) жатады. Жеткіншектің мінез-құлқындағы агрессивтілік адамдарды аяу сезімінің жоқтығынан қатыгездік бағытқа бейімделу нәтижесінде өзін қоршаған ортаға зиянын тигізеді. Бұл жағдай тұлғааралық, топаралық кикілжіңге өршіп кетуі мүмкін. Жеткіншектің мінез-құлқындағы агрессивтілік ішімдікпен, нашарлықпен тікелей байланысты. Кейде жеткіншектер ішімдік ішкен кезде өзінің еңбегін (бұзақылық, төбелес, сәтті аяқталған оқиғаларын)

атап өтеді. Жеткіншектің тәртібі агрессивті күйде болса, олар «қиын» балалар қатарына жатады. Кейбір мектеп мұғалімдерінің қиын балалармен жұмысы сынып алдында жүйке жұқартатын әңгіме, жазалау және т.б. түрінде жүзеге асады. Әдетте бұл әрекеттің барлығы оң нәтиже бермейді, керісінше қиын жеткіншектердің мұғалімге, мектепке деген көзқарасы өзгеріп, қарсы келуіне әкеледі. Мұғалімдер қиын жеткіншектерге өзінің кері көзқарасын жасырмағанда, олармен кикілжіңге келеді. Девиантты мінез-құлықты жеткіншекке қолданылатын тәрбиелік профилактикалық іс-шаралар – тұлғаға әсер ету, әлеуметтік педагогикалық түзету іс-шаралары, кері әсерлі ортаны сауықтыру және т.б. жатады.

Жасөспірімдік шақтың (15–17 жас) көптеген педагогикалық теориялары бар. Жасөспірімдік шақ бала мен ересектік шақтың аралығы, баланың ересектерге тәуелділігімен сипатталады, ересектер баланың өмірлік іс-әрекеті мазмұны мен бағытын белгілейді. Жасөспірімдік шақтың аса маңызды міндеттері – мамандық таңдау, еңбек пен қоғамдық-саяси қызметке даярлану, некелесуге, өз отбасын құруға әзірлену. Өзара байланысты бұл міндеттердің жүзеге асырылуы белгілі бір уақытты талап етеді.

Адамның жалпы ақыл-ой қабілеті 15–17 жаста толық қалыптасады.

Сондықтан оның бала кезіндегідей шапшаң өсуі байқалмайды, алайда ол одан әрі жетіле береді. Жасөспірімдік шақ – жеке адамның толысуы мен қалыптасуының аяқталатын кезеңі. Жыныстық қалыптасуына байланысты өз ағзасы мен сырт келбетіндегі үлкен өзгерістер, өмірлік іс-әрекеттің күрделенуі байқалады. Сондықтан жасөспірімдік шақ ымырасыз келеді. Жасөспірімге өзін көрсетуге ұмтылу, өзін жан-жақты ашуға құштарлық тән. Олар өз мамандығын таңдап алуға тырысады. Мамандыққа ықыласының бірте-бірте қалыптасуы түрлі іс-әрекеттерге жауапкершілігін арттырады. Оларға өз бетінше тапсырмалар орындауға мүмкіндік беріп, дұрыс бақылау мен педагогикалық басшылық жасау керек. Бұл кезеңде сезім, достық қарым-қатынастар дамиды. Мысалы, ғашықтық, өзара сенім, қайырымдылық, бірін-бірі сыйлау, көмек көрсету, іс-әрекеттерін бірігіп орындау, жолдасының кемшілігін айтып, жоюға көмектесу, т.б. Бұл күндегі жастардың мінезінде түрлі өзгерістер пайда болды. Мысалы, қыздар өздерінің сыртқы киіміне, дене қимылына көңіл бөледі. Ер балалар әдемі киініп жүруді ұнатады. Әртүрлі іс-әрекеттердің барысында осы ерекшеліктер еске алынады. Сонымен, мектепке дейінгі балалық шақтан жасөспірімдік шаққа дейін балалардың бейімділігін және қабілетін, мінез-құлқы мен темперамен-

тін мұғалім-тәрбиеші, ата-ана үнемі еске алып, олардың дұрыс дамуына, қалыптасуына жүйелі түрде ықпал етуі қажет. Педагогтар негізінен баланың дербес ерекшелігіне тәрбие процесінде, даму кезеңінде назар аударады. Дербес ерекшеліктерге түйсік, қабылдау, ойлау және жеке адам бойындағы мінез-құлық, темперамент, қабілет жатады. Жүйке жүйесінің типтік қасиеттері – адамның жеке психологиялық мінез-құлығының, темпераментінің, қабілетінің табиғи негізі. Мұғалім балалардың жеке ерекшеліктерін жете білуі қажет. Жүйке жүйесіне байланысты темперамент типтерін басшылыққа алмай, тәрбие процесін ұйымдастырып, іс жүзіне асыру мүмкін емес. Жеке адамның дүниетанымы мен қабылдағыштығы темпераментке тәуелді. Дербес қабілеттерінің дамуы жеке адамның табиғи мүмкіншіліктеріне байланысты. Әрбір адамның қасиеттерін қалыптастыру мен дербес ерекшеліктерін дамытуды жан-жақты және үйлесімді тәрбиелеу дейді.

Темперамент деп жеке тұлғаның әртүрлі іс-әрекеттерінен көрінетін

дара өзгешелігін айтады. Психология ғылымында темперамент 4 типке бөлінеді: холерик, сангвиник, меланхолик, флегматик. Оларды тәрбиелеу – баланың дамуына ықпал жасап, даму дәрежесіне сүйену. Мұғалім сабақ үстінде, тәрбие барысында (ойын, еңбек, қоғамдық жұмыстар, т.б.) балалардың мінез-құлықтарын ескеріп, темпераментін тәрбиелейді. Сангвиник баланың іс-әрекетін бақылап, берген тапсырманың орындалуын қадағалап отыру керек. Меланхоликті белсенділікке, ынтымақтастыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеген жөн.

Тәрбиеші мына жағдайларды ескеруі қажет:

- баланың өз мүддесін ғана ойлауын болдырмау;
- өз мүддесін ұжым мүддесімен ұштастыра білуге үйрету;
- баланың әртүрлі жағдайда болатын өзгерістерді басынан өткізе білуге баулу.

Аталған тәрбиелік ұстанымдарды мектептің сынып жетекшілері мен тәрбиешілері үнемі назарда ұстауы қажет деп білеміз.

Негізгі әдебиеттер:

1. Мудрик А. В. *Социальная педагогика. Учеб. пособие для студ. выс. учеб. заведений.* – М.: Академия, 2013. – 240 с.

2. Мұсаева С., Бегалиев Т. *Жас ерекшелік педагогикасы. Оқулық.* – Астана: Фолиант, 2010. – 472 б.

3. Нурғалиева Г. К. *Ценностные ориентации личности: методология, теория, практика, формирования.* – Алматы, 1994. – 380 с.

4. *Педагогика. Оқу құралы. /Жалпы ред. басқарған А. Құдиярова.* – Алматы: Дарын, 2004. – 448 б.

5. Платонов К. К. *Структура и развитие личности.* – М.: Наука, 1986. – 254 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Әбенбаев С. Ш. *Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы.* – Алматы: Дарын, 2004. – 152 б.

2. Нұрышева Г. Ж. *Адам өмірінің философиялық мәні.* – Алматы, 2001. – 240 б.

3. Төлеубекова Р. *Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізі.* – Алматы: Комплекс, 2001. – 295 б.

4. Төлешова Ұ. *Психологиялық-педагогикалық жеке адам диагностикасы. / Оқу құралы.* – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 142 б.

5. *Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік /Бас редактор Ж. Қ. Түймебаев. Ред. алқасы: А. Е. Әбілқасымова, И. Б. Бекбоев, Н. Б. Қалабаев, Е. Ә. Оңғарбаев, С. Ж. Пірәлиев, М. В. Рыжак.* – Алматы, 2009. – 400 б.

1.4. Жеке тұлғаның дүниетанымы

Жоспары:

1. Дүниетанымның мәні және оның түрлері, типтері, қызметтері.

2. Дүниетанымның құрылымы.

3. Жеке тұлға дүниетанымының қалыптасу үдерісінің заңдылықтары.

4. Дүниетанымның қалыптасу жолдары мен құралдары.

Негізгі ұғымдар: дүниетаным, дүниеге көзқарас, әлеуметтік орта, көзқарас, сенім, әлеуметтік бағдарлау.

Басқа пәндермен байланысы: философия, әлеуметтану, психология, физиология, педагогика тарихы, этнопедагогика.

1. Дүниетанымның мәні және оның түрлері, типтері, қызметтері.

Дүниетаным – бұл ақиқатты дүниеге және ондағы тұлғаның алар орнына, оны қоршаған болмысына және өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі, сонымен қатар адамдардың осы көзқарастар арқылы қалыптасқан негізгі өмірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, мақсат-мұраттары,

таным мен қызмет принциптері, құндылық бағыттарынан тұрады. Дүниетанымды қалыптастыру – тек жеке тұлғаның ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік топтың, қоғамдық таптың жетілуінің елеулі көрсеткіші. Болашақтағы болмыс шынайылығының тәсілдерін аңғара отырып, дүниетаным өзіне өмірлік қағидаларды енгізеді, адамдардың іс-әрекетінің сипаттамасымен байланыстырады.

Дүниетаным қоғамның жалпы және жоғарғы ойлау сатысы болып табылады. Ол өз түрлеріне тән бірнеше элементтерден қалыптасады (философия, ғылым, эстетика, мораль, т.б.) олардың қатарында философиялық, ғылыми, саяси, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар үлкен роль атқарады.

Философиялық көзқарастар және сенімдер бүкіл дүниетаным жүйесінің негізін құрайды. Философияның өзі таным қызметтерінің ұтымды, ұғымды мәнерін және дүниетаным бағдарын негіздейді: ол ғылыми деректер мен тәжірибе жиынтығын теориялық тұрғыда ұғындырады және шындық бейнесін объективті және тарихи тұрғыда айқындауға ұмтылады.

Ғылыми білім – дүниетаным жүйесіне ене отырып, адамды қоршаған әлеуметтік және табиғи орта шындығына бағыттау мақсатында, сондай-ақ шындыққа қатысты тиімділікке, адасулар мен ескілік көзқа-

растардан арылуға қызмет етеді. Адамгершілік қағидалар мен өлшемдер адамдардың мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасын реттеуге және эстетикалық көзқарастармен бірге қоршаған ортаға қарым-қатынасын анықтауға, іс-әрекет түрлеріне, мақсаттары мен нәтижелеріне қызмет етеді. Білімнің, тәжірибенің және көңіл күй бағамын жалпылай отырып, адамның қоғамдық тұрмыс ерекшеліктерін бейнелейді, тұлғаның дүниетанымдылығы мен тарихи айқын жүйесінің бүкіл өмірлік және іс-әрекетінің бағытын анықтайды. Егер дүниетаным объективті көзқарастардың дамуын бейнелесе, адам ойлауының және қоғамның, табиғаттың заңдарын ғылыми тұрғыда тануға негізделсе, онда ол барлық адамзаттың қызығушылығының және ақиқатты өзгертудің күшті құралы болып табылады. Дүниетаным – когнитивтік танымдық көзқарас тұрғысынан сипатталса, онда ол объективті дүниені соншалықты дұрыс және терең бейнелейді, ол шын және жалған, ғылыми және абстрактілі, материалистік және идеалистік түрде болуы мүмкін. Ғылыми дүниетаным объективті нақты болып табылады. Ғылыми дүниетаным дүниенің ғылыми бейнесіне, ғылыми талдаулар негізінде жасалған қорытындылар мен негіздеулерге, табиғи және қоғамдық құбылыстардың дамуын сипаттайтын, себеп-салдарын теориялық

ұғынуларына сүйенеді. Ғылыми дүниетаным – алдын ала көрудің, сол және одан да басқа құбылыстардың, үдерістердің дамуын және оларды саналы түрде басқаруға мүмкіндік береді. Барлық берілген ғылымдарға дұрыс түсініктемені тек қана диалектикалық және тарихи материализм береді, яғни адамды танымды дұрыс түсініп-білуі, әлеуметтік өмірдің және табиғи құбылыстардың өзгерістері арқылы сипатталады. Ғылыми дүниетаным негіздеріне сыртқы қоршаған ақиқат дүниеге бағдарлануы, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзінің өмір сүруінің маңыздылығын түсінуі, өз өмірін саналы түрде құруға деген терең әлеуметтік қажеттіліктері жатады.

Оқушылардың ғылыми дүниетанымы ғылыми-философиялық білімдерді, қазіргі ғылыми жаңалықтарды, сонымен бірге шынайы дүниетанымдарының жалпы әдістер жүйесін, шынайы дүниені түсіндіру деректерін, әдіснаманы бірізділікпен меңгеру нәтижесінде қалыптасады. Қоғамның, ойлаудың, табиғаттың даму заңдылықтары және мәнін түсіндіруші дүниетаным идеяларының жиынтығы оқушылардың дүниетанымында көзқарас, сенім, ұсыныс, болжам, аксиома, жетекші идеялар, әртүрлі жаратылыс және қоғамдық үдерістерді, құбылыстарды түсіндіре отырып, ғылыми негізін құраушы сол және басқа ғылымның нақты ұғымдары ретінде бейнеленеді.

Ғылыми дүниетаным негізіне дүниені түсіну, дүние туралы белгілі ғылымдардың жиынтығы жатады. Дүниетаным тек қана білімді меңгеру үдерісінде ғана емес, сонымен бірге ғылыми емес, қарапайым көзқарастарды жену нәтижесінде қалыптасады. Ол қоғамның жаңаруына, қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары дамуына сәйкес жетілу үстінде. Өмірді жақсартудағы жаңа ғылыми деректер, қоғамдық және жаратылыстану ғылымындағы зерттеулер нәтижесі жаңа қоғамдық тәжірибелермен толықтырылып, нақтыланып, бұрыннан қалыптасқан көзқарастар мен ойлау стереотиптерінің өзгеруіне алып келеді.

Аксиологиялық көзқарас тұрғысынан оқушылардың дүниетанымы оның іс-әрекетіне байланысты сипатталады. Ол оптимист немесе пессимист, белсенді шығармашыл немесе баяу мазмұнды болуы мүмкін. Оқушылардың дүниетанымын психологиялық тұрғыдан сыртқы дүниенің оның санасында бейнелеуінің жалпы жүйесі ретінде емес, меңгерген ғылыми түсініктер, өлшем, баға жүйесі ретінде, сонымен бірге психикалық іс-әрекет – өзінің тәрбиесінде және дүниеге деген өзінің қатынасын реттеу үшін дүниетанымдық мақсатта бейнелерді пайдалануға бағытталған іс-әрекет пен қабылдаудың таным операциясының жүйесі ретінде қарастыру қажет.

Тұлғаның дүниеге әлеуметтік бағдарлау үдерісі – «Мен-тұжырымдаманы» жүзеге асырушы қызмет атқарады. Басқа әртүрлі заттармен салыстырғанда инвариант бола отырып, «дүниетанымдық» іс-әрекет, мақсаты, мотивациясына және операциялық механизмінің құрамы бойынша өзіне тән ерекшелігі болады. Оны жүзеге асыру әлеуметтік бағдарлаудағы жеке әдісті қалыптастыру болып табылады, яғни қоғамдық тәжірибенің ғылыми білімдер жүйесіне белгіленген және жеке тұлғаның әлеуметтік талаптар мен нәтижелеріне, тәрбиесіне мақсатты түрде бағытталуына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

2. Дүниетанымның құрылымы.

Психикалық білім ретінде дүниетаным – күрделі де көп аспектілі құрылым. Оның негізі – теориялық ойлау, жоғары интеллектуалдық сезімдерді білдіру, саналы мақсатты ерік-жігердің дамыған қабілеттілігімен үйлесімді көзқарастар мен сенімдер. Көзқарастар – адамның қол жеткізген идеялары, білімдері, теориялық тұжырымдар мен болжамдар ретінде қабылдаулары. Олар табиғат пен қоғам құбылыстарын түсіндіріп, адамның мінез-құлық, іс-әрекет пен қатынастардың бағыт-бағдар қызметін атқарады.

Профессор И. Ф. Харламов: «Әрбір тұлғаның дүниетанымдық көзқарастары ұзақ, күрделі интеллектуал-

дық іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады», – деп келтіреді. Ал көзқарастар болса өз кезегінде оның рухани мәдениетінің, оның «Мен» деген сезімінің мәнін ашып, оның өмірлік ұстанымдарының, ар-ожданының негізін құрайды. Сенім – көзқарастардың сапа жағынан мейлінше жоғары күйі. Сенім білім сияқты объективті дүниенің субъективті көрінісі, адамдардың ұжымды жеке тәжірибесін меңгергенінің нәтижесі. Сенім әлдебір «білетін» немесе «түсінетін» емес, ол – жеке тұлғаның ішкі ұстанымдарына айналған білім.

Қазіргі уақытта сенім дүниетанымның өзегі «бастапқы», «элементарлық кереге көзі» болып табылады деген ережені терең негіздеу деп санауға болады. Сенім дүниетанымның ұйтқысы дегенді әлеуметтік және педагогикалық маңызы жағынан бағалау қиын. Олардың адамның өмір жолын анықтаудағы, мінез-құлқын қалыптастырудағы ролі әрбір педагогқа, әрбір оқушыға түсінікті болуы керек. Тек меңгерілген білім ғана емес, ал сол сенімнің өзі адамды белсендіретін шынайы күші, қол жеткізген білімі және солар үшін күресу болып табылады.

Сол білім мен ойлар сенімге айналады, ол адамның өзін және әлемді қайта өзгертетін материалдық күшке еніп, әлем мен адамның өзін құрайды. Егер білім дүниетаным жүйесінің басым мазмұндық құрылымдары бо-

лып саналса, онда сенім білімге және шынайы ақиқатқа деген эмоционалдық-психологиялық қарым-қатынас және адамгершілік маңызға ие болады.

Дүниетанымның маңызды ролі психологиялық, әлеуметтік педагогикалық және эмоционалдық болып табылады және олар адамның мінез-құлқы мен көңіл күйін анықтайды, соңында іс-әрекетке дайындайды. Тек сенім білім арқылы өсетін жеке тұлға белсенділігінің негізгі көзі болып табылады. Сенім – жеке тұлғаның өз құндылық бағыттары мен көзқарастарына сәйкес қызмет-әрекет етуге итермелейтін саналы қажеттілігі. Адамның сенім жүйесі – оның дүниетаным көрінісі. Сөзім – сенімнің үйлесімді қасиеті. Сенімді өмірде басшылыққа алу таным қуанышы мен ақиқат шындығының, эстетикалық талғам мен оған берілгендік, әлеуметтік оптимизм мен мақсаттылық сияқты интеллектуалды сезімдермен байланысты.

Қажымас ерік-жігер – дүниетанымның маңызды элементі. Сенім адамды іс-әрекетке итермелейді. Ғылыми дүниетаным теориялық санамен шектеліп қана қоймай, тәжірибеде сана мен жігерді іс-әрекетпен біріктіреді. Дүниетаным элементі ретінде теориялық ойлау дегеніміз – адамның білімдерді, болмыстың құбылыстарын шығармашылық түрде түсініп-ұғыну, дүниетанымды мей-

лінше жетілдіру, ерік-жігерді сенімді іске асыруға бағыттау қабілеті. Сенім мен идеал адамның өмірлік мақсаттары ретінде дүниетанымның ең маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Сананың мазмұны сенім сипатына ие болған жағдайда дүниетанымға айналады. Демек, тұлғаның дүниетаным феномені – тұлғаның интеллектуалды және эмоционалды ерік сипатын өзіне жинақтаған, әлеуметтік мәдениеттің сол бөлігіне назар аударған, іс-әрекеттің жалпы бейнесін жоғары деңгейде ерекшелеген іс-әрекетке дайындық. Олай болса, жеке тұлғаның дүниетанымы салыстырмалы түрде кеш келетін құбылыс, ол жеткіншек шақта пайда болатын, жалпы тәрбиелік бағыттылық, дүниетаным мен дүниені сезіну жүйесі болып табылады.

3. Жеке тұлға дүниетанымының қалыптасу үдерісінің заңдылықтары. Оқушылардың ғылыми дүниетанымы мектептің гуманитарлық, жаратылыстану пәндері мен отбасындағы тәлім-тәрбие негізінде қалыптасады. Дәл осы ғылыми білімдерді меңгеру жүйесі мен оларды тәжірибеде пайдалану, бұрынғы кездегі мәдени мұралармен, қазіргі ғылым негіздерімен оқушыларды қаруландыру құралы болса, дүниетанымдық білімдерді терең сенімге айналдыру оқушылардың іс-әрекеті және мінез-құлық принциптерін, қоғамдық бағыттарын анықтайды,

іс-әрекетке дайындығын және өмірлік ұстанымын қалыптастырады.

Ғалымдардың көзқарасы бойынша табиғат және қоғам туралы ғылыми білімдерді меңгеру ғылыми дүниетанымды қалыптастыру негізінің маңызды шарты болып табылады. Бірақ табиғат пен қоғам дамуының заңдылығын білу жеткіліксіз. Саналы көзқарас, сенімді ойдың болмауы, адамда формальды түрде деректерді меңгеруге және дүниетанымдық сипатты жалпылауға әкеп соғады. Тек қана білімді «аудару» және өзіндік сезінген тәжірибесін, әртүрлі іс-әрекеттерден қамтылған тұрақты көзқарастары, негізінде тұлғаның идеялық мақсатына сендіруден тұрады. Олардан адам мінез-құлқына бағыттайтын дүниетаным пайда болады. Педагогтар мен психологтардың зерттеулері бойынша, білім оқушылардың іс-әрекетінің басты нәтижесі, олардың бойында теориялық сана мен ойлаудың қалыптасуы болып табылады.

Профессор И. Я. Лернер танымдық тапсырмалардың ролін зерттей келе: «Оқушылардың өздігінен жетістіктерге жету жолындағы бағдары және білімді пайдалануы сезінуге жол ашады, яғни білімдер сенімге айналу үшін жеке тұлғаның қажеттіліктерінен, әлеуметтік үміт пен құндылық бағыттарынан биік болып тұрған көзқарастарының жалпы жүйесіне және оның сезіміне айналуы қажет», – дейді.

Оқушылардың жағымды эмоционалдық күйі олардың жеке тәжірибесіне, әлеуметтік психологиялық жағдайына сүйенеді. Бірақ танымдық тапсырмалардың ролі ғылыми сенімділіктерді қалыптастыру жолында да өз маңызын жоймайды. Танымдық тапсырмаларды бір мезетте қалыптастыру диагностикасы мен сенімнің тәсілі болып қызмет етеді.

Психология-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасай келе, тұлғаның дүниетанымын, ғылыми сенімін қалыптастыру мынадай кезеңдерден тұрады:

- объективті мазмұны, маңызды қасиеті бар сыртқы дүние туралы дүниетаным білімі болуы және оны меңгеру;
- олардың талаптарынан шығатын міндеттерге, шынайылыққа сенімділік;
- құбылыстар мен әлеуметтік деректерді бағалау және ғылыми талдаудың тәсілдерін меңгеру, адамдардың өмір құбылыстарын, әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа да құбылыс деректерін талдау және бағалау;
- белсенді іс-әрекетке субъекті ретінде дайындық (шешім қабылдау, іс-әрекет жоспарын құру және негіздеу, бағалау, қабылданған шешімнің дұрыстығын дәлелдеу).

Білімді сенімге айналдыру және дүниетанымды қалыптастыру тұлғаның жан-жақты қалыптасуымен,

яғни қарым-қатынасының жүйесімен тікелей байланысты. Психологиялық-педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, баланың жеке тұлғасы оның қоғамда алатын орнымен, жоғарғы адагершілік қарым-қатынаспен, соның ішінде өмірде қойылатын талаптардың дәл сол кездегі психологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады. Осы сәйкестіктен баланың қажеттілігі мен тілегі, мақсаты, ұмтылысы туындайды және сол арқылы жаңа психологиялық сапаларының қозғалыс күші дамиды. Өмірдің шарты оқушының жеке тұлғасының қалыптасуын тікелей анықтамайды, ал оның тәуелділігі сонда, өзара қатынасымыз бен әрекеттерімізде осы шарттармен оқушының өзі болады.

Оқушының дүниетанымын қалыптастыру мінез-құлқының ең маңызды қозғаушы күші болып табылады, оның іс-әрекетінің себеп-салдарын анықтайды. Оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру іс-әрекеті жетістігінің маңызды шарты тәжірибелік іс-әрекеттер мен сенімдер, білім бірлігімен қамтамасыз етілген педагогикалық үдеріс болып табылады. Бұған тек қана педагогикалық үдерісте «логикалық тізбені» ойластырғанда және іске асырғанда ғана жетуге болады. Ол жүйелер: танымдық көзқарасы бар білім жүйесі, зерттеліп жатқан деректерге, құбылыстарға тұлғалық қарым-қа-

тынас, тәжірибеде ойластырылған және алынған жеке іс-әрекеттік жоспардағы білім және т.б.

Адамдардың көзқарастары мен сенімдері әрқашан тәжірибелік білімдермен сипатталады. Тәжірибе негізіне сүйене отырып, олар жеке тұлғаның діни әлемін, оның қажеттілігін, сезімін, мінез-құлық мотивін анықтайды, сонымен қатар тек қана оқушылардың танымына, сезіміне, еркіне әсер етеді, бірақ мінез-құлық және іс-әрекет тәжірибесінде оған белгіленген әлеуметтік-мәнділігін анықтауды және жинақтауды ұйымдастырады.

Профессор Г. Н. Филоновтың ойынша, тұлғалық іс-әрекеттік тұрғыдан оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруды төмендегідей топтастырады:

– тұлғаның интеллектуалдық, эмоционалды-еріктік және іс-әрекет тәжірибе саласына әсерін іске асыру;

– жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру жүйесінде тәрбие үдерісін дараландыру, еңбек және оқытуда жеке тұлға мен ұжымның өзара әсерінің органикалық біртұтастығы.

Оқытудың өмірмен, еңбекпен, тәжірибемен тығыз байланысына негізделген тәжірибе факторының белсенді қызметі – оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың міндетті шарты.

Оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру үдерісінде, мысалы,

оқушының ішкі позициясындағы бұрын қалыптасқан және қалыптасып отырған әрекеттің арасында, оған деген мұғалімнің қойып отырған талабымен және оны орындаудағы дайындық деңгейі арасында қарама-қайшылықтар туындауы мүмкін. Өз уақытында пайда болған қарама-қайшылықтың көзін және сипатын ашу керек, тәрбие үдерісінде оны жеңу жолдарын анықтау – мұғалімнің басты міндеті.

4. Дүниетанымды қалыптастырудың жолдары мен құралдары. Дүниетанымның қалыптасуы педагогикалық үдеріс ретінде, объективті түрде әдіснамалық идеялардың реттелген жиынтығын оқушылар игілігіне айналдыруды талап етеді. Оқушылар материалистік диалектиканың мынадай заңдары мен категорияларын игерулері қажет: дүниенің материалдығы мен танымдылығы; қозғалыс – материяның өмір сүру формасы ретінде; материяның бірінші, сананың екінші болуы; қарама-қайшылықтардың бірлігімен күресі; себепті байланыс – болмыстың жалпы заңы; сандық өзгерістердің мөлшерден шығып кетуі мен олардың сапалық өзгерістерге айналуы; дамудың үздіксіздігі; себеп-салдар диалектикасы; құбылыс-мәнділіктің көрінісі ретінде; мүмкіндік пен шындық; практика – таным негізі, ақиқат өлшемі. Дүниетаным қалыптасуының біртұтас процесі білім берудегі

сабақтастық, оқу пәндері арасындағы өзара байланыс арқылы жүзеге асады. Оқыту – оқытушы мен оқушының бірлескен іс-әрекетімен сипатталады, іс-әрекеттің мақсаты – оқушыларды дамыту, олардың бойында білім, білік, дағдыларды, яғни нақты бір іс-әрекеттің жалпы бағыттық негізін қалыптастыру. Кез келген аналитикалық іс-әрекеттің нәтижесінде (түсінікте, идеалдарда, теорияларда) білім де, іс-әрекет әдіс-тәсілдері де бар. Осының барлығы оқушы бойында білім мен білікке қоса ойлау мен әрекет ете алуы дамытудың талап етеді. Ғылыми білім құрылымында екі деңгейі бар: эмпирикалық және теориялық. Дүниетаным жекелеген білімдерден емес, заманның талабына сай білімдердің құрылымын қамтитын, әдіснамалық идеялар, теориялар мен принциптер негізінде ұйымдастырылатын жүйе. Оқушылардың меңгерген білімдер жүйесі әрдайым қозғалыста болады, басқа жүйелермен қатынасқа түсіп, оларды пайдалану міндеттеріне сәйкес жалғасады.

Білім берудегі тұлғаның қызметін зерттеуші М. Н. Скаткин: «Түсініктерді, ұғымдарды, заңдарды оқушылардың басына жаттанды түрде сіңіруге болмайды. Оларды оқушының өзі, мұғалімнің басшылығымен, көмегімен қалыптастыруы қажет. Білім түсініктерінің пайда болуы, заңдарды жете түсінуі – оқушының ойлау мен іс-әрекетінің белсенді процесі», – деп келтіреді.

Оқу – жеке тұлғаның іс-әрекетінің басты нәтижесі олардың бойында теориялық сана мен ойлаудың қалыптасуы болып табылады. Оқу іс-әрекетінің психологиялық мазмұны іс-әрекеттің жалпы тәсілдерін, білімдерді меңгеру болып табылады. Білімді сенімге айналу үшін жеке тұлғаның қажеттіліктерінен, әлеуметтік үміт пен құндылық бағыттарынан биік

болып тұрған көзқарастарының жалпы жүйесіне және оның сезіміне айналуы қажет. Оқу мен еңбек, қоғамдық іс-әрекет оқушыларды әлеуметтік жан-жақты ақпаратпен, саяси қарым-қатынас тәжірибесімен қаруландырады. Ол оқушының ішкі жан-дүниесін, белсенді жасампаздық қажеттілігін дамытады.

Негізгі әдебиеттер:

1. Наурызбаев Ж. *Ұлттық мектептің ұлы мұраты.* – Алматы: «Ана тілі», 1995. – 192 б.
2. Нұрмұратов С. *Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау.* – Алматы, 2000. – 240 б.
3. Оразбекова К. А. *Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. Монография.* – Алматы: «Комплекс», 2000. – 330 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Серікқалиұлы З. *Дүниетану даналығы.* – Алматы: «Білім», 1994. – 224 б.
2. Бекежан Ө. Қ. *Қоғам және миф. Оқу құралы.* – Алматы, 2002. – 124 б.
3. Тайжанов А. Т. *Этномәдени білім мен тәрбие /Оқу құралы.* – Ақтөбе, 2009. – 122 б.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Педагогика дегеніміз:

- A. Бала тәрбиесінің заңдылығымен және тәрбиенің жолдарын айқындайды.
- B. Тұлғаның кәсіби қалыптасу проблемасын қарастырады.
- C. Тәрбиеші мен оқушының дүниетанымдық көзқарасына ықпал жасау өне-
рі.
- D. Жас ұрпақтың даму мәселелерін зерттеумен айналысады.
- E. Адам тәрбиесі туралы ғылым.

2. Педагогикалық ғылымдарға:

- A. Дидактика, психология, философия, мектептану, мектеп гигиенасы, тәр-
бие теориясы, салыстырмалы педагогика.
- B. Жалпы педагогика, жас ерекшелік педагогикасы, әлеуметтік педагогика,
арнайы педагогика, жеке пәндерді оқыту әдісі, педагогика тарихы.
- C. Жас ерекшелік физиологиясы, мектепке дейінгі педагогика, мектептану,
педагогика тарихы.
- D. Жалпы педагогика, этика, эстетика.
- E. Валеология, әлеуметтік педагогика, дидактика, тәрбие теориясы, мектеп-
ке дейінгі педагогика.

3. Ата-анадан балаға тұқымқуалаушылық арқылы беріледі:

- A. Ойлау қабілеті.
- B. Мінез-құлық белгілері.
- C. Әртүрлі іс-әрекетке қабілеті.
- D. Нышан, адамның жеке қабілетін дамытудың қызметі.
- E. Адамдарға қарым-қатынас.

4. Ересектерді оқыту мен тәрбиелеудің теориялық-практикалық проб- лемаларын қарастыратын педагогика ғылымының саласы:

- A. Жас ерекшелік педагогикасы.
- B. Халық педагогикасы.
- C. Арнайы педагогика.
- D. Кәсіптік педагогика.
- E. Андрагогика.

5. Педагогиканың негізгі категориясы:

- A. Материя.
- B. Тәрбие.
- C. Іс-әрекет.
- D. Білімді.
- E. Тұқымқуалаушылық.

6. Педагогикада қолданылатын ұғымдар:

- A. Жеке тұлға.
- B. Құбылыс.
- C. Қоғам.
- D. Этнос.
- E. Мораль.

7. Педагогика ғылымының нысанасы:

- A. Білім.
- B. Оқушы.
- C. Мұғалім.
- D. Ұжым.
- E. Педагогикалық үрдіс.

8. Жеке тұлғаның қоғамдық ортаға бейімделуі:

- A. Әдет.
- B. Бейімделуі.
- C. Дамуы.
- D. Әлеуметтену.
- E. Дағды, іскерлік.

9. Жоғарғы сынып оқушыларының қарым-қатынасына әсер ететін:

- A. Ата-ана пікірі.
- B. Жолдастарының пікірі.
- C. Оқытушы пікірі.
- D. Өз пікірі.
- E. Ұжымның пікірі.

10. Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі:

- A. Өте жақсы баға.

- В. Білімді, тәрбиелі, дамыған жеке тұлға.
- С. Жақсы денсаулық.
- Д. Жақсы көрсеткіш.
- Е. Жақсы психологиялық ахуал (климат).

11. Педагогикалық зерттеудің қорытындысы негізделеді:

- А. Ішкі сезімге.
- В. Педагогикалық экспериментте.
- С. Оппонент пікірінде.
- Д. Экспериментке қатысушылардың контингентінде.
- Е. Зерттеушінің тұлғасына.

12. Оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынас стилі:

- А. Либералдық.
- В. Демократиялық.
- С. Авторитарлық.
- Д. Жағдайға байланысты жоғарыда айтылғандардың кез келгені.
- Е. Либералды-демократиялық.

13. Жеке тұлғаның дамуындағы негізгі фактор:

- А. Тұқымқуалаушылық, орта, тәрбие.
- В. Ұжымдағы психологиялық ахуал (климат).
- С. Ата-анасы.
- Д. Жолдастары.
- Е. Мұғалім пікірі.

14. Педагогика мынадай ғылымдармен тығыз байланысты:

- А. Кибернетикамен.
- В. Психологиямен.
- С. Демографиямен.
- Д. Статистикамен.
- Е. Географиямен.

15. Бастауыш мектеп оқушысына өзінің қарым-қатынасын айқындауда әсер етушілер:

- А. Ата-анасының пікірі.
- В. Жолдастарының пікірі.

- C. Мұғалімнің пікірі.
- D. Өзінің пікірі.
- E. Ұжымның пікірі.

16. Педагогика пәніне жататындар:

- A. Бала.
- B. Оқушылар ұжымы.
- C. Отбасы.
- D. Тұтас педагогикалық үрдіс.
- E. Оқушылар ұжымы.

17. Жеке тұлғаның дамуындағы негізгі қозғаушы күш:

- A. Қарама-қайшылық.
- B. Тәрбие принципі.
- C. Тәрбие әдісі.
- D. Өзін-өзі тәрбиелеу әдісі.
- E. Тұқымқуалаушылық.

18. Педагогикалық үрдіс мына жүйеге жатады:

- A. Адам-табиғат.
- B. Адам-образ.
- C. Адам-техника.
- D. Адам-адам.
- E. Адам-белгі.

19. Тұлғаны әлеуметтендіру институтына жататындар:

- A. Отбасы, мектеп, ұжым.
- B. Форма, әдіс, тәсіл.
- C. Диспут, тәрбие сағаты, конференция.
- D. Педагогикалық кеңес, әдістемелік бірлестік.
- E. Ата-аналар жиналысы.

20. Білім берудегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының принциптеріне жатпайтындар:

- A. Білім берудің зайырлы сипаты.
- B. Ерлер мен әйелдердің бөлек оқытылуы.
- C. Үздіксіз білім беру.

- D. Барлық азамттардың тең құқылығы.
- E. Жалпы орта білімнің ақысыз оқытылуы.

21. Жеке тұлғаны қалыптастыру:

- A. Өртүрлі жағдайлардың адамдардың саналы қызметіне тәуелсіз түрде ықпал етуі.
- B. Адам ағзасындағы сандық өзгерістер үрдісі мен нәтижесі.
- C. Барлық, әлеуметтік, идеологиялық, психологиялық және т.с.с. ықпалымен адамның әлеуметтік жан иесі ретінде қалыптасуы.
- D. Нақты тәрбиелеу міндеттеріне бағытталған тәрбиелеу жұмыстары процесі мен нәтижесі.
- E. Игерілген білімдер негізінде практикалық және теориялық әрекеттерді саналы және өз бетінше орындауға дайындық.

22. Даму дегеніміз:

- A. Сандық өзгерістердің адам ағзасында жинақталуы.
- B. Ескіні жою және жаңаның пайда болуы.
- C. Өмір мен қызмет процесі барысында жүзеге асатын адамның әлеуметтік тіршілік иесі ретінде қалыптасуы.
- D. Уақыт ішінде әрқилы факторлардың ықпалымен жүзеге асатын адамның сандық және сапалық өзгерістері.
- E. Алдын ала көзделген сапалық қасиеттердің адамдарда қалыптасуының белгілі бір мақсатқа бағытталған процесі.

23. Психикалық дамуында ауытқушылығы бар балаларды оқыту және тәрбиелеумен айналысатын педагогика ғылымының саласы:

- A. Салыстырмалы педагогика.
- B. Этнопедагогика.
- C. Медициналық педагогика.
- D. Әлеуметтік педагогика.
- E. Олигофренопедагогика.

24. Эмпирикалық зерттеу әдістері:

- A. Идеяларды қорыту және бір жүйеге келтіру.
- B. Зерттеудің болжамын тұжырымдау.
- C. Нақты ақпараттық деректерді практикалық жолмен жинақтау тәсілдері.
- D. Жаңа проблемаларды негіздеу.
- E. Зерттеудің негізгі ойларын талдау.

25. Тұлғаның дамуына әсер ететін жетекші факторлар:

- A. Жалпылау.
- B. Өзін-өзі тәрбиелеу.
- C. Орта, тәрбие, тұқымқуалаушылық.
- D. Отбасы.
- E. Жолдастары.

26. Ғылыми дүниетаным жеке тұлғаға мүмкіндік береді:

- A. Кәсіпті дұрыс таңдауға.
- B. Өзінің қабілетін бақылауға.
- C. Қоршаған ортаның құбылыстарын дұрыс қабылдау және ұғыну.
- D. Тиімді оқып-үйрену.
- E. Нағыз достарды таңдау.

27. Дүниетаным дегеніміз:

- A. Шынайылықты сезіну.
- B. Адам санасының ерекше (спецификалық) формасы.
- C. Адамдық қарым-қатынасты түсіну.
- D. Өзіндік позицияны таңдау.
- E. Басқа адамды түсіну қабілеті.

28. Педагогика алғашқыда қай ғылым саласында дамыды?

- A. Психология.
- B. Философия.
- C. Антропология.
- D. Этика.
- E. Эстетика.

29. Педагогикалық зерттеудің теориялық деңгейіне жатпайтын әдістер:

- A. Ғылыми әдебиеттерді оқу.
- B. Анализ және синтез.
- C. Модельдеу.
- D. Анкета жүргізу.
- E. Болжам жасау.

30. Индивид дегеніміз:

- A. Адам.

- В. Тұлға.
- С. Мұғалім.
- Д. Оқушы.
- Е. Басқа адамзат өкілдері.

31. Тұлға дегеніміз:

- А. Индивид.
- В. Адамның қоғамдағы мәні.
- С. Еңбексүйгіш адам.
- Д. Әділ адам.
- Е. Азаматтық позицияда айқын көрінетін адам.

32. Қазақ тілінде алғаш «Педагогика» оқулығын жазған кім?

- А. Ж. Аймауытов.
- В. А. Байтұрсынов.
- С. Қ. Бержанов.
- Д. М. Жұмабаев.
- Е. М. Дулатов.

33. Қандай қасиеттер ата-анадан балаға туғаннан беріледі?

- А. Нышан.
- В. Әлеуметтік тәжірибе.
- С. Адамгершілік қасиет.
- Д. Арнайы қабілет.
- Е. Ізденімпаздық.

34. Бала ағзасының күрт өсуі және дамуы, жыныстық жетілуі қандай кезеңде жүреді?

- А. Сәбилік.
- В. Мектеп жасына дейін.
- С. Бастауыш сыныпта.
- Д. Жеткіншектік.
- Е. Ересек болғанда.

35. Педагогика термині қазақшаға аударғанда қандай мағына береді?

- А. Үйретуші.
- В. Түсіндіруші.

- C. Жетектеуші.
- D. Баяндаушы.
- E. Сұраушы.

36. И. Г. Песталоций қандай ұғымды педагогика ғылымына енгізді:

- A. Құндылық.
- B. Білім беру.
- C. Оқыту.
- D. Тәрбие.
- E. Қалыптастыру.

37. А. С. Макаренконың педагогикалық еңбегін көрсетіңіз:

- A. Ұстаздық дастан.
- B. Ата-аналар үшін кітап.
- C. В. И. Лениннің өсиеттері.
- D. Коммунистік тәрбие туралы ойлар.
- E. Халыққа білім беру және демократия.

38. Педагогика ғылымына социологиядан ауысқан зерттеу әдісі?

- A. Бақылау.
- B. Интервью.
- C. Табиғи эксперимент.
- D. Социометрия.
- E. Тест.

39. «Туған сәтінен бастап-ақ кейбір адамдар бағыну үшін, ал кейбіреулері билік ету үшін жаралған» деген пікірді кім айтты?

- A. Аристотель.
- B. Платон.
- C. Сократ.
- D. Гераклит.
- E. Торндайк.

40. Педалогия дегеніміз не?

- A. Педагогиканың екінші мағынасы.
- B. Педагогика.
- C. Психология.

- D. Балалар туралы ғылым.
- E. Дидактиканы зерттейді.

41. Баланың жаны дүниеге келген сәтінде тақтаға ұқсас «tabula rasa» деген ғалым?

- A. Торндайк.
- B. Д. Дьюи.
- C. Д. Локк.
- D. Я. А. Коменсий.
- E. И. Г. Песталоций.

42. Преформизм бағыты қай ғасырда пайда болды?

- A. IX ғғ.
- B. XVI ғғ.
- C. XVIII ғғ.
- D. XX ғғ.
- E. XX ғғ.

43. Жеке тұлғаға әсер ететін «Микро ортаға» қайсылары жатады?

- A. БАҚ.
- B. Достары, ата-анасы.
- C. ЮНЕСКО ұйымы.
- D. Саяси талдаулар.
- E. Жарнама.

44. Теориялық деңгей әдістерін көрсетіңіз.

- A. Анкета.
- B. Әңгіме.
- C. Эксперимент.
- D. Педагогикалық құжаттарды зерттеу.
- E. Талдау мен синтез.

45. «Индивид» латыннан қазақшаға аударғанда қандай мағынаны береді?

- A. Тұлға.
- B. Жекелік.
- C. Адам.

- D. Кісі.
- E. Жеке тұлға.

46. Педагогика курсының тәрбие үрдісіне арналған бөлімі:

- A. Дидактика.
- B. Педагогика тарихы.
- C. Тәрбие теориясы.
- D. Жалпы педагогика негіздері.
- E. Мектептану.

47. Әлеуметтендіру дегеніміз:

- A. Тұлғаның шығармашылық қабілеттерін насихаттау.
- B. Тұлғаның әлеуметтік жүйеге бейімделуі.
- C. Мәдени құндылықтарды сақтау.
- D. Адамдардың қарым-қатынас жасауы.
- E. Тұлғаның жеке қасиеттерін дамыту.

48. Н. К. Крупскаяның «ең тынышсыз, ең қиын» деп атап көрсеткен жас кезеңі:

- A. Жаңа туған бала.
- B. Ерте балалық шақ.
- C. Жеткіншек шақ.
- D. Жасөспірімдік шақ.
- E. Нәрестелік шақ.

49. Педагогиканың халық педагогикасын зерттейтін саласы:

- A. Педагогика тарихы.
- B. Этнопедагогика.
- C. Этнография.
- D. Этномәдениет.
- E. Тәрбие тарихы.

50. Жоғары білім берудің жаңа формасы.

- A. Бакалавриат, магистратура, докторантура.
- B. Орта арнаулы, кәсіптік білім, жоғары білім.
- C. Колледж, институт, университет.
- D. Аспирантура, докторантура.
- E. Орта мектеп, колледж, жоғары оқу орны.

2-Тарау. ТӘРБИЕ ТЕОРИЯСЫ

2.1. Тәрбиенің генезисі және тарихи негізі

Жоспары:

1. Тәрбие генезисі туралы жалпы түсінік.
2. Педагогика классиктерінің тәрбие мақсаты туралы ой-пікірлері.
3. Тәрбиенің мақсат-міндеттері.
4. Тәрбие үдерісінің мәні.
5. Тәрбиенің заңдылықтары мен принциптері.
6. Өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу.

Негізгі ұғымдар: тәрбие, тәрбие мақсаты, тәрбие процесі, өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу, тәрбиенің заңдылықтары мен принциптері.

Басқа пәндермен байланысы: философия, психология, педагогика, физиология, этнопедагогика.

1. Тәрбие генезисі туралы жалпы түсінік. Тәрбие адамның және адамзат қоғамының дүниеге келгенінен бастап пайда болды. Бала тәрбиесі адамзат қоғамының дамуымен байланысты жалпы мәңгілік ұғым болып табылады. Қоғам бар жерде тәрбие де болады. Тәрбие қоғам қажеттілі-

гіне байланысты. Тәрбие ұрпақтар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Аға ұрпақ әр уақытта өз білімі мен тәжірибесін кейінгі ұрпаққа беріп отырады. Тапсыз қоғамда ру, отбасы болмағанда адамдардың негізгі айналысатын балық аулау, аңшылық кәсіптері болды, ер балалар үлкендермен бірге аңшылық және үй хайуанаттарын күтумен айналысты, ал қыз балалар аналарына үй жұмыстарына, тамақ дайындауға көмектесті. Адамдардың қажеттіліктерінің негізінде тәрбие еңбек үрдісімен байланысты дамыды.

Адамзат қоғамы дамуының алғашқы сатысында тәрбиенің мақсаты еңбекке араласқан балаларға үлкендер қарапайым еңбек құралдарын қалай дайындау және пайдалану керектігін үйретті және түсіндірді. Еңбек түрлерінің қиындау деңгейіне қарай адамдар мал шаруашылығымен, егіншілікпен айналысқан кезде ру пайда болды, осы кезеңде тәрбиенің ролі арта түсті және оның мазмұны мен түрлері өзгерді. Еңбек үрдісінің өзінде оқта-текте айтылатын нұсқаулардан балаларды бірте-бірте еңбекке даярлауға, оларды еңбектен бос уақыттарында әртүрлі дағдылар

мен ептіліктерге оқытуға көшу іске асырылды. Сонымен қатар, балаларды рудың дәстүрлерімен, діни түсініктерінің ережелерімен таныстырды.

Алғашқы қауымдық құрылыста отбасы болмаған кезде балалар руға ортақ болды. Балаларды тәрбиелеу мәселесімен ру мүшелерінің ерекше тәжірибелі, құрметті адамдары, ақсақалдар айналысты. Кейіннен моногамиялық отбасы пайда болғанда, балаларды тәрбиелеу мәселесімен отбасы айналысты. Дегенмен отбасы тәрбиесінің нәтижелерін ру, тайпаның ақсақалдары бақылап отырды. Бұл кезде тәрбие тапсыз сипатта болғандығы өзінен-өзі түсінікті болды. Тәрбие талаптары барлық балаларға бірдей дәрежеде кеңінен тарады.

Қоғам дамуының алғашқы сатысында, алғашқы қауымдық құрылыс кезінде адамдардың өмір жағдайлары өте ауыр болды, сондықтан да адамдарға өмір сүру үшін бәрі бірге болу, тек ғана ұжымдық түрде болып еңбек етудің қажеттілігі байқалды. Бұл қоғамда бәрі ұжым болып еңбек етті, әлеуметтік теңсіздік, тап деген болмады, адамдар ортақ үйлерде тұрды және бала тәрбиелеу ісі де барлық руларға ортақ болды.

Тапсыз қоғамда барлық балаларды бірдей тәрбиеледі, өздеріне лайықты іс-әрекетке ерте қатыстырды. Жас кезінен бастап олар азық өндіруге қатысты – жеуге болатын өсімдіктерді,

жемістерді жинады. Жас шамасына қарай олар үлкендермен бірге еңбекке араласты. Үлкендермен бірге және олардың басшылығымен балалар мен жеткіншектер өмірге қажетті еңбек ептіліктері мен дағдыларын меңгерді. Қыз балалар мен ер балалардың тәрбиесінде кейбір ерекшеліктер болды. Жоғарыда айтылғандай, ер балалар ерлермен бірге балық аулаумен, аңшылық кәсіппен айналысты, оларды күресе білуге, садақпен ата білуге, ептілікке баулыды; қыз балалар үй шаруасына әйелдерге тамақ даярлауға, киім тігуге, ыдыс-аяқ жасауға қатысты. Барлық балаларды жануарларды күтуге, егіншілікпен айналысуға үйретті, қолөнердің дамуымен оларды өнерге баулыды.

Жекеменшіктің, құл иеленушіліктің және моногамиялық отбасының пайда болуымен алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы басталды. Жеке неке пайда болды. Отбасы ең негізгі қоғамдық құрылыстардың бірі болды, өз бетімен шаруашылықты жүргізді, сонымен қатар бала тәрбиесімен айналыса бастады.

Отбасы тәрбиесі тәрбиенің бұқаралық түріне айналды. Пайда болған үстем таптар (көсемдер, ақсақалдар) ақыл-ой білімін дене еңбегінен бөлуге ұмтылды. Алғашқы білімнің негіздерін (жер өлшеу, өзендердің тасуын алдын ала түсіндіру, адамдарды емдеу тәсілдері және т.б.) өздерінің қолдарына жинақтап, оларға

өз үстемдігін жүргізді. Ой еңбегі мен дене еңбегінің арасында айырмашылықтар байқала бастады. Осы білімнің алғашқы түсініктерін оқыту үшін арнаулы мекемелер (мектептер) ұйымдастырылды. Дене еңбегімен негізінен бұқара халықтың балалары айналысты. Ондай отбасыларда балалар еңбекке ерте араласты, ата-аналар өз тәжірибесін үйретіп отырды. Мектептерде жүргізілетін ұйымдасқан тәрбие бірте-бірте үстем тап өкілдерінің ісі бола бастады.

Қоғамдық ортада тәрбиенің пайда болуы туралы мәселені ғалымдар бірнеше бағытта сипаттайды. Бұл мәселені түсіндіруде ғалымдардың арасында әртүрлі көзқарастардың болуына қарамастан, алғашқы адамдардың экономикалық өмірі мен еңбек әрекетінің және қоғамдық дамудың ең алғашқы даму сатысында бала тәрбиесінің арасында өмір сүрген тығыз байланысты жоққа шығару көзқарасы тән. Еуропа ғалымдарының тәрбиенің пайда болуы туралы кейбір тұжырымдары адамның дамуы жайындағы вульгарлық-эволюциялық түсініктердің ықпалымен қалыптасқан, ол негізінен тәрбиенің әлеуметтік мәнін жоққа шығаруға, оның үрдісін биологияландыруға алып келеді деген ұстанымда болды.

Жануарлар дүниесіндегі жинақталған нақты материалдарға негіздей отырып, аға ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қоршаған ортаға бейімделу

дағдысын беру қамқорлығын осы тұжырымдамалардың жақтаушылары Ш. Летурно, А. Эспинас және т.б. жануарлардың инстинкт жағдайындағы іс-әрекетін алғашқы адамдардың тәрбиелік тәжірибесімен бірдей деп қарастырады және тәрбиенің негізіне адамдардың ұрпақ жалғастыру инстинкті ұмтылыстарына жатады, табиғи сұрыптау заңдылығы әрекет етеді деген теріс қорытынды жасайды. Тәрбиенің пайда болуының негізгі шарты алғашқы қоғамдағы адамдардың еңбек іс-әрекеті және қалыптасқан қоғамдық қатынастар болып табылады.

Тәрбиенің пайда болуы туралы әлемдік ғылымда бірнеше тұжырымдама ұсынылады. Ондай көзқарастың дәстүрлі түрлерінің біріне эволюциялық-биологиялық теорияны (Ш. Летурно, Дж. Симпсон, А. Эспинас) және психологиялық теорияны (П. Монро) жатқызуға болады.

Эволюциялық-биологиялық теорияның өкілдері алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі адамдардың тәрбиелік іс-әрекетін жоғары сатыдағы жануарлардың ұрпақ қалдыру туралы инстинкті қамқорлығымен байланыстырады. Белгілі ғалым П. Монро негіздеген психологиялық теория бойынша, тәрбиенің пайда болуын балаларда санасыз инстинктің үлкендерге еліктеуінің байқалуы деп түсіндіреді. Екі теорияда бір-біріне ұқсас тұжырым қалыптасты: алғашқы

тәрбиенің пайда болуы оның ортаға бейімделуі деп түсіндіреді.

2. Педагогика классиктерінің тәрбие мақсаты туралы ой-пікірлері. Тәрбие – қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсаты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамытушы үрдіс болып табылады. Ересек буын қоғамдағы тарихи өмірде жинақталған тәжірибені, білімді жас буынға тәрбие процесі арқылы береді. Тәрбие материалдық игіліктерді өндіруге қабілетті, іскер адамдарды дайындауға бағытталуы қажет. Басты өндіруші күш жеке тұлға болып табылады. Адам жүйелі түрде күрделі қатынастарға араласып, қоғамдағы қалыптасқан идеяны, саяси және моральдық көзқарастарды, сенімдерді қоғамдағы адамдардың өмір сүру тәртібін меңгереді. Педагогика баланы оқыту, тәрбиелеу тәжірибелерін қорытып, тәрбие және даму үшін қажетті жағдайларды анықтайды. Олай болса, тәрбие – қоғамның тарихи, әлеуметтік-экономикалық жағдайларынан туатын объективтік үдеріс болып табылады. Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең алдымен білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – деген болатын. Демек қазіргі қоғамда бірінші адамға тәрбие берілуі керек.

Тәрбие бар жерде тәртіп пен мәдениет қалыптасады.

Тәрбие процесінде бала өзінің дамуына қажетті жағдайларды пайдалануға тиіс. Табиғи және әлеуметтік орта оның көзқарасын дамытады. Мақсат дегеніміз – бір нәрсеге ұмтылу, іске асыру. Бұл тұрғыдан алғанда, тәрбие мақсаты – жастарды өмірге әзірлеу мақсатымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының нәтижесі. Тәрбиенің мақсаты мен жүйесі мемлекеттің саясаты мен экономикасына тәуелді. Тәрбие мен қоғам бір мезгілде пайда болды. Тәрбие – қоғамдық құбылыс, онсыз қоғам ілгері дамымайды. Алғашқы қауымдық құрылыста ересектер балаларды еңбекке дағдыландыру үшін қауымның әдет-ғұрпын, салтын үйретті. Таптық қоғамда тәрбие мақсатын анықтау қоғамның ең негізгі мақсатына айналды. Құлиеленушілік қоғамдық құрылыста құлдар, өндіріс құралдары (жер, еңбек құралдары) құл иеленушілерінің жеке меншігі болды. Тәрбиенің мақсаты құл иеленушінің мүддесіне бағындырылып, балаларды соғыс өнеріне тәрбиеледі. Әрбір мемлекетте балаларға білім беру мен тәрбиені ұйымдастырудың нақтылы мәселелері мен әдістері қарастырылады. Осыған сәйкес мұғалім қандай тұлғаны қалыптастыратынын дәл білуі керек. Орыс педагогы К. Д. Ушинский өз қызметінің айқын мақсатын көрмейтін тәрбие-

шіні құрылыс материалдарын бір жерге үйіп тастап, одан не алғысы келетінін білмейтін архитектормен салыстырады. Тәрбиеші жас ұрпаққа берілетін білім, іскерлік, дағдыны, тәрбиелейтін сезімді біліп, жоспарлы, мақсатты тәрбие жұмысын жүргізеді.

Чех педагогы Я. А. Коменский: «Тәрбие мақсаты және міндеттері, маңызы, жүзеге асыру жолдары адамның қоғамда алатын орнымен анықталу керек», – десе, енді бір пікірінде: «Келесі ғасырдың қандай болатындығы сол ғасыр үшін тәрбиеленген азаматтарға байланысты. Дүние даналардың көптігімен бақытты», – деген идеясын айтты. Осы ойларын «Аналар мектебінің» кіріспесінде өрбітеді. Ғалымның ойынша: «Тәрбие – адамды қалыптастыратын және жетілдіретін үйлесімді үдеріс» деп келтіреді.

Я. А. Коменский тәрбие мақсатын төмендегідей негізгі элементтерге бөлді:

- адамға барлық заттарды білгізу – «ғылыми білім»;
- қоршаған ортаға ізгілік қатынас – «адамгершілік»;
- құдайға құлшылық ету – «діни тәрбие»;
- тән саулығы – «дене тәрбиесі».

Әлемге танымал Швейцар педагогы И. Г. Песталоцци тәрбиенің мақсаты балаға бастауыш білім, еңбек, ақыл-ой, дене тәрбиесін беріп, жан-

жақты және үйлесімді дамыту қағидасын ұсынады.

Неміс педагогы А. Дистервег педагогикалық мәселелерді шешудегі сословиелік және шовинистік саясатқа қарсы күресіп, «Мектептің міндеті – адамзатты және өз халқын сүйетін саналы азаматтарды тәрбиелеу» деген құнды пікірлерімен педагогика тарихында оның есімі алтын әріптермен жазылған болатын. Яғни, тәрбиенің мақсаты қоғамға пайдалы, адамгершілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеу деген ойды жетілдіре түседі. Ол адамгершілік тәрбиесін ақыл-ой, еңбек тәрбиесімен тығыз байланысты қарастырады. Белгілі педагог П. П. Блонский тәрбие мақсаты балаға жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениетті меңгеруге көмектесу, жеке тұлғаның жалпы адамзаттық идеалдарын қалыптастыру деген болатын.

1941–1990 жылдардағы педагогикалық әдебиеттерде «жан-жақты дамыту» ұғымына ақыл-ой, политехникалық, оқу және өндірістік еңбек, адамгершілік тәрбиесі, дене және эстетикалық тәрбие салалары енгізілді. КСРО педагогы А. С. Макаренко тәрбиенің мемлекеттік міндеті негізінде педагогикалық міндет қойып, педагогтардың жұмысын бақылауға алуға болатындығын атап көрсетті. Ол «Тәрбиенің негізгі мақсаты баланы жан-жақты дамыту» деген ұсынысты қолдады, ал В. А. Сухом-

линский оны жүзеге асырды. Тәрбие мақсаты туралы озық идеялар қазақ халқының ағартушылары мен ойшылдары еңбектерінде негізгі орынға ие болды. Қазақ халқының ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсариннің «өмірдің негізгі мәні – еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін жетілдіреді, өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады. Мәнсіз еңбек, мағынасыз бейнетқорлық адамның жігерін мұқалтады, өз еңбегінің қызығын көре білу – кісіліктің басты белгісі» деген кемел ойының өзіндік орны ерекше болып табылады. Ал Абай Құнанбайұлы «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» сынды жеке тұлғалық жақсы қасиеттерді қалыптастыру мақсатын қойып, «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» деген зиянды әдеттерді жоюға шақырады.

Қазақ халқының біртуар азаматы Мағжан Жұмабаев: «Көркем денелі, түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл тбатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден жақсылық пен ізгілік алып, жаны толқынарлық болса, баланың дұрыс тәрбие алып шын адам болғандығы», – деп келтіреді.

Ғалым Мәтжан Тілеужанов өзінің «Қазақ тағылымы» атты монографиясында қазақ тағылымының негізгі бағыттарын атап көрсетті. Олар «ар-ождан тазалығын сақтау; ақыл-ойлы, парасатты болу; барлық әрекетінен, сөйлеген сөзінен, қарым-

қатысынан, көзқарасынан ғибрат иісі аңқып тұру; ерте тұрып, кеш жату; аз сөйлеп, көп тыңдау; иманды, инабатты, қайырымды болу; жас ұрпаққа тәрбие беруден жалықпау; халық дәстүріне берік болу; оны жаңарту; әдет-ғұрыпта жоқ нәрселерден аулақ болу; сегіз қырлы, бір сырлы болу; халқының рухына кір салмау; ел берекесін сақтап, оның баюына үлес қосу. Сонымен, дәстүрлі педагогикада жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі мақсаты «жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру» деп көрсетілген.

3. Тәрбиенің мақсат-міндеттері. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 16 қарашада жарық көрген «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие» тұжырымдамасында «жеке тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуы» туралы проблема негізге алынған. Қазақстан Республикасында тәрбие берудің негізгі мақсаты – Қазақстанның егемендігін қамтамасыз ететін, оны дүние жүзіне мойындататын, онымен тең қарым-қатынас жасап, қазақстандық патриотизмді, саяси бостандықты қамтамасыз ететін, нарықтың іргетасын қалап, экономикалық бостандыққа қол жеткізетін, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Тәрбиенің мақсатынан міндеттер туындайды. Дүниетаным – тәрбиенің маңызды міндеттерінің бірі. Дүниетаным – адамның табиғат

пен әлеуметтік орта, қарым-қатынас, іс-әрекетінің бағыты туралы көзқарастарын құрайды. Дүниеге көзқарас – ғылым негізінде дүниенің даму заңдылықтарын танып-білу.

Ақыл-ой тәрбиесі – оқушылардың ойлау қабілетін, дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, ғылыми білім жүйесін меңгертуге бағытталады. Ақыл-ой тәрбиесінің басты міндеттері: оқушыларды табиғат және қоғам жайындағы ғылыми білімдермен қаруландыру; ойлау қабілетін жетілдіру арқылы (абстрактілі, ой операцияларын талдау, синтездеу, салыстыру, жинақтау, саралау және т.б.) таным іс-әрекетін (іскерлік, дағды, бақылау, жазып алу, өзін-өзі бақылау және т.б.) дамытып, ғылыми көзқарасын қалыптастыру. Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері: ізгілік, адалдық, батылдық, төзімділікті қалыптастыру; адамға сүйіспеншілік, құрмет, қайырымдылық сезімін дамыту; оқушыларды өз міндетіне, өзгенің мүддесіне байыпты қарауға үйрету; өз Отанын сүюге, мемлекеттің рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Еңбек тәрбиесінің негізгі міндеттері: оқушыларды іскерлікке, еңбек дағдысына үйрету; оқушыларды халық шаруашылығының басты салаларымен, еңбек түрлерімен таныстырып, мамандық таңдауға тәрбиелеу; озық еңбек дәстүріне тәрбиелеу.

Эстетикалық тәрбие міндеттері: бейнелеу өнері (кескіндеме, графика,

мүсін), көркемөнер шығармашылығы (көркем әдебиет, музыка, театр, кино) арқылы баланың сезімдері мен талғамдарын дамытып, сұлулық туралы ұғымдарын қалыптастыру; эстетикалық құралдарды пайдалануға дағдыландыру; әсемдікке үлесін қосуға тәрбиелеу.

Дене тәрбиесінің міндеттері: оқушылардың ағзасын дамыту; жастарды еңбекке, Отанды қорғауға даярлау; төзімділікке, батылдыққа, ептілікке, іскерлікке тәрбиелеу.

4. Тәрбие үдерісінің мәні. Баланың ұжыммен және қоғаммен қатынастарының жүйесін құру, педагогикалық жағдайлардың, тәрбиелік әсерлердің нәтижесін талдау, жоспарлау жұмысын реттеу; тәрбие үдерісінің жобасын құру және жүзеге асыру; тәрбиелік ықпалдарды реттеу және оларға түзетулер енгізу; қорытынды, есепке алу және бақылау негіздерін құрайды. Тәрбие диалектикасы сыртқы ықпалдан (объективті) адам санасына (субъективті) өтіп, іс-әрекет барысында көрінетін құбылыс. Адамның қоғамдық санасының қалыптасуында әлеуметтік іс-әрекеттер маңызды роль атқарады, ал тәрбие процесінде сыртқы және ішкі қарама-қайшылықтар ықпал етеді.

Сыртқы қарама-қайшылықтар:

– қоғамдық ережелер мен адамдардың тәртібі арасындағы сәйкессіздік;

– мұғалімнің талабы мен оқушының тәртібінің арақатынасы.

Ішкі қарама-қайшылықтар:

– тәрбиешінің талабы мен тәрбиеленушінің мүмкіндігінің арақатынасы;

– тәрбиеленушінің қажеттіліктері мен қанағаттандыру тәсілдерінің арақатынасынан тұрады.

Бала тәрбиесіндегі мұндай қарама-қайшылықтардың негізгі шешімін табу педагогикалық процесті ұтымды ұйымдастырумен сипатталады.

5. Тәрбиенің заңдылықтары мен принциптері. Педагогикалық құбылыс пен үрдіс арасындағы байланысты заңдылықтар деп атайды. Тәрбиенің қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, демократиялық принципті іске асыруына, адам құқығын қорғау мәселелеріне тығыз байланысты болуымен сипатталады. Осы заманғы тарихи жағдайларға байланысты халықаралық қауымдастық дүние жүзі тарихында халықаралық стандарт болып табылатын жалпыадамзаттық құндылықтар мен адамның негізгі құқығы, бостандығы ашылып көрсетілген («БҰҰ адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы», «Бала құқығының Конвенциясы») құжаттары жасалды. Олар осы заманғы тәрбие теориясы мен әдістемесіне, тәрбие мұраттары мен рухани құндылықтарға жаңаша бағыт береді. Қазақстан Республикасының

«Білім туралы» Заңына сәйкес бұл құжаттар еліміздің білім саласындағы мемлекеттік саясатының негізі болды.

1. Тәрбиенің оқыту мен білім берудің сапасына байланыстылығы. Оқыту – тұлғаны қалыптастыру құралы. Тәрбиенің мазмұны, түрі және әдісі тәрбиеленушілердің даму дәрежесіне байланысты іріктеледі.

2. Тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу бірлігі. Жеке адамның дамуы мен қалыптасуында белсенділіктің ролі зор. Ис-әрекет барысындағы белсенділіктің түрлері: қарым-қатынас белсенділігі, таным белсенділігі, өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі. Қарым-қатынас белсенділігі тұлғаның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын қалыптастырады. Таным белсенділігі заттар мен құбылыстардың мәнін, ғылыми ұғымдар мен заңдылықтарды терең түсінуге, оны тәжірибеде қолдана білуге үйретеді. Егер ересек адамдар балалардың сұрақтарын қостап, таным белсенділігінің дамуына бағыт беріп отырса, онда олардың талпынғыштық және бақылағыштық қасиеттері қалыптасады. Өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі, тәрбиеші өзін-өзі тәрбиелеуге баланың ынтасын оята алғанда тәрбие жұмысы нәтижелі жүреді.

3. Педагогикалық үдерістегі ұжым мен жеке адамның өзара байланысы. Ұжымның басты борышы – әрбір адамның шығармашылық өсуіне

қамқоршы болуымен сипатталады. Ал *тәрбиенің принципі дегеніміз* – адамның іс-әрекетінде басшылыққа алатын алғышарты, негізгі ережесі. Бүгінгі күннің талабына сай ұрпақ тәрбиесінің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін және ұйымдастыру жүйесінің іргетасын қалайтын негізгі қағидаларына негізделеді:

1) *Тәрбиенің идеялылығы мен мақсаттылығы.* Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттері қалыптасқан адамды тәрбиелеу. Мектептің бүкіл іс-әрекеті, қоғамдық өмірі осыған қызмет етуі керек.

2) *Жас ұрпақты іс-әрекет пен қарым-қатынас арқылы тәрбиелеу* – балаларды ақыл-ой әрекетімен қатар іскерлікке машықтандыру, өнімді еңбек етуге бейімдеу, ата-ана мен бала, тәрбиеші мен тәрбиеленуші, үлкен мен кіші арасындағы қарым-қатынасты өзара сенімге, қайырымдылыққа, имандылыққа, бір-біріне сый-құрметпен қарауға негіздеу, тәрбие барысында психологиялық үйлесімділік ахуал туғызу, жас ұрпақтың өзіне сенімін арттыру, қамқоршылық сезімін дамыту.

3) *Тәрбие барысында жеке тұлғаға қойылатын талап пен көрсетілетін құрметтің бірлігі.* Жаңашыл ұстаз Құмаш Нұрғалиев: «Мұғалім

мен оқушы арасында үзілмейтін алтын желі болуы тиіс. Ол баланың ұстазына деген сенімі, мұғалімнің баланы сүйюі», – деген болатын. Тәрбиеленушіні құрметтеу және оған талаптар қою – баланың мықты және әлсіз жақтарын біліп, оның өсуіне қажетті жағдайлар жасау. Талап қоюдан оқушыға құрмет, күші мен қабілетіне сенім көрінеді. Мұғалім оқушы бойынан рухани қасиетті жобалап, оған сүйеніп, оқушының өз тәжірибесін дамытуына көмектесу керек. Тәрбиелік ықпалдардың тізбектестігі, жүйелілігі, үздіксіздігі болуы қажет. Тәрбие тәжірибесі балаларға қойылатын талап пен педагогикалық ықпал бірлігі қажет екенін дәлелдеді. Ұрпақ тәрбиесінің нәтижелілігінде тәрбие мекемелеріндегі талаптың бірлігі, іс-әрекеттің сабақтастығымен байланысты қарастырылады.

4) *Оқушылардың жас және жеке-дара ерекшелігін есепке алу.* Оқушылардың жеке ерекшелігі – денсаулығы, ақыл-ойы, адамгершілік қалыптасуы, сыртқы әсерлерге жауабы, қабылдауы және т.б. Біреулері өзінің байсалдылығымен ескертулерді дұрыс қабылдаса, кейбіреулеріне керісінше әсер етуі мүмкін, сондықтан оқушылардың тәрбиелік дәрежесін дер кезінде анықтап отыру қажет. Тәрбие жұмысының барлығы білім мен сенімнің, сөз бен істің үздіксіздігі негізінде құрылады.

Баланың ішкі мүмкіндіктерінің ашылуы адамдардың сүйіспеншілік

сезімі мен қарым-қатынасына байланысты. Баланы тең адам санап, оған еркіндік бергенде ғана ол өз пікірін ашық айта алады, үлкендердің балаға деген құрметі олардың сенімін арттырады. Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік санасы жана қалыптасып келе жатқандықтан, олар негізінен мұғалімнің ықпалында болады. Жасөспірімдер жедел дамып келе жатқандықтан, тәрбиесі бірқалыпты жағдайға ауысып, өзін-өзі тәрбиелеуге қажеттілігі артады. Баланы ұжымда, ұжым арқылы тәрбиелеу – тәрбие жұмысындағы жетекші принциптердің бірі. Мұны екі түрлі көзқарас тұрғысынан қарау керек. Бірі – ұжымдық тәрбие қоғамның негізгі қаруы. Бала берік ұйымдасқан, ынтымақты, әлеуметті, рухани таза ұжымда болуы қажет. Екіншісі – тәрбиеленушінің педагог ықпалымен, көзқарасымен шектеліп қалмауы. Педагог-тәрбиеші қосарланған ұғымына белгілі педагог А. С. Макаренко қарсы болып, оны ұжымның жан-жақты тәрбиелік әсерімен бекітуді ұсынған. Бірлескен іс-әрекетте, орынды ұйымдастырылған ұжымдық жұмыстарда өзара тәуелді, жауапкершілікті қатынастар туындайды, баланың тәжірибе және ұжымдық өмір дағдыларын жинау процесі жүреді.

6. Өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу. Тәрбие үдерісінде мұғалім, мектеп, отбасы және қоғамдық

ұйымдардың күш-қуатын үйлесімді педагогикалық бірізділікке бағыттау қажет. Тұлға өзін өмірде сирек кездесетін ерекше феномен деп қарайды. Бұл принцип мектеп мұғалімдерінің, отбасының және қоғамның педагогикалық күш-жігерінің бірлігі мен қызмет етуін қажет етеді. Бала тәрбиесінде отбасының ролі көп жағдайда жаңа әлеуметтік қатынастарға байланысты. Ол ата-аналар мен мектептің және қоғамның арасындағы нарықтық еңбек жағдайында қатысады. Отбасындағы тәрбиеге көмек ретінде елімізде демеушілер мен қайырымдылық жасаушылар, әлеуметтік құқық қорғау бөлімдері мен қамқорлық қорғау кеңестерінің жұмысы да ұмытылуда. Тұлғаның сапаларын қалыптастыру бір мезгілде, кешенді түрде жүргізілетіндіктен, педагогикалық ықпал да кешенді сипатқа ие болуы тиіс. Жасөспірімдердің өздеріне сын көзбен қарамауы, жауапкершілікті сезінбеуі ата-аналары мен мұғалімдерді босқа мазасыздандырып отырған жоқ. Мектеппен отбасындағы балалар тәрбиесінің ең маңызды міндеті – оларды қажетті өмір сүру процесіне дайындау. Өзін-өзі тәрбиелеуді көбіне ұнамсыз жайды сезініп, сонымен күресуден бастайды. Біреуі – бойындағы берекесіздіктен, екіншісі – дөрекіліктен, үшіншілері – тұйықтықтан, ұялшақтықтан арылғысы келеді. Мақсат қою, күш-жігер жұмсау, өзін-өзі ба-

қылау мен өз ісіне талдау жасап отыру өзін-өзі тәрбиелеудің міндетті бағытын құрайды. Оқушылар өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасын қалай жасауды жақсы елестете алмайтындықтан, оларға жиі-жиі көмек көрсетуге тура келеді. Олар өзінің ойлау ерекшелігі мен мінез-құлқына талдау жасауға киналады. Тәрбиешілер оқушыларға өзін-өзі тәрбиелеудің маңыздылығын түсіндіретін арнаулы әңгімелер немесе пікірталастар өткізеді. Өзін-өзі тәрбиелеу әдістері:

Жеке міндеттеме – белгілі мерзім аралығында өзі атқаратын міндеттерді таңдап алып, есеп жүргізу, өзіне-өзі қызмет көрсету. Иландыруға ұқсас өзін-өзі міндеттеу әдісі. Оны бала өз кемшілігін жою үшін қолданады. Үй тапсырмасын орындауға, таза жазуға, оларды байсалдылықпен ойланып істеуге жаттығып, оны әр уақытта қайталап, орындауға күш-жігерін жұмылдырады. Оқушы белгілі бір міндетін орындауда енжарлық көрсеткенде өзін-өзі міндеттеу, өзіне-өзі бұйыру әдісін қолданады.

– өзіндік есеп беру – қоғамдық жұмысты атқару, баланың өз іс-қылығына жауаптылығы, жолдастарымен тәжірибе алмасуы.

– өз іс-қылығына талдау жасау – өзінің кейбір қылықтарына сын көзбен қарап, себебін білгісі келуі, оны жоюға тырысуы.

– өзін-өзі бақылау – кемшіліктерін болдырмау үшін жағымды мінез-құлықтарын дамыту мақсатында күнделік жүргізу. Өзіне баға беру – мінез-құлықтарының кемшіліктерін жою үшін баланың өзін-өзі тәрбиелеуі. Орыс педагогы К. Д. Ушинский жасаған өзін-өзі тәрбиелеу ережелері:

– өте сабырлылық, тіпті болмағанда, сыртқы сабырлылықты сақтау;
– турашылдық;
– ойлы әрекет;
– шешімділік;
– өзің туралы қажет болмаса, бір сөз айтпау, сапасыз бос уақыт өткізбеу;

– не істесең де еріктісің, бірақ кездейсоқ істен сақ бол;

– қажетті немесе керекті іспен ғана айналыс, көрсеқызар болма;

– бітірген ісіңе еш уақытта мақтанба;

– әркез ағыннан жарылма, өз ісің туралы өзіңе жауап беріп отыр.

Бұл ережелерді әлі де толықтыруға, жетілдіруге болады. Кейбір кездері адам өз алдына игі бір биік мақсат қойып, өз бетімен ізденіп, өзін-өзі тәрбиелеп жетілдірудің жолдарын өзі қарастырады. Содан әсерленіп қанаттанған ішкі сезімдері арқылы білімді қажетсініп, нәтижесінде мақсатына жету үшін табандылықпен ізденеді. Адам баласының тарихында ондай мысалдар көптеп кездеседі. Тарихта белгілі шешен Демосфен

жас кезінен шешендік өнерді меңгеруді армандайды. Алайда көпшілік алдындағы алғашқы сөзінде-ақ сәтсіздікке ұшырайды. Оның даусы тым бәсең, сөздері ұйқаспай, тілі күрмеліп, сөйлей алмайды. Соны сезген қауым оны тыңдамай, тыжырынады. Оның орнында басқа біреу болса, бұл маскарадан кейін тауы шағылып, қолын бір-ақ сермеп, жайына кете барар еді. Демосфен өйтпеді. Ол елден оқшауланып, теңіз жағасынан үй салып, дауылды күндері, бұрқ-сарқ болып жағаны ұрып жатқан толқынға қарап, сағаттап суырып салма сөздерін қарша боратып, бар даусымен сөйлейтін. Тіліндегі кемістігін жою үшін тілінің астына малта тастар салып алатын болған. Сондай жанқиярлық, табандылық пен ерік-қайрат Демосфенді дегеніне жеткізді. Ол әлемнің айтулы ұлы шешеніне айналады. Талай ұлы адамдар өз мінездерін жаман әдеттерден арылтып, жақсы қасиеттерді дарыту мақсатымен жұмыс істеген. Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп, мыңмен жалғыз алысқан ғұлама-ойшыл Абай да «өзін-өзі тәрбиелеп, өзін-өзі білімдар еткен» болатын. Қазақтың жас ойшыл ақыны С. Торайғыров: «Жұлдыз болып көрмеймін елдің бегін, болмасам толып туған толық айдай» немесе «Қараңғы қазақ көгіне күн болмағанда кім болам» деген жігері мен ерлікке толы батыл сөздері өзіне және болашақ жастарға арнап айтқан.

Профессор С. Я. Долецкий айтқандай, біз өз қателігімізді ойша айтамыз да, өзімізге-өзіміз кешірім жасап, кейін оны ұмытып кетеміз. Егер біз оны дауыстап айтатын болсақ, онда өзіне-өзі кешірім жасау қиынырақ болады. Өзін-өзі тәрбиелеу әдістері: өзін-өзі сендіру. Оқушы өзін жақсы ұстап, жаман қылық жасамауға сендіреді. Темекі тартуды қойғысы келетін адам: «Мен енді темекі тартпаймын» деп, өзіне-өзі сенімді түрде айтуы тиіс. Өзін-өзі сынау әдісі – дөрекілігі үшін өзін қатты сөгіп, сынға алу. Өз тарапынан мұның мәдениетсіздік, жексұрындық екенін, тәрбиелі адамның ондай іс істемейтінін, әбден өзі арылғанша қайталап айтумен болады. Өзін-өзі тәрбиелеуде – өзін ойша өзгенің орнына қою арқылы өзгемен санаса білудің (эмпатия) үлкен тәрбиелік мәні бар. Өзін-өзі жазалау әдісі – алдына қойған міндетті орындау, ауытқымау. Мысалы, 9-сынып оқушысы қызықты киноға баруға билет алады. Алдында сабағына шала әзірленіп, екі алып қала жаздағаны ойына оралып, келесі сабаққа жөнді әзірленбегені есіне түсіп, кинодан бас тартады. Өзін-өзі тәрбиелеудің құрамды бөлімдері:

- өз кемшілігіне сын көзбен қарау, мақсат қою;
- өзін-өзі тәрбиелеудің кестесін жасау;
- әдістерін анықтау;

- аутотренинг – жеке тұлғаның өзіне жаттығу жүйесін әзірлеуі;

- өзін-өзі бақылау.

Тәжірибеде оқушы тәртібінде және мінез-құлқында ауытқулар кездесіп отырады. Сондықтан тәрбиелеу жұмысында қайта тәрбиелеу де үлкен орын алып, оқушы ауытқулардың алдын алуға және жеңуге бағытталады. Қайта тәрбиелеу тұлға құрылымын қайта құру, адамның барлық психологиялық сапаларын қайта жасау. Түзету – оқушы санасындағы және іс-әрекетіндегі жеке кемшіліктерді жеңу. Қайта тәрбиелеу – тәрбиелік ықпалдар жүйесі барысында құлықтық даму мен іс-әрекеттегі ауытқуларды түзетіп, қоғамның моральдық талаптарына сай тұлғаны қалыптастыру.

Қайта тәрбиелеу тұлғаның мотивтері мен қажеттіліктерінің, сезімдері

мен еркінің, түйсіктерінің, іс-әрекеті мен мінез-құлқының әлеуметтік-психологиялық өзгеру процесі, қиын балалардың орынды сапаларын қалпына келтіру, педагогикалық тұрғыда қараусыз қалған балалардың жүріс-тұрысындағы кемшіліктердің орнын еңбектегі, спорттағы және басқа іс-әрекеттегі нәтижелермен толтыру. Қайта тәрбиелеуде қайта ұғындыру, қайта оқыту, басқа іс-әрекетке бейімдеу, күрт өзгерту, еріксіз көндіру сияқты әдістер қолданылады. Қайта ұғындыру – бұл тәрбиесі қиын балалар және педагогикалық тұрғыда қараусыз қалған оқушылар бойындағы қате көзқарастарын өзгерту әдісі. Қайта тәрбиелеу – бұл теріс қажеттіліктер мен дағдыларды түзету, жақсы істерге тәрбиелеу әдісі болып табылады.

Негізгі әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ., Алдамұратов Ә., Ғабитов Т. Әдептану негіздері: Оқу құралы. V–VII сыныптарына арналған. – Алматы: «Мұраттас», 1997. – 153 б.

2. Қалиев С. Үлгілі үйдің ұл-қызы. – Алматы, 2000. – 208 б.

3. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Ы. Ой. Ақыл. Адамгершілік. – Алматы: «Білім», 1994. – 112 б.

4. Оразбекова К. А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. Монография. – Алматы: «Комплекс», 2000. – 330 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Беркімбаева Ш. К., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлімінің тарихы. Оқу құралы. – Алматы, – 2005. – 187 б.

2. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2004. – 304 б.

3. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. / Құрастырған Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: «Рауан», 1994. – Т. 1. – 320 б.

2.2. Тәрбиенің формалары мен әдістері

Жоспары:

1. Тәрбие әдістерінің анықтамасы және оның жіктелуі.

2. Адамгершілік сананы қалыптастыру әдістері.

3. Қоғамдық мінез-құлықты қалыптастыру және іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері.

4. Тәрбиедегі ынталандыру әдістері.

5. Өзін-өзі байқау және бақылау әдістері.

Негізгі ұғымдар: тәрбие әдістері, тәрбие тәсілдері, тәрбие формалары, жарыс, мадақтау, жазалау.

Басқа пәндермен байланысы: философия, психология, тарих, этнопедагогика.

1. Тәрбие әдістерінің анықтамасы және оның жіктелуі. *Тәрбие әдісі дегеніміз* – оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара байланысты педагогикалық жұмыс тәсілдері деп атауға болады. Әдістерді мұғалім тәрбиенің мақсатына, мазмұнына,

балалардың жас және дербес ерекшеліктеріне, тәрбиелік деңгейіне қарай іріктейді. Әдістер тәрбие мақсатына жетуге, оқушыларды қоғамдағы тәртіп ережелерін үйретуге, адамдармен қарым-қатынас жасауға, олардың жақсы тәлімдік тәжірибесін алуға көмектеседі. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты тәрбие мақсаты мен мазмұнының өзгеруі мүмкін. Қазіргі кезде әдістер жүйесінің ондаған жіктеулері бар, олардың біреулерінің тәжірибелік, ал екіншілерінің теориялық маңызы басымырақ.

Сипатына қарай топтастырылған тәрбие әдістері: сендіру, жаттықтыру, мадақтау және жазалау, іс-әрекетті ұйымдастыру, оқушының тәртібіне ықпал ету әдістері.

Нәтижесіне қарай топтастырылған тәрбие әдістері:

– адамгершілікті қалыптастыруға бағытталған мотивтер, қатынастар, түсініктер, идеялар тудыратын әдістер;

– әдептілікті және тәртіптілікті қалыптастыратын әдістер.

Профессор В. С. Сластенин тәрбиені екі топқа бөліп, бірінші тобына педагогикалық ұзақ мерзімді әсер ету әдісін, ал екінші тобына өтпе-

лі әдісті, яғни белгілі бір жағдайда нәтиже беретін әдістерді енгізген. Жеке тұлғаны қалыптастыруда ұзақ мерзімді педагогикалық әдістер тиімді деп саналады. Олар: ұзақ мерзімді жаттықтыру, оқыту әдістерінің жүйесі, тәрбиешінің жеке басының үлгісі. Қазіргі кезде тәрбие әдістерін жіктеудің 11-ден астам түрлері бар. Солардың ішінде Т. Е. Конникова, Г. И. Щукина және В. С. Слостенкин жасаған тәрбие әдістері жіктеуінде бірізділік байқалады. Бұл жіктеу мектептерде қолданылады.

Осыған орай тәрбие әдістері төрт топқа бөліп қарастырылады:

- адамгершілік сананы қалыптастыратын әдістері;
- іс-әрекет және қоғамдық тәртіп тәжірибесін қалыптастыратын әдістер;
- тәртіпке, іс-әрекетке ынталандыратын әдістер;
- мінез-құлық пен іс-әрекетке бақылау жасау, өзін-өзі бақылау, ұйымдастыру және өзіне-өзі баға беруді, ұйымдастыруды жүзеге асыру әдістері.

Тәрбие тәсілдері дегеніміз – әдістің бір бөлігі. Тәрбие тәсілдеріне жататындар:

- тәрбиенің мақсаттарын, міндеттерін, оларға жетудің жолдарын ұсынуды;
- бағдарлау іс-әрекеті;
- қарым-қатынас;
- бағалау.

Тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін және оларға жетудің жолдарын ұсыну тәсілін қолданып, мұғалім оқушыларды идеялық адамгершілік көзқарастармен қаруландырып, өз еңбегі мен ұжым еңбегін жоспарлауға, ұйымдастыруға, іс-әрекеттің мақсаттарына жету жолдарын таңдауға, іс-әрекеттің сапасы мен нәтижелерін олардың алдағы мақсаттарға сәйкестігін анықтатуға үйретеді. Бағдарлау іс-әрекеттік тәсіл оқушыларды еңбекке даярлауға қызмет етіп, іс-әрекетке жауапкершілікпен қарауды, халық игілігін молайту жолында еңбек ету қажеттігі сенімін қалыптастырады. Балалар күнделікті шараларға қатысып, қоғамның материалдық саласында адамгершілік және еңбек бағдарларын дұрыс таңдап дамытады. Қарым-қатынас тәсілі – балалар мен ересектердің іс-әрекет кезіндегі қатынасына негізделіп, оқушылардың қоғамдық мінез-құлық нормаларын игеруіне көмектеседі. Оқушылар тәртіп ережелері жөніндегі ақпаратты топта, сыныпта, мектепте құрастырып, оны төменгі және жоғары сынып оқушылары, мұғалімдер, ата-аналар, ересек адамдар арасында жетілдіреді. Бағалау тәсілі көмегімен мектеп оқушылары адамдардың қимыл-әрекеттерін, көзқарастарын, сенімдерін, тәртіп бағыттарын айқындауға, негіздеуге, оқу мен еңбектегі жетістіктерін, адамгершілік сапаларын өздері баға-

лауға үйренеді. Мұғалім бағалауды, өзіне-өзі баға беруді қалыптастырып, қамқорлық жасайды. Баға беру алынған білімді жеке тәжірибемен байланыстырып, оған жаңа қасиет береді. *Тәрбие құралдары дегеніміз* – оқушының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын тағылымдық өнегелер.

Тәрбие құралдарына жататындар:

- іс-әрекет түрлері (ойын, еңбек);
- заттар (ойыншықтар, планшет, интерактивті тақта);
- рухани және материалдық мәдениет (өнер, қоғам, өмір);
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- педагогикалық ықпал жасау құралдары.

2. Адамгершілік сананы қалыптастыру әдістері. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері (ұғым, пайымдау, пікірін айту, баға беру, сендіру):

- этикалық әңгіме;
- әңгімелесу;
- пікірталас;
- лекциялар;
- өнеге.

Тұлғаның адамгершілік санасын қалыптастыру әдістерінің синонимі – сендіру әдісі арқылы тәрбиеші оқушы мінезіне қойылатын талаптар, еңбектің, басқа адамдармен қарым-қатынастың маңызы туралы айтып, оның дұрыстығына баланың көзін жеткізуге ұмтылады. Баланы жақсы сөз бен іске сендіру үшін мұғалімнің

өнегелі сөзі де қолданады. Беделді, мәдениетті, тәжірибелі мұғалімдердің өнегелі сөзі оқушыларға игі әсерін тигізеді. Мысалы, этикалық әңгіме – этикалық, эстетикалық мәселелерді оқушыға талдату. Мұғалім оқушылармен әңгімелескенде, олардың ойын тыңдап, онымен санасады, ынтымақтаса жұмыс істеп, адамның мінез-құлқына, жүріс-тұрысына қойылатын талаптарды бұзған оқушылардың іс-әрекетін талдайды.

Этикалық әңгіменің жақсы өтуіне әсер ететін жағдайлар:

- оқушы сұрақтарын мұғалімнің мақұлдауы, оған өзінің жауап беруіне көмектесу;
- бір мәселе төңірегінде бірнеше пікірлердің айтылуы;
- әңгіменің дайын жауаптарының болмауы;
- баланың өз ойын айтып, басқалардың пікірлерін тыңдауы;
- қарым-қатынас мәдениеті, мұғалімнің оқушы дәлелді пікір айтқанша шыдамдылық көрсетуі;
- әңгімені жалықтыратын лекцияға айналдырмау;
- әңгіменің әсерлі жағдайда өтуі;
- баланың ішкі сырын айтуға көмектесуі;
- әңгіме материалдарын баланың өмірінен алу;
- түрлі пікірлерді біліп, оларды бір-бірімен салыстыру, дұрыс пікір шығару;
- жас ерекшеліктеріне сай болуы;

- тартымдылығы, қызықтылығы;
- мұғалімнің артық сөздер айтпауы, т.б. жатады.

Мұғалім тәртіп бұзған оқушылармен жеке сөйлесіп, оның қателігін өзіне әдепті түрде түсіндіреді. Әңгіме тақырыбына байланысты техникалық құралдар қолданылады. Әңгіме мұғалімнің қысқаша сөзінен басталады. Ол оқушыларға мәселелі сипаттағы сұрақтар қойып, сараптап, талдатып, қорытындылайды.

Пікірталас. Пікір білдіру, баға беру оқушының дүниеге сенімін арттырып, ондағы қателіктер мен кейбір адамдардың жалған көзқарастарымен күресуге үйретеді. Пікірталас оқушылардан ақыл-ой қызметін, сезім белсенділігін талап етеді. Мұғалім пікірталасты өткізбес бұрын оның тақырыбын, сұрақтарын тұжырымдап, жүргізушіні белгілеп, қолданылатын әдебиеттерді ұсынып, оқушыларды пікірталас ережелерімен таныстырады.

Түсіндіру. Бір топқа, жеке оқушыларға жаңа ережелер басқа адамды құрметтеу, өзін басқа кісінің орнына қою, т.б. түсіндіріледі. Партаны сызу, дөрекілік жасау теріс қылық екенін түсіндіре берудің қажеті болмағандықтан басқа әдіс қолдану керек. Мұғалім адамшылық қасиет туралы баланың пікірін сұрап, оқушыны жақсы сапалардың қажеттігіне сендіріп, баланы теріс қылығы үшін ұялтып, түзетуге бағыттайды.

Өнеге. Мұғалім оқушыларға әдебиеттегі және өмірдегі түрлі кейіпкерлерді үлгі еткенде оқушы өзінің ішкі жан дүниесіне үңіле бастайды. Бала басқа адамға еліктегіш. Бастауыш сынып оқушылары барлық адамдарға еліктейді. Жеткіншектер өздері таңдаған адамдарына еліктейді. Балалар әдеби және тарихи кейіпкерлерге, құрбыларына, ересектерге, ата-аналарына, мұғалімдерге, бұқаралық ақпарат құралдарының, өнердің жас ұрпаққа үлгі ететін адамдарына еліктейді.

Сендіру. Мұғалім өз пікіріне баланы сендіргісі келіп, оған былай дейді: Оқушыға сабаққа кешігудің зияндығын дәлелдеу үшін: «Бәріміздің ойымызды бөліп жіберетіндіктен, адамдардың кешіккені ұнамайды» дейді. Мәдениеттіліктің пайдасына оқушының көзін жеткізу үшін мұғалім: «Суды стақанмен іш, ыдыстың аузынан ішуге болмайды» дейді. Мұғалім балаға қарым-қатынастың маңызын ашу үшін: «Сен газетті үйіңе ұмытып кеткендіктен, сынып сағатымыз ойдағыдай өтпейді» дейді. Диалог әдісін қолданатын мұғалім: «Мен осылай ойлаймын, сендер қалай ойлайсыңдар?» деп сөйлеседі. Пікірталас жұмыс барысында пайда болады немесе оны мұғалімнің өзі ұйымдастырады. Көркем шығармадан алған әсерін мұғалім оқушыға былай білдіреді: «Мына портреттегі адам екінші портреттегі адамға қа-

рағанда әдемі», «Сенің ақылың бар ғой, ренжіткен құрбыңнан кешірім сұра», – деп мұғалім балаға нұсқау береді. Ол жасырын түрде болғандықтан, бала басқаша қабылдайды.

Ертегі, әдеби кітаптар, мерзімді баспасөз материалдары – мектеп жасындағы оқушылардың адамгершілік санасын қалыптастыратын құралдардың бірі. Оқушылар жағымды кейіпкерлерге еліктеп, жамандықтан аулақ болуға үйренеді. Көзін жеткізу тәрбиешінің өз тәртібі, жұмыс тәсілдері арқылы жүзеге асатын, балалар көзқарасына ықпал етудің педагогикалық тәсілі болып табылады.

Қоғамдық пікір. Балаларға тәрбиешінің қоятын талабы ең алдымен ұжымның талабы екендігін түсіндіру керек. Ұжымның талабы – жалпы қоғамдық пікірдің көрінісі. Қоғамдық пікір ұжымдағы іс-әрекетті ұйымдастыру және мінез-құлықты қалыптастырудың негізгі әдісінің бірі. Қоғамдық пікір ұжым мүшесінің, жекелеген топтардың іс-әрекетін, қылығын бағалауда қолданылады. Қоғамдық пікірдің негізгі нысандары – ұжым мүшелерінің жиналыста, жиындар да, митингіде, жергілікті баспасөзде және дөңгелек үстел басында, ашық әңгімеде, кемшіліктерді сынап, жаңа міндеттерді жүзеге асырудың жолдарын белгілеуі.

3. Қоғамдық мінез-құлықты қалыптастыру және іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері. Іс-әрекет – адам-

дардың қоршаған ортаға белсене қатысуының негізгі нысаны, ішкі жан дүниесінің көрсеткіші, дамуының, өздігінен жетілуінің шешуші белгісі. Адамның іс-әрекетінің дамуына қарым-қатынас ерекше әсер ететіндіктен, іс-әрекеттен тыс тәрбиенің болуы мүмкін емес. Бала іс-әрекетіне қойылатын педагогикалық-психологиялық талаптар:

– іс-әрекеттің мақсатының анықтығы, оның жеке адамға, қоғамға, ұжымға пайдалылығы, оқушының ынта ықыласын, қабілеттілігі мен іскерлігін ескеру;

– оқушылардың ортақ істі сезімталдықпен орындауына қолайлы жағдай жасау;

– баланың мүддесі мен бейімділігін ескере отырып, оның көңілінен шығатын, шамасы жететін қоғамдық жұмысқа, еңбекке қатыстыру өздігінен әрекет ету тәжірибесін кеңейтеді;

– іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру балалардың белсенділігіне байланысты. Жұмысты жоспарлау, жеке тапсырмаларды бөлу, оның нәтижесін тексеру және т.б. міндеттерді балалар шешіп отыруы керек. Бала талабы мен қабілетін еңбекте көрсеткенде дамиды;

– тәрбиешінің басшылығы, жұмыс барысында кеңес беру, балалардың ынтасын арттыру. Жұмыстың мазмұны мен түрлерін, әдістерін жандандыратын материалдық және

моральдық жағдайды сақтау. Оқушылар ұжымының қоғамдық пікірі арқылы іс-әрекеттің нәтижесін қорытындылау жатады.

Педагогикалық талап әдісі іс-әрекеттердің бір түрін тежеу, енді бір түрін мадақтау тәрбиеленушінің санасын дамытады. Белгілі педагог А. С. Макаренко: «Егер жеке адамның басына тиісті талаптар қойылмайтын болса, онда ұжымды құруға, ұжым ішінде тәртіп құруға да болмайтындығы, әрине, өзінен-өзі түсінікті нәрсе. Мен жүйелі түрде талаптар қойылуын жақтайтын адаммын» деп педагогикалық талап әдісінің басқа әдістерге қарағанда ерекшелігін атап көрсеткен. Оқушылардың өмірінде ұстаздардың талап қоюы шешуші роль атқарады. Нақты педагогикалық жағдайға байланысты талаптың түрі, мазмұны іріктеледі. Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара әңгімесі мен байсалды, сенімді қарым-қатынас педагогикалық талаптың нәтижелі болуына ықпал жасайды. Тұтас педагогикалық үдерісте тәрбиеленушіге педагогикалық талап қою мен дұрыс іс-әрекет ықпал етумен қатар жүреді.

Жаттығу әдісі – мінез-құлықтың нормалары мен ережелеріне сай тәрбиешінің әртүрлі іс-әрекетті ұйымдастыруы. Тәрбиеленушілердің орындайтын жаттығулары, тәрбиешінің талаптарын орындап, адам игілігіне еңбек ету, басқаларға қамқорлық жасап, қуанышқа бөленуі және оқу-

шыны объект жағдайынан субъект жағдайына жеткізеді. Жаттығу әдісінің педагогикалық-психологиялық ерекшелігі – жаттығулар мен әрекеттердің баланың ішкі қасиетіне айналуы. Тапсырма бергенде баланың ішкі мүмкіндігін, күшін, бағытын жан-жақты терең зерттеп, қоғамдық белсенділігін басқару жалпыадамзаттық адамгершілік қасиетінің дамуына және оның дұрыс іс-қимылы мен мінез-құлық дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ойын – бала әрекетін дамытудың негізгі құралы. Ойын баланың мінез-құлқын қалыптастырып, ой-өрісін жетілдіріп, ортаға бейімдеп, өзін еркін сезуге үйретеді. Ойын – балалардың бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдеріне тәрбиелейді. Балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тілін дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері пәндері оларда табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сипатын қалыптастырады. Ойын – мектеп балаларының негізгі іс-әрекеті. Ақын С. Торайғыров: «Балалықтың жанына ойын азық», – деп бекер айтпаған. Ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады. Ойын мазмұны мен түріне қарай: мазмұнды-бейнелі, қимыл-қозғалыс, дидактикалық, құрылыс ойындары

болып бөлінеді. Мазмұнды-бейнелі ойында балалар ойын мазмұнын түсінікті етіп жеткізуге тырысады, оған қажетті құрал-жабдықтарды табуға талпынады, оларды дайындау үшін еңбектенеді. Бала алған рольдеріне сай кейіпкердің киімін киіп, қимылын, дауыс ырғағын мәнерлі жеткізуге тырысады, көркемдік сабақтардан (ән-саз, бейнелеу өнері сабақтары) алған білімдерін пайдаланады, қуыршақты ұйықтату үшін бесік жырын айтып әлдилейді, бейнелеу өнері сабақтарында жасаған ыдыс, үй жиһаздарын, қағаздан құрастырған заттарды пайдаланады. Мазмұнды-бейнелі ойынның ерекшелігі: оны балалардың өздері жасауында, ойын қызметі айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар қысқа да, ұзақ та болуы мүмкін. Құрылыс ойынында бала сызық бойына әдемі үй құрылысын жасап, оның бояуларының бір-бірімен келісімді болуын қадағалайды. Құрылыс материалдарының пішіні, түсі бойынша симметриялы орналастырып, оларды көлемі (кең, тар), биіктігі (биік, аласа) бойынша салыстырады. Ойын барысында шығармашылық танытып, жаңа мазмұн ойластырып, белсенділік көрсетеді. Өзінің және жолдастарының тұрғызған құрылыстарының сапасына баға береді. Дидактикалық ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, балалар

музыкалық ойыншықтар мен әртүрлі саздық аспаптардың дыбыс шығару ерекшелігін ажыратуға, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әртүрлі қимылдарды орындауға үйренеді. Ауызша ойналатын дидактикалық ойындарда сұрақ, өтініш, келісімді білдіретін дауыс ырғақтарына еліктеу қабілеттері жетіледі. Ертегі немесе әңгіменің мазмұны бойынша бөлек-бөлек суреттерді пайдаланғанда оларды белгілі бір тәртіппен жинау үшін байқағыштық пен тапқырлық көрсетеді. Қимыл-қозғалыс ойынында балалар санамақтар, өлеңдер, такпақтар қолданады. Мұндай ойындарда балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі дамып қалыптасады, кеңістікті, уақытты бағдарлауға үйренеді, батылдық, тапқырлық, қайраттылық, достық, жолдастық көмек, тәртіптілік, ойын ережесіне бағына білу сияқты адамгершілік сапаларын қалыптастырады. Бала қоғамдық мәні бар іс-әрекетке деген құштарлығын ойын арқылы қанағаттандыратындықтан, ойынның қай түрі болсын балалардың адамгершілік тәрбиесінің дамуында маңызды роль атқарады.

4. Тәрбиедегі ынталандыру әдістері. Олар жалпы білім беретін мектеп оқушыларының іс-әрекеттерін қуаттау немесе айыптау, олардың жағымды іс-әрекеттерін мақтау, ал теріс қылықтарын тежеу мақсатында қолданылады. Бұл әдістерді қолда-

нуда педагогикалық-психологиялық тұрғыдан ескеретін жағдайдың бірі – бала тәрбиенің тек қана объектісі емес, тәрбиенің субъектісі болып табылатындығы. Баланың табиғатында «Мен өзім» деген белсенділігі бар, ол тәрбиеленушілердің әрекетіне және өздерінің мінез-құлықтары мен іс-әрекеттеріне тәрбиешілердің берген бағасына енжар қарамайды. Сондықтан тәрбие мен баланың өзін-өзі тәрбиелеуі үнемі қатар жүреді.

Мадақтау – оқушылардың тәртібін, мінез-құлқын бағалап және көтермелеп отырудың, педагогикалық ықпал етудің тиімді жолы. Мадақтау оқушының өзінің адамгершілігін сезінуіне, мінез-құлқы мен көңіл күйіне бақылау жасауға, өзін-өзі тәрбиелеуге көмектеседі. Мадақтау әдісі арқылы оқушы өзінің мінез-құлқы қандай болуы керектігін түсінеді, жағымды мінез-құлықты дамытып, ісінің дұрыстығын көріп, өзіне сенімділігі артады, жақсы істерді жалғастыруға тырысады. Мадақтаудан алған әсері оқушыны теріс әрі келеңсіз істерден сақтандырып отырады. Мадақтау түрлері: алғыс айту, мақтау, сыйлық беру, марапаттау. Жазалау – жағымсыз мінез-құлқы мен іс-әрекетінің теріс екендігін балаға ұғындыру және істеген теріс ісіне қынжылту. Мұғалім мектептегі жазалау шарасына өте сақтықпен қарауы тиіс.

Оған қойылатын талаптар:

- жазаны талап қою әдісімен ұштастыру;
- жазаның кек алу, баланың жеке басының адамгершілік қасиетін кеміту, намысын қорлау, жәбірлеу түрінде болмауы;
- жазаның әділдігі, әділетсіз жаза балаларды тәрбиеленушілерден алыстатып, ұжымнан бөлектенуіне әкеліп соғады, жаза қолдануда ұстаздық әдепті сақтау.

Тәжірибелі ұстаздар оқушылар ұжымының көмегіне, қолдауына сүйеніп, тәртіпсіз оқушыны жазалайды. Жазаның түрлері оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай болып, тәрбиенің басқа тәсілдерімен байланысты болуы шарт. Жазалаудың түрлері: ескерту, сөгіс және т.б. Жарыс жастардың бір-бірімен еңбектегі, спорттағы, өнердегі табыстарын көрсету үшін қолданылады. Жарыс оқушының іс-әрекетіне жаңа серпін, жаңа өріс беріп, өзіне талап қоюына мүмкіндік туғызады.

Өзін-өзі байқау және бақылау әдістері. Тәрбие әдістерінің ықпалын, оның сапасын және нәтижесін анықтау және талдау үшін мінез-құлқы пен іс-әрекетке бақылау жасау, адамның өзін-өзі бақылауы және өзіне-өзі баға беру әдістері қолданады. Өзін-өзі байқау және бақылау әдістері тобындағы әдістің бірі – тәрбиелейтін жағдаят туғызу әдісі. Тұтас педагогикалық үдерісте жеке

адам ең алдымен әртүрлі іс-әрекеттер барысында қалыптасып дамиды. Сондықтан баланың өмірін, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын ұйымдастыру ісі белгілі міндетті шешуге барынша жауап беретіндей ұйымдастырылуы қажет. Балаға өмірде әртүрлі жағдаяттарды шешуге тура келеді. Зерттеулер көрсеткендей, бұл жағдайда баланың дайындығы жеткіліксіз екендігін дәлелдеді. Мысалы, «Автобуста отырғанда жанына келген қарт кісіге орын бересің бе? Ескертуді естімеген боласың ба?» деген мұғалімнің сұрағына оқушы өзінің көзқарасына, мінез-құлқына сүйеніп жауап беруі жаңа талаптарға сай іс-әрекеттері мен қарым-қатынасын өзгертеді. Тәрбие жұмысының нәтижелерін оқушылардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін, өзін-өзі тәрбиелеуін педагогикалық бақылау жүргізу арқылы білуге болады. Педагогикалық бақылау әдісі тәрбиелілікті анықтауға арналған. Ауызша және жазбаша сауалнама, тестілер, тәрбиелік мақсат көзделген шығармалар, оқушыларды өзін-өзі сендіруге үйрету, оқушылардың барлық іс-әрекетіне талдау жасау қорытынды шығару

әдістері – баланың өзіндік педагогикалық психологиялық ерекшеліктерін тану-дамыту мақсатында кеңінен қолдануда.

Тәрбие әдістерін дұрыс таңдау және оларды тиімді пайдалану. Тәрбие жұмысында әдістерді таңдап алу оқушылардың жас және дербес ерекшеліктеріне, өмір тәжірибесіне, педагогикалық жағдаяттарға тәуелді.

Тәрбие әдістеріне қойылатын педагогикалық-психологиялық талаптар:

- оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін зерттеп, оқу-тәрбие үдерісін бала дамуының заңдылықтарына сүйеніп ұйымдастыру.
- тәрбие үдерісінің үздіксіз әрі кешенді ерекшелігін ескеру.
- ұстаздың жеке басының және еңбек мәдениетінің жоғары дәрежеде болуы.

Тәрбие әдістері бір-бірін толықтырады, олардың бірлігі тәрбие жұмысына игі әсер етіп, балалардың білімін, іскерлігі мен дағдысын тереңдетеді, қоғамдық өмірге, еңбекке баулиды, адамгершілік тәжірибесін байытады. Әдістермен бірге мұғалім тәрбиенің тәсілдерін және құралдарын қолданады.

Негізгі әдебиеттер:

1. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г., Иманбаева С., Бейсенбаева А. А. Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: РБК, 1998. – 158.

2. Майгаранова Ш. М. *Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері.* – Алматы: Ғылым, 2002. – 124 б.

3. *Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы* /Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. – Алматы, 2002. – 384 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Әбенбаев С. Ш. *Тәрбие теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы.* – Алматы: Дарын, 2004. – 152 б.

2. *Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: педагогика және психология* /Жалпы ред. басқарған А. Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» ЖАҚ, 2002. – 256 б.

3. Қожасметова К. Ж. *Тәрбие үрдісі мен оқушылардың тәрбие деңгейін бағалаудың өлшемдері.* – Алматы, 2006. – 212 б.

4. *Педагогика: Оқу құралы* /Жалпы ред. басқарған А. М. Құдиярова. – Алматы: Дарын, 2004. – 448 б.

2.3. Тұлғаны отбасында тәрбиелеудің мәні

Жоспары:

1. Отбасы – тәрбие факторы.
2. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негізі.
3. Отбасының тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориялық негіздері.
4. Отбасы тәрбиесіне сипаттама.
5. Мектеп пен отбасының әрекет-тестігі.

Негізгі ұғымдар: қоғамдық және отбасылық тәрбие, ата-ананың педагогикалық белсенділігі, диагностика әдістері, әрекеттестік формалары, мектеп пен отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерінің интеграциясы.

Басқа пәндермен байланысы: философия, әлеуметтану, психология, педагогика, физиология, этнопедагогика, валеология.

1. Отбасы – тәрбие факторы.

Отбасындағы тәрбие мәселесін философия, психология, педагогика, демография, құқық, әдептану, тарих, т.б. гуманитарлық ғылымдар аясында терең зерттеулер нәтижесінде бірнеше анықтамаларды кездестіруге болады. Философиялық тұрғыдан «отбасы» дегеніміз қоғамның ажырамас құрамды бөлігі, өмірде зор мәні бар шағын ұйымы деп саналса, әлеуметтану ғылымында отбасы ерлі-зайыптылардың құрған кішігірім тобы деп анықтама берілген. Оның мүшелері бір-бірімен тұрмыстық, мо-

ральдық жауапкершілік, өзара жәрдем көрсету қарым-қатынаста болып, әлеуметтік құрылыс ретінде қоғамның экономикалық базисінің дамуына байланысты өзгертіп, жекелей дербестікте болады деп көрсетеді.

Ал, педагогика, психология ғылымдарында отбасы ата-ана мен балалар арасындағы, ерлі-зайыптылардың және басқа да отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының тарихи нақты жүйесі болып табылады. Оның ерекшелігі – тұрмыстың ортақтығы, өзара көмек және рухани жауапкершілік арқылы байланысқан. Қоғаммен, бүкіл қоғамдық қатынастардың жүйесімен тығыз байланыста бола тұрса да, отбасы – қоғамдық өмірге қарағанда адамдардың белгілі дәрежедегі дербес сырлас тобы.

Отбасы тәрбиесі проблемалары шетел ғалымдары В. И. Зацепин, Г. К. Матвеев, Ю. И. Семенов, Н. Е. Соловьев, ал елімізде С. Қалиев, М. Жарықбаев, К. Ж. Қожахметова, Ж. Б. Қоянбаев, Б. Аяганова, т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылады. Ғалымдардың тұжырымдамалары бойынша отбасы – адамдардың, яғни некелік негізде қосылған ері мен әйелдің, олардың туған немесе тумаған балаларының, кей кезде басқа да бірге тұратын жақын адамдарының қарым-қатынастық, бірлестік формасы. Авторлардың ойынша, бұл анықтама барлық отбасының кез келген даму

кезеңдерінің мәні мен сипаттарын қарастырады.

Дүние жүзіндегі әрбір халықтың өзіне тән отбасы тарихы бар. Сол сияқты, қазақ отбасы да өзіне тән ерекшеліктермен сипатталады. Қазақтың отбасы мәселесіне байланысты бұрын-соңды жазылып, кезінде баспа бетін көрген үлкенді-кішілі ғылыми мақалалар мен монографиялық еңбектер, әдеттік құқық туралы жинақтар мен қазақтың ауыз әдебиеті – фольклор деректері де көптеп табылады. Мәселен, ғұлама ойшылдар Қорқыттың, Асан Қайғының, әл-Фарабидің, Қожа Ахмет Иассаудің, Кей Қауыстың отбасы тәрбиесі туралы айтқан құнды пікірлері баға жетпес еңбек болып табылады. Мұнда отбасында балаларды тәрбиелеуге ерекше мән беріледі. Отбасындағы тәрбие тағылымдық, өнегелік қағидаларға негізделіп, ата-ананың балаға деген қатынасын анықтайды. Отбасының бірлігі оның мүшелерінің бір-біріне адамгершілік, ізгілік, құқықтық, т.б. өзара жауапкершіліктеріне, түсініктеріне, сонымен қатар эмоционалдық жақындықтарына негізделеді. Бір жағынан отбасы – адамдардың өзінің ішкі өмірін, құпияларын, сырларын қарсы тұрған сыртқы әсерлерден қорғайтын бірлестік.

Сонымен қатар, отбасы қоғамдық қарым-қатынасқа, оның барлық өмірінің үрдісіне ықпалын тигізе алады.

Отбасы адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймай, бірқатар әлеуметтік функцияларды орындайтын қоғамның әлеуметтік құрылымы, бір элементі болып табылады.

Отбасы мүшелері бір-бірімен тығыз байланыста, ерекше жанашырлық, сүйіспеншілік сезімде болады. Олар бір-бірінің өміріне, тағдырына елеулі атсалыса алады. Бұл жерде бір немесе бірнеше ұрпақ отбасы болып іріктелінеді. Екі ұрпақты отбасыда: әке мен шешенің, балалардың, ағалардың және қарындас, сінділердің ролі негізделеді. Ал үш ұрпақтық отбасыда ата мен әженің, ене мен атаның, күйеу бала мен келіннің, қайны мен балдыздардың ролі қосылады.

Отбасындағы ата мен баланың қарым-қатынасына әдептілік сипатта болады. Ана баланы өмірге әкеледі, ақ сүтімен тамақтандырып, әлдилейді, өсіреді. Ал әке мен бала арасындағы қарым-қатынасқа әртүрлі көзқарастар мен тұжырымдар бар. Біреулер – балаға әкесі әйелі арқылы байланысады десе, екіншілері әке мен баланың байланысы тек экономикалық және эмоционалдық көмекте дейді, ал үшіншілері «Әкенің баласына деген ниеті, жасаған жақсылығы – олардың анасын сүюі» деген ойда. Қалай болса да әкенің ролі ананың ролінен кем болмауы керек. Ол тек әр адамның жауапкершілік сезіміне байланысты болады.

Отбасы, қай кезеңде, қай қоғамда болмасын өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасында жас ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуымен сипатталады.

Балалардың отбасындағы тәрбиесі оның белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады, ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, тұрмыстық өмір. Отбасы тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешқандай да түрі алмастыра алмайды.

Олай болса, отбасы – болашақ азаматтың әлеуметтену жолындағы алғашқы бағыт-бағдар беретін ортасы. Ол балаға моральдық қалпы туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі.

Отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Алайда қазіргі қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер отбасына

белгілі бір қиыншылықтар туғызады. Яғни, нарық қатынастарының дамуы нәтижесінде отбасында айтарлықтай адамгершілік тұрғыдан ересектердің де, балалардың да жаңа құндылық бағыттарын қалыптастырып, отбасы өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Ата-ана мен мұғалімдердің міндеті – қоғамдық қатынастардың жаңа жүйесі ұсынып отырған әлеуметтік мүмкіншілікті дұрыс пайдалану. Мектеп пен отбасы балаларды тауар мен ақша қатынастарының мәдениетіне үйрету жұмыстарын ойластыру қажет, сондай-ақ алып-сату пайда табу немесе пайдақорлық емес, ол жалпы игілік үшін және өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құқықтық екі жақты қызмет көрсету екенін түсіндіру. Ата-ананың маңызды міндеті балаларымен біріккен коммерциялық қызмет-әрекетке қатысып, оны бақылау, оларды баланың адалдығын, адамгершілігін, ұқыптылығын дамытатын қызмет көрсетудің әртүрін орындауға үйрету. Нарық отбасы мүшелерінің алатын орнына жанама әсер етеді, олардың өміріне жаңа әлеуметтік бағдарлар енгізеді. Қоғамдық және мемлекеттік тәрбие беделінің төмендеуі отбасы өмірінің тәрбиесіне қиындық әкелді.

Бүгінгі күні қоғам дамыған сайын, отбасындағы бала саны азайып келеді. Аз балалы отбасында, негізінен бір баласы бар отбасында, ішкі отбасылық тәрбиенің ең басты жағдайы

жоқ, ол – балалар қарым-қатынасы. Бір баланың тәрбиесі қосымша педагогикалық күш салуды талап етеді. Жалғыз балаға деген ата-ананың, әжесі мен атасының артық көңіл бөлуі оны белсенділігінен айырып, оның эгоистік қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді.

Толық емес отбасыларда, ата-анасының біреуі жоқ болған отбасыларда тәрбиелік мәселелерді шешуде кейбір адамгершілік-психологиялық ыңғайсыздықтар болуы мүмкін. Мұндай отбасылардың көбінде ана және бала ғана болады.

Отбасы тәрбиесінің проблемасы – ананың отбасы тұрмысынан қолы босамауы. Ананың уақыты жетпеуі көбінесе насихат, жазғыру, ұрсу сияқты тәрбиелік ықпалдың нәтижесіз әдістерін пайдалануға мәжбүр болады. Микроклиматы жағымсыз, отбасы өмірі ұрыс-керіске, ата-ананың бір-біріне, балаларына деген шағымдарына, айқай-шуға, қорлық сөздер мен іс-әрекеттерге толы отбасында әртүрлі проблемалар туындайды.

Ата-ана құқығынан айырылғалы тұрған ата-аналар әлеуметтік және педагогикалық проблемалар тудырады. Мемлекет олардың ата-аналық құқықтарынан айырғанда балалардың мақсат-мүддесін басшылыққа алады. Алайда бұл ретте олардың өмірі өз мәнін барынша жоғалтады, өйткені өмір сүру мен дамудың маңыздылығы кемиді.

Елдегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, жеке адамның баю мүмкіндігінің тууына байланысты материалдық жағынан ауқатты отбасылар пайда бола бастады. Мұндай отбасыларда тәрбие белгілі бір проблемаға кездеседі. Көбінесе мұндай отбасындағы бала балалық ұжымдардан алшақ болады, оның ерекше сезімі қалыптасып, қоршаған адамдарға деген жөнсіз наразылық эгоизмі тууы мүмкін.

Отбасының жоғары материалдық ауқаттылығы (материалдық жағдайының төмен болуы да) отбасы жұмысын ұйымдастыруда қолайсыз жағдайлар туғызады. Мектеп пен отбасы әдістемелерін нақтылап, оның кемшіліктерін түзете отырып, бұл проблемаларды женуге тырысу қажет.

Осылайша, демократиялық қоғамда ата-ананың бала тәрбиесіндегі қызметі толығымен қалпына келетінін есте ұстауымыз керек. Алайда қазіргі кездегі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар да бала тәрбиесіне қиыншылықтар туғызып отыр. Ата-ана, отбасы тәрбиесінің маңыздылығы баланың құндылық бағыттарын, оның моральдық қасиеттерін қалыптастыруға негіз болады.

2. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негізі. Отбасы тәрбиесінің, ата-ананың әлеуметтік-жауапкершілік қызметі мен іс-әрекеті ретінде басты

құқықтық негізі бар. 1989 жылы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған «Бала құқығы туралы Конвенция» – негізгі маңызды құжат. «Балаға, дене жағынан және ақыл-ойының жетілмегендігінен, арнайы қорғау мен қамқорлық, соның ішінде туылғанға дейінгі және туылғаннан кейінгі тиісті құқықтық қорғау керек» деп келтірілген.

Олай болса, баланың өмір сүру, оқу, ойын және салауатты даму құқығын жариялай отырып, аталған Конвенцияда баланың жеке тұлғалық дамуында өзінің дербестігін, даралығын сақтау құқығына ерекше көңіл бөледі. Сондай-ақ баланың ата-анаға деген құқығы да ескеріледі. Ата-ана «баланың мақсат-мүддесі үшін қажетін» орындамаған жағдайда ғана өз құқықтарынан айырылады.

Осы Конвенцияға қол қойған мемлекеттер мына міндеттерді орындауы тиіс: ақысыз және бәріне міндетті бастауыш білім енгізу, орта және кәсіби білім алуға жағдай жасау, жоғары білім алуға жол ашу. Конвенцияның 28-тарауында: «Мектептегі тәртіп баланың адами қадір-қасиетіне құрмет көрсететін әдістер арқылы жүргізілуі тиіс» деп келтіреді.

Сонымен қатар, БҰҰ Бас Ассамблеясының 1959 жылы 20 қарашада қабылдаған «Бала құқығының декларациясы», «Адам құқықтарының жалпы декларациясы» және басқа да көптеген халықаралық құжаттары,

Қазақстан Республикасының Конституциясының отбасы, сондай-ақ қатынастарды, баланың отбасы мен қоғамдағы тәрбиесі және ағартушылығы мәселелерін қамтитын тараулары негіз болды. Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабында: «1. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. 2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың негізгі құқығы әрі міндеті. 3. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті» деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген отбасы тәрбиесінің құқықтық принциптері «Неке және отбасы туралы» Кодексінде нақтыланған. Онда қазіргі заманғы отбасы құқығының бір некелік, некеге тұрудың бостандығы мен еркіндігі, ерлі-зайыптылардың отбасы қатынасындағы тең құқығы сияқты негізгі принциптері жазылған. Бұл құқықтар отбасы өміріндегі, отбасы ұжымындағы өзара байланыстың терең демократияға жол ашады. Аталған кодексте «Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы» туралы 60-бабында: «Баланың өз ата-анасы тарапынан тәрбиеленуіне, оның тілек-талаптарын орындалуына, жан-жақты дамуына, адамгершілік қадір-қасиетін сыйлауға құқығы бар» деп нақты келті-

рілген. Бала ата-ана билігіне тәуелді объект ретінде емес, өзіндік құқық субъектісі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында елдегі білім беру-тәрбиелік процесті мемлекеттік-құқықтық реттеудің мәселелеріне айрықша көңіл бөлінген. Бұл құжаттың нақты жасалған құқықтық негізі бар, ол ата-аналарға және балаларға, олардың қазіргі заманның талабына сай зиялы білім алуларына, құқықтық кепіл береді. Ата-ана және басқа құқық өкілдері балаларға өмір сүру мен білім алу үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасау керек, бала жеке тұлғасының интеллектуалды және адамгершілік қасиеттерінің дамуын қамтамасыз етулері керек. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасында елдегі білім беру мен тәрбие үдерісін жүзеге асыратын, қызмет етіп тұрған құқықтық негіз бар, отбасының дамуына кепіл беретін және отбасы өмірінің, отбасы ұжымындағы өзара байланыстың терең демократиялық бағытын қамтамасыз ететін құқықтық нормалардың жүйесі жетілген.

3. Отбасында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориялық негіздері. Отбасы тәрбиесі туралы алғашқы педагогикалық түсініктер мен идеялар халық педагогикасында пайда болған. Педагогика ғылымның дамуы барысында отбасы тәрбиесінің мәселелері нақты ғылыми-тео-

риялық және әдістемелік мазмұнға ие бола бастады. Қазақ халқының ғұлама-ойшылдары Қожа Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұн, Ыбырай Алтынсарин және т.б. ойшылдар балалар тәрбиесін ұйымдастыруда олардың даралық ерекшеліктерін, бейімділіктерін және психологиялық даму деңгейін ескеру керектігіне көңіл бөлген.

КСРО педагогтары А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинский бала тәрбиесінің теориясын атап көрсеткен. Қазіргі зерттеушілердің еңбектерінде баланың отбасындағы қарым-қатынасы, қызмет-әрекетін ұйымдастыру, салауатты өмір салтын құру, мектеп пен отбасы арақатынасы, т.б. мәселелері қамтылған. Отбасының тәрбие өмір салты, оның барлық құрылымдық элементтері бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені олардың мақсат-міндеттері ортақ іс-әрекеттерінің жалпы тәсілдері, әдістері және бағыттылығы бар. Отбасындағы тәрбиенің субъектілері – ата-ана мен бала, әлеуметтік мақсат, міндет, педагогикалық тәсілдер, әдістер. Осы элементтерді біріктіретін негізгі іс-әрекет болып табылады.

Ұйымдастырылған мақсатты жүзеге асыруда іс-әрекет болмаса, тәрбие де болмайды. Отбасындағы тәрбиенің маңыздылығы ата-ананың басшылығымен, бақылауымен әртүрлі іс-әрекетке (оқу, еңбек, ойын, эстетикалық, т.б.) балаларды үнемі қатыстырылады.

Баланың отбасындағы орындайтын тапсырмалары – педагогикалық процестің бірлігі. Бұл деңгей арқылы ата-ананың ұйымдастыру және бағыттаушы ролін, ата-ана мен бала арасындағы өзара қатынастың сипатын, бала тәрбиесіне әсер ететін отбасының мақсатты адамгершілік бағыттарын, баланың отбасындағы араласатын іс-әрекетінің алуан түрлілігін және ата-ананың тәрбие құралдарын, әдістерін, тәсілдерін пайдалана алу қабілеттерін, баланың белсенділігінің дәрежесін көруге болады.

Ата-ананың тәрбие жұмысының сапасын оқушының күн тәртібін ұйымдастыруынан көруге болады, онда отбасы тәрбиесінің маңызды ерекшеліктері көрініс табады, отбасының әдет-ғұрыптарының бір бөлігі болып табылады. Күн тәртібі баланың уақыт аралығындағы іс-әрекетінен тұрады: дене және еңбек қызметі, ой белсенділігі, бос уақыт, дер кезінде тамақтану, гигиена, ұйқы. Олардың арақатынасы баланың жасына, оның жеке тұлғасының психикалық ерекшеліктеріне және тілек-қалауларына байланысты өзгеріп отырады. Баланың бос уақыты оның күн тәртібінің құрамды бөлігі болып табылады. Оқушының бос уақытын пайдалануы, оның іс-әрекетінің түрлері отбасының тәрбие мүмкіндіктерінің айқын көрсеткіші.

Отбасының бос уақыттағы бірлескен іс-әрекетінің оқушы үшін маңызы өте зор. Отбасы мүшелерінің өзара әрекеттестігі ретінде, түсінісу, сезім әсерлері негізіндегі бір-біріне ықпал етеді. Қарым-қатынас кезінде іс-әрекетпен, тәжірибе мен сезім әсерлері қатар жүреді. Ата-ана мен баланың арақатынасы отбасы өмірінің айқын көрінісі, оның микроклиматын қалыптастырып, отбасының даму мүмкіндіктерімен сипатталады. Педагогикалық үдерістің қызметіндегі іс-әрекеттің маңыздылығын, жеке тұлғалық өмірлік болашағын анықтаудағы мақсаттылық сипатын көрсете отырып, оның нәтижелілігі оқушының белсенділік дәрежесімен айқындалады.

Ата-ана мен бала арасындағы, балалардың арасындағы өзара қатынас педагогикалық процестің тәрбиелік механизмдері болып табылады. Олар жеке тұлғалыққа мән беріп, көзқарастардың дамуына, балалардың мінез-құлқына, олардың адамдарға деген қатысына әсер етеді. Отбасындағы өзара қатынас сипаты әдет-ғұрыптармен, ата-ананың өзінің бұрынғы отбасынан алған тәрбиенұсқауларымен, темперамент ерекшеліктерімен, ерлі-зайыптылардың эмоциялық деңгейімен, олардың адамгершілік және педагогикалық мәдениетімен анықталады. Осының бәрі ата-ананың балаға деген қатынасында орын алады.

4. Отбасы тәрбиесіне сипаттама. Отбасындағы бала тәрбиесінің жетілуі әлеуметтік-педагогикалық және материалдық сипаттағы көптеген жағдайларға байланысты. Олардың бірі – оқушы тәрбиесіндегі отбасы мен мектептің ынтымақтастық қарым-қатынасы. Бұл арақатынас отбасының педагогикалық үдерісінің күйі туралы ақпарат болған жағдайда ғана жемісті бола алады.

Педагогикалық үдерістің сипаттамалары отбасындағы тәрбие әрекетімен байланысты болады. Соның негізінде отбасындағы педагогикалық үдерістің тәрбиелік мүмкіндіктерінің деңгейін айқындауға болады (жоғары, орташа, төмен).

Жоғары деңгей – барлық негізгі көрсеткіштер толығымен көрініс тапқан отбасылар. Ата-ананың әлеуметтік жауапкершілігі мен педагогикалық мәдениеті дамыған, олардың педагогикалық ынта-ықыластары бар. Балалары белсенді, дамыған, ұйымдасқан, алдында белгілі бір мақсаттары бар. Отбасында оқушының күн тәртібі сақталады, оның өмірі әртүрлі іс-әрекетке толы. Отбасындағы арақатынас демократиялық тұрғыда негізделген. Мұндай отбасыларда өзара түсіністік және қамқорлық рухы басым; балалардың әкесі мен анасының қызметі жайлы хабары бар, олардың қиыншылықтары мен жетістіктерін де біледі; баланың мектептегі жағдайы да отбасында

еркін талқыланады; ата-ана баланы жүйелі оқу іс-әрекетіне үйретеді, күн тәртібін дұрыс құруға көмектеседі, оқуда қиыншылықтар туған кезде көмек көрсетеді; әкесі мен анасы баланың сабақтан тыс уақытына көңіл бөледі; баланың бос уақытын ұйымдастыруына қатысып, оған мақсаттылық пен тиімділік элементтерін енгізеді. Отбасында бірігіп істелінген еңбек, табиғатқа саяхат, спорттық шаралар, кітап оқу – күнделікті және жиі болып тұратын құбылыстар. Ата-ана баланы дұрыс педагогикалық мәдениетке бағыттап оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне әлеуметтік-жауапкершілігін түсінеді.

Орташа деңгейде отбасының педагогикалық үдерісі, жалпы алғанда, қанағаттанарлық күйде, алайда кейбір элементтері, белгілі бір мөлшерде түзетуді қажет етеді. Ата-ана бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қараса да, олардың педагогикалық мәдениеті жеткіліксіз: олар көбінесе тәрбиеде аз әдістерін қолданады (насихат әңгімелер, өнегелік сөздер, т.б.), үй тапсырмасын тексеру анда-санда ғана жүргізіледі. Балалар белсенді, бірақ жеткілікті ұйымдаспаған және мақсаттары анық емес. Отбасындағы өзара қатынас демократиялық принциптерге негізделген, алайда авторитарлық бедел қалады. Отбасы сипатындағы ортақ нәрсе – педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда әртүрлі қиыншылықтардың болуы.

Ата-аналар баланың оқу іс-әрекетіне көңіл бөлгенімен, олардың тиісті педагогикалық мәдениеті жоқ. Оқудың маңыздылығын мойындай отырып, олар баланы күштеу және қатал бақылау арқылы оқуға мәжбүрлеуге тырысады. Баланың оқуға деген қызығушылығын дамыту, балаға көмек көрсету ата-ана үшін қиындық туғызады. Олар, сондай-ақ, баланың сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастыруға қиыналады. Бос уақытты бірге өткізу кездейсоқ болады. Онда жүйелілік пен педагогикалық бағыттылық жоқ. Авторитарлық, оқушыға ықпал етудің педагогикалық негізі жоқ тәсілдерін қолдану, әкесі мен анасы арасында бөлісу отбасында орын алады.

Төмен деңгей отбасының іс-әрекетінде алауыздықпен, ата-ананың нашар педагогикалық мәдениеті, бала тәрбиесіне деген жауапкершіліктің жоқтығы, педагогикалық сауатсыздығымен сипатталады. Балалардың үлгерімі төмен, олар үшін отбасылық өмірдің қызығы жоқ, балалардың әуестіктері кездейсоқтық сипатқа ие, жасөспірімдер ортасының оларға кері әсері өте үлкен. Ата-аналар өз міндеттерін тек қана оқушыны қаржы жағынан қамтамасыз ету және бақылаудың жалпы қызметтерін атқару деп түсінеді. Олар мектеппен жүйелі түрде байланыс жасамайды, педагогтар кеңесін ескермейді. Оқушының оқудағы, тәртібіндегі кемші-

ліктерді мұғалімдердің төмен жұмыс істеуімен түсіндіреді.

Отбасының тәрбие жұмысын зерттеуді ұйымдастыру өте маңызды. Ол мектеп құжаттарын (оқушылар сипаттамасы, сынып журналы, медициналық карталар) зерттеу мен талдаудан басталады. Бұл әдісті қолданғанда алдын ала жоспарланған мәселелер бойынша материалдар жинау.

Отбасы туралы алғашқы мәліметтерді «Менің отбасым», «Біздің отбасымыздағы демалыс күні», «Менің үйдегі міндеттерім», «Оқушының отбасындағы бір күні» атты шығармаларды жаздыру арқылы алуға болады. Оқушыларға сұрақтар беру олардың ойымен шынайы ақпарат алу, шығармалар арқылы ата-аналардың азаматтық көзқарасы, отбасының рухани өмірі, оның мүшелерінің өзара қатынасы, балаларға деген қатынасы туралы білуге болады.

Шығармадағы отбасы туралы мәліметтерді ата-анадан (ата-аналар жиналысында өткізілгенде) сұрақ-жауап арқылы алынған материалдармен салыстырып, қайта тексеру керек. Бұл екі әдісті (шығарма мен сұрақ-жауапты) оқушылар мен ата-анадан объективті ақпарат алу үшін бір уақытта өткізу керек. Жетістіктер мен кемшіліктердің себептері айқындалып, мектеп пен отбасының бірлескен қызмет-әрекетінің болжамы анықталады.

Отбасы – іштей тұрақты, тұйық ұжым. Сондықтан оны зерттеуде белгілі бір қиыншылықтар ұшырасады. Отбасының сипаттамасы туралы мәліметтер алу мақсатында бақылаулар мен әңгіме жүргізу әдістері қолданылады. Әңгіме кезінде мақсатты түрде белгілі бір жоспарды ұстану керек. Ата-анамен әңгімелер өнері мұғалімнен өте жақсы дайындықты талап етеді. Әңгімелесіп отырған адамның бет әлпетінен, қойылған сұрақтарға қатынасынан оның психологиялық жай-күйін білуге болады.

Отбасы мүшелерінің арақатынасы мәселелерін анықтаудың аталған әдістерден басқа тағы бір жолы «Менің отбасымның суреті» әдісін сәби және жасөспірім жаста өткізу тиімді. Оқушыларға «Өз отбасыңның суретін сал», «Біздің үйіміз» деген тапсырмалар беріледі. Бұл әдістің артықшылығы сонда – балалар өз суреттерінде отбасы мүшелерінің арақатынасы туралы ақпаратты өз бетінше, өз қалауымен бейнелей алады. Алайда оның объективтілігі күмән келтіруі мүмкін, оған бірнеше себеп бар: көзбен көру-моторлық сипаттың жетіспеуі (бала адамдардың суретін сала алмайды, сондықтан өз отбасын салудан бас тартады), кейде бала өзінің қалауларын, тілектерін шындық, ақиқат ретінде беруге тырысады (отбасында жоқ мүшенің суретін салады – оның ата-анасы ажырасқан). Сондықтан «Отбасы суреті» арқылы

алынған ақпаратты басқа да әдістермен толықтыру қажет.

Осы ұсынылып отырған отбасының диагностикасының әдістері мұғалімге объективті ақпарат алуға және бөлек алынған немесе тұтас сынып отбасыларының ұжымы ретіндегі отбасының тәрбиелік сипатын қарастыруға, оқушылардың отбасыларымен жұмысында әдетте кездесетін мәселелерді табуға, ата-аналарға бала тәрбиесін жетілдірудің белгілі бір тұстарын түзетуге, көмектесуге мүмкіндік береді.

5. Мектеп пен отбасының әрекеттестігі. Қазіргі уақытта мектеп пен отбасы ынтымақтастық әрекетінің келесі бағыттары айқындалған: ата-аналармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс; ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын дамыту; ата-аналармен баланың оқу үлгерімі мен тәрбиесін жақсарту үшін жүйелі жеке-дара жұмыстарын жүргізу.

Ата-аналармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс ата-аналар комитеті (жалпы мектептік, сыныптық), ата-аналар жиналысы және конференция, педагогикалық консилиум арқылы жүзеге асады. Ата-аналар комитеті – ең белсенді, ықпалды деген ата-аналардан тұратын қоғамдық орган, ол жалпы мектептік (жалпы мектептік ата-аналар комитеті) немесе сыныптық жиналыстарда (сыныптық ата-аналар комитеті)

сайланады. Ол 5–6 адамнан (өзара негізгі міндеттерді бөліп алатын төраға және 4–5 мүшесінен) тұрады. Керек болған жағдайда ата-аналар комитетінің жанында кеңестер, комиссияның ынталы топтары құрылуы мүмкін.

Мектептің ата-аналар комитеті – сынып жетекшісінің оң қолы. Сыныптың барлық күнделікті жұмысы (ұйымдастырушылық, орындаушылық, бастамалық, тәрбиелік, бақылаушылық, үгіттеушілік) сынып жетекшісінің шебер әрі бағыттаушылық ықпалымен ата-аналар комитетінің көмегімен жүзеге асырылады. Ата-аналар комитетінің мүшелері сынып жетекшісіне мектеп пен оқушылардың отбасылары арасындағы байланысты орнатуға, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын (мерекелерді, кештерді, саяхаттарды, театрға бару, т.б.) өткізуге көмектеседі. Олар педагогикалық жағынан кемшілігі бар балалардың ата-аналарымен арнайы жұмыс жүргізе алады.

Ата-аналар комитеті жұмысының жемісті болу шарттары – оның мүшелерінің ата-аналар ұжымының алдында есеп беруі, оның іс-әрекетіне дем беру (алғыс хат, грамота, жұмыс тәжірибесін талдап қорыту және арнайы бюллетеньдер шығару арқылы), сынып жетекшісімен үздіксіз ынтымақтастық әрекет.

Мектептің отбасымен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс-

тар жүйесінде мектеп кеңестерінің қызмет-әрекеті ерекше орын алады, олардың қызметтері сан түрлі болып келеді. Олар ата-аналардың мектеппен байланысын нығайтуға, олардың педагогикалық сауаттылығын ұйымдастыруға ықпал етіп, кейбір отбасыларға тәрбиеден көмек көрсетеді (көп балалы отбасыларға, жағдайы нашар отбасыларға).

Кей мектептерде құрамына жергілікті әкімшілік өкілдері, кәсіпорын, фирма, мәдени-ағартушылық ұйымдар, мәдени ұлттық орталықтар басшылары кіретін қамқорлық кеңестері қызмет етеді.

Қамқорлық кеңестер мектепке жөндеу және жабдықтау жұмыстарында, тілек-қалаулары бойынша клубтарды ұйымдастыруға, кәсіби бағыттарында, еңбекке орналасуда, мектеп бітірушілердің одан әрі білімін жалғастыруда демеушілік көмек көрсетеді.

Мектеп пен отбасының іс-әрекеттерінің ұйымдастырушылық-педагогикалық формаларына, сондай-ақ ата-аналар жиналыстары мен конференциялары жатады. Олар жалпы мектеп бойынша да, жеке сыныптар бойынша да өткізіледі. Жалпы мектептік ата-аналар жиналысы немесе конференцияларда отбасы мен мектептің оқыту-тәрбие жұмыстарын жетілдірудің өзекті мәселелері талқыланады. Мектептегі ата-аналар жиналысы әдетте жылына 2–3 рет өткізіледі.

Отбасы мен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстың ең тікелей формасы жеке сынып оқушылары ата-аналарының жиналыстары. Мұндай жиналыстарда сынып жетекшілері оқушылардың үлгерімі мен тәртібінің сынып өмірі жайлы, ұжым міндеттері туралы, т.б. ақпарат береді. Жиналыстар отбасы мен мектептің тәрбие жұмысында ортақ мақсаттарды анықтау үшін өте маңызды. Жиналыстарды оқушылармен бірігіп өткізген тиімді. Ата-аналар жиналысы әртүрлі болуы мүмкін: тақырыптық, жиналыс-практикумдар, қорытынды, тоқсандық, жылдық, топтық, әңгімелесу-жиналыстар, т.б. Жылына бір рет сынып немесе мектеп деңгейінде диагностикалық негізде ата-аналар жиналысын (немесе конференцияларды) өткізген дұрыс. Себебі бұл процестің жетекшісі (өзгермелі) сипаттары арқылы мектептегі және отбасындағы шынайы жайды анықтау үшін қажет. Отбасында бала тәрбиесіне көмек көрсетудің ықпалды тәсілі – ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытуды ұйымдастыру. Мектеп ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытуды ата-аналар жиналысын, консультациялар, сұрақ-жауап кештерін, әкелер конференциясы және т.б. өткізу арқылы ұйымдастыруға тырысады. Бұл орайда, әрбір мектеп өз жағдайына, «Отбасы суреті» ерекшеліктеріне, оқушылар тәрбиелілігіне сәйкес ата-аналардың педагогикалық сауа-

тын дамытудың нақты жүйесін жасайды. Көбінесе оқушылар ата-анасы мен бала тәрбиесін жақсартудағы педагогикалық консультациялар және практикалық кеңестер қолданылады. Ата-аналарға отбасы тәрбиесін жақсарту мақсатында жеке көмек көрсетіп, ықпал жасай отырып, мұғалім педагогикалық әдептілік сақтау керек. Мұғалімдердің ата-аналарға оқушылардың мектептегі «жаман» тәртібіне шағымдануы әрқашан да теріс бағаға ие болады. Мұндай шағымданулардың еш нәтижесі болмайды, керісінше олардың тигізер зияны өте зор. Белгілі педагог А. С. Макаренко мұғалімдерді ата-аналарды мектепке шақыртудан, балалар тәртібіне шағымданудан сақтандырған: «Кей ата-ана мұндай әңгімеден кейін қолына қамшы алады, ал кейбіреуі болса ешнәрсе істемейді де, нәтижесінде барлығы бұрынғы қалпында қалады», – дейді.

Ата-аналар оқушылардың оқу еңбегінің әртүрлі шараларын өткізуге қатыстырылады (пәндік тақырыптық кештер, танымдық ойын-сауық ойындар, үйірмелік сабақтар және т.б.). Көптеген мектептерде «Ашық есік күндері» дәстүрге айналған, бұл күні ата-аналар сабақтарға қатысып, сабақтағы өз балаларын бақылауға,

олардың белсенділік деңгейін және оқу материалын игеру тереңдігін бағалауға мүмкіндік беріледі. Олар бұл күні: пәннің ерекшелігін ескере отырып, үй жұмысын қалай орындау керек, оқушы пән бойынша оқу жұмысының қандай тәсілдерін игеру тиіс, осы пәнді игеруде қандай қиыншылықтар туындайды және оқушыға оларды жеңу үшін қалай көмектесу керек, т.б. өзекті мәселелерді шешуде көмек ала алады. Ата-аналарға отбасы тәрбиесінің тәжірибесімен алмасудың әртүрлі формалары ұсынылады.

Отбасын мектеп жұмысына тартудың нәтижелі формасының бірі «кіші педагогикалық кеңестер», ата-аналардың белсенді мүшелерімен бірігіп, мұғалімдердің нақты бір сыныптың оқу-тәрбие процесінің әртүрлі мәселелері бойынша кеңестер өткізуге болады. Осылайша, мектеп пен отбасының сынып жетекшісі арқылы реттелетін педагогикалық процестерінің арақатынасы мұғалім қызметінің диагностикасы негізінде қойылған міндеттерімен анықталады. Сынып жетекшісі қалыптастырған мақсат пен міндеттер оның оқушылар мен олардың отбасыларымен әрі қарай жұмысының бағыттарын анықтайды.

Негізгі әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ., Алдамұратов Ә. Әдептану негіздері: Оқу құралы V–VII сыныптарына арналған. – Алматы: «Мұраттас», 1997. – 153 б.

2. Жұмадуллаева А. *Отбасының тәрбие негіздері.* – Алматы, 2007. – 146 б.
3. Қоңырбаева С. *Отбасы: бала мен ата-ана.* – Алматы, 2006. – 198 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Кабакова М. П. *Психологические методы исследования семьи: Учебное пособие.* – Алматы: «Қазақ университеті», 2007. – 114 с.
2. Қожахметова К.Ж. *Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.* – Алматы: «Әлем», 2000. – 128 б.
3. Мырзақелді К. *Абзалдық әліппесі: Әкесінің өз ұлына өсиеті.* – Уроки мудрости: Заповедь отеческая к сыну своему. 2-ое изд. изм. и доп. – Алматы: «Әл-Фараби», 1998. – 224 б.

2.4. Сыныптағы тәрбие жүйесі

Жоспары:

1. Тәрбие жүйесі және сынып жетекшісінің міндеттері.
2. Сынып жетекшісінің жұмысындағы оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру.
3. Сынып жетекшісінің қызметтері.
4. Оқушылардың сыныптағы іс-әрекетін ұйымдастыру.

Негізгі ұғымдар: сынып жетекшісі, ата-аналар комитеті, ұжым, қарым-қатынастар, іс-әрекет.

Басқа пәндермен байланысы: психология, элеуметтану, философия, басқару теориясы.

1. Тәрбие жүйесі және сынып жетекшісінің міндеттері. Зерттеулер мен озат педагогикалық тәжірибелердің негізінде ғылыми деректер

бойынша оқушылардың тәрбиесі, тәртібі, мәдениеті, қоғамдық орындардағы өзін-өзі ұстауы, т.б. қадағалауды қажет етеді. Әртүрлі мектептерде тәрбие жүйелері ұжымдық шығармашылық жұмыстар, қоғамдық-пайдалы және өндірістік еңбек, тәрбие шараларын ұйымдастырудың әртүрлі формаларын енгізудің (тарихи орындарға саяхат, музейге бару, театрлар, көрмелер және т.б.) тиімділігі жоғары болып табылады. Осылайша, тәрбие жүйесі мақсаттар жиынтығынан, тәрбие жұмысының негізі ретінде ұжым, ұжымдық қатынастар мен қоршаған ортаға деген жүйенің бірлігінен тұрады. Кез келген тәрбие жүйесі негізінде бүтіндей ұжымның тәрбие мақсаттарын белгілеуі, танымдық іс-әрекет, өзара қатынастар, оқушылардың өзін-өзі басқаруы, ұлттық салт-дәстүрлерге сүйену, әр жастағы ұжымдарды құру мен ұжымдық шығармашылық

арқылы көрініс табады. Тәрбие жүйесі бірнеше кезеңнен тұрады:

- жүйенің қалыптасуы;
- ұжым іс-әрекетінің жүйесі мен мазмұнын жасау;
- жүйені лайықты тәртіп бойынша қалыптастыру, дәстүрлерді сақтау мен жаңалықтарды енгізу.

Тәрбие мақсаттары мәселесін шешпей, тәрбие жүйесін құру мүмкін емес, өйткені білім беру саласындағы қызметкер үшін іс-әрекет, басқа да саладағы сияқты, мақсат пен міндеттер арқылы анықталады. Сынып жетекшісінің мақсаты мен міндеттері мектептің тәрбие жұмысының бағдарын ұстанады, сыныптағы тәрбие жұмысы мектептің тәрбие жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Қазіргі заманғы ізденістер бойынша тәрбиенің мақсатын анықтау мәдениеттану бағытында жүргізілуде. Бұл мәселе біршама нәтижелі, өйткені ол ұлттық және дүниежүзілік мәдениеттегі тарихи қалыптасқан рухани құндылықтарға сүйенеді. Тәрбиенің мақсатын тек өз халқының ұлттық мәдениетінің негізінде ғана емес, жалпыадамзаттық және адамгершілік құндылықтарды игеру арқылы сипатталады. Мұғалімдер ұжымында ортақ мақсат болған жағдайда ғана, әрқайсысы оған жету үшін іс-әрекетке белсенді кіріскен кезде ғана үлкен нәтижеге жету мүмкіндігі бар. *Ұлттық мәдениет құралдары арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру жүйесі:*

1. Мектептерде қазақтың дәстүрлі мәдениетін тәрбие жүйесінде кеңінен насихаттау қажет;

2. Тұлғаның қазақ тілін терең меңгеруіне қажеттіліктерді күшейту;

3. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін тәрбие шараларында практикалық қолдануы аясын кеңейту;

Ұлттық мәдениетке арналған арнайы курстар, факультативтер.

1. Ұлттық мәдениетті меңгеруге арналған оқушылардың зерттеу іс-әрекеті.

2. Ұлттық мәдениетті меңгеруді мақсат еткен үйірмелер мен клубтардың жұмысы.

3. Ұлттық мәдениетті меңгеруге арналған сыныптан тыс іс-әрекет (сынып сағаттары, жарыстар, мерекелер және т.б.).

4. Ұлттық мәдениетпен байланысты лицей дәстүрлері.

Мектеп өз түлектерінің мәдени негізінің қалыптасуына ықпал етеді, ол дегеніміз – мектеп бітірушінің білім мазмұнын, жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту факторы. Қойылған мақсат тәрбиелік міндеттер арқылы жүзеге асады. Оларды анықтаудың әдістемелері бар. Тәрбиелік міндеттерді ұсынады:

а) тәрбиелеу және дамыту іс-әрекеттерін ұйымдастыру;

ә) ұжымды ұйымдастыру мен дамыту;

б) оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына көмектесу, оның ішкі мүм-

кіншілігі, бейімділігі, мақсат-мүдделері мен қабілеттерін дамыту.

Сынып жетекшілерінің іс-әрекетіне жасалған әлеуметтік талдау нәтижесінде оның міндеттерін төрт топқа бөледі.

Бірінші топ – әлеуметтік міндеттер (балаға көмек, оны әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізу, жеке тұлғаның дамуы мен оның даралығының қалыптасуына тиімді жағдай жасау, отбасымен және тәрбие институттарымен байланысты жетілдіру).

Екінші топ – диагностикалық міндеттер (сыныппен жұмысты дұрыс ұйымдастыру үшін оқушының жеке тұлғасы мен ұжымның даму диагностикасы).

Үшінші топ – адамгершілік міндеттер (баланың бойында қайырымдылық, мейірімділік қасиеттерді қалыптастыру).

Төртінші топ – даралық-тәжірибелік сипаттағы міндеттер (оқушылармен жұмыстың нәтижелі педагогикалық тәсілдерін таңдау, өз жұмысын жоспарлау, іс-әрекетті бақылау мен түзету, рефлексия және т.б.).

Педагогтардың, зерттеушілер мен мұғалімдердің оқушылар ұжымындағы тәрбие жүйесін ұйымдастыру үшін маңызды міндеттерді бөліп қарау. Өйткені оқушы өмірінің барлық мүмкіндіктерін сынып жетекшісі мен мектептің тәрбие жұмысы және отбасы тәрбиесімен байланысты. Ең маңызды міндеттер:

1. Денсаулық пен салауатты өмір салтын тәрбиелеу;

2. Тұлғаның өнегелілік мінез-құндылықтарын жетілдіру;

3. Баланың бойына біткен қабілеттілігі мен мақсат-мүдделерін дамыту.

2. Сынып жетекшісінің жұмысындағы оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру. Оқушылардың адамгершілігі, әдептілігі және мәдениеттілік деңгейі тәрбиенің нәтижесі болып табылады. Адамгершілік адамның іс-әрекеті мен қылықтарынан көрінетін қоршаған ортаға деген қатынасын білдіреді. Қарым-қатынас дегеніміз субъектінің қоршаған ортамен қалауы бойынша анықталатын байланысы. Сондықтан оқушының қандай құндылықтарды таңдап алуы сынып жетекшісі мен пән мұғалімдеріне тәуелді.

Зерттеушілер қатынастар жүйесіне әртүрлі құрылымдарды енгізді. Әрбір қарым-қатынас тәрбиенің өнегелерін игеру дегенді білдіреді, алайда мұндағы ең бастысы тәжірибелердің мағынасын түсіну, сезіну болып табылады. Қазақ ғалымдары Қ. Б. Жарықбаев, С. Қалиев, С. А. Ұзақбаева, Г. К. Нұрғалиева, К. Ж. Қожахметова, Қ. Бөлеев және т.б. жеке тұлғаның қасиеттерін құндылық қатынастардың қалыптасу нәтижесі деп түсіндіреді.

Жеке тұлғаның ең басты қасиеттері осылайша бөлу өте маңызды, өйткені, қоршаған ортаға, адамға,

материалдық және рухани дүниеге деген қатынастың қалыптасуы барысында адамгершіліктің барлық тұстарын қамту мүмкін емес.

Тәрбие нәтижелері туралы сөз етер болсақ, жеке тұлғаның басты қасиеттерінің қалыптасуы туралы айтуға болады:

1. Басқа адамға деген қатынас – гуманизм.

2. Өз-өзіне деген қатынас – қадір-қасиет.

3. Еңбекке деген қатынас – еңбексүйгіштік, еңбекқорлық.

4. Ұжымға деген қатынас – ұжымшылдық.

5. Отанға деген қатынас – отансүйгіштік, патриотизм.

6. Табиғатқа қатынас – табиғатқа қамқорлық.

7. Көркемдікке қатынас – көркемдікті эмоциялық-эстетикалық түрде қабылдау қабілеті.

Жеке тұлғаның осы бір қасиеттерін қалыптастыру – қоршаған орта туралы білімдерді өнегелілік түрде түсініп-сезіну. Сондықтан оқушылардың қоршаған орта туралы білімдер жинағын адамгершілікпен сезінуі тәрбие жұмысының басты мақсаты болып табылады.

Оқу материалының, әрбір сабақтың өзіндік тәрбиелік маңызы бар екені белгілі. Олардың әрқайсысы оқушылардың қоршаған ортаға деген, құндылық қатынасын қалыптастыруда басқа адамның жеке тұл-

ғаға құрметінен бастап, болмысты эмоциялық-эстетикалық қабылдауға дейінгі, құндылық сапаларын тәрбиелейді. Білімдерді терең меңгеруге, оларды өнегелілік түрде түсініп, сезінуге, оқушыларды адамгершілік-құндылыққа үйрету іс-әрекетті ұйымдастыруымен сипатталады. Пән мұғалімдерінің оқушыларды тәрбиелеуі сынып жетекшілерінің басшылығына тәуелді. Осылайша, олар сыныптағы тәрбие жүйесін жүзеге асырады. Сонымен, сынып жетекшісі дегеніміз – оқушылар тәрбиесін реттеуші мұғалім. Мектептің тәрбие міндеттеріне сүйене отырып, өз сыныбындағы оқушылардың ерекшеліктері мен тәрбиелілік деңгейлерін ескере отырып, осы мәселені шешуге пән мұғалімдері, оқушыларды, ата-ананы, т.б. біргелікте тәрбие жұмысын ұйымдастырады.

Сынып жетекшісінің жұмысында сыныптан тыс тәрбие көрініс табады. Сынып жетекшісі қызметі 1934 жылы енгізіледі. Қазіргі уақытта оқушы жеке тұлғасын қалыптастыру, оның қабілеттілігін дамытудағы ролі жоғары болып табылады. Бұл ретте, сынып жетекшісі – пән мұғалімдері мен ата-ананың әрбір оқушыға ықпалын үйлестіретін тәрбиені ұйымдастырушысы.

3. Сынып жетекшісінің қызметтері. Сынып жетекшісінің жұмысы мектеп жарғысымен белгіленеді. Алайда бұл тізім оның іс-әрекетінің

барлық қызметін қамти алмайды. Оның іс-әрекетінің әртүрлі бағыттары көптеген зерттеулерде қарастырылған.

1. Сынып жетекшісінің мектептегі қызмет-әрекетін ұйымдастыруы (Н. Е. Щуркова) бойынша функциялары:

– әрбір оқушыны қажетті оқулықтармен және әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

– баланың көзінің көруі, құлағының естуі, оның бойын ескеріп, әрбіреуінің қабілеті мен белсенділігіне қарай оқу бөлмесіне санитарлық-гигиеналық талаптарға сай қамтамасыз ету;

– сыртқы киім мен аяқкиім қоятын орынның болуы;

– мектептің ертеңгілік тамағының тәртібі мен асхананың тазалық ережесін қамтамасыз ету;

– оқушы үсті-басын ретке келтіре алатын дәретхана бөлмелерінің орналасуы мен оларды пайдалану мәдениетін ескерту;

– сынып бөлмесінің ішкі көрінісін, бөлменің жарықтығы, бөлменің көркемдігін сақтайтын кезекшілер қою;

– әрбір баланың киімі мен аяқкиіміне гигиена, эстетика тұрғысынан талап қою;

– әрбір оқушыны сабақ кестесі мен сынып бөлмелерінің орналасуынан хабардар ету;

– оқушыға барлық сынып бөлмелерінің неге арналғанын, оларды пай-

далану ережелерінен (директор кабинетінен бастап, ойын бөлмесі мен медициналық бөлмеге дейін) түсінік беру;

– оқушының қоршаған заттармен жоғары мәдени деңгейде, тазалықты, әдемілік пен тәртіпті сақтай отырып пайдалана білуін үйрету.

2. Сынып жетекшісінің топтың пәндік іс-әрекетін ұйымдастыруы:

– тұлғаны дүниедегі адам өміріне қажетті құралдары, материалдық құндылықтарға жататын еңбек іс-әрекеті;

– баланың күш-жігерін, өзінің денесіне, денсаулығына, ағзасының сұлулығы мен күшіне, адаманың өз денесін билей алатын спорттық іс-әрекет;

3. Өмірді түсініп, сезінудің рухани іс-әрекетін ұйымдастыру, ол дегеніміз – оқушылардың рефлексиясы, өмір құндылықтарын түсініп, сезінудегі өзіндік талдауға және өзінің ішкі дүниесін дамытуға жәрдем беру.

4. Тәрбие нәтижелерінің диагностикасы негізінде жеке тұлғалық дамудың сипаттамасы. Сынып жетекшісінің диагностикалық іс-әрекеті тәрбиелік жүйені құрудың негізі болып табылады. Жеке тұлғаның қалыптасуы ерекше қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді. Жоғарыда келтірілген жеке тұлғаның қасиеттері оқу барысында сабақта да, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында да қалыптасады. Қазақстан Респуб-

ликасы мектептеріндегі тәрбие мазмұнын ұлттық салт-дәстүрлерге сәйкес жетіліп келеді. Оны өнегелілік түрде түсініп, ұғыну – мұғалім алдында тұрған маңызды мәселе. Мұғалім оқу пәндеріндегі тәрбие мүмкіндіктерін білуі тиіс. Бұл орайда гуманитарлық саладағы пәндердің орны ерекше. Көптеген мұғалімдердің сабақтың тәрбиелік міндеттерін орындау мүмкіндігі деңгейіне дейін жүзеге асырылады.

4. Оқушылардың сыныптағы іс-әрекетін ұйымдастыру. Сынып жетекшісі негізінен мынадай тұжырым ережелерді ұғынып, түсінген жағдайда ғана тәрбие міндеттерінің шешімі нәтижелі болмақ:

1) тәрбиенің жеке тұлғаға бағытталуы.

2) тәрбие жүйелілік сипатта болу.

3) тәрбие іс-әрекетінің мақсаттарының бірлігі, оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдердің өзара әрекеттестігі тәрбие жүйесінің кепілі.

4) тәрбие процесі жеке тұлға теориясы мен іс-әрекет теориясына, құндылықтар теориясы мен басқару теориясына сүйенуі қажет.

Жеке тұлға теориясы арқылы мұғалім оқушының тек тәрбие объектісі ғана емес, сонымен қатар ол іс-әрекеттің субъектісі екенін түсіндіреді. Оқушылардың іс-әрекеті бірнеше кезеңдерден тұрады: мотивтің қалыптасуы – оларды адамгершілік түсініктерді ұғынуына жағдай жасау;

мінез-құлық пен іс-әрекет нормаларының қалыптасуы – өз іс-әрекетіне қанағаттану. Демек, оқушы жеке тұлғасының қалыптасу барысында мотив, танымдық, мінез-құлық, эмоциялық сезім құрылымынан тұрады.

Сынып жетекшісінің іс-әрекетінде басқару теориясының да маңызы бар. Ұстаздың негізгі жұмысы – оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру, ал ұйымдастыру басқару теориясының құрамды бөлігі болып табылады. Оның заңдылықтарын білу мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қатынасты, сыныптағы тәрбие жүйесін басқаруға мүмкіндік береді. Тәрбие жүйесінің қызметіндегі маңыздысы оқушылардың іс-әрекетінің түрлерін тиімді таңдау (тәрбиелік шаралар) және оларды өткізу. Адамды қалыптастыратын негізгі іс-әрекеттер: танымдық іс-әрекет, материалдық еңбек, қоғамдық-пайдалы жұмыс, бағалау-бағыттау әрекеті, ойын іс-әрекеті, қарым-қатынас, спорттық-сауықтыру, көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттер, т.б. болады. олар:

1) тәрбиелік шаралардың нақты бір формасын таңдау (сынып сағаттары, демалыс кеші, т.б.);

2) жұмысты ұйымдастыру міндеттерін белсенді топ мүшелеріне бөліп беру;

3) сынып жетекшісінің тәрбие шараларын дайындауда оқушыларға ақыл-кеңес беруі;

4) белсенді топпен бірігіп, шараларға дайындықты тексеру;

5) оқушылармен бірігіп, өткізілген шараларға талдау жасау;

Тәжірибе көрсеткендей, осы ұсынысты қолдана отырып, сыныпта осындай тәрбие жұмыстарын өткізуге болады.

Сынып жетекшісінің жұмысында сыныппен немесе жеке бір оқушымен этикалық әңгіме өткізу ерекше орын алады. Жетіліп келе жатқан тұлғаның қиындықтарын адамгершілікпен түсіндіру, ересек адам та-

рапынан көрсетілген өз мезгіліндегі моральдық қолдау, оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына көп әсер етуі мүмкін. Өкінішке орай, көбінесе этикалық әңгімелер үгіт-насихатпен алмастырылады. Оның орнына сынып жетекшісінің өнегелі, тәрбиелік маңызы зор әңгіме әдісінің орны ерекше болып табылады. Өзінің ғылыми еңбектерінде В. А. Сухомлинский: «Мұғалімнің сөзіне, оның оқушымен әңгімесіне зор мән беру керек» деген пікірді қуаттайды.

Негізгі әдебиеттер:

1. Губашева С., Отарбай А. *Тәрбие жұмысының әдістемесі*. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2011. – 244 б.

2. *Класс жетекшісінің анықтамалығы /Құрастырған В. М. Коротов*. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1982. – 202 б.

3. Наурызбаев Ж. *Ұлттық мектептің ұлы мұраты*. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 192 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Ғабдуллин М. *Ата-аналарға арналған тәрбие туралы кеңес*. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1966. – 123 б.

2. Рожков М. И., Байбородова Л. В. *Организация воспитательного процесса в школе*. – Москва, 2000. – 169 с.

3. Щуркова Н. Е. *Мы стали классным руководителем*. – Москва, 1986. – 162 с.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Тәрбиенің мақсаты:

- A. Ізгілік тәрбиесі.
- B. Тәрбиені ізгілендіру.
- C. Еңбек тәрбиесі мен политехникалық білім беру.
- D. Эстетикалық тәрбие.
- E. Жан-жақты және үйлесімді жеке тұлғаны дамыту.

2. Тәрбиенің құрамдас бөлімдері:

- A. Адамгершілік тәрбиесі, экологиялық тәрбие, азаматтық тәрбие, кәсіби білім беру, мамандықты таңдауға дайындау.
- B. Ізгілік, интернационалдық тәрбие, эстетикалық тәрбие, атеистік тәрбие, экологиялық тәрбие.
- C. Ақыл-ой тәрбиесі, атеистік тәрбие, саяси идеалдық тәрбие, дене тәрбиесі, демократиялық.
- D. Демократияландыру, экологиялық тәрбие, азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие, отбасы тәрбие.
- E. Ақыл-ой тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, дене тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, адамгершілік тәрбие.

3. Мінез-құлықты және оқушы іс-әрекетін ынталандыру әдістер тобына жататындар:

- A. Әңгіме.
- B. Сендіру.
- C. Үйрету.
- D. Жаттықтыру.
- E. Мадақтау.

4. Тәрбие принципіне жатады:

- A. Тұқымқуалаушылық әсері.
- B. Ортаның әсері.
- C. Жеке тұлғаны тәрбиелеудегі саналылық қажеттіліктің сәйкестігі.
- D. Ойын іс-әрекетіне қатысу.
- E. Жеке тұлғаны қалыптастыру процесі.

5. Тәрбие әдісіне жататындар:

- A. Педагогикалық талап.
- B. Сабақ.
- C. Сынып сағаты.
- D. Орта.
- E. Ұжым.

6. Тәрбиенің заңдылығына жататындар:

- A. Тәрбиенің қоғамдық жағдайға сәйкестендірілуі.
- B. Тәртіп пен мінез-құлық бірлігі.
- C. Педагогикалық талап.
- D. Оқушының дара қажеттілігін есепке алу.
- E. Әлеуметтік орта.

7. Экологиялық тәрбиенің міндеті:

- A. Спорт және дене шынықтырудың мәні мен қоғамдық маңызы оқушылардың білім жүйесін байытады.
- B. Мектеп оқушыларын көркем өнер шығармашылығына араластыру.
- C. Табиғатқа ұқыпты қарым-қатынас қалыптастыру және табиғатты қорғау іс-әрекетін ұйымдастыру.
- D. Оқушыларда мәдени мінез-құлықты және тәртіптілікті қалыптастыру.
- E. Оқушылардың ақыл-ой қабілетін дамыту.

8. Еліктеуге негізделген тәрбие әдісі:

- A. Құптау.
- B. Жаттығу.
- C. Әдепті үлгі-өнеге.
- D. Әдеттендіру, үйрету.
- E. Сендіру.

9. Тәрбиенің тәсілдері:

- A. Тәрбиені ұйымдастыру түрі.
- B. Әдістемелік шарттары.
- C. Әдістің бөлігі.
- D. Тәрбие құралы.
- E. Тәрбие бағыты.

10. Сынып жетекшісі құрастырады:

- A. Тақырыптық жоспарды.
- B. Оқу жоспарын.
- C. Әдістемелік жұмыс жоспарын.
- D. Тәрбие жұмысының жоспарын.
- E. Күнтізбелік жоспарды.

11. «Коллективтің күдіретті күші» еңбегінің авторы:

- A. Н. Крупская.
- B. П. Блонский.
- C. В. Сухомлинский.
- D. А. Макаренко.
- E. Л. Выготский.

12. Оқушыларды тәрбиелейтін бірлестіктер:

- A. Тұратын жеріндегі достары.
- B. Замандастар.
- C. Жолдастар.
- D. Әріптестер.
- E. Ұжым.

13. Қазіргі кезде отбасы тәрбиесінің принциптері негізделеді:

- A. Гуманистік педагогикада.
- B. Педагогика тарихында.
- C. Жалпы педагогикада.
- D. Этнопедагогикада.
- E. Халық педагогикасында.

14. Тәрбие әдісіне жататындар:

- A. Ересектердің жастарға үлгі-өнегесі.
- B. Кітап мазмұны.
- C. Тәрбие сағаты.
- D. Тақырыптық кеш.
- E. Экскурсия.

15. А. С. Макаренко ұжымның дамуының төмендегі кезеңдерін қарастырады:

- A. Екі.

- В. Үш.
- С. Төрт.
- Д. Бес.
- Е. Бестен жоғары.

16. Тәрбие әдісіне жататындар:

- А. Сенім тудыру, жаттығу, ынталандыру, өзін-өзі тәрбиелеу.
- В. Әлеуметтік орта.
- С. Жеке тұлғаның дара психологиялық дамуы.
- Д. Баланың айналасындағы микроорта.
- Е. Өзін-өзі тәрбиелеу.

17. Сынып жетекшісінің атқаратын қызметі:

- А. Шаруашылық, ата-аналармен жұмыс.
- В. Оқушыларды теориялық-практикалық дайындау.
- С. Тәрбиелік, ұйымдастырушылық.
- Д. Педагогикалық кеңесті ұйымдастыру және өткізу.
- Е. Мектептен тыс мекемелердің жұмыстарын ұйымдастыру.

18. Отбасындағы тәрбие әдісіне жататындар:

- А. Қарым-қатынасты гуманизациялау, демократизациялау.
- В. Үлгі, әңгіме, әртүрлі істерді қолдау.
- С. Мұғалімдермен кездесу.
- Д. Ата-аналар комитетінің мәжілісін өткізу және қатысу.
- Е. Баланың білімді қажет етуі мен қызығушылығы.

19. «Бала құқығы туралы конвенция» қай жылы қабылданды?

- А. 1986 ж.
- В. 1997 ж.
- С. 1984 ж.
- Д. 1990 ж.
- Е. 1989 ж.

20. «Бала құқығы туралы декларация» қай жылы қабылданды?

- А. 1951 ж.
- В. 1960 ж.
- С. 1952 ж.

D. 1959 ж.

E. 1950 ж.

21. Тәрбиенің мәні туралы ғылым:

A. Антропология.

B. Андрагогия.

C. Педагогика.

D. Андропогия.

E. Педология.

22. Тәрбиенің негізгі әдістері қандай?

A. Сендіру, үйрету, жаттықтыру.

B. Тәрбиешінің педагогикалық әдістерді қолдануы.

C. Әңгіме, эксперимент.

D. Көрнекілік, практикалық.

E. Ауызша, саяхат.

23. Кіші мектеп жасындағы балалар тәрбиесінде қолданылатын әдіс:

A. Үйрету.

B. Жаттығу.

C. Нұсқау.

D. Талап.

E. Өнеге.

24. Өзге адамдардың жан дүниесінің жағдайына жанашырлық білдіруді ғылыми тұрғыдан қалай сипаттауға болады:

A. Эмпатия.

B. Бауырмалдық.

C. Адамгершілік қасиет.

D. Изгілік қатынас.

E. Әдептілік.

25. Жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдісі:

A. Жарыс.

B. Үлгі, өнеге.

C. Жаттығу.

D. Мадақтау.

E. Педагогикалық талап.

26. Н. Е. Шуркова ұсынған тәрбие жұмысының бағыттары:

- A. Тәрбиелеуші іс-әрекетін ұйымдастыру, ұжымда тәрбиелеу.
- B. Тәрбие мазмұнының негізі.
- C. Мектеп тәрбиесі.
- D. Отбасы тәрбиесі.
- E. Педагогикалық ереже.

27. Қазіргі кезде тәрбие әдістерін жіктеудің неше түрі бар?

- A. 6.
- B. 8.
- C. 10.
- D. 11.
- E. 9.

28. Т. Е. Конникова мен Г. И. Щукинаның тәрбие әдістерін жіктеудің үшінші тобында қандай әдістерді жатқызады?

- A. Талап, қоғамдық пікір.
- B. Үйрету, жаттықтыру.
- C. Баға беру, сендіру.
- D. Әңгіме, өнеге.
- E. Мадақтау, жазалау.

29. Педагогикалық талап қоюдың функцияларын атаңыз.

- A. Ескерту.
- B. Ұрысу.
- C. Ынталандыру, тежеу.
- D. Пікір айту.
- E. Сендіру.

30. В. А. Слостенин тәрбие әдістерін жіктеуді қанша топқа бөледі?

- A. 4.
- B. 5.
- C. 6.
- D. 7.
- E. 8.

31. Ғынталандыру әдістері:

- A. Жазба жұмыстарды жоспарлау.
- B. Лабораториялық тексеру жұмыстары.
- C. Әңгіме, лекция.
- D. Жаттығу, тәрбиелік жағдай.
- E. Мадақтау, жазалау.

32. Ұжымдағы жеке тұлға теориясының негізін қалаған педагог?

- A. Н. Крупская.
- B. П. Блонский.
- C. Л. Выготский.
- D. А. Макаренко.
- E. В. Сухомлинский.

33. Сыныптағы негізгі тәрбиелік қызмет жүктеледі:

- A. Сынып жетекшісіне.
- B. Мектеп директорына.
- C. Пән мұғалімі.
- D. Сынып лидеріне.
- E. Ата-аналарға.

34. Балаларды қорғаудағы халықаралық құжат:

- A. ҚР «Білім туралы» Заңы.
- B. ҚР «Еңбек туралы» Заңы.
- C. БҰҰ Балалар құқығы туралы конвенциясы.
- D. ЮНЕСКО құжаттары.
- E. Отбасы кодексі.

3-тарау. ДИДАКТИКА

3.1. Білім беру және оқыту теориясы

Жоспары:

1. Дидактика туралы жалпы түсінік.
2. Дидактиканың қалыптасу тарихы.
3. Оқыту үдерісінің қозғаушы күштері.
4. Оқытудың психологиялық негіздері.
5. Оқыту үдерісінің қызметі.

Негізгі ұғымдар: оқыту, білім беру, әдіс, дағды, іскерлік, әдістеме, іс-әрекет.

Басқа пәндермен байланысы: психология, әлеуметтану, философия.

1. Дидактика туралы жалпы түсінік. Ғылыми педагогиканың негізгі бөлігін дидактика құрайды. Дидактика ұғымы (латын тілінен аударғанда «*didaktikos*» – зерттеу бойынша, ал «*didasko*» – зерттеуші) – деп түсініп берілсе, ал Ж. Б. Қоянбаевтың педагогика оқу құралында: «Дидактика – бұл ежелгі грек сөзі, яғни «*didaktikos*» – үйретуші, «*didaskalos*» – мұғалім деген ұғымды білдіреді» дейді.

Дидактика ұғымын алғаш ғылымға енгізген неміс педагогы Вольфанг Ратке (Ратхия) (1571–1635) өзінің «Ратхияның оқыту өнері немесе дидактика туралы қысқаша есеп» атты еңбегінде қолданған. Сонымен, *дидактика дегеніміз* – білім беру мен оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттейтін педагогика ғылымының саласы. Әл-Фараби: «оқыту дегеніміз – үйрету, дағдыландыру, әрекеттендіру», – дейді. Оқыту – мұғалім мен оқушылардың белгіленген мақсатқа жетуге бағытталған, реттелген, бірлескен іс-әрекеті, оқушылардың танымдық іс-әрекетін арнайы ұйымдастыру. Оқыту үдерісі – мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекеті. Көбіне оқыту деп мұғалім мен оқушының бірлескен, мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекетін айтады. Оның барысында жеке тұлға дамып, білім алады, іскерлігі қалыптасады. Дәстүр бойынша оқыту екі бөліктен тұрады. Оқыту және білім алу. Қазіргі кезде оқытуда білім алуға қарағанда оқыту басым болғандықтан, оқу материалын оқытуға баса назар аударылып, оқушылардың іс-әрекетіне назар аударылмайды. «Оқыту – үйрету және білім» алу де-

ген парадигманың ұзақ тарихы бар. Ол әлі де мәнін жойған жоқ. Себебі мұғалім оқушыға ақпарат беретін негізгі тұлға болып келді. Осы кезге дейін «білім беру», «оқыту» терминдері жиі қолданылады.

Демек, *оқыту дегеніміз* – оқушылардың ғылыми білім, іскерлік, дағдыларды меңгеруі, дүниетанымын, адамгершілік, эстетикалық көзқарастары мен сенімдерін қалыптастыру үшін мұғалімнің белсенді оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруы және ынталандыру іс-әрекеті. Оқыту үдерісі – екіжақты құрылым болғандықтан, мұғалім мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетін, мұғалім тарапынан оқушы іс-әрекетіне басшылық етуді, жоспарлауды, ұйымдастыруды, басқаруды талап етеді.

Оқытудың маңызды міндеттеріне:

- оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыру;
- оқушылардың ғылыми білім, іскерлік, дағдыларды меңгеруіне қажетті оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру;
- ақыл-ойды, қабілетті, іскерлікті, дағдыны дамыту жатады.

Осы процесте оқушылар ғылыми білімдер алып, іс-әрекет жасауға үйреніп, жақсы мен жаман туралы көзқарастарын қалыптастырады. Оқыту баланы жан-жақты дамытады. Ол мынадай бөліктерден тұрады: мақсат, міндет, мазмұн, нәтиже және

оны бағалау. Білім беру деп табиғат және қоғам жайында ғылымда жинақталған білім жүйесін жеке адамның меңгеруін және оны өмірде тиімді қолдана білуін айтады. Дидактиканың міндеті – білім мазмұнын, оқыту әдістерін және оқытуды ұйымдастыруды ғылыми тұрғыдан негіздеу. Дидактика «Нені оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап береді. Бұдан басқа сұрақтар туындайды: «Оқыту қалай жүргізіледі, оның заңдылықтары қандай?», «Не үшін оқыту керек?», «Қайда оқыту керек?». Осы сұрақтарға жауап беру үшін дидактика үздік педагогикалық тәжірибені зерттеп, қорытындылап, мектептің тәжірибесіне енгізумен айналысады.

2. Дидактиканың қалыптасу тарихы. Педагогика тарихында оқыту теориясының негізін қалаушылар: Я. А. Коменский, Ж. Ж. Руссо, И. Т. Песталоцци, К. Д. Ушинский, Ы. Алтынсарин және т.б. қосқан үлесі зор. Дидактиканың негізін салушы чех педагогы Ян Амос Коменский (1592–1670) болатын. Оның 1632 жылы жарық көрген «Ұлы Дидактика» кітабында оқыту мақсаты, әдістері, принциптері, сынып-сабақ жүйесі туралы айтылады. Я. А. Коменский саналылық және белсенділік, көрнекілік, жүйелілік және сабақтастық, жаттығу және түсініктілік принциптерін ұсынды. Сонымен қатар, «Жақсы ұйымдастырылған

мектеп заңдары» деген еңбегінде сыныптық-сабақ жүйесінің бөліктерін атады.

Олар:

- оқушыларды мектепке белгілі бір уақытта қабылдау, сабақ аяқталмай, ешкімді одан босатпау;
- оқушыларды сыныптарға бөлу;
- әр сыныпқа бір бөлме беру;
- күніне 4 сабақ өткізу;
- әрбір сағатта жасалынатын жұмыстарды жоспарлау;
- қоңыраудың соғылуы;
- тәртіп;
- сабақтың ұзақтығы бір сағаттан аспау керек;
- сабақты күзде бастау.

Мұғалім оқушыларға жаңа білімдерді түсіндіреді, жаттығулар орындатады. Бұл қазіргі аралас сабаққа ұқсайды. Я. А. Коменский тақырыпты қайталауды апта, тоқсан соңына қойған. Сабақты 3 бөлікке бөлген: басы, жалғасы, соңы. Басында оқушылар ескі білімдерін еске түсіреді, мұғалім үй жұмысын тексереді, жаңа тақырыпты түсіндіреді. Я. А. Коменский: «Мұғалім – сабақты жаратушы, оның жүрегі», – деп мұғалімнің қызметіне үлкен мән берген. Оқушының өз күшіне деген сенімін арттыру, еңбекті сүюге тәрбиелеу, үй жұмысы туралы мәселелер де ағартушы-педагогтың назарынан тыс қалған жоқ. Ол экскурсияны кең қолданып, оны білім берудің маңызды құралы деп санаған.

Иоганн Генрих Песталоцци (1746–1827) «Гертруда өз балаларын қалай оқытады» (1801) деген еңбегінде дамыта оқыту принциптерін ұсынып, бастауыш мектептегі оқыту әдістерінің негізін қалады. Қоршаған дүниені сезім арқылы қабылдау білім негізі деп санады. Одан әрі нәтиже – дерексіздік. Білімді қажетсіну ынтаны туғызады. Сөз, сан, шама – ақылдың нәтижесі, оның негізі, оқытудың қарапайым құралдары. Жаратушы балаға күш береді. Ол баланы дамуға итермелейді. Яғни, «Көз көргісі, құлақ естігісі, аяқ жүргісі, қол ұстағысы, жүрек сенгісі, жақсы көргісі, ми ойланғысы келеді». Осы тұжырымдарға сай И. Г. Песталоцци буынға бөліп оқыту, алдымен сурет салуға үйрету, содан кейін жазуға үйрету тәсілдерін қолданған. Бақылау әдісін, баланың бақылаудан алған әсерлерін талқылауды қолданған. Оның пікірінше, «заттар мен құбылыстарды бақылаған баланың ойы жетіліп, сөйлегісі келеді». Адамның дүние туралы түсінігі алғашқыда анық емес, оны реттейтін оқыту арқылы жиналатын білім қоры, өйткені ол ақыл-ой жұмысын туғызады. Бірақ білім беру жеткіліксіз, ақылдың қуатын арттыру керек. Ол үшін түрлі жаттығулар, балаға сөйлеу, ойлау, сұрақ-жауап тәсілдері қолданылған. Пәндерді көрнекілік арқылы оқыту тиімді екендігін дәлелдеген. Ағартушы-педагог көрнекілік әдісін

Я. А. Коменскийге қарағанда терең жазып, ақыл-ой жұмысын дамытатын еңбек пен тәжірибе деген.

Жан Жак Руссо (1712–1778) «Эмиль немесе тәрбие туралы» (1762) деген еңбегінде халыққа білім беруді, жеке тұлғаны дамытуды, баланың белсенділік қабілетін жетілдіруді ұсынды. Өз заманының мектебін өмірмен байланыспағаны, кітап тілімен көп сөйлегені үшін сынады, Ж. Ж. Руссо баланың қажеттілігін қанағаттандыратын оқыту теориясын ұсынды. Бұл тұжырымдамаға сәйкес баланы өмірге бейімдеу керек деп, тәрбиешілерді оның қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескеруге шақырды. Оның оқыту мен бала өмірінің байланысы, бала табиғатын зерттеу, шығармашылық күшін дамыту, еңбекке дайындау және т.б. идеяларының педагогиканың дамуы үшін маңызы зор болды.

Орыс педагогы К. Д. Ушинский (1824–1870) басқа тілде оқыту баланың табиғи күші мен қабілетін әлсіретеді, сондықтан оны ана тілінде оқыту керек деді. К. Д. Ушинский бастауыш мектеп жұмысының негізгі бағыттарын, жеке пәндердің мазмұнын анықтауға көп үлес қосты.

Қазақстанда дидактикалық ойлардың қалыптасуы мен дамуы философиялық, әлеуметтік, этникалық, әдеби шығармалар арқылы дамыды. Көне түркі жазба ескерткіштерінде, «Қорқыт ата кітабында», ежелгі

жыр-аңыздарда, мақал-мәтелдерде, ертегілерде ұрпақ тәрбиесіне байланысты ойлар өнегелік аспектіде сипатталады. Әбу Насыр әл-Фараби өзінің философиялық трактаттарында адамгершілігі мен білімі кемел адамды әділетті қоғам құрудағы шешуші тұлға ретінде қарастырды. Қожа Ахмет Йасауи адамның өзін-өзі жетілдіріп, рухани кемелдену арқылы хаққа (ақиқатқа) жетуге болатынын өсиет етеді. Қыпшақ тіліндегі «Кодекс Куманикус» сөздігі мен Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігінде де тәлім-тәрбиеге қатысты мақал-мәтелдер, өлең-жыр үлгілері негізінде сипатталады. Ал Ж. Баласағұни, А. Иүгінеки, С. Бақырғани және т.б. ойшылдардың дидактикалық трактаттарында бала тәрбиесіне, оқу-білімнің маңызына, адамгершілік негіздеріне жан-жақты сипаттама берілген.

Әбу Насыр әл-Фараби (870–950) – Аристотельден кейін дүние жүзі білімі мен мәдениетінің «Екінші ұстазы» атанған данышпан, энциклопедист ғалым. Оның туған жері Сырдария бойындағы ерте замандағы түркі халықтарының орталығы болған Отырар қаласы. Арабтар оны «Фараб» деп атаған. Ол өз заманында іргелі ғылым салаларының бәріне өзіндік үлес қосып, із қалдырады. Сол ғылыми мұраларын былайшы топтастыруға болады: астрономия, астрология, математика, логика, му-

зыка, медицина, психология, педагогика, социология, лингвистика, риторика, философия болып келеді. Бізге жеткен ғылыми қолжазбалары: «Алмагеске түсініктеме», «Геометриялық сызықтар жасаудың әдістері», «Астрология», «Китаб әл-мусики әл-кабир» деп аталады.

Қазақ халқының тарихында «жыраулық поэзия» деп аталатын Асан қайғыдан бастап, Бұқар жырау шығармаларына дейінгі ауызша жыр-толғаулар ұлттық дидактикалық ойдың терең қазынасы болып табылады. Отандық қоғамдық ойдың тарихында ұлттық үрдістерді әлемдік өркениет үлгілерімен ұштастырған ғұлама Абай Құнанбайұлы болатын. Абайдың философиялық ойларында ұрпақ тәрбиесіне, жалпы тәрбие проблемаларына да қатысты тұжырымдар мол. Ал, елімізде дидактика мен жеке пәндерді оқытудың әдістемесінің негізін салушы педагог Ыбырай Алтынсарин орыс тілін қазақтарға үйрету курсының, оқу жоспарларының, бағдарламаларының авторы болатын. Оқыту үдерісінде көрнекілік, әңгімелесу, кітаппен жұмыс әдістерін кеңінен қолданды. Ағартушы Ы. Алтынсарин орыс тілін үйрету үшін дайындық сыныптарын ашты, ауызша сөйлеу тәсілі қолданылып, орыс әдебиеті, грамматиканы оқытқанда сөздік жұмыстарын жүргізген. 1879 жылы оның «Қырғыз хрестоматиясы» атты еңбегі жарыққа шықты.

Ағартушы-педагог М. Жұмабайұлының ойынша, педагогика, әсіресе дидактика психология ғылымынсыз дәрежесін жоғалтпақ. Қазіргі жағдайда мектеп мұғалімі психологияны терең білу арқылы әрбір ұлт баласына өзінің ұлттық болмысы мен танымын ескере отырып, білім бере алады. Әр халықтың бала тәрбиелеуде өз әдісі бар. Қазақ халқының арнайы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орындары болмаса да, өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған. Бала аяғын жерге нық басқаннан-ақ қоршаған ортаның құпиясын ғылыми тұрғыдан сезініп, сар далада, жолсыз жерлер мен жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, қаршадайынан-ақ есту, көру сезімдері шынығып, алдағыны болжайтын, жоғалғанды табатын ізшіл де, құралайды көзге атып түсіретін мерген де болған. Қазақ баласы кең далада, жұлдыздарға қарап ауа райын болжайтын, жануарлардың тілін түсінген, былайша айтқанда олар мал бағатын малшы да, сөзге шебер шешен де, тарихшы да, ботаник та, астроном да бола білді. Оның «Педагогика» еңбегінің құндылығы түркілік тәрбиені автордың жан-жақты көрсетуінде. Әсіресе ұлттық психологияны дұрыс меңгермеу бала тәрбиесінде көптеген қиындықтарға ұшыратады. Бүгінде ғалымдар арасында «Педаго-

гика» оқулығын атына қарап таза педагогикалық еңбекке жатқызып жүр. Ал шынында онда бір-бірімен тығыз байланыста екі пән – педагогика мен психологияның қарастыратын мәселелері ұштастырыла баяндалған.

3. Оқыту үдерісінің қозғаушы күштері. Оқыту үдерісінде кездесетін қарама-қайшылықтарды шешу – оқыту үдерісінің қозғаушы күші болып табылады. Оқу үдерісінің негізгі қозғаушы күші оқушылардың алдына қойып отыратын мұғалімнің міндеттері мен оларды орындауға қажетті оқушылардың білімдері, іскерлігі және ақыл-ойы арасындағы қарама-қайшылық. Басқа қарама-қайшылықтар, оқу материалын баяндау жүйесі мен оқушылардың меңгеруі арасында, мұғалімнің түсінігі мен оқушы түсінігі, теориялық білімдер және оларды тәжірибеде қолдану, оқу үдерісіндегі қиындық деңгейлері сипатын дұрыс анықтау, мұғалімнің материалды жеткізуі және әрбір оқушының оны түсінуімен сипатталады. Мысалы, ынтымақтастық педагогикасы дәстүрлі педагогиканың кемшіліктерімен күресіп, ондағы көптеген қарама-қайшылықтарды шешуге бағытталады. Олар:

- оқушылардың қызығушылығы және сабақ тақырыбы арасындағы қарама-қайшылық;
- мұғалімнің оқушының намысына тиіп, ұстамсыздық көрсетуі;
- бағаны дұрыс қоймау;

- мұғалімнің сабақты дұрыс өткізбеуі;

- үй тапсырмасын орындамау;
- сабаққа қатыспау.

4. Оқытудың психологиялық негіздері. Білім – адамзаттың жинақтаған тәжірибесін, заттар мен құбылыстарды, табиғат пен қоғам заңдарын тану нәтижесі. Білім нәтижелерін жеке адамның игілігіне айналдыру үшін оны ойлау операциясы, талдау, синтездеу, салыстыру, жіктеу және жинақтау арқылы терең ұғыну қажет. Оқушының ойлау операциясына сүйеніп өз білімін шындыққа айналдырады. Бұл дамыта оқытудың негізгі ережесі, яғни оқушылардың таным іс-әрекетін дамыту, оларды өз бетімен ізденуге, зерттей білуге және жаңа білімді еркін игеруге үйрету. Оқушылардың білімі – оқыту үдерісінің, ең бірінші кезекте оқу материалдарын меңгерудің нәтижесі. Сондықтан оқушылардың білімді меңгергенін немесе меңгермегенін оқыту жобалары, бағдарлама, оқулықтарымен салыстырып анықтайды. Білім – қандай да бір іс-әрекетті жасау негізі. Іс-әрекет жеке тұлғаны қалыптастырады. Білім – қоғамдық-өндірістік тәжірибеде қолданылады, меңгерілген білім көмегімен адам жаңа білімдер жасауға қатысады, еңбекке дағдыланады, қоғамдық-материалдық байлықтың артуына, рухани мәдениеттің дамуына өз үлесін қосады. Бұл жағдайда

оқыту балаға тек білім беретін үдеріс ғана емес, оның тұлғалық бағыттарын, жақсы мен жаманға көзқарастарын қалыптастырады. Кемеңгер-ойшыл әл-Фараби: «Бақытты болу деп, кәмелетке келу, қоғамдық ортаны жақсарту – барлығы да білімділікке байланысты. Білім мен өнерді меңгергеннен кейін адамда іскерлік пен өз бетінше әрекеттену, одан соң парасаттылық пайда болады», – деп келтіреді. Білім толық, жинақы, жүйелі, берік, пәрменді болу керек. Аталған белгілер ақыл-ой сапаларын қалыптастырады. Оларға: белсенділік, өзіндік, өнімділік, сыншылдық, ұғымталдық, тұрақтылық, тереңдігі, т.б. жатады. Білім өздік жұмыс және сабақтан тыс шығармашылық іс-әрекетте қолданылады, сөйтіп ой жұмысы тұрақты, терең жүреді. Ой тұрақтылығы дегеніміз – ойдың маңызды, оқу материалдарына тоқталуы, оларды ойда сақтау керек жерде қолдана білу. Ойдың тұрақтылығы ақыл-ой жұмысының жоғары деңгейіне, ұзақ уақыт ақыл-ой жұмысымен айналысуға байланысты. Ойдың тереңдігі – оқылған объектіні терең білуден, оны өз бетімен зерттеп, ішкі байланыстарын, басқа объектілермен байланыстарын аша білуден көрінеді. Материалға шығармашылық тұрғыдан қарау, алынған білімдерді теориялық және тәжірибелік жұмыста қолдану, білімнің ішкі мотивтеріне және сенімге айналуы ойдың терең-

дігін көрсетеді. Сонымен біз білімнің аса маңызды қасиеттеріне тоқталдық. Ол қасиеттер білімді меңгеру үдерісі арқылы пайда болады. Меңгеру – ақиқатты білу арқылы болмысты тану үдерісі. Меңгеру нәтижесінің сапасы оқушылардың білім, іскерлік, дағдыларын бағалау арқылы анықталады. *Іскерлік* – кез келген іс-әрекет емес, ол табысты, тиімді орындалатын іс-әрекет. *Іскерлік дегеніміз* – ол іс-әрекетті жақсы істеуге керекті жұмыс тәсілдерін белгілі бір жағдайларға байланысты таңдау және қолдану, адамның жұмысты жаңа жағдайда тиімді, сапалы, уақытында істей білу қабілеті. Іс-әрекет іскерлікке айналу үшін педагогикалық жағдайлар жасалады. Іскерліктің құрамы күрделі болып келеді. Оған: «елес, ұғым, білім, дағды, зейінді шоғырландыру, бөлу, ауыстыру, қабылдау, ойлау, іс-әрекет үдерісін реттеу және өзін-өзі бақылау дағдылары» енеді. Осы бөліктердің бірлігі арқылы оқушы өз жұмысының нәтижесін түсініп, оған жету үшін іс-әрекеттің тиімді тәсілдері арқылы жұмыс істеп жақсы нәтиже алады. Дидактиктер іс-әрекетке байланысты теориялық және практикалық (өлшеу, есептеу, энергия көздерін, реактивтерді қолдану, т.б.) іскерліктерді бөледі. Ал психологтар психикалық процеске керек ес, қабылдау, ойлау іскерліктерін атайды. Танымдық іскерлік (бақылау жүргізе білу, тәжірибе жасау, әдебиетпен

жұмыс және басқалары оқу еңбегінің жалпы іскерліктері оқушының өз жұмысын жоспарлауынан, оны тиімді ұйымдастырудан, бақылаудан көрінеді.

Психология және дидактика тәжірибесі оқу бағдарламаларына өте маңызды оқу іс-әрекеттерін енгізуді талап етті. Олар:

- арнайы іскерлік;
- оқу жұмысын тиімді ұйымдастыру іскерлігі;
- ақыл-ой іскерлігі.

Білім мазмұнын жетілдіру әртүрлі білімді қолдануға керекті іскерліктерді жинақтауды, бағдарламаға енгізуді талап етеді. Осыған байланысты, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасына:

Бірінші топ – арнайы (немесе жеке) іскерліктер оқушылардың бойында іргелі пәндердің оқу процесінде қалыптасады. Олар оқу материалымен жұмыс істеуге қажетті және оны түсінуге ықпал ету;

Екінші топ – оқушының оқу жұмысын тиімді ұйымдастыру іскерліктері: оқу материалдарын меңгеру, талдау, оларды түрлі танымдық міндеттерді шешуге қолдану, өз жұмысын бақылау, оның нәтижелерін түзету, өзінің іс-әрекетін басқару;

Үшінші топқа интеллектуалдық іскерліктер енеді. Олар: талдау және жинақтау, қорытындылау және саралау, абстракция және нақтылау, салыстыру, т.б. байланыстарды табу.

Әрбір топтағы іскерліктер оқушының теориялық, ішкі және сыртқы, репродуктивтік және өнімді іс-әрекетінде көрінеді.

Профессор Қ. Жарықбаевтың анықтамасы бойынша: «дағды – алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматтандырылуы», – деп келтіреді. Дағды – негізінен іс-әрекеттің автоматтандырылған бөлігі, ол іс-әрекетті жақсы, көп күш жұмсамай, жасауға мүмкіндік береді. Іс-әрекетке дағдыланған адам, іс-әрекетке керекті қимыл-қозғалыстарды, жаттығуларды шапшаң жасайды. Дағдылар ақыл-ой, тілдік, сенсорлық, ерік-жігер, мәдени, гигиеналық болып бөлінеді. Ақыл-ой дағдыларына: әдебиеттерді, сызбаларды оқу, есте сақтау, өткенді тұрақты түрде қайталау жатады. Тілдік дағдылар: сөйлемдерді дұрыс құру, дәйекті дәлелдерге сүйеніп сөйлеу және жазу, таза сөйлеу, қыстырма сөздерді қолданбау. Қозғалыс дағдылары: киіну, өзіне-өзі қызмет ету және т.б. жатады. Еңбек дағдылары: түрлі еңбек құралдарымен, станоктармен, машиналармен жұмыс істеу, т.б. Ал сенсорлық дағдыларға ана тілін, кеңістік және уақытты қабылдау және тағы басқалар жатады. Ерік-жігер дағдыларына іс-әрекеттегі белсенділік, тәртіптілік, талап қоя білу, т.б. құрайды. Мәдени дағдылар: ұжымды, басқа адамдарды

құрметтеу, өзін-өзі тәрбиелеу және т.б. гигиеналық дағдыларға денені таза ұстау, салауатты өмір салты және т.б. жатады.

5. Оқыту үдерісінің қызметі.

Оқыту процесінің өзіне тән қызметтері бар. Олар оқытудың білім беру, тәрбиелік, дамыту қызметтері. Оқытудың білім беру қызметі – бұл адам баласының білім байлығымен қаруландыру, оны өз бетімен білім алуға, іскерлік пен дағдыны игеруге даярлау. Қазіргі кезде білімді толық игеру үшін оған қойылатын талаптарды ескерген жөн. Олар:

- білімнің толықтығы – оқу материалдарын түсіну үшін танымдық іс-әрекетті жүзеге асыру;
- білімнің түсініктілігі – оқушылардың өз бетімен ізденіп ақыл-ойын дамытуы;
- білімнің әрекеттілігі – жаңа білім алу үшін оқушыға бұрынғы білімін шеберлікпен пайдалану мүмкіндігін жасау.

Оқытудың тәрбиелік қызметі – оқытудың тәрбиелік ықпалы туралы идеяны әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Я. А. Коменский, И. Ф. Герbart, Ф. А. Дистервег, Н. И. Пирогов, К. Д. Ушинский және Ы. Алтынсариннің еңбектерінде мазмұндалған. Ағартушы-педагог И. Ф. Герbart: «оқыту – адамгершілік тәрбиесінсіз мақсатсыз құрал» деп тұжырымдады. Әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби: «тәрбиесіз берілген білім,

адамзаттың қас-жауы болады», – деп келтіреді. Білім беру мен тәрбиелеу біртұтас әрекет екендігін дәлелдеген ғұламалар еңбегінің маңызы зор.

Ағартушы-педагог М. Дулатов: «Оқытудағы мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру керек», – деп, оқу мен тәрбиенің біртұтас педагогикалық әрекет екендігін дәлелдеді. Тәрбиелеу арқылы оқыту, ғылыми теориялар мен ережелердің оқушылардың дүниетанымы мен сеніміне айналуын сипаттайды, моральдық нормаларды, мінез-құлықты игеруін қамтамасыз етуге әсер етеді. Оқыта отырып тәрбиелеу, оқушыларды өмірге, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстау мәдениетін, адамгершілік қасиетін қалыптастырады. Мектепте оқушыларға теориялық білім беру тәрбие процесімен тығыз байланыста өткізіледі. Оқыту үдерісі, білімді меңгеру оқушыны дамытады. Оқушының тілі, ақыл-ойы, сенсорлық және қозғалыс аймағы, сезімі, ерік-жігері, қажеттіліктері, мотивтері дамиды. Оқыту – жеке тұлғаны дамыту құралы. Профессор Л. С. Выготский (1896–1934) тұжырымдаған психологияның маңызды заңдарының бірі – баланың дамуы мен логикасының қалыптасуы оқуына байланысты деген болатын. Сондықтан білім мазмұнында баланы дамытатын материалдар енгізіледі. Орта мектептің оқу-тәрбие үдерісінде П. А. Гальпериннің ақыл-ой жұмысын кезең

бойынша қалыптастыру теориясы, ал И. П. Лернердің мәселелік оқыту әдісі баланы дамытуға бағытталған.

Қазіргі оқыту тек білім берумен шектелмей, оқушының ақыл-ойын дамытуға бағытталған.

Негізгі әдебиеттер:

1. Байжанова З. Т. *Жалпы педагогика. Оқу құралы.* – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 168 б.
2. *Педагогика: оқу құралы.* /Жалпы ред. басқарған А. Құдиярова. – Алматы: Дарын, 2004. – 448 б.
3. Әбенбаев С., Әбиев Ж. *Педагогика.* – Астана: «Фолиант» баспасы, 2009. – 336 б.
4. Бабаев С. Б., Оңалбек Ж. К. *Жалпы педагогика: Оқулық.* – Алматы: Нұр-пресс, 2005. – 228 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. *Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы* / Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. – Алматы, 2002. – 384 б.
2. *Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов* /Под ред. А. П. Тряпицкой. – СПб: «Питер», 2014. – 304 с.
3. *Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей* /Под ред. П. И. Пидкасистого. – Москва, 2004. – 608 с.
4. *Педагогика: теории, системы, технологии: учебник для студ. высш. и сред. учеб. заведений* /Под ред. С. А. Смирнова. 7-е изд. – М.: Издательский центр «Академия», 2007 – 515 с.

3.2. Білім мазмұны

Жоспары:

1. Білім мазмұны түсінігі және оның мәні.
2. Білім мазмұнын қалыптастыруға байланысты негізгі теориялар.
3. Мемлекеттік білім стандарттары.

4. Оқу жоспарлары, бағдарламалары және оқу құралдары.

Негізгі ұғымдар: білім мазмұны, білім беру стандарты, оқу жоспары, бағдарлама, оқулық, оқу құралдары.

Басқа пәндермен байланысы: психология, элеуметтану, педагогика тарихы.

1. Білім мазмұны түсінігі және оның мәні. Қазіргі кезде білім мазмұны туралы көптеген ғылыми-зерттеулер бар. Білім беру жүйесінде адамзаттың тарихи дамуы барысында жинақталған білімдер ғана әлеуметтік құндылық ретінде танылады. Мұндай құндылықтар – шығармашыл, дербес ой жүргізе алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. Соңғы кездерде білімді ізгілендіру идеясының арқасында білім мазмұнының мәнін айқындауда тұлғалық-бағдарлы білім беру жүзеге асырылуда. Осы бағытқа орай оқушылар белгілі оқу мазмұнын ғана меңгерумен шектелмеуі тиіс. Оқу-тәрбие барысында ең алдымен шәкірттерге құндылықты-мәнді сұраныстар мен ниеттер қалыптастыру міндеті тұрады, олар тұлғаға қажет сапа-қасиеттердің орнығуына негіз ретінде қабылдануы тиіс. Болашақ қоғам мүшесі – тұлға педагогикалық процесс аймағында өз әрекет-қылықтарына, қоғам мен ел тағдырына, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілік сезімін қалыптастырып, әділетсіздік пен немқұрайдылықтан қашық болуға, ой-өрісінің дұрыс қалыптасуына, қажеттісін қабылдауға үйренуі тиіс. Тұлғалық бағдардағы білім мазмұны мейлінше толық құрылымға келтірілген, педагогикалық тұрғыда икемге түсірілген әлеуметтік тәжірибе күйінде төрт элементтен құралып, төмендегідей іс-әрекеттерде көрініс береді:

– нәтижелік формасы – білім (қоғам, табиғат, техника, ойлау, іс-әрекет әдістері жөнінде) күйінде бекітілген танымдық іс-әрекеттер;

– үлгі бойынша орындау икемділіктері (ақыл-ес және практикалық ептіліктер мен дағдылар) формасындағы әрекеттердің белгілі әдістерін жүзеге асыра білуі;

– тұлғалық-бағдарлы (қоршаған ортаға, дүниеге, адамдарға, өз басына, моральдық нормаларына, көзқарастары мен идеяларға және т.б.) формасындағы көңіл күй құндылықтары қатынастарын орындай білуі.

Білім мазмұнының аталған элементтері бір-бірімен байланысты және өзара шарттасқан. Әлеуметтік тәжірибенің осы элементтерін игерген адам жақсы орындаушы ғана болып қалмастан, дербес, өз бетінше шығармашылықпен әрекет істей алатын, қалыптасқан қатынастар жүйесіне өз үлесін қоса білетін тұлға дәрежесіне жеткізуге мүмкіндік алады. Демек, *білім беру мазмұны дегеніміз* – оқушыларды жан-жақты дамыту, танымдық қызығушылығын қалыптастыру, еңбекке дайындау үшін белгілі типтегі мектепте оқытылатын білім мен біліктер жүйесі. Ал Ж. Б. Қоянбаевтың пікірінше, білім беру мазмұны оқыту үрдісінің құрамдас бөліктерінің бірі деп түсінік берсе, А. А. Бейсенбаева анықтамасы бойынша білім беру мазмұны дегеніміз, жеке тұлғаны қалыптастырудағы іс-әрекет

тәсілдерін меңгеру мен жүйелі білім алуға іскерлік пен дағдыны жетілдіру деп айтады.

Қазіргі жалпы білім беретін орта мектептерде білім мазмұнын жетілдірудің принциптері:

- білім мазмұны негізінде ұлттық, мәдени, тарихи құндылықтарды жалпыадамзаттық мәдени мұрасымен ұштастыру;
- қазіргі өркениеттегі ғылыми-техникалық, ақпараттық технологияны пайдалану;
- ана тілін, шетел тілдерін меңгеру және ұлттық мәдениетті қалыптастыру;
- оқушылардың ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруіне жағдай жасау;
- оқушыларды отансүйгіштікке және өмір сүруге жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

2. Білім мазмұнын қалыптастыруға байланысты негізгі теориялар. Білім мазмұны тарихи сипатқа ие. Ол қоғам дамуының белгілі кезеңдерінде алға тартылатын білімнің міндеттері мен мақсаттарына орай анықталады. Әртүрлі әлеуметтік жүйедегі білім мазмұны біркелкі емес. Ол өмір сүру, өндіріс және ғылыми білімдердің даму деңгейіне сәйкес өзгермелі болып келеді.

Білім мазмұнының қалыптасуына байланысты негізгі теориялар XVIII–XIX ғасырлардың басында қалыптасты. Ол негізінен материалдық және формальды теория деп екі-

ге бөлінді. Білім мазмұнының материалдық теориясын қолданушылардың мақсаты – оқушыларға ғылымның әртүрлі салаларынан мейлінше ауқымды білімді игеру деп білді. Мұндай пікірді өткен дәуірлердің көптеген танымал педагогтары қолдап, қуаттады (Я. А. Коменский, Г. Спенсер және т.б.).

Білім мазмұнының формальды теориясын қалаушылар (дидактикалық формализм идеясы) оқуды шәкірттердің қабілеттері мен танымдық қызығушылығы, олардың зейінін, есін, ұғымын және ойлау мүмкіндіктерін дамытудың құралы ретінде пайдаланады. Олардың түсінігінше, білім көзі – ақыл. Сондықтан да, ең алдымен, адамның ақыл-есін және қабілетін дамыту қажеттігіне ден қойды. Білім мазмұнын іріктеуде дидактикалық формализм талаптары математика және классикалық көне тілдер сынды дамытушылық сипатымен құнды пәндерді басшылыққа алды. (Дж. Локк, И. Г. Песталоцци, Н. Герbart және т.б.).

Мектептің басты мақсаты – тұлғаның интеллектуалдық қабілетін дамытып, сол арқылы білімді игеруге, оны қолдана білуге үйрету. Осыдан, бүгінгі педагогиканың дидактикалық материализм мен дидактикалық формализм бағыттарындағы оқу-тәрбие үдерісін бірдей жүзеге асыруды қолдайды.

XIX–XX ғасырларда білім мазмұнын іріктеудің дидактикалық прагматизм теориясы қалыптасты. Бұл теорияны қолдаушылардың (Дж. Дьюи, Г. Кершенштейнер) пікірінше, білім мазмұнының негізі жеке пәндерде емес, ол оқушының қоғамдық және дара іс-әрекеттерінде деп келтіреді. Білім мазмұны оқушылардың сол білімді меңгеруге бағытталған ұжымдық еңбегі және белгіленген мәселені шешуге сәйкес практикалық әрекеттерді қажет ететін пәнаралық біліктер жүйесімен белгіленуі тиіс. Осы теорияға орай оқушылар мейлінше еркіндікпен оқу пәндерін таңдауға құқылы, оқу-тәрбие жұмысы оқушылардың субъективтік сұраныстары мен қызығушылығына бағытталған. Белгілі поляк ғалымы В. Оконь «Функционалды материализм» атты білім мазмұнын қалыптастыру теориясын жарыққа шығарды. Оның пікірінше, қандай дидактикалық теория болмасын, ол оқушылардың білім алуын қамтамасыз етумен бірге сол білімдерді өз іс-әрекеттерінде пайдалана білу іскерліктерінің де жетілуіне негіз болуы шарт, яғни таным мен іс-әрекет ажырамас бірлігіне байланысты болады. Жеке пәндер мазмұнында да сол пәннің жетекші ұғымы басты назарға алынуы тиіс. Мысалы, биологияда – эволюция теориясы, математикада – функционалды тәуелсіздік, тарихта – тарихи шарттылық және т.б. болып та-

былады. Яғни, білім мазмұнын жүйелеуде дүниетанымдық көзқарастарды басшылыққа алған жөн. Дәрістер барысында оқушылар өз меңгерген білімдерін практикада қолданып үйренетіндей жағдайлар жасалуы тиіс. Көзделген нақты практикалық мәселелерді білім негізінде шеше отырып, шәкірт табиғи, техникалық, мәдени және қоғамдық болмысқа сай өз мүмкіндіктерін қайта қарап, өзгертуге үйренеді.

Бүгінгі мектептің білім мазмұны ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес құрастырылған. Осыған орай білім мазмұны қоғамның экономикалық және әлеуметтік ілгерілеуінің аса маңызды құрылымдарының бірі, сондықтан ол тұлғаның өзіндік қалыптасуына, оның өз мүмкіндіктерін өз бетінше жүзеге асыра алуына жағдай жасап, қоғам дамуын, құқықтық мемлекеттің жетілуін қамтамасыз етуге бағытталған. Білім мазмұнының міндеті – қоғамның әлемдік деңгейге сай жалпы және кәсіби мәдениетін көтеру, оқушылар санасында осы заман білім деңгейі мен білімдену бағдарламасының талаптарына сәйкес әлем бейнесін қалыптастыру; тұлғаның ұлттық және әлемдік мәдениетке араласуына; осы күнгі қоғамның проблемасына айналған және сол қоғамды жетілдіруге ниеттенген тұлға немесе азаматты тәрбиелеу; қоғамның мамандар қорын жаңғырта көбейтіп, әрі қарай дамыту.

Білім мазмұнын қалыптастырудағы негізгі мақсаты – нәсілдік, ұлттық, этникалық, діни және әлеуметтік тегіне қарамай адамдар, халықтар арасындағы өзара түсіністік қатынастарды орнатуға, оқушының ерікті пікір мен наным таңдау құқығын жүзеге асыруға көмектесу, әртүрлі дүниетаным көзқарастарын қалыптастыруға бағытталуы қажет. Кәсіби білім мазмұны адамға нақты еңбектік іс-әрекет саласындағы білімдер мен ептіліктерді игеру үшін қажет. Педагогика ғылымында білім мазмұнын іріктеудің өлшемдік жүйесі қабылданған. Осы негізінде мектепте берілетін білім мазмұны мынадай талаптардың орындалуына сәйкес болады:

- тұлғаның жан-жақты дамуы және оның ұлттық мәдениетінің қалыптасуына қажет міндеттерді толық және біртұтас күйде берілуін қамтамасыз ету;

- оқу пәндері мен қоғамдық практикаға енетін білім материалдарының ғылыми және тұрмыстық маңызға ие болуы;

- әртүрлі жас деңгейіндегі оқушылардың нақты мүмкіндіктеріне сәйкес болуы;

- материал мазмұны, көлемінің оқушының мүмкін болған игеру уақытына сәйкес келуі;

- жалпы орта білімді құрастыруда халықаралық тәжірибені ескеру;

- осы заманғы мектепте бар оқу-әдістемелік және материалдық базаға сәйкес болуы.

3. Мемлекеттік білім стандарты.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес елімізде білім стандарттары қабылданған. «Стандарт» түсінігі латын сөзі негізінде қабылданып, «үлгі», «өлшем» деген мағынаны береді. Білім стандарты мағыналық тұрғыдан сауат, білімділіктің мемлекеттік өлшемі ретінде қабылданып, қоғамдық мұратқа орайластырылған әрі нақты тұлға мен білім жүйесінің мүмкіндіктерін ескерген сол мұратқа жету негізгі белгі – талаптар жиынтығын қамтиды.

Білім саласындағы стандарттардың негізгі нысандары – стандарт құрылымы, оқу жүктемелерінің мазмұны, көлемі және оқушыны дайындау деңгейі. Стандарт бойынша белгіленген деңгей, дәрежелер мен талаптар білім сапасын бағалау мен білім беру үдерісінің заңдылықтарын сараптауда нормативтік құжат болып табылады.

Білім берудегі стандарттары көптеген жаңашыл қадамдарға байланысты қажет болып отыр. Атап айтатын болсақ, олар:

- мектеп оқу үдерісінің жаңа еркін ұйымдастыру формаларына өтуі;

- көптеген мектептердің құқықтық дәрежесінің өзгеруі;

- мектептердің оқу пәндері мен олардың игерілу көлемін өз қалауымен таңдауы;

- оқытудың жаңа технологияларының жасалуы;
- көп деңгейлі және жіктемелі оқуға өту.

Байқағанымыздай, аталған демократиялық қадамдар өткендегіміздей, бір сарынды оқу жүйесіне тосқауыл қойып, білім беру үдерісіне шығармашылдықпен қатынас жасауға ықпал етеді.

Мемлекеттік міндетті стандарттар бәсеке негізінде қабылданады, 10 жылда бір рет қайта өңделіп, қажетті реттеулер мен түзетулер енгізіледі, мемлекеттік заңмен бекітіледі. Ол барша оқу орындарының қай салаға бағынуына, типіне, меншіктік формасына тәуелсіз орындалуы міндетті. Жалпы білім беретін мекемелердің білім стандарты үш бөліктен тұрады: мемлекеттік, ұлттық – аймақтық және мектептік. Стандарттың мемлекеттік бөлігі (инвариант) елдегі білім кеңістігінің біртұтастығы мен тұлғаның әлемдік мәдениет жүйесіне енуін қамтамасыз етеді. Мектептің білім мазмұны оқу орнының материалдық базасы мен бағыт-бағдарына орай оқу пәндерінің енгізілуімен белгіленеді.

4. Оқу жоспарлары, бағдарламалары және оқу құралдары. Білім мазмұны оқу жоспарларында, бағдарламаларында, оқулықтар мен оқу құралдарында айқындалады. Оқу жоспары – білім берудің тиісті деңгейіндегі оқу пәндерінің тізбесі мен

көлемін, оларды зерделеу тәртібі мен бақылау нысандарын реттейтін құжат. Оқу жоспарында мектептің оқу жылдарына орай жүргізілетін барлық оқу пәндерінің тізімі беріледі. Игерілуі қажет пәндер оқу жоспарында үш топқа бөлінеді: 1) міндетті (базалық-мемлекеттік бөлік), 2) студенттердің қалауы бойынша (аймақтық бөлік) және 3) ЖОО Ғылыми кеңесі бекіткен пәндер.

Типтік оқу жоспары негізінде жеке ерекшеліктерін ескерумен ЖОО немесе мектептер өз жұмыс-оқу жоспарларын жасайды. Оқу формаларына қарай күндізгі, сырттай, қашықтықтан оқыту жоспарлары әртүрлі болып келеді. Оқу жоспарлары негізінде оқу бағдарламалары құрастырылады. Оқу бағдарламалары өз ішіне: 1) пәнді оқыту жөніндегі түсініктемені; 2) студенттердің біліміне қойылатын талаптарды; 3) әр курста пән бойынша өтілетін материалдардың тақырыптық жоспарын; 4) пән курсы бойынша білімдер мен тақырыптар тізімін, яғни бағдарламаның өзін; 5) пәнге орай оқу жабдықтары мен көрнекі құралдар тізімін; 6) қажетті әдебиеттер тізімін; 7) бақылау сұрақтарын, 8) курстық, дипломдық жұмыстар тақырыбын қамтиды.

Оқу бағдарламаларының оқу-жұмыс және авторлық түрлері ажыратылады. Типтік бағдарламалар – мемлекеттік білім стандарты негізінде

нақты пән бойынша құрастырылады. Оларды ұсыныс сипатында қабылдауға болады. Оқу-жұмыс бағдарламалары типтік жоспар негізінде құрастырылып, мектептің педагогикалық кеңесінің (ЖОО-да жетекші кафедра) шешімімен бекітіледі. Білімдік оқу материалының нақты мазмұны оқулықтар мен оқу құралдары негізінде жүзеге асырылады. Оқулық мектептің (ЖОО) білім аппаратының көзі әрі оқу жабдығы, білім беру мақсаттары мен мазмұнын айқындайды. Оқулықтың басты көрінісі – мазмұны мен ғылыми тілі және мәтінінде. Мәтіні келесі бөліктерден құралады:

- негізгі (ғылыми терминдер, олардың анықтамалары, деректер, құбылыстар, оқиғалар; заңдар, теориялар және жетекші идеялар және т.б.);
- қосымша (құжаттар, хрестоматиялық және анықтамалық материалдар, өмірбаян деректері, статистика мәліметтері және т.б.);
- түсініктеме (кіріспе, ескертулер, сөздіктер, нұсқаулар және т.б.).

Оқулықтарға қосымша оқу құралдары дайындалады. Мұнда оқулық материалдарының кейбірі мазмұн тұрғысынан тереңдей түседі, кеңейеді. Оқу құралдары – хрестоматиялар, есеп жинақтары, атластар, жаттығу жинақтары, т.б. болады.

Негізгі әдебиеттер:

1. Бейсенбаева А. А. *Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Оқу құралы.* – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1995. – 156 б.
2. Құрманалина Ш., Ғалымова Ә. *Педагогика. Оқу-әдістемелік құрал.* – Астана: «Фолиант» баспасы, 2012. – 278 б.
3. *Педагогика. Учебник / И. Ф. Харламов. 7-е изд.* – Минск, 2002. – 560 с.
4. *Педагогика. Оқу құралы / Жалпы ред. басқарған А. Құдиярова.* – Алматы: Дарын, 2004. – 448 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. *Бордовская Н. В., Реан А. А. Педагогика.* – СПб: Питер, 2001. – 304 с.
2. *Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. / Жалпы ред. басқарған А. Қ. Құсайынов.* – Алматы: «Мектеп» ЖШС, 2002. – 256 б.
3. *Педагогическая энциклопедия. Т. 3. «Н-СМ» / Гл. ред. И. А. Каиров, Ф. Н. Петров и др.* – М.: Советская энциклопедия, 1986. – 880 с.

4. Республикадағы балаларға қосымша білім беруші ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттардың жинағы. / Құрастырған Г. Т. Қажиева. – Алматы, 2009. – 384 б.

3.3. Оқытуды ұйымдастыру формалары

Жоспары:

1. Оқытуды ұйымдастыру формалары және оның даму тарихы.
2. Сабақ – оқытудың негізгі формасы.
3. Сабақтарды жіктеу.
4. Сабақта оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру, мұғалімнің сабаққа дайындығы.
5. Дәстүрлі және дәстүрлі емес сабақтардың түрлері.
6. Сабаққа қойылатын талаптар.

Негізгі ұғымдар: форма, сабақ, дәстүрлі сабақ, іс-әрекет, қарым-қатынас.

Басқа пәндермен байланысы: психология, әлеуметтану, педагогика тарихы.

1. Оқытуды ұйымдастыру формалары және оның даму тарихы. Педагогика ғылымында оқуды ұйымдастырудың әртүрлі формалары, әдіс-тәсілдері туралы мағлұмат берілген. Философия ғылымында «форма» ішкі мазмұнды ұйымдастыру деген ұғыммен анықталады. Демек, оқыту формасы – оқу материалын меңгерудегі оқушылардың өзара әре-

кеті. Оқыту формасы әдіс пен амалдарға, құралдарға, оқушылардың іс-әрекетіне тәуелді болады. Оқыту формасы мұғалімнің белгілі бір оқу материалын игеру барысындағы оқушының оқу іс-әрекетін басқару және оқу тәсілдерін меңгерумен байланысты болады. Сабақтың сыртқы көрінісі оқу материалының ішкі бөліктерінің басын біріктіріп және дидактикалық категория ретінде оқу үдерісін ұйымдастырудың сыртқы формасын белгілейді, мұның өзі оқушылардың білім сапасының көрсеткіші мен өтетін уақыты және орны, оның жүзеге асырылу тәртібі және т.б. жағдайлармен реттеледі. Педагогика тарихында оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формалары туралы деректер бар. Оның дамып, жетілуі қоғамның қажеттілігі мен сұранысының талап-мүддесіне қатысты. Оқыту формаларын жіктеудің өлшемдері төмендегідей:

- жеке (бір ғана оқушымен жұмыс істейді);
- жеке-жұптық (оқушы-оқушы, мұғалімнің оқушымен қарым-қатынасы);
- жеке-топтық: топ мектепте жұмыс істейді, бірақ бір мектепте оқитын оқушылардың жасы әр шаманы құрайтын топтардан тұрады

(оқытудың бұл түрлі ортағасырлық мектептерде қолданылған);

– өзара бірлесіп оқыту (аталған оқыту жүйесі Англияда пайда болған, оны «Бел-Ланкастер» жүйесі деп атайды);

– саралап оқыту, оқушылардың қабілетіне қарай оқыту (Мангейм жүйесі);

– бригадалық оқыту, тапсырманы бригадир алады: бір сыныпта 5–6 оқушы ұйымдасады, есеп беруші – бригадир (оқытудың бұл түрі ХХ ғасырдың 20-жылдарына тән);

– Оқытудың микротоптық жүйесі (шағын топтар немесе шағын ұжымдық жұмыс және т.б.).

Білім беру тарихында алуан түрлі оқыту нысандары пайда болды, нәтижесінде педагогика ғылыми тәжірибеден көптеген деректер жинады. Баланы оқытудың әртүрлі формалары зерттеліп, олардың ішінен қазіргі заманға лайықтылары іріктелді. Мектепте оқитын оқушылардың саны, оқитын орны, оқу жұмысының ұзақтығы зерттеліп, баланы жекелеп оқыту, топтық, ұжымдық оқыту, сыныпта, сыныптан тыс, мектепте, мектептен тыс оқыту формалары анықталды. Оқыту формаларының дамуында баланы жекелеп оқыту өте ерте кезден бастау алады. Ол тапсырманы мұғалімнен не өзінің үйінде орындайды. Тапсырманы мұғалім оқулығынан береді. Жекелеп оқыту қазір де қолданылады. Баланы

жекелеп оқыту ХІІІ ғасырға дейін қолданылған. Әсіресе ауқатты адамдар балаларын жекелеп оқытқан. Жекелеп оқытудың тиімділігі:

- мұғалім оқушының нені білетінін, нені білмейтінін анықтайды;
- оқушының қатесін уақытында түзетеді;
- оқушы өзіне ыңғайлы уақытында жұмыс істейді.

Кемшіліктері:

- мұғалім оқушыға білім беріп, оны оқушы қалай түсінгенін тексерумен шектеледі;
- оқушы басқа оқушылармен қарым-қатынаста болмайды;
- бала ұжымда, әлеуметтік ортада жұмыс істеуге қабілеті төмендейді.

Жекелеп оқыту бүгінде де қолданыста бар. Мысалы, оқушыларды олимпиадаға, ғылыми жобаны қорғауға дайындағанда мұғалімнің жеке консультациясы негізінде жүзеге асырылады. Балаларды жекелеп-топтап оқыту түрі қалыптасты. Бұл мұғалімнің тек бір оқушыға емес, түрлі жастағы балалармен жұмыс жасауға арналған. Олардың дайындық деңгейлері де түрліше еді. Сондықтан мұғалім әр оқушымен жеке жұмыс жүргізді. Мұғалім әрбір оқушыдан өткен материалдарды сұрап, әрқайсысына жаңа тақырыпты түсіндіріп, жеке тапсырмалар берді. Оқушылар оқуға жылдың кез келген уақытында келді. Жеке, жеке-топтық оқыту түрлері ХІ ғасырдың аяғы,

XII ғасырдың басында қоғам сұранысын қанағаттандырмады.

XIII–XIX ғасырларда ағылшын дін қызметкері А. Белл және мұғалім Дж. Ланкестер өзара оқыту жүйесін қолданды. Алдымен жоғары сынып оқушылары мұғалімнің басшылығымен тақырыпты өздері оқып, одан нұсқаулар алып, бастауыш сынып оқушыларын оқытты. Бірақ балаға оқыту үшін арнайы дайындық керек екенін көрсетті.

«Трамп жоспарын» АҚШ профессоры Ллойд Трамп енгізді. Білікті мұғалімдер, профессорлар 100–150 оқушыға дәріс оқып болған соң, 10–15 оқушыдан тұратын шағын топтарға дәріс материалдарын талдатып, ол туралы өз пікірлерін айтады, пікір-сайыс өтеді. Аз топтардағы сабақты қатардағы мұғалім не топтағы жақсы оқушы жүргізеді. Мектеп кабинеттерінде, зертханаларында жеке жұмыстар жүреді. Дәріске – 40%, шағын топтардағы сабақтарға – 20%, жеке жұмыстарға – 40% оқу уақыты кетеді. Сынып болмайды, топтың құрамы өзгеріп отырады. Трамп жоспарымен эксперименттік мектептер жұмыс істеді. АҚШ мектептерінде қазіргі кезде қолданылады.

2. Сабақ – оқытудың негізгі формасы. Оқытудың сыныптық-сабақ жүйесі XVII ғасырда пайда болып, үш жүз жыл бойы дамып келеді. Мұндағы сынып дегеніміз – жас ерекшелігіне қарай тұрақты, бірге оқитын

оқушылардың құрамы, бұл жүйеде оқушылар мұғалімнің тапсырмасын сабақ барысында және үйге берілген тапсырманы орындайды.

Сыныптық-сабақ жүйесінің теориялық негізін XVII ғасырда чех педагогы Ян Амос Коменский тәжірибеге енгізді. Басқа оқытудың түрлерімен салыстырғанда, сыныптық-сабақ жүйесінің көптеген ұтымды тұстарын атап өтуге болады: сабақ құрылымын тиімді құру, барлық оқу-тәрбие үрдісін қамтамасыз ету, оны қарапайым дәрежеде басқару, оқу мәселесін талқылағанда оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігін пайдалану, белгілі міндеттерді шешу барысында ұжымдық ізденіс жасау, уақыт үнемдеу, сабақ үстінде әр оқушының рухани санасын арттыруға құлшынысының бәсекеге түсуі, жүйелілік және кезеңдік реттілікті жүзеге асырып, оның одан әрі дамуына, білімсіздіктен білімділікке жетіп отыруына ұмтылу.

Бұл оқытудың түрінде де кемшіліктер кездеседі: үлгерімі нашар оқушыларға қиын, ал жақсы оқытындардың қабілеті тежеледі, яғни сыныптық-сабақ жүйесі үлгерімі орташа деңгейдегі оқушыға бағытталған, сөйтіп, бір жағынан үлгерімі төмен деңгейдегі оқушының қабілеті жетпейтін күрделі тапсырмалар келсе, екінші жағынан өте талантты оқушылар үшін ыңғайланған оқу

объектісі болмайды, әр оқушының жеке қабілеті ескерілмейді, нәтижесінде, мұғалім осы үш түрлі деңгейге жекелеген жұмысты ұйымдастыру амалын қарастыруы көзделеді және оқытудың әдістері мен қарқыны, мөлшерін дәл межелей алу шеберлігі болуы керек. Сондықтан ғалымдар сыныптық-сабақ жүйесін жетілдіру жолдарын іздестіруде. Сыныптық-сабақ жүйесінің тиімді тұстары: сыныптық-сабақ жүйесінің басқа оқыту түрлеріне қарағанда тиімділігі бар, себебі оның бөліктері бір-бірімен байланысты, мұғалім барлық оқушылармен жұмыс істейді, оқушылардың бір-бірін оқытуына мүмкіндік жасалады. Оқушылар тәрбиеленеді, дамиды, бір-бірімен жарысады. Сабақ – оқу-тәрбие жұмысын реттейді, оны басқарады, балалар бір-бірімен бірлесіп жұмыс істейді, мұғалім оқушылардың сезім әлеміне әсер етеді, тәрбиелейді, көп оқушылармен жұмыс істейді. Сыныптық-сабақ жүйесінің мәні мен ерекшеліктері:

- жастары және дайындықтары бірдей оқушылардан сынып құрастыру. Сыныптың құрамы мектеп бітіргенше өзгермейді;

- оқу үдерісі өзара байланысты, бірінің соңынан бірі келіп отыратын сабақ түрінде жүреді;

- сынып жылдық жоспар, бағдарлама, тұрақты сабақ кестесі бойынша жұмыс істейді. Балалар мектепке жылдың бір уақытында қабылданады;

- сабақ бір оқу пәнін, тақырыпты түсіну үшін өткізіледі;

- оқушылардың жұмысына мұғалім басшылық етеді. Ол оқушылардың білім, іскерлік, дағды деңгейлерін анықтап, оларды жыл аяғында келесі сыныпқа көшіру туралы шешім қабылдайды;

- әр сабақта үш мақсатқа жету үшін жұмыстар жүргізіледі.

Сабақ – оқытуды ұйымдастырудың негізгі нысаны. Сабақ уақыты қысқа, сондықтан ол күрделі және жауапты кезең, себебі сабақтың сапасы оқушының дайындығына тікелей әсер етеді. Жақсы сапалы сабақ беру оңай жұмыс емес. Негізінен мұғалімнің сабаққа қойылатын талаптарды түсінуіне және орындауына байланысты. Талаптарды әлеуметтік сұраныс, оқушылардың жеке қажеттіліктері, оқыту мақсаты және міндеттері, оқу процесінің заңдылықтары мен принциптері анықтайды. Сабақ құрылымы сабақтың барысында (45 минут) оның құрамды бөліктерінің, кезеңдерінің бір-бірімен ұштасып, белгілі тәртіппен жүзеге асырылады. Олар мынандай болып келеді: Сабақты ұйымдастыру бөлімі (сабақтың тақырыбын белгілеп, оның мақсат-міндеттерін тұжырымдау). Сабақта үй тапсырмасын тексеру. Жаңа білімді немесе оқу материалын баяндау, түсіндіру жүзеге асырылады. Жаңа білімді пысықтау, бекіту (ауызша, жазбаша жаттығулар жасау, тәжіри-

белік және зертханалық жұмыстар жүргізу). Қорытындылау (оқушылар білімін бағалау), сабақтың аяқталуы. Үйге тапсырма беру, оны түсіндіру, т.б. үдерістер жүреді.

3. Сабақтарды жіктеу. Сабақты жіктеудің бір-біріне ұқсамайтын бір-неше бағыттары бар. Сабақты дидактикалық мақсатына қарай жіктеу (Огородников И. Т., Казанцев И. Н.), сабақ үрдісінің негізгі кезеңдеріне қарай (Иванов С. В.), дидактикалық міндеттеріне, оның сабақта шешілуіне орай, оқытудың әдістері мен оқушылардың оқу еңбегін ұйымдастыру тәсілдеріне қатысты. Сабақ классификациясы (жіктелуі) – сабақтарды құрылысы жөнінен топастыру, түрге бөлу. Дидактикада сабақ классификациясын анықтауға айрықша мән береді. Сабақты жіктеу әрбір пәннің ерекшеліктеріне, оқушылардың жас және таным қабілетіне де байланысты болып келеді. Мысалы, И. Н. Казанцев сабақты жіктеуді оқу материалының мазмұны мен дидактикалық мақсатына және өткізу әдісіне қарай белгілесе, С. В. Иванов оқыту үдерісінің ерекшеліктеріне қарай анықтайды. Профессор И. Н. Казанцевтің пікірі бойынша: алғашқы сабақ – әр пәннен оқу жылының басында өтетін сабақтар. Кіріспе сабақ – бағдарламаның күрделі тараулары мен тақырыптарынан өтетін бірінші сабақ. Жаңа білімді меңгеру сабағы – жаңа оқу материалы өті-

летін сабақ. Жаттығу сабағы – оқушылардың білімі мен дағдысын жаттықтыру сабағы. Тәжірибелік сабақ – оқушылардың алған білімін өмірде қолдану жолдарын көрсететін сабақтар.

С. В. Ивановтың классификациясы бойынша: Кіріспе сабақтар. Оқу материалымен алғашқы рет танысу сабағы. Жаңа білімді меңгеру сабағы. Меңгерген білімді тәжірибеде қолдану сабағы. Дағдылану сабағы. Қайталау, пысықтау және қорыту сабақтары. Бақылау сабағы.

Профессор Б. П. Есиповтың жіктеуі бойынша: Аралас сабақтар. Жаңа оқу материалымен танысу сабағы. Пысықтау сабағы. Қайталап жинақтау, қорыту сабағы. Оқушылардың білімі мен дағдысын жаттықтыру сабағы.

Ал М. И. Махмутов сабақты мақсатына қарай, дидактикалық мақсатына қатысты, меңгеруге тиісті материал мазмұнына байланысты және оқушының қабылдауына орай жіктейді. Ол сабақтың төмендегідей бес түріне тоқталып, 1) Жаңа оқу материалын өту сабағы; 2) Білім, дағды, қабілетті жетілдіру сабағы; 3) Жинақтау және жүйелеу сабағы; 4) Аралас сабақ; 5) Бақылау, білімге, дағды, қабілетке түзету енгізу сабағы деп шартты түрде бөледі. Сабақ жіктемесінің әртүрлілігі дидактикалық пайым мен тұжырымдардың болуы, тәжірибеде тұрақталған сабақ түр-

лерінің негізгі дидактикалық міндеттері мен оның кешендеріне байланысты. Атап айтқанда: 1) Кіріспе сабақ; 2) Жаңа сабақты өту; 3) Білімді бекіту сабағы; 4) Жинақтау сабағы; 5) Есептік-бақылау, аралас сабақ; 6) Диспут сабақтары. Сабақтың басқа түрлері өздік сабақ (репродуктивті түрі – ауызша және жазбаша; жаттығу); зертханалық сабағы; тәжірибе сабағы; экскурсия сабағы; семинар сабағы. Қорыту және пысықтау сабақтары негізгі екі дидактикалық міндетті шешуге бағытталған:

- оқушылардың теориялық білім деңгейлерін көрсетеді;
- бағдарламаның өзекті мәселелерін меңгеруде танымдық қызметке қатысты әдістерді қолдануын бұрынғы меңгерген білімнің маңызын ашу амалдарын, барлық бағдарлама бойынша өткен материалдарды оқушылардың игерудегі біліктілік, икем және қабілеттілігін тексеруге арналған.

Мұның өзі тоқсандық, жарты жылдық және оқу жылында жүргізіледі. Аралас сабақтың жіктемемен берген кіші құрылымының әдістемелік бөліктері оқыту ситуациясының жағдайына тәуелді болып келеді және мұғалімнің шеберлігіне де байланысты. Мұндай жағдайда сабақ құрылымы оңтайлы, жеңіл болып мұғалім өз жұмысына жауапты қарайды.

4. Сабақта оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру, мұғалімнің сабаққа дайындығы. Сабақта оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру – бұл оқушы мен мұғалімнің үйлесімді қызметі. Бағыттары: фронтальды – мұғалімнің барлық оқушылардың жеке және өздік жұмысын басқаруы, жеке-өзіндік жұмыс әр оқушының және топтың іс-әрекеті, оқушылардың топтық және жұптық қызметі. Мұғалімнің оқу қызметін фронтальды ұйымдастыруы барлық оқушылардың іс-әрекетінің бірлікте болуын басқару, яғни барлық оқушылар бірдей тапсырманы орындайды, жұмыс бәріне ортақ, барлық сынып талқылайды, нәтижені салыстырады, жинақтайды. Бұл әдіс оқушылар мен ұстаз арасындағы сенімді нығайтып, ұжымдық қарым-қатынасқа тәрбиелейді, пікірлерді талқылауы, басқаның ойын, өзінің ой-түйіндерімен салыстырады, қателерін табуға жаттығады.

Мұғалімге қойылатын басты талап оқушылардың ішінен ең тиімді ой-тұжырымды дәл таба білуі, оны алдын ала болжауы, оқу ситуациясын туғызуы, сабақтың міндеттеріне жауап іздеуі; барлық айтқысы келген ынталы оқушыны ықыласпен тыңдауы, оны мәдени тұрғыда қолдауы, мұнымен бірге қажетті сәттерде түзетулер енгізуі, әр оқушының мүмкіндігіне жол ашу. Жеке жұмысты ұйымдастыру сабағында әр оқушының өз-

дік іс-әрекеті ескеріліп, оған арнаулы әзірліктер жасалып, оқу мүмкіндіктері алдын ала есепке алынады: әдебиеттермен, анықтамалармен, энциклопедиямен жұмыс міндетін шешу, шығарма әзірлеу, реферат жазу. Жеке жұмысты ұйымдастыру барысында екі түрлі тапсырма орындалады; жеке және жекелендіру. Біріншісінің ерекшелігі, оқушы алдымен барлық сыныпқа берілген тапсырманы орындайды, басқа оқушымен қарым-қатынасқа түспейді, бірақ жұмыс қарқыны бәріне бірдей. Екіншісінің ерекшелігі, ол оқушы арнаулы тапсырманы орындауда өзінің танымдық іс-әрекетіне, өзінің оқу қызметінің режиміне орай жұмыс қарқынын белгілейді. Жеке жұмысты сабақтың барлық кезеңдерінде жүргізу тиімді және оны бекітіп отыру көзделеді, мұның өзі оқушының бұрын меңгерген білімдерін, қабілетін, дағдысын жетілдіріп отыруына ықпалы зор, сол секілді бақылау үшін зерттеу әдісін меңгеруге жол ашады. Сабақтың бұл түрі оқушыларды өзіндік іс-әрекетке тәрбиелейді, жинақылыққа, іскерлікке, өзінің мақсатын айқындауға таба білуге бағыттайды, бірақ бұл сабақта оқушылардың қарым-қатынасы шектеулі оны ұжымдық жұмыстың түрімен толықтыруға, топтық жұмыс ұйымдастыруға болады. Топтық жұмысты оқушылардың оқу еңбегін ұйымдастыру негізінде құруға мыналар жатады:

- оқу міндетін анықтау үшін сынып екі топқа бөлінеді;
- әр топ тапсырма орындайды (не бірдей, даралап берілген), ол топ ішінен бөлініп шыққан лидері мен немесе мұғалімнің басқаруымен өтеді;
- топтың енгізген жаңалығына орай тапсырмалар іріктеледі;
- топтың құрамы сабақтың мазмұнына қарай өзгереді;
- ең жоғары деңгейдегі оқушының мүмкіндігін ескеру қарастырылады;
- топтың және құрамның әртүрлі деңгейлікке орай оқушылардың қауымдастық құрамы сұрыпталады және мұның өзі оқушыларға байланысты.

Сабақтың топтық жұмыс түрінде оқушы саны көбейеді және жеке жұмыс барысында оқушыға не топ басшысының, не мұғалімнің көмегі қажет болып отырады (фронтальды және жеке жұмыс кезінде мұғалімнің көмек беруі қиындай түседі, сондықтан олар жеке жұмысқа көшкенге дейін кезек күтуге мәжбүр).

Топтық жұмыс практикалық жұмыстарды, зертханалық және жаратылыстану ғылыми тақырыптардағы практикалық жұмыстарды, сондай-ақ шет тілдерін меңгеруде, ауыз екі сөйлеуде тілді дамыту бағытында және еңбек сабақтарын өткізгенде өте тиімді. Жұмыстың бұл түрінде ұжымдық талқылау қолданыла отырып, өзара кеңес беріп, өлшемдік параметрлері күрделеніп, өздік жұмыс тиім-

ділігі жағынан бұрынғыға карағанда жақсара түседі. Әрбір қарастырылған оқыту қызметін ұйымдастыру түрлері оқушылардың сабақ барысындағы өзіне тән оқу-тәрбиелік міндеттерді жетілдіре түседі. Олар өзара, бірін-бірі толықтырып, дұрыс құрылған сабақтың жақсы нәтижесін көрсетеді.

Мұғалімнің сабаққа дайындығы.

Ол өзара байланысты екі кезеңнен тұрады: сабақтарды тақырып бойынша жоспарлау және осы жоспарлауды әрбір сабаққа сәйкес нақтыландыру, әрбір жеке сабақтың жоспарын терең ойластыру мен құрастырылады. Тақырыптық жоспарлау оқу бағдарламасының белгілі бір тақырыбы немесе тарауы бойынша өтілетін сабақтар мен сабақтан тыс оқу жүйесіндегі оқыту-тәрбиелік үдеріс немесе білім беру, дамыту және тәрбие беру қызметтерін жүзеге асыруының қолайлы жолдарын анықтау үшін қажет. Бір сабақты жоспарлау – мұғалімнің тиянақты бір сабаққа дайындығы, яғни сабақты жоспарлау, тақырыптық жоспарлауды әрбір жеке сабаққа сәйкес нақтыландыру, сабақтың негізгі мазмұны мен бағыты анықталғаннан кейін сабақтың жоспары мен қысқаша мазмұнының терең ойластыру мен құрастыру. Сабақ жоспары мұғалімнің жұмыс тәжірибесіне, біліміне, педагогикалық шеберлігінің деңгейіне қарамастан, әрбір мұғалім үшін қажет. Сабақтың жоспары, тақырыптық жоспар, бағдарлама мазмұны

негізінде, мұғалімнің оқушыларды және олардың дайындық деңгейін білуінің негізінде құрастырылады. Сабақты жоспарлауда және оны өткізу технологияларын дайындауда екі өзара байланысты бөліктен тұрады: сабақ мақсатын, оның әрбір қадамын терең ойластыру; арнайы дәптерге сабақ жоспарын белгілі бір түрде жазып алу. Сонымен, мұғалімнің сабаққа дайындығы дегеніміз – педагогтың оқу материалының тиянақты талдауы, оны оқып білу кезеңдеріне сәйкес құрастыруы, сонымен қатар оқушылардың осы материалмен жұмысы кезінде пайда болуы мүмкін сұрақтарды, жауаптарды, пайымдауларды – оны қабылдауы, түсінуі, т.б. Сабақтың осындай алдын ала талдамасы неғұрлым тиянақты жасалса, сабақ өткізу барысында кездейсоқ жағдайларға тап болу мүмкіндігі соғұрлым аз болады. Осындай мүқият талдаудан кейін және сабақтың құрылысын тиянақты ойластырған мұғалім сабақтың жоспарын жасайды. Сабақтың конспектісі, әсіресе жас мұғалімдер үшін толық және жан-жақты жасалады. Мұндай конспект мұғалімге тек бір сыныптағы ғана емес, сонымен бірге барлық параллель сыныптардағы жұмысы кезінде де қажет болады.

5. Дәстүрлі және дәстүрлі емес сабақтардың түрлері. XX ғасырдың 70-жылдарында орта мектептерде оқушылардың сабаққа, оқуға де-

ген қызығушылығы мен құлшынысы төмендеді. Бұл өзекті де өткір мәселеге тәжірибелі мұғалімдер назар аударып, сабақтың дәстүрлі емес түрлерін ұйымдастыруды жөн көрді, мұндағы басты мақсат оқушылардың білім алуға деген ынтасын тұрақтандыруды қолға алды.

Дәстүрлі сабақтың түрлері: Жаңа оқу материалын оқу сабағы. Іскерлік, дағдыны қалыптастыру. Қайталау сабағы. Білім, білік, дағдыларды қолдану. Аралас сабақ. Практикалық сабақ, т.б.

Қазіргі мектеп тәжірибесінде көптеп қолданылатын сабақ түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: Кіріспе сабағы. Жаңа білімді хабарлау сабағы. Білімді, білікті және дағдыны бекіту сабағы. Жаттығу және тәжірибе сабақтары. Зертханалық сабақ. Қайталау-қорыту сабағы. Оқушылардың білімдерін, біліктіліктері мен дағдыларын тексеру және бақылау сабағы. Аралас сабақ. Өздігінен білім алу сабағы.

Дәстүрлі емес сабақтың түрлері: Интеграциялық сабақ – пәнаралық байланысты жетілдіру мақсатында пайда болды. Мұндай сабақтарда бір тақырыпты түрлі пәндерден беретін мұғалімдер оқытады. Кіріктірілген сабақтың негізгі мақсаты – оқу материалдарын байланыстырып, сабақта оқушыларға терең білім беру, ойлау қабілетін дамытуға бағытталды.

Оқу материалдарын бағдарламаларға сай пәндер бойынша біріктіріп беру, оқушылардың жан-жақты тұтас, терең және берік білім алуына мүмкіндік жасайды. Сондықтан жыл сайын әрбір мұғалім пәндердегі ұқсас оқу материалдарын біріктіріп, яғни пәнаралық байланыс принципін қолданып, интегралдық жоспар жасайды. Ондағы материалдарды дер кезінде сабаққа пайдаланып, жүзеге асырады. Панорамалық сабақтың мақсаты – озат мұғалімдердің өзінің ұстаздық зертханасын ашып, сабақ беруі, яғни әдістемесін көпке тарату. Панорамалық сабақты өткізу үшін мұғалімге қойылатын ең бірінші талап оның сабақ берудегі өзгеге ұқсамайтын өзіндік әдісінің болуы. Мұғалімнің оқыту процесінде ең көп сүйенетін әдісі қандай, оның тиімділігі неде? Тыңдаушылар соны біліп, сезуі керек. Панорамалық сабақтарға қойылатын талаптардың бірі – мұғалімнің өткізген сабағын өзі талдап беруі. Панорамалық сабақ – бір тақырыпты өтуге, яғни тек бір сабақ арқылы оның көп жылғы игі тәжірибелерін көпке танытады. Сайыс сабақ сабақтың атына байланысты сыныпты екі топқа бөліп, білімдері бойынша сайысқа түсіреді. Мысалы: есеп шығару, сөйлем талдау. Алдын ала оқушылардың өзінен қазылар алқасы құрылады. Мұғалімнің көмегімен қай топтың жеңгені анықталады. Екі команда

капитандарының жарысы ұйымдастырылып, олардың да жауаптары салыстырылады. Соңынан қорытынды шығарылады. Аукцион сабақ – бір нәрсені сату арқылы өткізіледі. Сабақтың құрылымы: өткен сабақты тексеру, аукцион тәртібін түсіндіру, зат сату, финал, қорытынды. Сабақ кезінде сатылатын бірнеше заттар тұрады. Ол туралы көп білетін оқушы сатып алады. Мысалы: киіз үй, қолөнер бұйымдары. Шығармашылық сабақ оқушылардың шығармашылық жұмыс істеуіне баса назар аударылады. Бұл сабаққа өте жақсы оқитын оқушыларды тандап алып, топтарға бөлуге болады. Мысалы, 10 минут ішінде 1, 2-топтың оқушылары сол тақырып бойынша сөзжұмбақ құраса, 3, 4-топтың оқушылары олардың жауабын айтады. Бір тақырыпқа қысқа шығарма, сценарий, көркем немесе мультфильм құрастыруға болады. Қазылар алқасы әрбір топқа баға қояды.

Пәндік үйірмелер, шеберханалар, зертханалар. Сабақта пәнді оқу бағдарламасынан да көбірек білгісі келетін оқушылар анықталады. Үйірмеге оқушылар ерікті түрде қатысады, оған қатарлас сынып оқушыларын да, әр жастағы оқушыларды да қабылдауға болады. Үйірмеге басшылық ететін пән мұғалімі. Үйірмеде оқушылар курстың қызықты тақырыптарын тереңдетіп оқып, атақты ғалым, жазушылардың,

басқа да қайраткерлердің өмірі және қызметімен, ғылым және техниканың жаңа жетістіктерімен танысып, ғалымдардың мерейтойларына, ғылыми жаңалықтарға арналған кештер өткізеді, техникалық модельдер жасап, биологиядан тәжірибе жұмыстарын жүргізеді, зерттеушілермен кездесулер ұйымдастырады. Үйірме жұмысының негізінде ғылыми қоғамдар ұйымдастырылады, олар үйірмелердің жұмыстарын үйлестіріп, көпшілікке арналған іс-шаралар, байқаулар және олимпиадалар өткізеді.

Кеңестер – оқушыларға жеке тақырыптарды, бөлімдерді түсіну үшін беріледі. Кеңес кезінде оқушылар сұрақтар береді, өздері жауап беруге тырысады, мұғалімнің не шақырылған мамандардың берген түсініктерін тыңдайды. Ол сыныпқа, топқа, оқушыға беріледі.

Олимпиадалар және байқаулар. Олимпиадалар аудандық, облыстық, республикалық олимпиадалар алдында өткізіледі. Қазір алуан түрлі олимпиадалар мен байқаулар интернет желісінің көмегімен өткізіледі. Балалардың техникалық шығармашылығына арналған көрмелерде оқушылардың ең жақсы жұмыстары көрсетіледі.

Конференциялар. Олар оқуды ғылыми жұмысқа жақындатады. Оқушылар баяндама тақырыптарын өздері тандап, шағын зерттеу жұмыстарын

жүргізіп, нәтижелері бойынша сөз сөйлеуге әзірленеді. Конференцияны сыныпта, мектепте өткізуге болады. Конференцияны симпозиум түрінде өткізуге болады, онда мұғалім бір мәселені тұжырымдайды, ал оқушылар сол мәселені шешу туралы өздерінің ұсыныстарын алдын ала жазып келіп айтады. Конференция туралы оқушыларға алдын ала хабарланады. Оқушылар сұрақтар әзірлеп, мәселені талқылауға әзірленеді. Баяндамашыға мұғалім не мамандар кеңес береді. Конференцияның ұзақтығы 1–2 сағат. Бірнеше баяндама оқылады. Баяндаманы оқуға 7–10 минут бөлінеді, содан соң тыңдаушылар баяндамашыларға сұрақтар беріп, сын-пікірлер айтады және қосымшалар енгізеді. Конференцияның соңында мұғалім қорытындылап, баяндамашылардың жұмыстарын, белсенді шығармашылық қабілетін көрсеткен оқушыларды атап өтеді. Өз мәліметтерін келтірген, әдеби деректермен жұмыстанған оқушыларға ерекше назар аударылады. Конференцияда оқушылар түрлі көзқарастарды талдап, өз пікірлерін айтады. Конференция ересек жастағы оқушылар арасында өткізіледі.

Факультатив сабақтар – міндетті оқу курстарына сәйкестендіріліп, оқу пәндерін тереңдетіп оқытуға арналған. Білімдік міндеттер бойынша факультативтерде негізгі оқу пәндері терең қарастырылып, риторика, логи-

ка, шет тілі сияқты қосымша пәндер оқылады, мамандық беріледі.

Факультативтер теориялық және тәжірибелік түрде ұйымдастырылады. Оқушылар факультативтерді өздері таңдап алады, сондықтан олардың іс-әрекеті белсенді болады. Факультативтерге қызықтыру үшін мұғалім көкейтесті тақырыптарды, оқушыларға ыңғайлы іс-әрекет түрлерін таңдап, олардың ақыл-ойын, есін, қиялын, жеке қабілеттерін дамытатын құралдарды қолдану керек.

6. Сабаққа қойылатын талаптар.

I. Қазіргі сабаққа қойылатын дидактикалық талаптар:

- білімдік міндеттерді нақты қою, оқушылардың ой-өрісін дамытуға және тәрбиеге ықпалын анықтау;
- оқу бағдарламасының талабы мен сабақтың мақсатына сай, оқушылардың білім деңгейлеріне қарап сабақты жоспарлау, оқушылар меңгерген ғылыми білімдерді, іскерлік дағдыларды анықтап отыру;
- оқытудың тиімді әдістерін, тәсілдерін және құралдарын таңдау, оқушыларды ынталандыру, меңгеру барысын бақылау, танымдық белсенділікті арттыру, ұжымдық және жеке жұмыс түрлерін ұштастыру, өздік жұмыстарды ұйымдастыру;
- оқыту принциптерін қолдану;
- оқушылардың жақсы оқуына жағдай жасау.

II. Сабаққа қойылатын психологиялық талаптар:

- оқу пәні және нақты сабақ арқылы әр оқушының дамуын жобалау;
- оқушыларды дамытатын психологиялық-педагогикалық құралдарды, әдістемелік тәсілдерді табу;
- оқушылардың репродуктивтік және шығармашылық жұмыстарының көлемін анықтау; жұмылдыра білуі. Ақыл-ойының дамуы;
- білім деңгейлеріне сәйкес оқушыларды топтарға бөлу, олардың әрқайсысымен жеке жұмыстар жүргізу. Жаппай жұмысты ұйымдастыру. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру:

- жақсы және нашар оқитын оқушылармен жұмысты жоспарлау;
- оларға жеке тапсырмалар беру;
- әрбір оқушының белсенді оқуына жағдай жасау.

III. Сабаққа қойылатын гигиеналық талаптар:

- қалыпты температураның болуы;
- ауаны тазарту;
- жарықтың болуы;
- балаларды шаршатпау;
- іс-әрекетті түрлендіріп отыру.
- сергіту сәтін уақытында және сапалы өткізу;
- оқушылардың жұмыс істеген кездегі дұрыс қимыл-қозғалыстары;
- сынып жиһаздарының оқушының дене бітістеріне сәйкес келуі және оның өсуіне ықпалы.

IV. Сабақты өткізудің техникасына қойылатын талаптар:

- сабақтың әсерлілігі, оқуға қызығушылықты және білімге деген сұранысты арттыруы;
- сабақтың қарқынының оқушыларға қолайлылығы, мұғалім мен оқушы жұмыстарының нәтижелілігі;
- мұғалім мен оқушы арасында жұмыс барысында пайда болатын тығыз байланыс. Әр оқушыға сенім білдіру;
- мұғалім көңілінің көтеріңкілігі, белсенді шығармашылық жұмыс.

V. Тәрбиелік талаптар:

- оқу материалының, іс-әрекеттің тәрбиелік мүмкіндігін анықтау, орындалатын тәрбиелік мақсат қою;
- оқу жұмысының мақсаты мен мазмұнынан туындайтын тәрбиелік міндеттер қою;
- оқушылардың бойында өмірге керекті қасиеттерді, атап айтсақ: табандылықты, ұқыптылықты, жауапкершілікті, зейінділікті, адалдықты, ұжымшылдыққа тәрбиелеу;
- балалармен ынтымактасу, олардың табысқа жетуіне көмектесу
- ізгілендіру, әрбір баланың жеке ерекшелігіне сүйеніп тәрбиелеу.

Сабақ арқылы оқушыны дамыту талабы:

- балалардың оқу-танымдық іс-әрекетке қызығушылығын ояту, шығармашылық бастамаларын және белсенділіктерін қолдау;

- оқушылардың даму деңгейін зерттеу және есепке алу; дамудағы сапалы, жаңа өзгерістерді қуаттау.

Барлық сабақтар талданады және талдаудың мақсаты:

- оқушылардың білім, іскерлік және дағдылардың сапасын бақылау;
- мұғалімге нұсқаулар беру;
- педагогикалық шеберлікке жетуге ынталандыру;
- мұғалімнің жетістігі мен кемшіліктерінің себептерін анықтау, кемшіліктерді жоюға көмектесу;
- мұғалімнің атқаратын жұмыстарын белгілеу.

Сабақтарды өткізу деңгейлеріне қарай төмендегідей баға беріледі:

А. жақсы: мұғалімнің сабақ мақсатына сай оқушылармен кері байланысы болып, қиыншылықтарды жеңуі;

ә) өте жақсы: мұғалімнің оқушыларды мәселені шешуге қатыстыруы және сол арқылы тақырыпты меңгертуі;

б) орташа: оқушылардың білімін және іскерліктерін анықтауы және тақырыпты сабақ мақсатына сәйкес ашуы.

Негізгі әдебиеттер:

1. Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы / Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. – Алматы, 2002. – 384 б.
2. Педагогика. Дәріс курсы. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2003. – 368 б.
3. Краевский В.В. *Общие основы педагогики: Учеб. для студ. высш. пед. учеб. заведений.* – М.: Издательский центр «Академия», 2003. – 256с.
4. Сейталиев Қ.Б. *Педагогиканың жалпы негіздері.* – Атырау: «Атырау университетінің баспасы», 2004. – 271 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Әбенбаев С., Әбиев Ж. *Педагогика.* – Астана: «Фолиант», 2009. – 336 б.
2. Бабаев С. Б. *Педагогика: жалпы негіздері және тәрбие теориясы. Оқу құралы.* – Алматы: Нұр-пресс, 2008. – 124 б.
3. Баженова И. Н. *Педагогикалық ізденіс.* – Алматы, 1990. – 574 б.
4. Бержанов Қ., Мусин С. *Педагогика тарихы (қысқаша курс).* – Алматы: «Мектеп», 1971. – 242 б.
5. Білім және ғылым. *Энциклопедиялық сөздік.* / Бас редактор Ж. Қ. Түймебаев. Ред. алқасы: А. Е. Әбілқасымова, И. Б. Бекбоев, Н. Б. Қалабаев, Е. Ә. Оңғарбаев, С. Ж. Пірәлиев, М. В. Рыжаков. – Алматы, 2009. – 400 б.
6. Пидкасистый П. И. *Педагогика: Учебное пособие.* – Москва: «Педагогическое общество России», 2008. – 640 с.

3.4. Оқыту әдістеріне сипаттама

Жоспары:

1. Оқыту әдістері, тәсілдері және құралдары туралы жалпы түсінік.
2. Оқыту әдістерін жіктеу.
3. Оқыту әдістерін таңдау.

Негізгі ұғымдар: оқыту әдістері, әдістеме, оқыту тәсілдері, оқытуды ынталандыру, көрнекі құралдар, дидактикалық материалдар.

Басқа пәндермен байланысы: психология, элеуметтану, педагогика тарихы.

1. Оқыту әдістері, тәсілдері және құралдары туралы жалпы түсінік. Жалпы білім беретін орта мектепте оқыту әдістері кеңінен қолданылады, нақты түсінік беретін болсақ, педагогикалық энциклопедияда: «Оқыту әдістері – мұғалім мен оқушылар жұмысының тәсілдері, солардың көмегімен білімді, іскерлікті және дағдыны игереді, оқушылардың дүниетанымы қалыптасады, қабілеттері дамиды», – деп сипаттама берілген. Ал әдіс сөзінің этимологиясы (грек. «*metohodos*» – танып-білудің немісе зерттеудің жолы, теория, ілім) – танып білу жолы деген мағынаны береді. Ол іс-әрекеттің тәсілі, шындықты меңгерудің практикалық және теориялық тәсілдер мен операциялардың жиынтығы. Яғни, оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған

міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдер жиынтығынан тұрады. Оқыту әдістері жеке тұлғаның танымдық қызығушылығын туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытудың ең басты проблемасы оқушылардың танымдық мотивіне әсер ету болып табылады. Тәсіл – оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл арқылы оқу материалын түсінуге үлес қосады. Оқыту тәсілдерінің түрлері:

- ой, зейін, ес, қабылдау, қиялды жақсарту тәсілдері;
- мәселелі жағдаят тудыруға көмектесетін тәсілдер;
- оқушылардың сезімдеріне әсер ететін тәсілдер.

Сонымен, тәсілдер оқыту әдістерінің құрамына кіреді, әдістің жүзеге асуына көмектеседі. Оқыту әдістерінің басты қызметі – оқытуды ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру болып табылады. Оқыту құралдары – білім алу, оны тәжірибеде қолдану, тез шешім қабылдау, іскерлікті жасау көзі. Оған көрнекі құралдар, оқулықтар, дидактикалық материалдар, техникалық оқыту құралдары, станоктар, оқу кабинеттері,

зертханалар, муляж, нақты объектілер және т.б. жатады.

2. Оқыту әдістерін жіктеу. Әдістер белгілі бір оқу-тәрбие үдерісінде бірнеше талаптар бойынша топтарға бөлінеді. Ол негізінен психологиялық, педагогикалық аспектілер негізінде жүзеге асырылады.

XIX ғасырдың 20–30 жылдарында Б. Е. Райков, К. П. Ягодовский түсіндіру, тәжірибелік, зерттеу, зертханалық әдістерін жетілдірді. Оқушылар сөзден, кітаптан, тәжірибелік жұмыстардан білім алады. Осыны ескеріп 20–30 жылдарда Н. М. Верзилин, Е. Я. Голант сөздік, тәжірибелік, көрнекілік әдістерін ұсынады.

Профессорлар М. А. Данилов, Б. П. Есипов дидактикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістерді топтастырды. Олар: білім алу, іскерлік және дағдыларды қалыптастыру, білімді қолдану, шығармашылық іс-әрекет, бекіту, білім, дағдыларды тексеру деп жіктеген болатын. Ғалымдардың пікірлері бойынша, оқыту әдісі – дидактикалық мақсатқа жету үшін оқушылардың іс-әрекетін реттеп, ұйымдастыру тәсілдері деп анықтама береді. Ал И. Я. Лернер мен М. Н. Скаткин оқыту әдістерін оқушылардың танымдық жұмыстарының түріне қарай топтастырды. Олар балаларға ақыл-ой жұмысының, өз бетімен білім алудың жолдарын көрсетеді. Яғни, мұғалім

нің басшылығымен жұмыс істейтін оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруды негізге алады. Репродуктивтік әдіс арқылы оқушы «дайын» білімдерді есінде сақтап, кейін қатесіз айтып бергенімен, оның ақыл-ой белсенділігі төмен болады. Эвристикалық әдіс арқылы ақыл-ой жұмысы күшейеді, оқушы білімді өзінің танымдық іс-әрекеті арқылы алады. Бұл әдіс бастауыш сынып оқушыларына кеңінен қолданылады. Бірақ сабақты тұрақты түрде эвристикалық, зерттеу әдістерімен өткізу мүмкін бола бермейді.

Профессор Ю. К. Бабанский оқу-танымдық іс-әрекетті ынталандыру әдістерін кеңінен зерттеді. Ол іс-әрекеттерді үшке бөлді: ұйымдастыру, ынталандыру, бақылаудан тұратынын атап көрсетіп, әдістерді оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру, ынталандыру, бақылау әдістері деп сипаттама берді. Ал М. И. Махмутов оқыту әдістерін жаңа мазмұнда жіктеген болатын. Оқыту әдістері: а) ақпарат беру әдісі, ә) түсіндіру әдісі, б) ынталандыру әдісі, в) тәжірибелік әдіс және т.б. деп келтіреді. Бинарлық әдістер бір-бірімен тығыз байланысты оқыту мен оқудың тәсілдерін (хабарлау, мақсаттар қою, мұғалімнің тапсырма беруі, оқушылардың тыңдауы, жаттығулар орындауы, есептер шығаруы, мәтінді оқуы және т.б.) қолдануды талап етеді. Мысалы, мұғалім оқушыларға деректер мен

ережелерді хабарлайды, заттарды көрсетеді, мәнін түсіндіреді, оларға сұрақтар қояды. Егер оның арасында түсіндіру тәсілдері, дәлірек айтсақ деректерді талдау, салыстыру, хабарлау және т.б. басым болса, онда оқыту әдісін түсіндірмелі деп атауға болады. Егер негізгі тәсіл ақпараттарды, деректерді ұсынумен шектелсе (мысалы, мұғалім оқушыларға ережелерді жаттауды ұсынады, бірақ ереженің мәнін түсіндірмей, оны жаттау тәсілін айтады), онда оқыту әдісі ақпараттық-хабарлау немесе оны жай ғана хабарлама әдісі деп атайды. Осыған сәйкес бірінші жағдайда оқушылар заттарды бақылап деректерді есінде сақтайды, мұғалімнің түсіндіргенін тыңдайды және ой елегінен өткізеді, ақпараттық сұрақтарға жауап іздейді. Бұл жерде оқу әдісі репродуктивтік, дәлірек айтсақ, жаңа ережені оқушылар дайын күйінде меңгереді (оқушылар деректерді талдап, ережелер шығармайды). Егер оқыту әдісі хабарлау әдісі болса, оқудың негізгі тәсілі жаттау немесе оқушылардың үлгі бойынша жұмыс істеуімен сипатталады. Мұндай оқу әдісін шартты түрде орындаушылық деп атаймыз. Сондықтан оқушының кітаппен жұмысы оқу әрекетінің тәсілі болып табылады. Егер де оқушы мәтінді талдаса, түсінгенін өз сөзімен айтса, онда кітаппен жұмыс оқу әдісі болып табылады. Егер монологтық баяндау әдісі қолданылса,

онда мұғалім әңгімелейді, ғылымның дайын қорытындыларын, ережелерін, деректерін хабарлап оқиғаларды суреттейді, іс-әрекеттің үлгілерін көрсетеді және оқушыларға тапсырмалар береді. Эвристикалық әдісті қолданғанда мәселелік деңгей (оқушылардың белсенділігі) едәуір артады, эвристикалық әңгімелерге танымдық (логикалық) есептер және проблемалық тапсырмалар орындалады. Оқушылар мұғалімнің көмегімен «жаңалық» ашады, бірақ оқушылар өз бетімен жұмыс істейді. Зерттеу әдісін қолданғанда мұғалім оқушыларға тәжірибелік сипаттағы тапсырмалар (тәжірибе жүргізу, деректерді жинап, оларды өз бетімен талдау және қорытындылау, өз ойын дәлелдеуге қажетті материалдарды жинау, т.б) береді. Аталған талдау негізінде біз бірнеше әдістерге сипаттама береміз.

Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс. Бұл әдіс арқылы оқушылар ақпараттарды меңгереді. Оны басқаша ақпараттық-рецепция (лат. «*receptio*» – қабылдау) әдісі деп атайды. Осы әдіс арқылы мұғалім дайын ақпараттарды оқушыларға түрлі құралдармен түсіндіреді, ал оқушылар ақпараттарды түсініп, естерінде сақтайды. Ақпараттар әңгіме, дәріс, түсіндіру, кітаппен жұмыс, қосымша құралдар, көрнекі құралдар арқылы беріледі. Мұғалім – есептер шығарады, теоремаларды дәлелдейді,

жоспар құруға үйретеді. Оқушылар – мұғалімнің іс-әрекетін қайталайды, тыңдайды, көрнекіліктеріне қарайды, заттармен жұмыс істейді, оқиды, бақылайды, жаңа оқу материалдарын бұрынғы білімдеріне қосады.

Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс арқылы адамзат жинақтаған тәжірибені аз уақыт ішінде беруге болады. Оның тиімділігі ғасырлар бойы тексерілген және көп елдерде қолданылады. Көп ғасырлар бойы білім беру үшін мұғалімнің сөзі, оқу кітаптары, көрнекі құралдар қолданылады.

Қазіргі кезде ақпараттар техникалық құралдар арқылы алуға болады. Оқу кинолары, телехабарлары зат және құбылысты жақсы қабылдап, түсінуге көмектеседі. Олар арқылы өсімдіктің қалай өсетінін, ғарыштағы микроағзалардағы құбылыстарды көреді. Жұмыс істеп тұрған үлгілерді, табиғи объектілерді демонстрациялауға мүмкіндік бар. Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс бастауыш мектептерде кең тараған. Ол арқылы білім «дайын» күйінде беріледі. Мұғалім материалды қабылдауға көмектеседі, оны оқушылар түсініп, естерінде тез қалдырады.

Репродуктивтік әдіс. Бұл әдіс арқылы мұғалім оқушының іскерлігін және дағдыларын қалыптастырып, тапсырмалар беріп, өзі меңгерткен білімді, үйреткен іскерлік дағдыларын оқушыларға қайталайды. Оқушылар мұғалімнің есебіне ұқсас есеп-

тер шығарып, тіл сабақтарында үлгі бойынша жіктейді, есептейді, жоспар құрып, мұғалімнің нұсқауымен станоктармен жұмыс істеп, химиядан, физикадан тәжірибе жасайды.

Репродуктивтік әдіс – мұғалімнен ұйымдастырушылық қабілетті талап етеді. Мұғалім сөздік, көрнекілік, тәжірибелік әдістер арқылы жаңа оқу материалын түсіндіреді, ал оқушылар оларды тапсырмаларды орындау үшін қолданады. Оларға ауызша түсіндіру, қалай жұмыс істеуді айтумен қатар, жұмыс істеуге керек сызбалар, кинодан үзінділер көрсетіледі. Білімнің көлемі көп болғанда репродуктивтік әдіс түсіндірмелі-иллюстративтік әдіспен бірге қолданылады. Оқушыларға алгоритм беріледі. Алгоритм – оқушыға зат не құбылысты толық білуге көмектесетін бағыт беретін іс-әрекеттердің жүйесі. Алгоритмдер бірнеше операциялары бар дағдыларды қалыптастыруға пайдалы, себебі күрделі іс-әрекеттен оның жеке операциялары бөлінеді. Репродуктивтік әдіс бағдарламалық оқытумен тығыз байланысты. Ол арқылы тәжірибелік жұмыстар атқарылады. Оқушылар өз бетімен меңгере алмайтынын, олар үшін мүлдем жаңа тақырыптарды репродуктивтік әдіспен беру керек. Аталған әдісті шектен тыс қолдану жаттандылыққа әкеліп, оқушының шығармашылығын, ақыл-ойын дамытпайды. Себебі репродуктивтік

әдісті қолданғанда оқушылар үлгі, нұсқау бойынша жұмыс істейді.

3. Оқыту әдістерін таңдау. Білім беру жүйесінде оқыту әдістерін таңдаудың дидактикалық мақсатқа, оқушылардың білім деңгейіне мұғалімнің өзінің дайындық деңгейіне байланысты жүзеге асырылады. Әңгіме – оқу материалын ауызша баяндау деп аталады. Ағартушы-педагог А. Байтұрсынұлы: «Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас», – дейді. Сөз өнерінің айшықты болуы сөздің дұрыстығына, тілдің анықтығына, дәлдігіне, көркемділігіне, тіл тазалығына байланысты екенін дәлелдеп, кейіптеу, бейнелеу (ұқсату), әсірелеу тәсілдерінің мәнін ашады. Ал М. Дулатов болса, оқытудың баяндау, әңгіме, түсіндіру әдістеріне ерекше мән беріп, тұрмыс-салтқа, әдет-ғұрыпқа байланысты тақырыптарды әсерлі баяндаудың тәсілдерін көрсетіп берді. Ол: «баланы толық жауап беруге әдеттендіру керек», – дейді. Сөйтіп, оқытушы көркемдеп оқытудың жаңаша жолдарын ұсынып, мұғалімдерден соны іс-әрекеттерді талап етеді. «Балалар дұрыс оқи алмай, қиналған жерде мұғалім өзі оқып, көрсету керек», – дейді.

Сөздік әдісі мектептің барлық сапыларында қолданылып, әңгіменің сипаты, көлемі, ұзақтығы өзгереді. Әңгіме арқылы жаңа білімді хабарлау үшін оған кейбір талаптар қойылады. Олар:

- әңгіменің оқушылардың адамгершілігіне әсер етуі;
- әңгімеде дәлелді және ғылыми деректердің болуы;
- ой-пікірдің дұрыстығын дәлелдейтін жарқын және нанымды мысалдардың, деректердің жеткілікті болуы;
- әңгіменің жүйелі болуы;
- әңгіменің әсерлілігі;
- тілінің қарапайымдылығы және түсінікті болуы.

Түсіндіру – жеке ұғым, құбылыстарды, құралдар, көрнекі құралдардың жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін ауызша баяндау. Мысалы, шет тілі сабағында жаңа мәтінді түсіндірер алдында оқушыларға жаңа сөздердің мағынасына, қолданылуы мен мәніне сипаттама беріледі. Мұғалім оқушыларға таныс емес құралдарды немесе басқа көрнекі құралдарды сабаққа алып келіп, жаңа материалды түсіндірмес бұрын оларды оқушыларға жеткізеді. Түсіндіру әдісі жаңа тақырыпты ашу мен оқушыларға жеткізуде жиі қолданылады. Химиялық, физикалық, математикалық есептерді шығарғанда теоремаларды оқығанда, табиғат және қоғам құбылыстарының түрлі себептерін және салдарын ашу кезінде түсіндіру әдісі жиі қолданылады. Түсіндіру әдісіне қойылатын талаптар:

- сұрақтарды дәл және анық тұжырымдау;
- себеп-салдар байланысын ашып, дәлелдер келтіру;

- салыстыру;
- қатар қою, мысалдар қолдану;
- жүйелілік, т.б.

Түсіндіру – оқыту әдісі ретінде әр жастағы балалар тобымен жұмыс жасағанда қолданылады. Бірақ орта және жоғары сатыларда оқу материалының күрделеніп, оқушылардың ақыл-ой жұмысының мүмкіндіктері өскенде, бұл әдіс кіші жастағы оқушылармен жұмысқа қарағанда көбірек қолданылады.

Әңгімелесу әдісі – оқытудың диалогтық әдісі, мұғалім оқушыларға мұқият ойластырылған сұрақтарды жүйелі қою арқылы олардың жаңа оқу материалын меңгеруіне жағдай жасап, бұрын оқылған материалдарды қалай меңгергенін тексереді. Әңгімелесу – дидактикалық әдістің ескі түрі, оны Сократ шебер түрде қолданған, сондықтан әңгімелесу әдісін Сократ әдісі деп атайды. Оқу материалының мазмұны, оқушылардың шығармашылық танымдық қызметіне қарай дидактикалық процестегі әңгімелесу әдісінің көптеген түрлері бар. Олар: кіріспе немесе сабақты ұйымдастыратын әңгіме, жаңа білімді қалыптастыру (сократ, эвристикалық), жинақтаушы, жүйелеуші және бекітуші әңгімелер арқылы оқушылардың іс-әрекетінің жаңа түріне, жаңа білімді тануға дайындық деңгейі анықталады.

Эвристикалық әңгімелесу барысында мұғалім оқушылардың білімі

мен тәжірибесіне сүйеніп, олардың жаңа білімді түсінуін, қорытынды жасауын жеңілдетеді. Бірлескен іс-әрекет арқылы оқушылар өздері еңбектеніп, ойланып жаңа білім алады. Білімді жинақтайтын, бекітетін әңгіме оқушылардан теориялық білімдерін, оны қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған. Оқушы өз білімін жаңа оқу мәселелерін шешуге қолданады. Әңгімелесу барысында мұғалім сұрақты бір оқушыға (жеке әңгімелесу) немесе барлық сынып оқушыларына (жаппай) қояды. Әңгімелесудің мұндай түрі – оқушымен әңгімелесу. Оны сыныппен, оқушылардың жеке топтарымен өткізуге болады, әсіресе жоғары сынып оқушылары өз пікірлерін айтып, сұрақтар қойып, мұғалім ұсынған тақырыпты талқылайды. Әңгімелесудің нәтижесі көп жағдайда сұрақтардың дұрыс қойылуына байланысты. Әңгімелесу әдісінің тиімділігі:

- ес пен тілді дамытады;
 - оқушылардың оқу-танымдық қызметін белсенділігін арттырады;
 - оқушылардың шешендігін дамытады;
 - үлкен тәрбиелік ықпалы бар.
- Әңгімелесу әдісінің кемшіліктері:
- уақыттың көп кетуі;
 - оқушының психологиясына әсері;

Оқу пікірталастары оқытудың сөздік әдістерінің ішінде елеулі орын алады. Оның оқыту процесіндегі ең

басты қызметі – танымдық қызығушылықты ынталандыру, оқушыларды қандай да мәселе бойынша түрлі ғылыми көзқарастарды белсенді түрде талдауға қатыстыру, басқа жеке тұлғаның және өзінің көзқарастарының негіздерін түсінуге жағдай жасау. Пікірсайыс өткізу үшін оқушылардың дайындығы, талданатын мәселе бойынша кем дегенде екі қарама-қарсы көзқарас болу керек.

Оқу пікірсайыстары оқушылардың өз ойларын анық және дәл тұжырымдау іскерлігінің болуын, дәйекті дәлелдерді құрастыра білуін талап етіп, оларды ойлауға, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеуге, ой жарыстыруға үйретеді. Мұғалім сөз мәнерінің үлгісі болып, оқушылардың ой-пікірлерін тыңдап, оған әдепті түрде түзетулер енгізіп, өз пікірінің ақиқаттығына таласпай, соңғы сөзді айтуға құқығы бар екендігін оқушылардың естеріне салуы қажет.

Оқу-пікірталасы негізінен мектептің жоғары сыныптарында, ішінара, орта мектептің бастауыш сыныптарында қолданылады. Жақсы өткізілген пікірсайыс балаларға білім және тәрбие береді, мәселені терең түсінуге, өз пікірін қорғауға, басқалардың пікірімен санасуға үйретеді.

Кітаппен және оқулықтармен жұмыс әдісі – оқытудың маңызды әдісі. Бастауыш сыныптарда кітаппен жұмыс сабақта мұғалім басшылығымен жүзеге асады. Одан әрі оқу-

шылар кітаппен жұмыс істеуге өздері үйренеді.

Баспа материалдарымен және өз бетімен жұмыс жасаудың кейбір тәсілдері бар. Олар:

- конспектілеу – кітаптың мазмұнын қысқаша баяндау;
- мәтіннің қарапайым және күрделі жоспарын жасау. Жоспар құру үшін мәтінді оқып болған соң оны бөліктерге бөліп, әр бөлікке атау беру керек;
- тезис құрастыру – кітаптың негізгі ойларын қысқаша баяндау;
- сілтеме алу – мәтінді сөзбе сөз көшіру. Міндетті түрде автор, кітап (жұмыс) аты, баспасы, шыққан жылы, беттері көрсетіледі;
- аннотация – мәнді, елеулі мағынасын жоғалтпай мазмұнды қысқа баяндау;
- рецензиялау – оқу материалы туралы өз ойын қысқа жазу;
- анықтама жазу – тапқан кітап, журнал және т.б. мағлұмат көзі туралы мәлімет. Анықтамалар статистикалық, библиографиялық (өмірбаяндық, терминологиялық, географиялық және т.б.) түрде болады;
- тақырыптық тезаурус – бөлім, тақырып бойынша негізгі ұғымдарды ретке келтіру.

Оқушылар үшін білім көзі бақылау, мұғалім сөзі, баспа материалдары болып табылады. Оқулықтар, оқу құралдары, ғылыми-көпшілік әдебиеттер және журналдардан оқу-

шылар түрлі ақпараттар алып, сабақта алған білімдерін бекітуге, кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік алады, өз бетімен білім алу әдістерімен қаруланады. Кітаппен жұмыс әдісін меңгеру үшін ең алдымен оның тәсілдері меңгеріледі.

Кітаппен жұмыс істеу тәсілдерін меңгеруде бастауыш мектепте қолданылады. Мұндай оқудың мақсаты мәтінді түсіндіру, оқушыларға мәтінді толық меңгерту, оған мәтіннің негізгі идеясын ұқтыру. Жаңа ақпаратты түсіндірудің құнды әдісі – мәтінді талдау. Мұғалім кітаптар мен журналдарды тақырыпқа сай қолданады. Осы өздік жұмыстың жиі қолданылатын тәсілдері:

- Белгілі бір ақпарат алу және оны бекіту мақсатымен кітапты оқып шығу. Осы мақсатқа жету үшін мұғалім оқушыларға қысқа мерзім ішінде мәтінді қалай түсінуге болатындығын айтады. Әдетте, оқушылар мәтінді бір рет оқып шыққан соң, оны талдап, мәтіннің жоспарын жасайды.

- Түсініксіз сөйлем және сөздердің мағынасын сөздік немесе энциклопедия арқылы ашып, қосымша әдебиеттерден ақпараттар алып, керекті мәліметтерді конспектілеп, оқығанын өз сөзімен айтып көреді. Мұғалім оқушыларды мәтіндегі негізгі ойды бөлуге үйрету керек. Жоспар жасау үшін мәтіндер бір-бірімен өзара байланысты бөліктерге бөлінеді де, әр бөлікке атау беріледі.

- Қосымша әдебиеттерді қолдану үшін оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілеті болуы керек. Оқушылардың кітаптар мен журналдарды сыни тұрғыдан оқуының да үлкен маңызы бар. Идеялардың матрицасы – әртүрлі авторлардың еңбектеріндегі біртекті ойлар мен құбылыстарға салыстырмалы сипаттама беру.

Оқытуда қолданылатын көрнекілік әдістер. Ғұлама-ойшыл әл-Фараби: «Оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік», – деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Оқу материалын меңгеру көп жағдайда оқыту процесінде қолданылатын көрнекі құралдарға және техникалық құралдарға байланысты. Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланысты қолданылады және құбылыстармен, объектілермен оқушыларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, объектілердің символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды. Қазіргі кезде мектепте осы мақсатпен интерактивтік техникалық құралдар кең қолданылады.

Көрнекілік әдістерін шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады: иллюстрация және демонстрация. Иллюстрация әдісі арқылы оқушыларға иллюстрациялық құралдар,

атап айтсақ слайд, кесте, картина, географиялық карта, тақтадағы суреттер, үлгілер көрсетіледі.

Демонстрацияның (көрсету) оқыту әдісі ретіндегі ерекшеліктері – заттар мен құбылыстар тәжірибе жасау арқылы немесе техникалық құралдардан, бейнефильмдерден көрсетіледі. Оқу процесіне жаңа техникалық құралдарды енгізу (теледидар, бейнетаспа және т.б.) оқытудың көрнекілік әдісінің мүмкіндіктерін кеңейтті.

Қазіргі уақытта көрнекі құралдардың жаңа түрі – контент, бейнетаспа әдістеріне ерекше көңіл бөлінуде. Олар оқушыларға бұрын оқулық мәтінінен меңгерілген көптеген процестерді қозғалыста, көрнекі түрде көруге мүмкіндік береді. Компьютерлер, көрнекілік әдістерінің оқыту процесіндегі мүмкіндіктерін елеулі түрде кеңейтеді. Оқытудың көрнекілік әдісінің шарттарды:

- көрнекіліктің оқушылардың жасына сәйкестігі;
- көрнекілікті сабақтың керек сәтінде қолдану;
- демонстрацияланған затты барлық оқушылардың көруі;
- иллюстрацияның ең бастысын, мәндісін нақты бөлу;
- құбылыстарды демонстрациялау кезінде берілетін түсініктерді мұқият ойластыру;
- демонстрацияланатын көрнекіліктің оқу материалы мазмұнымен сәйкес келуі;

- көрнекі құрал мен демонстрациялық қондырғылардан керекті мәліметтерді табуға оқушыларды қатыстыру.

Оқытудың тәжірибелік әдістері арқылы оқушылар тәжірибелік қызметпен айналысып, тәжірибелік іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырады. Тәжірибелік әдістер: жаттығулар, зертханалық және практикалық жұмыстар. Жаттығудың көмегімен ақыл-ой және тәжірибелік іс-әрекет меңгеріледі. Ол барлық пәндерді оқуда, оқу процесінің түрлі кезеңдерінде қолданылады. Оның сипаты және әдістемесі оқу пәнінің ерекшелігіне, нақты оқу материалына, оқушылардың жасына байланысты. Жаттығу сипатына қарай ауызша, жазбаша, графикалық және оқу-еңбек деп бөлінеді. Оқушылардың өз бетімен жұмыс істей білу деңгейіне қарай жаттығулар бірнеше түрге бөлінеді:

- белгілі білімдерді еске түсіріп, оны бекіту мақсатындағы жаттығулар;
- білімді жаңа жағдайда қолданып жаттығу.

Егер оқушы іс-қимылдарды ауызша айтса, онда оны түсіндіру арқылы жаттығу деп атайды. Мұғалім оқушы іс-әрекетінен қателіктер тауып, оқушылардың іс-әрекетіне түзетулер енгізеді. Жаттығулардың ерекшеліктері: ауызша жаттығулар логикалық ойды, есті, тілді оқушылардың зейі-

нін дамытуға көмектеседі. Жазбаша жаттығулар білімді бекіту және оны қолдану іскерлігін жасауда қолданылады. Оларды қолдану логикалық ойды дамытуға, жазбаша тіл мәдениетін дамытуға көмектеседі. Әрбір оқу пәнінің міндетті бөлігі – ана тілінен шет тіліне аудару, берілген тақырыпқа шығарма жазу, суретпен жұмыс, өз бетімен мысалдар және есептер, кесте құрастыру, диаграмма, баяндама, көрініс әзірлеу. Жаттығуды орындау алдында оқушыларға теориялық материал түсіндіріліп, нұсқау беріледі.

Жазбаша жаттығулар ана тілі, шет тілі, математика және т.б. пәндерде орындалады. Оқушы оқуды үйренгенде, мәтінді мәнерлеп оқып, грамматикалық ережелерді қолданып, көптеген жаттығулар жазады. Графикалық жаттығуларға: кесте, сызба, технологиялық карта, альбом, стенд жасау, экскурсия кезінде салған суреттер және т.б. жатады.

Оқу-еңбек жаттығулары: оқу шеберханаларындағы қағазбен, картонмен, ағашпен, металмен жұмыс істеу, әртүрлі құралдар қолдану, станок тетіктерін басқару, «Конструктор» ойыншықтармен жұмыс істеу және т.б. болады. Жаттығу әдісіне қойылатын талаптар: оны орындауға деген оқушылардың саналы көзқарасы болуы қажет. Жаттығуларды орындаудағы дидактикалық сабақтастық: алдымен оқу материалын түсінуге

көмектесетін, содан кейін есте сақтауға, қолдануға, оқылғанды жаңа жағдаяттарда өздігінен, шығармашылықпен қолдануға, жаңа материалды бұрын меңгерген білім, іскерлік және дағдылар жүйесіне қосуға мүмкіндік беретін жаттығуларды орындау.

Пән мұғалімдеріне оқыту әдісін таңдау – күрделі үдерістің бірі. Әр тақырыпты оқытудың ерекше тәсілдері мен жолдарын талап етеді. Сондықтан оқытуда әртүрлі әдістерді қолдану қажет. Сабақтың тақырыбы мен мақсатына, оқу материалының мазмұны мен көлеміне, оқушылардың дайындық дәрежесіне сәйкес, сабақтың құрылысы мен оқу әдісін ұдайы толықтырып отыруды мұғалім өзі белгілеп, өзі таңдап алады. Оқыту әдісін таңдауға ықпал ететін шарттар:

1. Оқыту әдістерін оның мақсат-міндеттеріне, оқушылардың жас және таным әрекетінің ерекшеліктеріне сай қолдану;

2. Мектептің материалдық-техникалық мүмкіндігін ескеру;

3. Мектептің орналасқан орнын ескеру. Мысалы, қала мектептерінде оқушыларды өндіріс орындарына экскурсияға, ауыл мектептерінде мектеп жанындағы учаскелерге, табиғатқа, ауылшаруашылық өндірісіне апару және т.б.;

4. Мұғалімнің шығармашылығы және шеберлігі. Оқытудың нәтиже-

лі өтуіне негіз болатын сабақ мақсатының айқындығы. Себебі оқу материалын баяндауда негізгі идеясын

немесе оқушылардың іс-әрекетін анықтап алмай, оқыту мақсатына жету мүмкін емес.

Негізгі әдебиеттер:

1. Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы / Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. – Алматы, 2002. – 384 б.
2. Педагогика. Дәріс курсы. – Алматы, 2003. – 368 б.
3. Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов / Под ред. А. П. Тряпичиной. – СПб: «Питер», 2014. – 304 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Бабаев С. Б. Педагогика: жалпы негіздері және тәрбие теориясы. Оқу құралы. – Алматы: Нұр-пресс, 2008. – 124 б.
2. Байжанова З. Т. Жалпы педагогика. Оқу құралы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 168 б.
3. Педагогика. Оқу құралы /Жалпы ред. басқарған А. Құдиярова. – Алматы: Дарын, 2004. – 448 б.

3.5. Білім беру жүйесіндегі бақылау мен бағалау

Жоспары:

1. Білім мен дағдыны бақылау мен бағалаудың маңызы мен міндеттері.
2. Білімді тексеруге қойылатын талаптар.
3. Оқушылардың оқу жұмысын күнделікті бақылау.
4. Оқу үдерісінің диагностикасы.
5. Тексеруді ізгілендіру.
6. Оқушылардың білімін бағалау.

Негізгі ұғымдар: бақылау, бағалау, білімді тексеру, диагностика, үлгерім, бағалау өлшемдері.

Басқа пәндермен байланысы: психология, әлеуметтану, менеджмент, педагогика тарихы.

1. Білім мен дағдыны бақылау мен бағалаудың маңызы мен міндеттері. Оқушылардың оқу материалын меңгергенін тексеру және бағалау деп, оқыту нәтижелерін, оқушының еңбегін әділ баға беру және оқу процесінің әртүрлі кезеңіндегі оқушылардың танымдық іс-әрекетін жүйелі басқару арқылы жүзеге асырылады. Білімді тексеру және бағалау оқушының білім алуына көмектесіп, оның және мұға-

лімнің білім сапасы жөнінде сандық мәлімет береді. Мұғалім оқушының білім деңгейінен хабар алып, оның танымдық жұмысын ұйымдастыруға негіз жасайды. Мұғалім өз жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерге баға беріп, оқыту әдістерін толықтырып, түзетіп, жеке оқушылармен жұмыстың жолдарын және құралдарын тауып, бағдарламалық білімдердің меңгерілуі деңгейін анықтайды. Оқушы тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергенін ұғады. Егер білімді тексермесе, онда оқушы өз білімін терең, жан-жақты және дұрыс бағалай алмайды. Оқушы баға алған соң өзінің мектептегі, үйдегі жұмыстарын жетілдіруге, білім, іскерлік, дағдыларындағы кемшіліктерді жоюға мүмкіндік алады. Оқушылар оқу процесіндегі табысы, сәтсіздіктері туралы ой-пікірлері қалыптасып, қиындықты жеңуге ұмтылады. Баға оқушының өзі туралы ойына қозғау салады. Білімді тексеру және бағалаудың мемлекеттік маңызы бар. Мектептің, мұғалімдер ұжымының жұмысын білімді басқару органдары оқушылардың үлгеріміне қарап бағалайды.

2. Білімді тексеруге қойылатын талаптар. Бүгінгі жалпы білім беретін орта мектептерде оқушылардың білімін тексеруге арналған бірнеше талаптарды айтуға болады. Олар:

- тексерудің және бақылаудың жүйелілігі, тұрақтылығы, міндеттілігі.

Бұл талапты орындамау оқушылардың оқуға деген қатынасын нашарлатып, білімнің сапасына кері әсер етеді;

- әрбір оқушы өзінің білімінің, іскерлік дағдысының бағаланатынын түсіну керек. Егер білімді тексеру және бағалау оқыту үдерісінің құрылымына тұрақты түрде енсе, онда оқушы мұғалімнің сұрақтары мен тапсырмаларына жауап беруге дайын болады;

- оқушылардың білім, іскерлік және дағдылары оқу бағдарламаларына сәйкес тексеріледі. Бағдарламаны меңгеру – білімді бағалаудың негізгі өлшемі;

- оқушылардың теорияны және тәжірибелерді білуін тексеру және бағалау арқылы, білімдерінің жалпы және ақыл-ой дамуына, жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыруға ықпалын, оқуға әсерін білу;

- байқалған кемшіліктерді оқушының өзі түзетуі;

- мұғалімнің оқушыларды білімдерін бақылап, бағалауға, кемшіліктерді жоюдың әдістемесі мен тәсілдерін білуге үйретуі;

- бағаның әділ қойылуы;

- оқушының өзін-өзі және басқаны бақылауы және бағалауы;

- әр тақырыпты оқудың нәтижесіне мұғалімнің және оқушылардың баға беруі;

- бақылау – бағалау үдерісінің әрбір баланың оқу үлгерімінің төменде-

меуіне, көңіл күйінің жақсы болуына көмектесуі.

3. Оқушылардың оқу жұмысын күнделікті бақылау. Бұл әдіс арқылы мұғалім оқушылардың тәртібін, білімді қалай қабылдайтынын және түсінетінін, тәжірибелік іскерлік және дағдыларға машықтандыру кезінде өз бетімен атқара алатын жұмыстарын, оқуға икемділігін, қызығушылығын, қабілетін, білімді жүйелі алуын қадағалайды. Бақылау мәліметтеріне сүйеніп, мұғалім оқушылардың жеке ерекшеліктерін анықтап, оларды өз жұмысында қолданып, оқушылардың білімдерін дұрыс тексеруге және бағалауға мүмкіндік алады. Ауызша жауаптар алу үшін мұғалім сұрақтарды тұжырымдап, кеңестер береді, міндеттер қояды. Ауызша сұрау оқушылардың білімін тексеріп бағалау үшін жиі қолданылады. Бұл әдіс арқылы мұғалім оқушыларға оқылған материал бойынша сұрақ беріп, жауаптарын бағалап, материалды қаншалықты деңгейде түсінгендерін анықтайды. Кейде балалардың білімін ауызша тексеруді әңгімелесу деп атайды. Мұғалім бір оқушыға барлық тақырыпты түгел баяндатады. Толық жауап білімінің тереңдігін, жүйесін көрсетеді. Бірақ оқушылардың білімін ауызша тексерудің кемшіліктері де бар, себебі оған көп уақыт кетіп, 45 минут ішінде 3–4 оқушының ғана білімін тексеруге мүмкіндік бере-

ді. Ауызша тексерудің жетілдірілген түрі жаппай тексеру. Бұл әдіс арқылы мұғалім оқылған материалды ұсақ бөліктерге бөліп, оларды оқушылардың қалай меңгергенін білу үшін сыныпқа сұрақтар беріп, олардың білімдерін тексеріп, көп оқушылардың білімдерін анықтауға мүмкіндік алады. Бірақ жаппай тексеру арқылы оқушыларды баға қоюға болмайды, себебі бір-екі шағын сұраққа жауап берген оқушының толық білімін анықтау қиын. Ауызша сұрауға сабаққа үнемі қатысып отырған оқушылардың біліміне ұпай беру де жатады. Мәселен, өз жолдасының жауаптарын толықтырған, нақтыландырған және тереңдеткен оқушылар, мысалдар келтірген, мұғалімнің жаңа материалды баяндау кезінде қойған сұрақтарына жауап берген, жаңа тақырыпты тез түсінген балалар ұпай ала алады. Сабақтың соңында аталған өлшемдер бойынша 4–8 оқушыға ұпай беріп, олардың танымдық белсенділігіне және зейініне жақсы әсер етіп, баға қорын жинауға болады. Баға «бес балдық» жүйе бойынша қойылады. Жақсы оқитын оқушылар оқу жұмысында үлкен белсенділік танытады, сондықтан оларды бағалау қиын емес, бірақ та басқа оқушыларға да сабақтың соңында баға қойылатыны ескертіледі.

Жазбаша сұрау бастауыш мектепте сирек қолданылады, 1-сыныптың алғашқы жарты жылында ол мүлдем

қолданылмайды, себебі оқушылар әлі жазуға дұрыс үйренбегендігі ескеріледі. Ал 2, 3-сыныптарда жазбаша әдіс арқылы білімді тексеру жиі қолданылып, жалпы білім беретін мектептің негізгі және жоғары сатыларында білімді тексерудің негізгі әдістерінің біріне айналады. Жазбаша білім тексеру әдісін көбіне өздік жұмыс деп атайды. Бұл әдіс арқылы мұғалім тақтаға, парақтарға, карточкаларға 10–12 минут ішінде орындалатын тапсырмаларды жазып қояды. Жауаптардың қорытындыларын сынып журналына белгілеп, бір сабақта көп оқушылардың білімдерін бағалауға болады. Жазба жұмыстары үйде және сыныпта орындалады. Мектептің іргелі пәндері тарих, география, биология, химия, физика пәндерінің мұғалімдері оқушыларға сурет салдырады, сызба, диаграмма сыздырады, географиялық картамен жұмыс жасауы, т.б. шығармашылық жұмыстары да бағаланады. Жалпы білім беретін орта мектептің тәжірибесінде бірнеше бақылау және бағалау түрлері кездеседі.

Бақылау жұмысы. Оқу бағдарламасының жекелеген тақырыптарын және бөлімдерін өтіп болған бақылау жұмыстары өткізіледі. Бақылау жұмысының алдында мұғалім оқушылардың оқылған материалды меңгергенін анықтау мақсатымен жазба жұмыстарын жүргізеді. Егер оқушылар тақырыпты не бөлімді жақсы

меңгермесе, онда бақылау жұмысы жүргізілмейді, оқу материалын меңгерту бағытында еңбектенеді. Оқушылар бақылау жұмысына дайындалу үшін мұғалім бақылау жұмысы болатынын бір-екі апта бұрын хабарлап, дайындық жұмыстарын ұйымдастырады. Мысалы, бақылау жұмысына ұқсас тапсырмалар орындау және жаттығулар жазу. Алдын ала бір бақылау жұмысын жүргізіп, оқушылардың болашақтағы бақылау жұмысына дайындығын тексереді. Бақылау-тексеру жұмыстары арқылы оқушылар жаңа есептер шығарады, олардың білімдері, оқиғаларды, хронологияны білуі тексеріліп, диктанттар, мазмұндамалар, шығармалар жазылып, сурет салу, сызба жұмыстары жүргізіледі, баяндама, рефераттар оқылады.

Оқушылардың дайындығын зертханалық-тәжірибелік жұмыстар арқылы тексеру. Оқушылардың білімі мен іскерлігін зертханалық жұмыстар арқылы тексеру мектептің жаратылыстану бағытындағы физика, химия, биология, технология пәндерінде оқушыларға құралдар, қондырғылар арқылы тәжірибе жасатып, шамаларды өлшету үшін қолданылады. Бақылау зертханалық жұмысы кезінде оқушылар екі топқа бөлінеді. Сыныптың бір тобы жазба жұмысын, екіншісі зертханалық жұмыс орындайды, олардың экспериментке керекті іскерліктері мен

дағдылары тексеріледі. Зертхана түріндегі бақылау жұмыстарын бір немесе бірнеше тақырып бойынша өткізуге болады. Оқушыларға олардың қандай тәжірибелік іс-әрекеттері тексерілетінін алдын ала айту керек. Бақылау жұмыстарын оқушылар өз бетімен орындайды, жұмысқа керекті құралдарын әзірлейді, оны білетінін анықтау үшін оларды үстелдің үстінен алғызуға болады. Оқушы қолданылатын құралдарды алып, құрастыру сызбасын сызады, тәжірибе өткізеді, тақтадағы сұрақтарға жауап береді. Әрбір сұрақ тәжірибеге керек іскерліктерді тексеруге бағытталған. Жұмыс кезінде мұғалім оқушыларды бақылап, олардың деңгейлерін дәптерге жазып отырады.

Бақылау-зертханалық жұмысқа жазбаша есеп және мұғалімнің бақылауының нәтижелеріне қарап баға қойылады. Оқушылардың құралдармен, қондырғылармен жұмысын көбейту үшін баспа әрпімен терілген дәптерлер, калькуляторлар қолданылады. Шеберханадағы, оқу-өндірістік бригадалардағы жұмыста оқушылардың тәжірибелік дайындығы тексеріледі. Оның мазмұнына бөлшектерді құрастыру, аспаптар мен қондырғыларды дұрыс қолдануы бағаланады.

Тәжірибелік жұмыс мазмұнына жетіспейтін жабдықтарды, материалдарды, құралдарды өз бетімен табу, теорияны оқу және қайталау, жұмыс

орнын ұйымдастыру, техниканы және технологияны есептеу, қондырғыларды жинақтау және әзірлеу, экспериментке, жұмысқа керекті құралдар әзірлеу, эксперимент жүргізу, құрастыру жұмыстарын жасау, қауіпсіздік техникасын, еңбек гигиенасын сақтау, есеп жазу, еңбек тәртібі енеді. Әр оқушының тегі, аты-жөнінің тұсына жұмыс түрлерінен алған бағалары қойылады, әрбір жұмысқа берілген бағадан қорытынды баға шығарылады. Мұғалім жұмыс кезінде жіберілген кемшіліктерді айтып, әр оқушыға дер кезінде, нақты көмек береді.

Оқушылардың үй жұмысын тексеру – бастауыш мектептегі негізгі әдістердің бірі. Күнбе-күнгі тексеру жақсы нәтиже береді. Бұл әдіс арқылы мұғалім меңгерілген білімнің сапасын бақылап, оқушылардың біліміндегі кемшіліктерді анықтап, келесі сабақтардың жоспарларына түзету енгізеді. Дәстүрлі және тиімдісі – оқушылардың үй жұмыстары орындалған дәптерлерді тексеру. Оқу үлгерімі төмен оқитын оқушылардың дәптерлерін үнемі тексеріп, жақсы оқитын оқушылардың дәптерлерін кейде тексеруге болады.

Сонымен қатар, сабақтың соңында үй жұмысын тез тексеруге болады, ол үшін оқушылар жаттығу жазып, немесе шағын өздік жұмыс орындап жатқан кезінде жүргізіледі. Оқушылар тек дұрыс жауапты айтады, мұға-

лімнің қате жауаптарды талдауға уақыты жетпейді. Сондықтан осындай тексеруден кейін үлгерімі төмен оқитын оқушылармен жұмыс істеледі. Кейбір мұғалімдер оқушылардың үй жұмыстарын бір-біріне тексертеді. Бұл тәсілдің екі нұсқасы қолданылады: 1) оқушылардың бір-бірінің дәптерлерін тексеруі; 2) бір оқушының тақтаға үй жұмысын жазуы (бұл кезде сынып басқа тапсырмаларды орындайды: ауызша ережелерді қайталайды, басқа тапсырмаларды тексереді). Оқушының тақтадағы жұмысына қарап, басқалары өз жұмыстарындағы қателерді түзетеді. Бастауыш сыныпты бітірер алдында басқа тәсілдер қолданылады. Жаппай сұрау арқылы оқушылардың есептерінің нәтижелері анықталады.

Сынақ-емтихан әдісі – көлемді тарауларды, оқу пәнінің бөлімдерін немесе тұтас курсты оқып-үйренудің қорытындылары шығарылады. Оқушылар монолог түрінде жауап бере алады. Сұрақ-жауап арқылы және алдын ала әзірленген сұрақтар, тапсырмалар арқылы да оқушылардың білімдері тексеріледі. Белгілі бір тақырып бойынша қосымша оқу ақпараттарын жинаған, оқу-тәжірибе учаскесінде өсімдік өсірген, шеберханада бұйым жасаған, курс бойынша реферат жазған оқушыларға сынақ қойылып, сапалы жұмыстар есептеледі. Жұмыстың түріне байланысты жеке оқушының, топтық не-

месе ұжымның жұмыстарына баға беріледі. Мәселен, топ және ұжымға оқу-тәжірибе учаскесінен жақсы өнім алғаны үшін «есептелді» деген белгі қойылады. Емтихан – мұғалімнің, мектептің жұмысына мемлекеттің бақылау жасау құралы. Емтихандар білім беру ұйымдарының бақылауымен және басшылығымен өткізіледі. Олар оқушылардың білімдерін қорытындылауға және жүйелеуге көмектесіп, оқытудың беріктілігі принципін жүзеге асырып, оқушыларды саналы тәртіпке үйретіп, оқуға ынталандырады. Сондықтан емтихандар оқу жұмысының сапасын көтерудің тиімді құралы болып табылады. Емтихан талаптарына сәйкес алдын ала оқушыларға емтихан сұрақтары беріледі.

4. Оқу үдерісінің диагностикасы. Оқытудың әр бөлігін оқып-үйренуді аяқтаған соң оның нәтижелерін білу үшін диагностика қолданылады. *Диагностика* – оқу-тәрбие үдерісінің барысы және нәтижелері туралы ақпарат алу тәсілі. Мектептегі диагностиканың міндеттері:

- оқушылардың оқу үлгерімін және нәтижелеріне талдау жасау (білім алуға әзірлігі, тұлғалық дамуы);
- оқушылардың үлгермеушілігінің нәтижесін талдау;
- оқыту процесінің барысын және нәтижелерін талдау (білімнің көлемі және іскерлік дағдыларды қолдана білуі, ой жұмысының негізгі тәсілде-

рінің болуы, шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін білу);

Диагностика үшін көптеген әдістер және әдістемелер қолданылады. Мысалы, дәстүрлі тексеру, бағалау әдістерімен қатар тест әдісі, оқушылардың оқуға керекті психикалық сапаларын, атап айтсақ, есті, зейінді, ақыл-ойды, т.б. зерттеу, жеке оқушылармен жұмысты жобалау әдісі қолданылады. Қазіргі мектепте қолданылатын диагностика – педагогикалық қатынастар жүйесіндегі оқушыны (сыныпты) жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін әдістер жиынтығы.

Дәстүрлі тексеру әдістері диагностика арқылы ізгілікке қызмет етіп, мектепте жақсы қарым-қатынас орнатады. Диагностика оқушыларды «орташа», «үздік» деп бөлмей, олардың мүмкіндіктерін анықтайды. Диагностикалық қорытындылар дәл, толық болу керек. Барлық мұғалімдер ізгілік идеяларды мойындағанда ғана диагностика арқылы әрбір оқушы туралы ақпараттар жиналып, оның қабілетін, дарындылығын дамытуға қолайлы жағдай жасалады.

5. Тексеруді ізгілендіру. Оқушылардың білім, іскерліктерін тексеру, бағалау педагогикалық технологияның негізгі бөлігі ретінде диагностиканың құрамына кіреді. Мектеп тәжірибесіндегі демократиялық өзгерістер, ізгілендіру, іскерліктерді бақылау және бағалауды жетілдіруді

талап етеді. Осыған сәйкес, бақылау – білім, іскерліктерді анықтау, өлшеу және бағалау жүйесін қамтиды. Ал тексеру – бақылаудың бір бөлігі, негізгі дидактикалық қызметі мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету, оқушылардың материалды қалай түсінгендігі туралы мұғалімнің ақпарат алуы, білімдегі кемшіліктерді дер кезінде табу. Бақылаудың жалпы қызметі: тексеру, оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ынталандыру болып табылады. Тексерудің мақсаты – оқушылардың білім деңгейін, оқу еңбегінің көлемін анықтаудан тұрады. Бақылау арқылы процеске, оның нәтижелеріне баға беріледі. Үлгерімнің табеліне, сынып журналына бағалар қойылады. Әділ бағаның ықпалымен оқушылар дұрыс баға беруге үйренеді.

Алдын ала тексеру. Мектептің оқу пәндерінің тақырыптарын, бөлімдерін немесе курсты түсіндіру өткен оқу материалдарын есте сақтауына байланысты. Егер мұғалімдер ол туралы ақпарат жоқ болса, онда ол одан әрі оқыта алмайды, қажетті ақпаратты мұғалім бастапқы білімдерді тестілеу арқылы алып, қол жеткен деңгейді анықтайды. Бұрынғы нәтиже мен қазіргіні салыстырып, білім, іскерліктің қандай деңгейде екенін біліп, үдерістің тиімділігін талдап, өз оқушыларының жетістігіне қосқан үлесі туралы қорытынды жасайды.

Ағымдағы бақылау. Тестілік бақылау үшін 6–8 тапсырма беріліп, 5–8 минут ішінде соңғы 2–3 сабақта алынған білім мен іскерліктер тексеріледі. Жұмысты аяқтаған соң міндетті түрде қателері талданады. Ең басты назар оқушының қатесінің себептерін білуге аударылады.

Тақырыптық бақылау үшін оның жекелеген ұғымдарын олардың арасындағы байланыстарды қалай түсінгендігін анықтауға тапсырмалар беріледі. Білімді тест арқылы тексеру үшін мамандардың тестілерін қолданған дұрыс.

Қорытындыны тексеру әрбір оқу тоқсаны және оқу жылы аяғында өтеді, оқу материалы жүйеленеді және талдап қорытылады.

6. Оқушылардың білімін бағалау. Баға оқушыға білім беру стандарттарын меңгергені үшін қойылады. Мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі – баланы өзіне баға беруге дағдыландыру үшін оған бағалау өлшемдерін түсіндіру. Дәстүрлі төрт балдық бағалау жүйесі:

- толық біледі (өте жақсы);
- жеткілікті біледі (жақсы);
- жеткіліксіз біледі (қанағаттанарлық);
- білмейді (қанағаттанғысыз).

Бірінші тәсіл арқылы мұғалім баға туралы өз пікірін айтады, бірақ оған уақыт кететіндіктен, көп қолданбайды. Екінші тәсіл – бағаны, оны неліктен қойғаны жөнінде күнделікке

жазу. Үшінші тәсіл – үлгерім экранын шығару. Білім, іскерлік, дағдыларды бақылау және бағалау жұмыстары:

- «Үйге не берілді?» деген сұраққа жауап алуға уақыт кетірмеу;
- жақсы көңіл күйге бөлеу;
- оқушының жауапты ойланып беруіне уақыт бөлу;
- оқушылардың жауаптарын мұқият тыңдау, мадақтау;
- жауапты соңына дейін тыңдау, талдау және ескертулерді кейін жасау;
- оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру (темперамент, тіл кемістігі);
- жеке тапсырмалар беру.

Сонымен қатар, оқушы өзін еркін сезінетіндей жағдай жасау:

- оқушының жауабын талдау, жеке тұлғасын сынамау;
- оқушылар бағасын көтергісі келсе, оларға тапсырманы қайта беру;
- бақылау және тексеру әдістерін түрлендіріп отыру.

Педагогтардың оқушылардың үлгеріміне баға қоюда білімді және шеберлікті талап етеді. Баға – бала өміріндегі маңызды оқиға. Баға арқылы бала өзі туралы ойын реттеп, сыныптағы беделін нығайтады. Сондықтан мұғалім баға қоюға өте мұқият болу керек. 1-сыныпта баға қоймауға болады, басқа сыныптарда байқау, жарыс, ойындар ұйымдастырып, әр баланың өз орнын анықтауына көмектеседі.

«Бес» деген баға оқу бағдарламасының мазмұнын терең және толық білетін, оқу материалындағы теория мен деректерді ажырата алатын, жауабын өз бетімен жүйелі етіп құрастыратын, анықтама, ұғымдарды түсінетін, тілдік нормаларды сақтап, сенімді, қатесіз, жауап беретін қосымша материалдар қолдана алатын, ойы оралымды оқушыға қойылады.

Ал «төрт» бағасы ұғым, ереже, анықтамаларды дұрыс түсініп, дәлелдей алатын, бірақ кейбір жерлерін

нақты айтпайтын, жекелеген қате жіберетін оқушыға қойылады.

«Үш» бағасы оқу материалындағы негізгі ережелерді, тәуелділіктерді үстірт түсінген, ой-пікірлерді талдай алмайтын, жауабы жүйесіз, мұғалім көмегімен жауап беретін оқушыға қойылады.

Оқушыларға «екі» бағасын білімі жүйесіз, теория мен деректерді айта алмайтын, жаттанды сөйлейтін, бағдарламаны игеруге мүмкіншілігі жоқ, бағдарламаның материалын түсінбеген жағдайда қойылады.

Негізгі әдебиеттер:

1. Аубакирова Р., Нұрбекова М. Педагогикалық зерттеулер әдістемесі. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2011. – 128 б.
2. Конаржевский Ю. А. Менеджмента и внутришкольное управление. – М.: Педагогический поиск, 2000. – 224 с.
3. Максимов В. Г. Педагогическая диагностика в школе. – Москва, 2002. – 272 с.
4. Ясвин В. А. Экспертиза школьной образовательной среды. – Москва, 2000. – 128 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Аванесов А. А. Теоретические основы разработок знаний в тестовой форме. – М.: Педагогика, 1995. – 247 с.
2. Койшибаев Б. А. Педагогический мониторинг комплексного образования (Тезарус и модели). – Алматы: Ғылым, 2001. – 155 с.
3. Педагогика: теория, системы, технологии: учебник для студ. высш. и сред. учеб. заведений /С. А. Смирнов, И. Б. Котова, Е. Н. Шиянов и др; под ред. С. А. Смирнова. – 7-е изд., – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 515 с.
4. Шишов С. Е., Кальней В. А. Мониторинг качества образования в школе. – М.: Пед. общество России, 1999. – 320 с.

3.6. Педагогикалық технологиялар

Жоспары:

1. Оқытудың педагогикалық технологияларына жалпы түсінік.
2. Педагогикалық технологияларға сипаттама.
3. Педагогикалық технологиялардың түрлері.

Негізгі ұғымдар: технология, педагогикалық технология, модуль, мультимедиялық технология, интерактивті технология.

Басқа пәндермен байланысы: психология, элеуметтану, менеджмент, педагогика.

1. Оқытудың педагогикалық технологияларына жалпы түсінік. Педагогика ғылымында «технология» ұғымы пікірталас күйінде қалыптасып келеді. Ол негізінен өнеркәсіп, индустрия саласында кеңінен қолданыстағы термин болатын. Шынайы мәні («шеберлік жөніндегі ілім») педагогикалық анықтамалар мен сөздіктерде: «педагогикалық процесті сипаттау, түсіндіру, болжау, жобалау – сай келсе де, ол технократиялық тіл элементі ретінде қарастырылды. Педагогикалық әдебиеттерде қандай да педагогикалық технологиялар сипатын айқындаушы көптеген терминдер ұшырасады, мысалы: оқу-үйрену, оқыту техно-

логиялары, проблемалық оқу технологиялары және т.б. деп айтуға болады. Алғашқыда педагогтар «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» және т.б. ұғымдардың өзіндік мән-мағыналарына назар аудармай келді. Ал бүгінде педагогикалық технология оқу және тәрбие аймағындағы педагогикалық міндеттердің шешілуіне байланысты орындалатын педагог іс-әрекеттерінің бірізді жүйесі ретінде танылуда. Педагогикалық технология кешенді, біртұтас үдеріс болып табылады. Ол өз құрамына идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды.

Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың жүзеге асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы (В. Б. Беспалько, В. В. Данилов, В. К. Дьяченко және т.б.), екіншісі – тәжірибемен жүзеге асуы (Е. Н. Ильин, С. Н. Лысенкова, В. Ф. Шаталов және т.б.). Сонымен, технология астарында не жатыр? Оқыту технологиясы жөніндегі идея қай заманда пайда болған? Мұндай сұрақтарға педагогика тарихындағы деректі мәліметтермен жауап беруге болады. Кезінде оған Я. А. Коменский біршама сипаттама берген. Оның ойынша, оқытудың «техникалық» (яғни, «технологиялық») бо-

латынын уағыздап, оның мүлтіксіз тиімді нәтиже беретін жолдарын іздестірген. Дегенмен Я. А. Коменский еңбектеріне үңіле түссек, педагогикалық технологияға бастау берген пікірлерді табамыз: «Дидактикалық машина үшін қажет нәрсе – 1) түбегейлі ойластырылған мақсаттарды; 2) сол мақсаттарға жетуге дәл икемдестірілген жабдықтарды; 3) мақсаттың орындалмауына мүмкіндік беретін нақты жабдықтарды қолданудың мызғымас ережелерін табуымыз керек», – деп келтіреді.

Кейін оқыту технологиясы жөніндегі көптеген тұжырымдар толықтырылып, нақтыланып отырды. Әсіресе техникалық өркениеттің теориялық және практикалық қызметтер аймағына енуімен оқуды технологияландыру идеясы нығайып, іске асырыла бастады (П. Я. Гальперин, Н. Ф. Талызина, Ю. К. Бабанский және т.б.).

Осы заманғы дидактикада оқыту технологиялары көрініс беріп жүр. Олардың көп түрлі болу себебі – әр автор мен орындаушының педагогикалық процеске өзінше жаңалық қосып, технологияға өзгеріс ендіруіне байланысты. Дидактикада оқу технологиялары төмендегідей сипаттарымен жіктеліп, топтастырылады:

- қолдану деңгейі: жалпы педагогикалық, пәндік, әдістемелік, бөлімдік (модульдік);

- философиялық негізі: ғылыми және діни, гуманистік және әміршіл-әкімшіл (авторитарлы);

- тәжірибе меңгерудің ғылыми негіздемесі (концепция): байланыс-жауапты (ассоциатив-рефлекторлы);

- іс-әрекетті (бихевиористік), іштей ұғу (интериоризаторлы), дамытушы;

- тұлғалық құрылымға бағдарлануы: ақпараттық (білім, икемділік және дағдыларды қалыптастыру), нақты қимыл-әрекеттік (оперативті ақыл-ой әрекеттерін қалыптастыру), шығармашыл (эвристикалық қабілеттерін дамыту), қолданбалы (тәжірибелік әрекеттерді қалыптастыру);

- дәстүрлі оқу жүйесін жаңалау бағыты (модернизация): оқушы іс-әрекетінің белсенділігін арттыру және жеделдету технологиясы.

Педагогикалық технологияларды жүйелеу, сонымен бірге оқуды ұйымдастыру формасының қолданылуына, дәл кезеңде қажет болған әдістерге және басқа да негіздемелерге тәуелді келеді. Педагогикалық технологияларды оқу әдістемесінен ажырата білген жөн. Олардың бір-бірінен айырмашылығы – педагогикалық технологиялар білім беру жүйесін тұтас қамтиды. Сонымен қатар, педагогикалық технологиялар өзіне сай түзілген оқу процесінің жоғары сапасына және педагогикалық міндеттердің табысты шешілуіне кепіл бола алады. Ал әдіс оқу процесінде-

гі бір ғана пәннің мазмұнында қолданылады.

2. Педагогикалық технологияларға сипаттама. Оқудың дәстүрлі (қайта жасау-репродуктивті) технологиясы білім, іскерлік және дағдыларды ұғынуға бағытталған. Ол жүріп жатқан материалдың игерілуін, қайта жасау деңгейіндегі білім сапасының бағалануын қамтамасыз етеді. Бұл дәстүрлі түрі болып табылады. Оның мәні: жаңаны игерту-бекіту-қадағалау-бағалау сұлбасы (схема) бойынша оқу үдерісінде қолданылады.

Технология негізіне табысты қамтамасыз ететіндей білім ауқымын анықтауға мүмкіндік беретін және оны оқушыға жеткізу жолын көрсететін білім берудің бағыт-бағдарламасы (парадигма) алынады. Осыған орай оқытудың басты әдістері ретінде:

1) көрнекілік және онымен бірге жүретін түсіндіру;

2) оқушының жетекші іс-әрекеттері түрлеріне – тыңдау мен есте қалдыру;

3) басты талап және тиімділіктің негізгі көрсеткішіне – игерілген білімді қайталап жаңғырту ептілігі алынады.

Мұғалім қызметі түсіндіру, оқушылар орындаған тапсырмалар мен жұмысты бағалау және реттеу, түзету болып табылады. Оқу технологиясының тиімділігі жоғары болып

табылады. Яғни, оның үнемділігі, күрделі материалды түсінуді жеңілдетуі, оқу-тәрбие үдерісін тиімді басқаруды қамтамасыз етуі, білім ұсынудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануға икемді келуімен сипатталады. Сонымен бірге, дәстүрлі технология біршама кемшіліктерге жол береді – оқу үдерісін дараландыру мен жіктеуге қолайсыз, оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндігі аз болып келеді. Осыған сәйкес, дамыта оқу технологиясы мектеп тәжірибесіне енген оқу іс-әрекеттері арасындағы (Л. С. Выготский, Л. В. Занков, Д. Б. Эльконин және т.б.) кеңінен қолданылады. Ғалымдар дәлелдегендей, педагогика бала дамуының өткеніне емес, болашағына бағытталуы тиіс. Сонда ғана ол оқу үдерісінде нақты уақыт шеңберіндегі жақын даму үдерістерін жүзеге асыра алады. «Жақын даму аймағының» мәні: бала өз дамуының белгілі кезеңінде оқу міндеттерін ересектер басшылығымен немесе ақылды достарымен араласа жүріп шешуі мүмкін. Келтірілген пікір жария болғанға дейін бала дамуы, әсіресе оның ақыл-ойының және академиялық қабілеттерінің даму мойындалған болатын. Зерттеулер нәтижесінде (Л. В. Занков) оқу тиімділігін арттыру есебінен оқушы дамуын жеделдетуге болатыны дәлелденді. Егер алдынан рухани, сезімдік күш-қуаттың іске қосылуын қажет ететін кедергілер (ойын, оқу,

тұрмыс) шығып тұрмаса әрі оларды жеңуге талпынбаса, баланың дамуы бәсеңдейді. Жоғары қиыншылық деңгейіндегі оқу принципіне орай білім мазмұны және оны құрастыру реті анықталады. Оқу материалының мазмұн қарқыны ұлғаяды әрі тереңдейді, жетекші роль теориялық білімдерге беріледі, дегенмен оқушылардың практикалық ептіліктері мен дағдыларының маңызы жойылмайды.

Дамыта оқыту технологиясы талаптарының бірі – оқу үдерісі жедел қарқында жүреді. Өткендерді жиі әрі бір сарынды қайталаулар оқу процесінің кедергісіне айналып, оқуды жоғары қиыншылық деңгейінде өтуге мүмкіндік бермейді. Дамыта оқыту технологиясын іске асыру, сонымен бірге оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты жүйелі, іс-әрекеттік оқу бағытын ұстануды қажет етеді (Д. Б. Эльконин). Дамыта оқыту технологиясы идеяларының қатарына, сондай-ақ оқу қызметінің әртүрлі жағдайларында оқушылардың қажет болғанды өзінше танып, содан өздігінен жауап әрекет орындауға (рефлексия) ынталандыру идеясы да кіреді. Жауап әрекетке (рефлексия) келу дегеніміз баланың өз әрекеттерін сезінуі мен түсінуі, оқу іс-әрекеттерінің тәсіл, әдістерін өзінше байқап, тануы. Рефлексиялық әрекет-қимылдар әрқашан өзіндік қадағалау және бағалаумен тығыз байланысты бо-

латындықтан дамыта оқыту технологиясының шарттарына орай мән беріледі. Дамыта оқыту идеясы бұл күнде еліміздің мұғалімдері кеңінен қолданылады. Алайда аталған технологияның кейбір тұжырымдары мұғалімдер арасында пікірталас тудыруда. Себебі оқушылардың бәрі бірдей қиыншылықтарды жеңе алмайды. Сондықтан шәкірттерді шапшаң және жоғары күрделі деңгейінде оқытып, тәрбиелеуге болмайды.

3. Педагогикалық технологиялардың түрлері. Қазіргі кезде білім беру жүйесінде бірнеше педагогикалық технологиялар қолданыста бар. Атап айтатын болсақ, *Проблемалық оқу технологиясы* – мұғалім басшылығымен өтетін оқушылардың оқу міндеттерін шешуге бағытталған өзіндік ізденіс іс-әрекеттерін ұйымдастыруға негізделеді. Оқу ізденістері барысында оқушыларда жаңа білім, ептілік және дағдылар қалыптасып, қабілеттері, танымдық белсенділігі, қызығушылығы, ой-өрісі, шығармашылық ойы және басқа да тұлғалық маңызды сапалары дамиды (Т. В. Кудрявцев, А. М. Матюшкин, М. И. Махмудов және т.б.).

Проблемалық оқыту технологиясының сипаттамасы: оқытушы білімді дайын күйінде ұсынбай, оқушылар алдына мәселе (проблема) қояды, оған қызықтырады және оның шешу әдіс-тәсілдерін табуға ынталандырады. Ал оқушылар мұғалімнің ті-

келей басшылығымен не өз бетінше олардың шешімін табудың жолдары мен әдістерін зерттейді, яғни болжам жасалады, оның шынайылығын тексеру тәсілдерін белгілейді әрі талқылайды, дәйектейді, нәтижелерін талдайды, пікір жүргізеді, дәлелдейді. Проблемалық оқу технологиясы басқа да оқу технологиялары сияқты өзінің тиімді және тиімсіз тұстары кездеседі. *Оның тиімділігі:* оқушыларға қажетті білім, іскерлік және дағдылар жүйесін меңгеруге және олардың ақыл-ой дамуына жол ашады, өз шығармашылық қуатымен берік білім қалыптастыруға көмектеседі, өз оқу еңбегіне қызығушылығын дамытады. *Кемшілігі:* жоспарланған нәтижеге жету көп уақытты талап етеді, сонымен бірге оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін жүйелі басқару қиын.

Модульдік оқу технологиясы – АҚШ пен Батыс Еуропада 1960 жылдары дәстүрлі оқуға балама ретінде ұсынылған білімді игеру жүйесі. Аталған технологияның мәні – оқушы модульмен жұмыс орындау барысындағы нақты мақсатқа өз бетінше мұғалімнің көмегімен жетеді (П. Юцявичене, Т. И. Шамова).

Модульдік оқыту технологиясы – мақсатқа орайластырылған оқу мазмұны мен оны меңгеру жолдарын біріктірген интегративті жүйе. Модуль құрамы: әрекеттің мақсаттық жоспары, ақпарат қоры, дидакти-

калық мақсатқа жетудің әдістемелік нұсқаулары. Бұл технологияға орай оқу мазмұны өз алдына белгілі жинақы құрамға келтірілген ақпараттық топ (блок) күйінде беріледі. Ол ақпарат оқу мазмұнының көлемін ғана емес, әдістері мен олардың игерілу деңгейін де көрсететін дидактикалық мақсатқа сәйкес меңгеріледі. Модульдік оқуда өзіндік жұмыстарға аса көп уақыт бөлінеді. Бұл оқушыға оқу әрекеттеріне кірісумен өз мүмкіндіктерін сезінуге, білім игеру деңгейін өзі анықтауына, өз білімдері мен икемділіктеріндегі кемшіліктерді байқауына көмектеседі. Модульдік оқыту дәстүрлі білімді игеру жүйесімен байланыста пайдаланылуы мүмкін. Модульдік оқыту жүйесі кез келген ұйымдастыру формасында орын тауып, оның сапасын жақсартуға қолданылуы ықтимал.

Мультимедиялық технологиялар – әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін ақпараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын құралдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығынан тұрады. Мультимедиялық технологиялардың дамуы бейнетехниканың және дербес компьютердің өркендеуі нәтижесінде жүзеге асады. Мультимедия статикалық, динамикалық және дыбыстық ақпараттарды талапқа сай дәрежеде ұсынуды іске асырады. «Мультимедия» термині латын тілінің «*multi*»

(көп) және «*media*» (орта) сөздерінің бірігуінен құралған, яғни «ақпараттық орта» деген мағына береді. Білім берудегі мультимедия – таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын, дидактикалық ақпаратты-бағдарламалық құрал.

Мультимедия – пайдаланушыға әртүрлі типті ақпаратты біріктіріп ұсыну технологиясы. Зерттеушілердің пікірі бойынша дәстүрлі оқу әдісімен берілген материалдың 25%-ы, көру арқылы 33%-ы, көру-есту арқылы 50%-ы, ал мультимедиялық интерактивті оқыту бағдарламасы көмегімен берілген материалдан 75%-ы есте сақталады екен. Мультимедияның ажырамас бөлігі болып табылатын лазерлік дискілерде жазылған электрондық энциклопедиялар, оқулықтар мен сөздіктер оқыту үдерісінде ерекше орынға ие. Мысалы, электрондық сөздіктерде әрбір сөздің аудармасы ғана емес, сонымен бірге оның айтылу үлгісі де қамтылады. Оқыту процесінде мультимедияны пайдаланып білім берудің әртүрлі аспектілерін дамытуға болады. Олар ақпаратты өңдеудің когнитивті аспектілерінен, оқытудың танымдық аспектілерінен тұрады.

Негізгі әдебиеттер:

1. Әбенбаев С., Әбиев Ж. Педагогика. – Астана: Фолиант, 2009. – 336 б.

Презентациялар технологиясы. Бұл технология, бір жағынан, оқушыларға жаңа материалды (иллюстрация, фотосуреттер, бейнелік, дидактикалық материалдар және т.б.) көрнекі түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды дайындауды және оны қолдану үдерісін де жеңілдетеді. Алдын ала жүргізілген тәжірибелер презентациялар технологиясын пайдалану балалардың оқуға деген ынталылығын арттырып, сабақтың қызықты өтуін қамтамасыз етіп, оған дайындалу мерзімін (презентациялық сүйемелдеу жұмысын алдын ала мұғалім немесе басқа біреу дайындағанда) қысқартады, ең бастысы – мұғалімдерді жаңа технологияларды пайдалануға дағдыландырады.

Компьютерлік технологияларды үлгерімді тексеру және оқушылардың білімін жетілдіру мақсатында пайдалану, біріншіден, оқытушының жұмыс іскерлігін арттырып, оқу нәтижелерін тексеруге көбірек уақыт бөлуге көмектеседі; екіншіден, объективті түрде қадағалай отырып, оқушылардың алған білімін бағалауды жүзеге асырады; үшіншіден, бақылау технологиясына ғылыми элементтер енгізіп, оны кеңінен пайдалануға мүмкіндігі зор болып табылады.

2. Кларин М. В. *Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования, игр, дискуссий.* – Рига: НПП «Эксперимент», 1995. – 176 с.

3. *Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей.* / Под ред. П. И. Пидкасистого. – Москва, 2004. – 608 с.

4. *Педагогика: оқу құралы.* / Жалпы ред. басқарған А. Құдиярова. – Алматы: Дарын, 2004. – 448 б.

5. Селевко Г. К. *Современные образовательные технологии. Учебное пособие.* – М.: Народное образование, 1998. – 256 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. *Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы.* / Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. – Алматы, 2002. – 384 б.

2. Третьяков П. И. *Технология модульного обучения в школе. Монография.* – М.: Новая школа, 2001. – 352 с.

3. *Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов* / Под ред. А. П. Тряпицыной. – СПб: «Питер», 2014. – 304 с.

4. Хайруллин Г. Т. *Технология и техника взаимодействия.* – Алматы, 1998. – 236 с.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Мектептен тыс оқытуды ұйымдастырудың түрі:

- A. Лабораториялық жұмыс.
- B. Факультативтер.
- C. Практикум.
- D. Оқу экскурсиясы.
- E. Сабақ.

2. Дидактикалық тапсырмаларды шешуді ұйымдастыруға байланысты оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы:

- A. Оқыту әдістері.
- B. Оқыту түрлері.
- C. Оқыту құралдары.
- D. Оқыту тапсырмалары.
- E. Факультативтер.

3. Нысана, көру арқылы қабылданатын дидактикалық принцип:

- A. Оқытудың көрнекілігі.
- B. Оқытудың жүйелілігі.
- C. Оқытудың ғылымилығы.
- D. Оқытудың сабақтастығы.
- E. Оқытудың жеткіліктілігі.

4. Білім мазмұнындағы ғылымның жетістігін қамтитын, оқыту принципі:

- A. Оқытудың жүйелілігі.
- B. Ғылымилығы.
- C. Жеткіліктілігі.
- D. Сабақтастығы.
- E. Саналылығы.

5. Өткен материалды жаңа материалмен байланыстыратын, оқытудың дидактикалық принципі:

- A. Оқытудың көрнекілігі.
- B. Бірізділігі.
- C. Жеткіліктілігі.

- D. Ғылымилығы.
- E. Саналылығы.

6. Сабақ жоспарын, мұғалім қандай жоспардың негізінде құрады?

- A. Күнгізбелік.
- B. Жылдық.
- C. Перспективалық.
- D. Тәрбие жұмысының жоспарына.
- E. Жарты жылдық жоспарына.

7. «Қалай және қайтпін оқыту қажет?» деген көзқарасты қарастыратын ғылыми жүйе:

- A. Дидактика.
- B. Ілім.
- C. Даму.
- D. Тәрбиелеу.
- E. Сабақ беру.

8. Сыныптық-сабақ жүйесінің негізін салушы педагог:

- A. И. Г. Песталоцци.
- B. Ж. Ж. Руссо.
- C. Я. А. Коменский.
- D. К. Д. Ушинский.
- E. Ы. Алтынсарин.

9. Оқыту үрдісін аяқтайтын негізгі элемент:

- A. Білімді практикада қолдану.
- B. Бақылау.
- C. Бекіту.
- D. Педагогикалық диагностика.
- E. Жаттығулар.

10. Оқушылардың қабілетін есепке алатын дидактикалық принцип:

- A. Белсенділік принципі.
- B. Саналылық принципі.
- C. Көрнекілік принципі.
- D. Жеткіліктілік принципі.
- E. Ғылымилық принципі.

11. Жоғары сынып оқушыларының негізгі іс-әрекетінің түрі:

- A. Оқу-танымдық.
- B. Ойын ойнау.
- C. Еңбек етушілік.
- D. Спортпен шұғылдану.
- E. Көркем шығармашылық.

12. Меңгеру үрдісінің негізгі кезеңдері:

- A. Қабылдау, ойлау, есте қалдыру, қолдану.
- B. Есте қалдыру, түсіну, ойлау, жалпылау.
- C. Сезіну, қабылдау, саналы.
- D. Білімді жүзеге асыру, есте қалдыру, тәжірибеде қолдану.
- E. Проблеманы қоя білу, болжамды ұсыну және оны дәлелдеу.

13. Сабақты ұйымдастыруға кірмейтін формалар:

- A. Сынып сағаты.
- B. Үй тапсырмасын орындау.
- C. Лабораториялық жұмыстар.
- D. Оқу экскурсиясы.
- E. Оқу шеберханаларындағы жұмыс.

14. Оқу мерзімі мен орнына, оқушылардың санына байланысты оқу үрдісін ұйымдастырудың сыртқы көрінісі:

- A. Оқытудың формасы.
- B. Тәрбиелеудің формасы.
- C. Оқытудың принциптері.
- D. Оқытудың әдістері.
- E. Тәрбиенің әдістері.

15. Дидактика дегеніміз:

- A. Оқыту әдістері.
- B. Танымдық үрдісінің заңдылықтары.
- C. Оқыту принциптері.
- D. Оқу үрдісінің құрылымы.
- E. Оқытудың жалпы теориясы.

16. Сабақтың білім мазмұнының негізгі талаптарына кірмейтіндер:

- A. Ғылымилық.

- В. Өмірмен байланыстылығы, ұлттық ерекшеліктері.
- С. Жеткіліктілік, айналысу қызметі, мектеп оқушыларының жас ерекшелігіне байланысты мүмкіншіліктерін ескеру.
- Д. Ұстаздарға, ата-аналарға талап қоюды есепке алу.
- Е. Білімді кіріктіру, жаңа технологияны қолдану.

17. Оқу бағдарламасында көрсетіледі:

- А. Белгілі тақырыптарды оқуға байланысты сағат саны, оқу пәндерінің мазмұны мен білім көлемі.
- В. Оқу пәндерін кластарға бөлу және сағат санына қарай оқыту.
- С. Тоқсандық оқу жалғасындағы оқу пәндерін оқыту тәртібі.
- Д. Әрбір оқушының қажеттілігі мен қызығушылығын қанағаттандыратын білім өрісі.
- Е. Мектепте оқытылатын пәндер тізімі және оларға бөлінген сағат саны.

18. Сыныптық сабақ жүйесінің негізгі ерекшеліктері:

- А. Оқушылардың құрамының тұрақсыздығы.
- В. Дарынды балаларға бағыттау.
- С. Оқушылардың тұрақты құрамы және олардың дайындық деңгейі.
- Д. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс.
- Е. Жаңа материалдарлы түсіндіру.

19. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық білім беруге көшу қарастырады:

- А. Бес деңгейді.
- В. Төрт деңгейді.
- С. Бір деңгейді.
- Д. Екі деңгейді.
- Е. Үш деңгейді.

20. Оқыту әдістеріне мыналар жатады:

- А. Ауызша баяндау, көрнекілік, практикалық әдістер.
- В. Материалды өңдеудің математикалық әдістері.
- С. Факультативтік сабақтар.
- Д. Интервью және анкеталық сауал.
- Е. Сабақтан тыс үйірмелердің жұмысын ұйымдастыру.

21. Оқыту үрдісінің жалпы заңдылықтарын ашатын педагогиканың жеке бөлімі:

- A. Мектеп педагогикасына кіріспе.
- B. Дидактика.
- C. Педагогика тарихы.
- D. Тәрбие теориясы.
- E. Этнопедагогика.

22. Оқу пәндерінің құрамы әр жыл сайын қандай құжатпен реттеледі?

- A. Мектептің жылдық жоспарымен.
- B. Мектеп жарғысымен.
- C. Оқу бағдарламаларымен.
- D. Оқу жоспарымен.
- E. Күнтізбелік жоспармен.

23. Оқу үрдісін ұйымдастыруға байланысты қойылатын талаптардың ережелері:

- A. Білім беру мазмұны.
- B. Оқытудың принциптері.
- C. Оқытудың мақсаты.
- D. Оқытудың міндеттері.
- E. Оқытудың әдістері.

24. Қазіргі оқыту теориясының әдіснамалық негізі:

- A. Таным теориясы.
- B. Табиғаттың даму теориясы.
- C. Қоғамның даму заңдылықтары.
- D. Білім алушылардың жас ерекшеліктері.
- E. Білім беру туралы деректі құжаттар.

25. Практикалық ситуацияны бейнелейтін оқу іс-әрекеті:

- A. Дискуссия.
- B. Пікірталас.
- C. Іскерлік ойын.
- D. Дөңгелек стол.
- E. Сабақ.

26. Оқу пәндерінің құрамын, тәртібін және бірізділігін апталық сағат көлемін көрсете отырып, қандай құжатпен анықтайды?

- A. Мемлекеттік стандартпен.
- B. Оқу бағдарламасымен.
- C. Оқу жоспарымен.
- D. Профессиограмма арқылы.
- E. Білікті мінездемемен.

27. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қандай мерзімдерге арналған:

- A. 2005–2015 жж.
- B. 2005–2010 жж.
- C. 2005–2030 жж.
- D. 2005–2020 жж.
- E. 2005–2025 жж.

28. Оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін бағалау және есепке алудағы негізгі атқаратын қызметі.

- A. Ынталандырушылық, дамытушылық, оқытушылық, бақылаушылық, тәрбиелеушілік.
- B. Қызметтестік, зерттеушілік, танымдылық.
- C. Шығармашылық, мәдениетті қалыптастырушылық, тілді дамытушылық.
- D. Ұлтаралық келісімді нығайту, этнопедагогиканы ендіру, сабақ беру, деңгей көтеру.
- E. Педагогикалық іс-әрекеттің алдыңғы тәжірибелерін тарату, оқыту мотивтерін бекіту, оқу пәндерін нығайту.

29. Оқушылардың ғылыми көзқарасының жоғары деңгейде қалыптасуына мүмкіндік береді:

- A. Дәстүрлі оқыту.
- B. Проблемалық оқыту.
- C. Бағдарламаланған оқыту.
- D. Догматикалық оқыту.
- E. Технологиялық оқыту.

30. Теориялық ойлаумен, практикалық іс-әрекетте сезімдік қабылдаудың бірлігімен көрінетін іс-әрекеттің аталуы:

- A. Еңбек ету.

- В. Танымдық.
- С. Өз бетінше.
- Д. Тәжірибелік.
- Е. Ойын.

31. Педагогикалық технологияларға кіретін, оқыту үдерісін басқару мен ұйымдастырудың тиімділігі негізінде құрылған жүйелер:

- А. Проблемалық оқыту.
- В. Бағдарламалы оқыту.
- С. Дәстүрлі оқыту.
- Д. Ойын технологиясы.
- Е. Тұлғалық-бағдарлау технологиясы.

32. Дидактикалық бірлікті кеңейтетін (ДБК) педагогикалық технологияның авторы:

- А. С. Н. Лысенкова.
- В. В. Ф. Шаталов.
- С. Л. В. Тарасов.
- Д. П. М. Эрдниев.
- Е. В. К. Дьяченко.

33. Ғылыми білім жүйесі ретінде дидактиканы практикада қолданған:

- А. Я. А. Коменский.
- В. В. Ратке.
- С. Ж. Ж. Руссо.
- Д. И. Г. Песталоций.
- Е. И. Ф. Гербарт.

34. Дидактика «Жалпыға бірдей өнер, барлығын бәріне үйретеді» деп түсіндірген:

- А. Я. А. Коменский.
- В. В. Ратке.
- С. Ж. Ж. Руссо.
- Д. И. Г. Песталоций.
- Е. П. Ф. Каптерев.

35. Оқыту үдерісінде жетекші жүйе құрушы фактор болып:

- А. Оқыту әдісі.

- В. Білімнің мазмұны.
- С. Оқыту түрлері.
- Д. Оқытудың мақсаты.
- Е. Педагогикалық технология.

36. Тұтастық пен жекенің бірлігіне жету саласында оқыту мазмұнын менгерту кезіндегі құрылымы мен элементтері қандай қағидаға мақсатталады?

- А. Жүйелілік.
- В. Көрнекілік.
- С. Нақтылық.
- Д. Ғылымилық.
- Е. Жеткіліктілік.

37. Педагогика мен психологияның жаңа жетістіктерінің негізінде педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мына қағиданы ұсынады:

- А. Жалпылық.
- В. Жекелік.
- С. Тұтастылық.
- Д. Ғылымилық.
- Е. Жеткіліктілік.

38. Дидактиканың пәніне не кірмейді?

- А. Оқытудың мазмұны мен мақсаты.
- В. Оқытудың заңдылықтары.
- С. Оқушыларға ата-аналардың ықпалы.
- Д. Оқытудың принциптері мен әдістері.
- Е. Оқытудың формасы.

39. Мектепте оқытылатын гуманитарлық пәндер:

- А. Химия, тарих.
- В. Құқық, тарих.
- С. Физика, математика.
- Д. Биология, география.
- Е. Музыка, еңбек.

40. Тұтас педагогикалық үдерістің қалыптасуына әсер етуші қозғаушы күш:

- A. Қарама-қайшылық.
- B. Мақсаты мен міндеттері, мазмұны, құралдар мен формалары.
- C. Әдістері мен тәсілдері.
- D. Оқытудың техникалық құралдары.
- E. Педагогикалық технологиялар.

41. Тұтас педагогикалық үдерістің қозғаушы механизміне не жатады?

- A. Қарама-қайшылық.
- B. Мақсаты мен міндеттері, мазмұны.
- C. Құралдары, формалары, әдістері мен тәсілдері.
- D. Оқытудың техникалық құралдары.
- E. Педагогикалық технологиялар.

42. Сыныптық-сабақ жүйеде оқуды ұйымдастыру сақталады, бірақ оқушылардың қабілеттеріне және ақыл-ойының деңгейіне байланысты әр сыныпқа бөлінеді. Бұл қай жүйе бойынша?

- A. Белл-ланкастерлік.
- B. Мангеймдік.
- C. Дальтон-жоспар.
- D. Трампа-жоспар.
- E. Келлер-жоспар.

43. Оқушылар мен мұғалімдердің жаңа білімді меңгеруі үшін қолданылатын материалдық және идеялардың объектілері:

- A. Оқыту құрылымы.
- B. Оқыту үрдісін ұйымдастыру формасы.
- C. Оқыту әдісі.
- D. Педагогикалық технология.
- E. Оқыту құрылымының технологиясы.

44. Көп қайталанатын ақыл-ой немесе практикалық әрекет мақсатында меңгеру немесе оның сапасын көтеру:

- A. Лабораториялық жұмыс.
- B. Тәжірибелік әдіс.
- C. Жаттығу.

- D. Көрнекілік әдісі.
- E. Демонстрация.

45. Пікірталас дегеніміз –

- A. Оқыту принципі.
- B. Оқыту заңдылықтары.
- C. Оқыту заңы.
- D. Оқыту әдісі.
- E. Оқыту формасы.

46. Мектепте оқытылатын жаратылыстану пәндері:

- A. Химия, тарих.
- B. Құқық, тарих.
- C. Физика, география.
- D. Биология, шетел тілі.
- E. Музыка, еңбек.

47. Дидактиканың объектісі:

- A. Оқушының дамуы.
- B. Оқушының тәрбиесі.
- C. Ілім.
- D. Оқыту.
- E. Оқыту үрдісі.

48. Дидактиканың пәні:

- A. Тәрбие.
- B. Оқыту, үйрету, олардың өзара әрекеттестігі.
- C. Ілім.
- D. Оқыту және тәрбиелеу.
- E. Оқыту.

49. Дидактиканың категориясына жатпайды:

- A. Оқыту.
- B. Ілім.
- C. Оқыту.
- D. Білім беру.
- E. Әлеуметтендіру.

50. Дидактиканың негізгі категорияларының тобын көрсетіңіз:

- A. Объект, пән, болжам, оқыту әдістері, мақсат.
- B. Білім, оқыту, білік, білім беру.
- C. Сендіру, тәрбиелеу, жазалау, мадақтау, адамгершілік.
- D. Идеология, менталитет.
- E. Ізгілік, көзқарас, аспект, қоғам, идея.

51. Оқытудың мазмұны:

- A. Оқыту үрдісінде оқушылардың меңгеретін білік, білім, дағдыларының жиынтығы.
- B. Оқытудың нәтижесі.
- C. Оқушылардың білім, білік, дағдылардың жиынтығы.
- D. Әрбір оқушы өзінің бейімділіктерін, қажеттіліктерін дамыту үшін таңдап алатын, мектепте оқылатын пәндер тізімін құрайтын білім шеңбері.
- E. Ғылыми негізделген білімдер жиынтығы.

52. Мемлекеттік білім беру стандарты:

- A. Жалпы білім беру мазмұны.
- B. Мектеп бітірушілердің жалпы білімдік даярлығына қойылатын талаптардың міндетті деңгейі және осы талаптарға сәйкес келетін оқытудың мазмұны, әдістері, формалары, құралдары және бақылау.
- C. Жеке алынған білім беру мекемесінің өзіндік ерекшеліктерінің бейнелейтін құжат.
- D. Білім, ғылым және іс-әрекет түрлерінің үздіксіз білім алудың технологиялары (әдістемелері).
- E. Әр оқу жылындағы оқу жіктемесінің ең көп мөлшері.

53. Оқу жоспары:

- A. Оқу пәндерінің толық тізімін анықтайтын, пәндерді әрбір оқу жылына, әр пән бойынша сағат санына бөлінетін құжат.
- B. Оқытылатын материалдардың тақырыптық мазмұнын анықтайтын құжат.
- C. Оқушылардың білім, білік дағдыларына қойылатын негізгі талаптарды ашып көрсететін құжат.
- D. Дүниеге көзқарас мәселерінің негізгі тізімі.
- E. Жалпы білім беретін мектептің оқу үрдісін ұйымдастыруға нұсқау.

54. Оқулықтың атқаратын қызметі:

- A. Мотивациялық, хабарламалық, жаттығулық.
- B. Дамытушылық, тәрбиелік, білімділік.
- C. Тәрбиелік, қалыптастырушылық, құрымдылық.
- D. Коммуникативтік, ұйымдастырушылық, мотивациялық.
- E. Жаттығулық, қалыптастырушылық.

55. Білім берудің мазмұнын көрсетпейтін құжат:

- A. ҚР-ның мемлекеттік білім беру стандарты.
- B. Оқу жоспары.
- C. Сынып журналы.
- D. Оқу бағдарламасы.
- E. Оқулықтар.

56. Оқудың мотивтері (түрткі):

- A. Оқу жұмыстарына немқұрайлы қарау.
- B. Оқушының белсенді оқу-әрекетіне және білім алу мазмұнын нәтижелі тануға іштей оянуы.
- C. Қоршаған ортаға теріс қатынас.
- D. Оқуды қаламау.
- E. Білім алушының оқу үрдісіне қатысуы.

57. Білік дегеніміз:

- A. Автоматтық деңгейге жеткізілген практикада білімдерді қолданудағы жақсы жетілдірілген әрекет.
- B. Тәжірибеде иеленген білімдерді қолданулы, меңгеру тәсілдері.
- C. Білімдерді бекітуге бағытталған әрекет.
- D. Білімдерді мағыналауға бағытталған әрекет.
- E. Дағдылар жиынтығы.

58. Оқыту белгілеріне қайсысы жатпайды?

- A. Екі жақтылық сипат.
- B. Мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен іс-әрекеті.
- C. Мұғалім тарапынан басшылық.
- D. Оқушылардың дамуы мен тәрбиесін басқару.
- E. Әкімшілік бақылау.

59. Деференциалды оқыту:

- A. Артта қалушы оқушылармен жұмыс.
- B. Әрбір оқушының немесе жеке оқушылар топтарының мүмкіншіліктері мен мұқтаждықтарын барынша есепке алу.
- C. Қиын балалармен жеке жұмыс.
- D. Дарынды балаларды оқыту.
- E. Оқушылардың өзіндік жұмыстары.

60. Оқытудың заңдылықтары:

- A. Оқыту ережелері.
- B. Өсиет.
- C. Оқушылардың білім, дағдыларына қойылатын нақты жағдайлардағы өзара байланыс.
- D. Айқындалған жағдайлардағы қайталанатын объективті, қажетті, тұрақты байланыстар.
- E. Оқыту үрдісін ұйымдастырудағы нұсқаулар.

61. «Жеңілден қиынға», «Белгіліден белгісізге», «Қарапайымнан күрделіге» ережелері оқытудың қай принципіне жатады?

- A. Ғылымилық.
- B. Теория мен тәжірибенің байланысы.
- C. Қол жетерлік.
- D. Көрнекілік.
- E. Жүйелілік және бірізділік.

62. Я. А. Коменскийдің пікірінше «Дидактиканың алтын ережесі» дегеніміз:

- A. Көрнекілік.
- B. Жүйелілік.
- C. Қол жетерлік.
- D. Сабақтастық.
- E. Ғылымилық.

63. «Бүкіл сыныппен жұмыс істей отырып, оқушыны есінде ұста» ережесі оқытудың қай принципіне қатысты?

- A. Жүйелілік және бірізділік.
- B. Оқушылардың дербес ерекшеліктерін есепке алу.

- C. Беріктілік.
- D. Саналылық және белсенділік.
- E. Көрнекілік.

64. Білім көздеріне байланысты оқыту әдістерін топтап бөлу:

- A. Индуктивтік және дедуктивтік әдістер.
- B. Ынталандыру, іс-әрекетті ұйымдастыру, бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері.
- C. Проблемалық, зерттеу әдістері.
- D. Жаңа білімдерді зерттеу, бекіту және бақылау әдістері.
- E. Сөздік, көрнекілік, тәжірибелік.

65. Тәжірибелік әдістер тобына жататын оқыту әдістерін атаңыз:

- A. Демонстрация.
- B. Жаттығу.
- C. Түсіндіру.
- D. Иллюстрация.
- E. Әңгімелеу.

66. Оқытудың сөздік әдістерін көрсетіңіз:

- A. Тәжірибелік жұмыс.
- B. Жаттығу, байқау.
- C. Иллюстрация, демонстрация.
- D. Әңгіме, түсіндіру, әңгімелеу.
- E. Лабораториялық жұмыс, иллюстрация.

67. Оқытудың көрнекілік әдістерін көрсетіңіз:

- A. Бақылау, демонстрация.
- B. Лекция, әңгімелеу.
- C. Жаттығу, лабораториялық жұмыс.
- D. Әңгіме, демонстрация.
- E. Кітаппен жұмыс, түсіндіру.

68. Оқытудың тәсілдері:

- A. Оқытудың моделі.
- B. Оқытудың амал-жолдары.
- C. Оқыту әдісінің құрамды бөлігі.

- D. Оқытудың құралы.
- E. Оқытудың эталоны.

69. Қай белгісіне қарап сабақтың типін және құрылымын анықтайды?

- A. Дидактикалық мақсаттарына.
- B. Сабақтың бөліктерінің орналасуына.
- C. Басты мақсатқа жетудегі уақыт мөлшеріне.
- D. Құрылымдық компоненттердің құрамына.
- E. Мұғалімнің іс-әрекетіне.

70. «Дидактикалық очерктер» еңбегінің авторы:

- A. Н. К. Крупская.
- B. Н. Д. Хмель.
- C. Р. Г. Лемберг.
- D. Н. Құлжанова.
- C. Қ. Бержанов.

71. Мұғалімнің сабаққа даярлығы:

- A. Сабақ тақырыбына байланысты картотека жасау.
- B. Бағдарламаны, күнтізбелік жоспарды, оқулықты, берілген тақырып бойынша қосымша материалды зерттеу, оқушылар үшін тапсырмаларды іріктеу, әдістемелік әдебиеттерді нақтылау.
- C. Сабақтың тақырыбына байланысты әдістемелік нұсқауларды оқып-үйрену.
- D. Сабақтың тақырыбына байланысты тақырыптық жоспарды құру.
- E. Сабақтың тақырыбына байланысты әдебиеттерді оқу және талдау.

72. Үй тапсырмасын үнемі орындау қандай нәрсеге қабілеттілік тудырмайды?

- A. Білімді терең меңгеруге.
- B. Үлгерімді төмендетпеуге.
- C. Білімді жүйелендіруге.
- D. Оқылған материалды бекітуге.
- E. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеуге.

73. Мұғалімнің шешімі тиімді болмайды, егер ол:

- A. Диагностикада жинақталмаса.

- В. Ата-аналармен келісілмесе.
- С. Мектеп әкімшілігі қолдамаса.
- Д. Оқушыларды тарту және қызықтыру жүзеге аспаса.
- Е. Өзіндік қызығушылығы ескерілмесе.

74. Оқушының білімін қызықтыратын және оның меңгеруге мақсатты бағытталу:

- А. Тұлғаның қалыптасуы.
- В. Өзіндік білім алуға мақсаттылық.
- С. Өзіндік сезім.
- Д. Өзіндік дамуы.
- Е. Өзін-өзі басқаруы.

75. Тұтас педагогикалық үдерістің құрамына кіреді:

- А. Мұғалімдер мен оқушылар.
- В. Оқушы, мұғалім және ата-аналар.
- С. Мақсат, мазмұны, түрлері.
- Д. Мұғалім, оқушы, мақсат, міндет, мазмұн, оқу түрлері, құралдары, әдістері, тәсілдері.
- Е. Мақсат, міндет, әдістер, тапсырмалар.

76. Жоғары тиімділікті көрсететін, педагогикалық үдеріске қатысушылардың арақатынасы:

- А. Өзіндік басқару.
- В. Өктемдік (авторитарлық) басқару.
- С. Коммунарлық әдіс.
- Д. Қарым-қатынас педагогикасы.
- Е. Либералды басқару.

77. Оқыту дегеніміз:

- А. Мұғалімнің оқытушылық іс-әрекеті.
- В. Мұғалімнің оқушыларға білім беруі.
- С. Мұғалім мен оқушылардың өзара қатынасы.
- Д. Арнайы ұйымдастырылған оқушының жұмысы.
- Е. Оқушының іс-әрекеті.

78. Білім дегеніміз:

- А. Адамның әлемді сезінуі.

- В. Оқулықтың мазмұны.
- С. Сабақтың жаңа материалының мазмұны.
- Д. Оқушының үй тапсырмасы.
- Е. Ғылыми шындық жүйесі.

79. Қарым-қатынас дегеніміз:

- А. Қоршаған дүние мен адамдардың арасындағы байланысы.
- В. Адамдар әдебі.
- С. Алған білімді меңгеру.
- Д. Қазіргі заманғы проблемаларды түсіну.
- Е. Тұлғаның көзін жеткізу.

80. Оқытудың техникалық құралдарына жатқызуға болады:

- А. Жаттығуларды.
- В. Көрнекі құралдарды.
- С. Кестелерді.
- Д. Демонстрация.
- Е. Компьютерлерді.

81. Технологиялардың негізгі аспектілеріне жататындар:

- А. Просесуалдық іс-әрекет.
- В. Ғылыми-техникалық.
- С. Эмоционалдық.
- Д. Ұйымдастырушылық.
- Е. Формальды-техникалық.

82. «Бес балдық баға» мынадай жағдайда қойылады:

- А. Оқушы материалдағы білімін көрсетеді.
- В. Бағдарлама бойынша материалдың барлық көлемін меңгереді.
- С. Жазба жұмыстарында қателік жібереді.
- Д. Оқушы меңгерген материалдарының кейбіреуінен ғана түсінігі бар.
- Е. Жауабында салмақты қателер жібермейді.

83. Білімді бағалау түріне жатпайды:

- А. Оқушының сабақтағы жауабы.
- В. Тапсырманы карточка арқылы орындауы.
- С. Шығарма жазуы.

- D. Үй жұмысы орындауы.
- E. Дискуссия клубтарында сөйлеуі.

84. Білімнің қалыптастырылуының негізгі көрсеткіші –

- A. Ұғымдарды меңгеруі.
- B. Деректерді білмеуі.
- C. Оқу шапшаңдығы.
- D. Конспектілеуді білуі.
- E. Практикалық іс-әрекетті үлгілендіруі.

85. Сабақта оқушылардың белсенділігін арттыруға болады:

- A. Дәстүрлік оқу әдістеріне пайдалану арқылы.
- B. Дәстүрлік емес оқу әдістерін пайдалану арқылы.
- C. Сабақта сұрақтардың санын көбейту арқылы.
- D. Тек ауызша сұрау әдісі арқылы.
- E. Жазалау әдісі арқылы.

86. А. Ф. Каптерев, М. А. Данилов тұтас педагогикалық үдерісті қарастырады:

- A. Тәрбие мен оқытудың бірлігі.
- B. Оқытудың білімділік, тәрбиелік, дамытушылық бірлігі.
- C. Мектеп оқушыларының өзара әрекетінің сипаттары.
- D. Сабақтан тыс тәрбиелік процеске қатысушылардың өзара әрекеті.
- E. Процесс жағдайы.

87. Ю. К. Бабанский тұтас педагогикалық үдерісті қарастырады:

- A. Тәрбие мен оқытудың бірлігі.
- B. Білімділік, дамытушылық және тәрбиелік қызметтің бірлігі.
- C. Мектеп оқушыларының өзара әрекетінің сипаттары.
- D. Сабақтан тыс тәрбиелік үрдіске қатысушылардың өзара әрекеті.
- E. Процесс жағдайы.

88. С. Г. Шацкий, Н. К. Крупская, В. А. Сухомлинский тұтас педагогикалық үдерісті қарастырды:

- A. Жүйелілік мазмұнын.
- B. Білімділік, дамытушылық және тәрбиелік қызметтің бірлігі.
- C. Мектеп оқушыларының өзара әрекетінің сипаттары.

- D. Мұғалім мен оқушының өзара әрекеті.
- E. Танымдылық үрдіс жағдайы.

89. Педагогикалық іс-әрекет компонентіне жатпайтындар:

- A. Құрастырушылық (конструктивтік).
- B. Ұйымдастырушылық.
- C. Мазмұнды.
- D. Ізденіс.
- E. Коммуникативтік.

90. Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетінің түрі:

- A. Экскурсия, олимпиада, лекторлық.
- B. Танымдық, құндылық-бағдарлық, саяси-қоғамдық.
- C. Ізгілік, демократиялық, педагогикалық үрдістегі ынтымақтастық.
- D. Оқушылардың рейтингісін айқындау.
- E. Анкета, интервью алу, әңгімелесу.

91. Оқытудың көрнекі құралдарының негізгі түрлерін атаңыз.

- A. Саяхат, лабораториялық.
- B. Кино, проектор және т.б.
- C. Демонстрация, иллюстрация.
- D. Практикалық, лабораториялық.
- E. Аралас, лекция және т.б.

92. Жоспарланған оқыту дегеніміз не?

- A. Оқытудың жаңа түрлері мен тәсілдерін пайдалану.
- B. Кері байланысты жиі іске асыру үшін оқыту.
- C. Материалды жоспарланған құралмен оқыту.
- D. Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар мен жауаптар кіретін құралдар арқылы материалды алғашқы оқытуды ұйымдастыру.
- E. Тақырып бойынша материалды қамту.

93. Оқушының өз бетімен оқу жұмысы дегеніміз не?

- A. Мұғалімнің көмегімен, бірақ тікелей қатысуынсыз тапсырманы орындаудағы оқушының қызметі.
- B. Мұғалім басшылығымен оқу үрдісіндегі оқушының қызметі.
- C. Мұғалімнің көмегінсіз орындауға болатын оқушының қызметі.

- D. Мұғалім берген тапсырманы оқушының орындауы.
- E. Тек қана оқушының өз еркімен атқарған шығармашылық жұмысы.

94. Түсіндіру дегеніміз не?

- A. Теориялық жағын ашу, дәлелдер мен нұсқаулар беру.
- B. Табанды түрдегі әңгіме.
- C. Оқушыларға жаңа білімді игеруге жағдай жасау.
- D. Мұғалімнің оқу материалын мазмұндауы.
- E. Мұғалімнің ауызша әңгімесі.

95. Қоршаған ортаның шындығын оқушылардың қабылдауын жоспарлы, мақсатты ұйымдастыруға кіретін оқыту әдістерін қалай атайды?

- A. Өз бетінше оқу.
- B. Саяхат.
- C. Түсіндіру.
- D. Тәжірибе арқылы байқау.
- E. Бақылау.

96. Дәстүрлі емес сабақ дегеніміз –

- A. Аралас сабақ.
- B. Жаңа тақырыпты баяндау сабағы.
- C. Қорытынды сабақ.
- D. Сынақхат.
- E. Баспасөз конференциясы.

97. Оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін қалай түсінесіз?

- A. Дидактика.
- B. Құрылым.
- C. Әдістемелік жүйе.
- D. Оқыту үрдісі.
- E. Функциялары.

98. Педагогикалық үдерістің қызметтері:

- A. Білім беру, тәрбиелеу, дамыту.
- B. Педагогикалық құбылыстың заңдылықтарын ашу.
- C. Білім беру орындарының жұмысын реттеу.
- D. Озық педагогикалық тәжірибелерді тарату.
- E. Оқу үрдісін басқару.

99. Оқыту үдерісінің бір жағы – сабақ беру, ал екінші жағы – ...

- A. Оқу.
- B. Білім беру.
- C. Қалыптастыру.
- D. Дағды.
- E. Тәрбиелеу.

100. Оқыту үдерісінің әдіснамалық негіздері:

- A. Таным теориясы.
- B. Неотомизм.
- C. Преформизм.
- D. Тарихи материализм.
- E. Бихевиоризм.

101. Оқыту үдерісінің қозғаушы күштері:

- A. Мұғалім жігері.
- B. Оқу тапсырмалары мен оқушылардың білім деңгейі арасындағы қарама-қайшылықтар.
- C. Білімдерді, іскерліктерді оқушылардың игеруі.
- D. Дидактикалық зерттеулер.
- E. Ғылым мен практика байланысы.

102. Белгіліден белгісізге, жайдан күрделіге ережелері қандай қағидаға жатады?

- A. Ғылымилық.
- B. Көрнекілік.
- C. Дидактикалық.
- D. Теориялық.
- E. Кешенділік.

103. Оқыту пәндерінің тізімін сағат сандарын көрсетіп, оқу жылдарына бөлетін, аптасына әрбір пәнге тиісті сағат санын анықтайтын құжат?

- A. Оқыту бағдарламасы.
- B. Сабақ жоспары.
- C. Тақырыптық жоспар.
- D. Оқыту жоспары.
- E. Күнтізбелік жоспар.

104. Сабақтың негізгі белгілері:

А. Оқушылардың тұрақты құрамы, бір пәнге арналуы, арнайы кесте бойынша жүруі.

В. Арнайы бөлмеде өтуі, оқу құралдарының болуы.

С. 45 минут көлемінде болуы.

Д. Оқудың практикамен байланысы.

Е. Үш бірдей мақсаттың іске асуы.

105. Сабақ түрін анықтайтын кең тараған жол?

А. Дидактикалық мақсатқа байланысты.

В. Оқыту мақсатына жетуге байланысты.

С. Мұғалім іс-әрекетінің сипатына байланысты.

Д. Оқушы іс-әрекетінің сипатына байланысты.

Е. Мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

106. Дальтон жоспар деп –

А. Оқытуды ұйымдастырудың жаппай формасы.

В. Оқытуды ұйымдастырудың жекелеген формасы.

С. Оқытуды ұйымдастырудың топтық формасы.

Д. Оқытуды ұйымдастырудың жеке және топтық формасы.

Е. Оқытуды ұйымдастырудың сабақтық формасы.

107. Аралас сабақта:

А. Тек жаңа білімдер қалыптасады.

В. Іскерлік қалыптасады.

С. Жаңа дағдылар қалыптасады.

Д. Оқу материалдары бекітіледі.

Е. Бірнеше дидактикалық міндеттер шешіледі.

108. Сабақта оқушылардың бірдей тапсырмаларды жеке-жеке орындаулары оқушылардың оқу жұмысын ұйымдастырудың қандай түрі?

А. Жаппай әдісі.

В. Жеке формасы.

С. Топтық формасы.

Д. Бригадалық форма.

Е. Кешенді формасы.

109. Бақылау формалары:

- A. Ауызша бақылау.
- B. Практикалық жұмыстар.
- C. Жеке, топтық.
- D. Аралық, қорытынды.
- E. Жаппай, ағымдық.

110. Бағалау дегеніміз:

- A. Тексеру үрдісі.
- B. Тексеру нәтижесі.
- C. Бақылау әдісі.
- D. Бақылау құрылымы.
- E. Қарама-қарсы байланыс.

111. Ауызша тексеру, жазбаша тексеру, практикалық жұмыстар дегеніміз не?

- A. Бақылау түрлері.
- B. Бақылау әдістері.
- C. Тексеру құралдары.
- D. Эксперимент.
- E. Тәжірибе.

112. Сынақхат дегеніміз не?

- A. Бақылау әдісі.
- B. Диагностика.
- C. Тексеру үрдісі.
- D. Сабақ элементі.
- E. Оқу үрдісі.

113. И. Г. Песталочий қандай ұғымды педагогика ғылымына енгізді?

- A. Құндылық.
- B. Білім беру.
- C. Оқыту.
- D. Тәрбие.
- E. Қалыптастыру.

114. Оқыту мен білім беру заңдылықтарын қарастыратын педагогиканың саласы:

- A. Дефектология.
- B. Методика.
- C. Методология.
- D. Инновация.
- E. Дидактика.

115. Тұтас педагогикалық үдерістің қозғаушы күші:

- A. Қарама-қайшылық.
- B. Мақсаты, міндеттері, мазмұны және құралдар мен формалары.
- C. Әдістері мен тәсілдері.
- D. Оқытудың техникалық құралдары.
- E. Педагогикалық технология.

116. Оқыту үдерісінің жалпы заңдылықтарын ашатын педагогиканың саласы:

- A. Пән әдістемесі.
- B. Педагогика тарихы.
- C. Дидактика.
- D. Тәрбие теориясы.
- E. Этнопедагогика.

117. Оқыту үдерісінің ұйымдастыру түріне жатпайды:

- A. Сабақ.
- B. Экскурсия.
- C. Бақылау.
- D. Факультатив сабақтар.
- E. Үй жұмысы.

118. Негізгі дидактикалық ұғым:

- A. Дамыту.
- B. Зерттеу.
- C. Танып-білу.
- D. Тәрбиелеу.
- E. Оқыту.

119. Ең алғаш рет «Педагогикалық үрдіс» ұғымын ғылымға енгізген:

- A. Д. И. Писарев.
- B. Н. К. Крупская.
- C. П. Н. Пидкасистый.
- D. П. П. Блонский.
- E. П. Ф. Каптерев.

120. Дидактика ұғымын алғаш ғылымға енгізген:

- A. Я. А. Коменский.
- B. Ж. Ж. Руссо.
- C. В. Ратке.
- D. Д. Локк.
- E. К. Д. Ушинский.

4-тарау. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ НЕГІЗДЕРІ

4.1. Педагогикалық менеджмент және корпоративтік мәдениет түсініктері

Жоспары:

1. Педагогикалық менеджменттің мақсаты және міндеттері.
2. Мәдениет туралы жалпы түсінік.
3. Білім берудегі менеджмент және маркетинг.
4. Педагогикалық менеджмент туралы жалпы түсінік.

Негізгі ұғымдар: жеке тұлға, білім сапасы, сапа, менеджмент, адам капиталы, қалыптастыру, қозғаушы күштер, мәдениет, жеке тұлғаның қалыптасу заңдылықтары.

Басқа пәндермен байланысы: философия, әлеуметтану, саясаттану, экономика, менеджмент.

1. Педагогикалық менеджменттің мақсаты және міндеттері.

Экономикалық саладағы, мемлекеттік құрылымдағы, қоғамдық санадағы, құндылықтар мен мәдени бағыттардағы өзгерістерге сай әлеуметтік басқарудың жаңа философиясы екі жағдайды ескергенде ғана жү-

зеге асады, олар: өзіміздің басқару тәжірибемізді ой елегінен қайта өткізіп, қайта бағалау; әлемдік басқару тәжірибесін зерттеп талдау және бағалау. Осыған сәйкес, «Менеджмент» ұғымы (ағыл. «*management*») – ұйымдастыру, басқару, меңгеру) – әлеуметтік, рухани процестерді басқарудың жалпы ұстанымдарының, нысандары мен әдістерінің жинақтамасы. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында: «Басқару – 1) Ел билеу, басшылық ету, жетекші болу, нұсқау беру және т.б.; 2) Бір нәрсені ұйымдастыру, жөнге салу, игеру», – деп сипаттама берілген.

Менеджментті зерттеу объектісіне байланысты арнайы да, салалық та ғылымдарға жатқызуға болады. Жалпы, теориялық тұрғыдан менеджмент экономикалық пәндердің жалпы жүйесінде пәннің ролін жақсырақ түсінуге мүмкіндік беретін келесі негізгі функцияларды атқарады:

1) ұйымдастыру функциясы – шаруашылық әрекеттің негізгі ұғымдары мен заңдылықтарын қалыптастырады;

2) танымдық функция – білім мен ғылымды басқару заңдылықтарын ойластыруға, әртүрлі білім беру жүйе-

сінің күрделі өзара байланыстарын анықтап алуға көмектеседі;

3) болжамдық функция – басқару шешімдерін қабылдау үрдістері кезіндегі болжамдар мен ықтималдылық көрсеткіштері, ғылыми-техникалық прогрестің қарқындары мен бағыттары, экономикалық өсудің нұсқалары және т.б. маңызды мәнге ие;

4) тәжірибелік функция – экономикалық үрдістердің заңдылықтарын көрсетеді. Менеджмент экономикалық идеяларды жүзеге асыру жолдарын, экономикада инновациялық технологиялардың жолдарын анықтайды.

Демек, ХХІ ғасыр тәуелсіз еліміздің дүниежүзілік өркениетке ұмтылған өрлеу ғасыры болып табылады. Ол алдымызда отырған келешек қоғам иегері, жас ұрпақты өсіріп жетілдіруге тікелей байланысты. Осы ілгерлеп алға басу дәуірінде өмір сүру үшін, ең алдымен білім мекемелерін көркейтіп, оқу-тәрбие үдерісін дұрыс жолға қою керек. Қоғамдағы болып жатқан өзгерістер білім мекемелеріндегі педагогтардың шығармашылық еркіндігіне мүмкіндік береді. Әсіресе мектептің дамуы үшін жаңа ұғым, жаңа үлгі, жаңа тәсілдер қажет. Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру түбегейлі өзгертуді талап етеді. Мұнда ұстаздардың кәсіптік деңгейі, олардың жан-жақтылығы, біліктілігі, оқушылардың танымдық белсенділі-

гін көтеруге мүмкіндік жасай білуі, әр оқушыны қалай оқыту керектігі туралы мәселені шешетін оқу жүйесін құру қажеттілігі тұр. Сондықтан бүгінде әкімшілік-бағыныштылық басқару түрін менеджменттік басқару түріне ауыстыру қажет. Менеджмент бойынша, басшы – негізгі қуат көзі және оны өзгелерге жеткізуші, дем беруші, сонымен қатар олардың қызметін ұйымдастырушы, үйлестіруші, өз қызметкерлерінің шығармашылығын, іс-тәжірибесін дамытуға ынталандырушы қызметтерімен сипатталады.

«Ғылыми менеджмент» мектебінің бастауында Ф. Тейлор, ерлі-зайыпты Ф. Гилберт және Л. Гилберт-та, Г. Гант тұрды. Менеджментті басқару ғылымы деп танып, зерттеуде алғашқы қадам жасаған американдық инженер Ф. Тейлор (1856–1915) болды. Ол ғылыми басқару қозғалысының басшысы ретінде мекемелердегі еңбек өнімділігін арттыру мәселесін кәсіби қызығушылық саласында күн тәртібіне қойды.

Ф. Тейлордың «Фабриканы басқару» (1903), «Ғылыми менеджмент принциптері» (1911) атты негізгі еңбектерінде менеджментті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру әдістері берілді. Бұл әдістер жұмыс уақыты мен жұмыс қозғалыстарына, еңбек құралдары мен әдістерін стандарттауға негізделген. Жұмысты автономдыққа, толығымен бағдарлама-

ланған элементтерге бөлу, одан кейін тұтастыққа тиімді түрде біріктіру мекеменің өнімділігін жоғары деңгейге көтеретін міндетті шарттар болып табылады. Аталған операциялар реті ғылыми басқару мектебінің тұжырымдамасына сәйкес жобаланады.

Ф. Тейлордың анықтамасы бойынша *менеджмент* – белгілі заңдар, ережелер мен принциптерге негізделген шынайы ғылым. Оны дұрыс қолдану еңбек өнімділігін өсіру мәселесін шешуге көмектеседі. Егер біз ғылыми негізде адамдарды тандап, прогрессивті әдістерді қолдану арқылы оларды оқытып, түрлі стимулдар арқылы қызметке деген белсенділігін арттырып, адам мен жұмысты бірлестіре қоса білсек, нәтижесінде жеке жұмыс күшінен асатындай үлесі бар өнімділікке қол жеткіземіз. Ф. Тейлордың басқару менеджментіне қосқан үлесі мынада:

- еңбекті өлшеу әдістемесінің негіздерін даярлады;
- жұмыс операцияларын бірқалыпқа түсірді;
- кадрлар таңдау және орналастыруға байланысты практикаға ғылыми көзқарас енгізді;
- жұмысшылар еңбегін ынталандыру әдістерін даярлады;
- жұмыс және жауапкершілік жұмысшылар мен менеджерлер арасында тең бөлінетіндігін мойындауға жеткізді.

Демек, «Ғылыми менеджмент» теориясының мазмұнында бақылау, өлшеу, логика және талдауды қолдану арқылы қол еңбегінің көптеген операцияларын жетілдіре отырып, оларды орындаудың тиімділігіне жетуге болады деп есептеді (жұмыс мазмұнын талдау және оның компоненттерін анықтау).

Олай болса адам факторын есепке ала отырып еңбек өнімділігін және өндіріс көлемін өсіру үшін жұмысшылардың қызығушылығын арттыру мақсатында ынталандыруды жүйелі қолдану маңызды үлес болды. Сонымен қатар, қажетті демалыс мүмкіндігі мен өндірістегі орын алатын үзілістер де назарда болуы қажет. Бұл басқарушыға өндіру нормасын тұрақтандыруға және қабылданған минимумды асыра орындағандарға қосымша жалақы төлеуге мүмкіндік береді.

Ғылыми басқару *ойластыру мен жоспарлауда басқару* қызметін жұмысты орындаудан бөлу қажеттігін қорғады. Ф. Тейлор және оның замандастары басқару жұмысын – арнайы анықталған мамандық деп, егер жұмысшылардың әрбір тобы бәрінен жақсы орындаймын деген ұстанымда болса, онда мекеме сөзсіз ұтады. Ертеректе жұмысшылар өз жұмысын өздері жоспарлаған.

Ғылыми менеджмент тұжырымдамасы арқылы басқаруды ғылыми зерттеулердің жеке саласы деп қа-

растырады. Алғаш рет ғалымдар, басшылар, практиктер ғылым мен техникада қолданылатын әдістер мен қатынастардың өндіріс мақсатын жүзеге асыруда практикада қолданудың тиімділігін зерттеді.

«Педагогикалық менеджмент» ұғымының мәнін ашу барысында зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар А. Н. Иванов, А. М. Лазарев, Т. Ф. Лошакова, К. Я. Вазина, А. М. Моисеев, М. М. Поташник, О. Г. Хомерики, В. В. Хохлова, Т. И. Шамова және т.б. болатын.

Белгілі ғалым К. Я. Вазина оқу орнындағы педагогикалық менеджменттің екі деңгейін ұсынады, олар: «бірінші деңгей, оқу ұйымының басшысы және орынбасарлары. Екінші деңгей, ұстаздар мен мұғалімдер» деп шартты түрде бөлді. Ал Т. Ф. Лошакваның зерттеуінде менеджмент ұғымына анықтаманы Оксфорд сөздігі негізінде сипаттама береді: «Менеджмент – адамдармен қарым-қатынас мәнері мен әдісі, билік және басқару өнері, әкімшілік дағдылар мен ерекше іскерлік», – деп келтіреді. Олай болса, педагогикалық менеджмент анықтамасының бірқатар қырлары ұстаздармен қарым-қатынас, басқару іскерлігі, басқару мәдениеті және т.б. ұғымдарға арқау болады. М. Х. Мескон, М. Альберт, Ф. Хедоуридің «Менеджмент негіздері» атты еңбегінде менеджмент бірнеше мағынада қарастырылады:

«өзге адамдардың қажеттіліктері, ақыл-ойы, еңбегін қолдану арқылы қойылған мақсатқа қол жеткізу іскерлігі» немесе «әртүрлі мекемелердегі адамдарды басқару бойынша әрекет түрі, қызметі және басқару»; «басқару қызметін жүзеге асыруға көмек беретін адами білім саласы» деп келтіреді. Мекеме мақсатына жету үшін менеджмент кадрлар ресурсымен (өзге адамдардың қажеттіліктері, еңбегі, ақыл-ойы), сонымен қатар материалдық, қаржылық ресурстарды пайдаланылады. Көптеген әдебиеттерде менеджмент тек басқару ғылымы (білім саласы) ғана емес, басқарушының (менеджердің) пәрменді ойы мен интуициясына, шешім қабылдаудағы жаңаша ойлауы мен әрекетті тез әрі ұтымды ұымдастыруына негізделген басқару өнері ретінде қарастырылады.

Ойымызды нақтылай келе, *менеджмент дегеніміз* – мекеменің тиімді әрі белсенді қызметін ұымдастыру мақсатында ақыл-ой, материалдық, қаржылық ресурстарды ұтымды қолдануға бағытталған ғылым, білім, өнер, қызмет түрі деп айтуға болады. Менеджментті түсінудің барлық аспектілерін ескере отырып, жеке-тұлғалық қатынасқа сүйене келе, педагогикалық менеджмент ұғымына анықтама береміз. *Педагогикалық менеджмент* – жаңа әлеуметтік-педагогикалық жағдайларына дайын «оқушы» тұлғасын

дамыту мақсатына бағытталған, мектепте немесе сыныпта жүзеге асатын мұғалімнің басқару қызметі. Осыған сәйкес, педагогикалық менеджменттің құрылымы:

1. Әрекеттік жүйе ретінде педагогикалық менеджменттің жүйе құрушы элементтерінің мәні мен сипаттамасы;

2. Педагогикалық менеджменттің мақсаттары;

3. Білімдік үдерістің менеджері алдында тұрған негізгі міндеттер;

4. Педагогикалық менеджменттің принциптері;

4.1. Басқарудың жалпы принциптері;

4.2. Педагогикалық және басқару еңбегін ұйымдастырудың ғылыми принциптері;

4.3. Білім беру үдерісіндегі менеджердің талдау әрекетінің принциптері;

5. Педагогикалық менеджменттің қызметтері;

6. Басқару әдістері;

7. Нәтижесі:

7.1. Тиімділік – оқытушы мен оқушының біріккен әрекетінің сипаттамасы;

7.2. Сапа – қорытынды нәтиженің сипаттамасы.

Белгілі педагог В. А. Сухомлинский баланы басқару туралы айта келе, «басқару, бағындыру моральдық құқығына сүйеніп қана тәрбиеленушінің жанын билеуден» аулақ бо-

луды қатаң ескертеді. «Бала өз арын басқарушы» болғанда ғана мұғалім басқару құқығын орындай алады деп келтіреді.

Ұжымның интеллектуалдық өмірі – үлкен күш, ол адамды өзін-өзі тәрбиелеуге бағыттайды. Мұғалімнің сыныптағы басқаруын В. А. Сухомлинский осылай түсіндіреді.

2. Мәдениет туралы жалпы түсінік. Мәдениет өз алдына ғылыми категория ретінде қолданылып, әрбір тарихи кезеңде әр ғылым саласында зерттеушілердің назарын аударды. «Мәдениет» ұғымының ғылыми еңбектерде анықтамалары алуан түрлі. Тек қана ағылшын тіліндегі әдебиеттерде 1950 жылдардың бас кезінде «мәдениетке» 160-тан астам анықтама беріліпті. Ал жалпы Батыс Еуропалық әдебиеттерде мәдениеттің 400-ден астам анықтамасы бар екені айтылады. Мәдениет термині – көп мәнді, көп мағыналы ұғым.

Мәдениеттің мәніне қатысты ізденістерге негіз болған шетелдік ғалымдардың, соның ішінде еуропалық антропологтар мен әлеуметтанушылар Э. Тэйлор, А. Кребер, Т. Парсонс және т.б. іргелі еңбектері алдымен назар аударады. Олар қоғам өмірінің әртүрлі құрылымдық бөлігін анықтай отырып, кейбір салаларына ғана рухани құбылыс ретінде қарайды. Сонымен қатар, әрбір әлеуметтік құбылыстың қызмет ету мәнін саралау арқылы мәдениеттің анықта-

масын береді. Мәселен, Э. Тэйлордың тұжырымы бойынша: «Адам қабілеті игерген білімнің жиынтығы, діни сенім, өнер, парасаттылық, заң, салт-дәстүр, әдет-ғұрып және т.б. мәдениеттің аясына жатады», – деп сипаттама берген. Дәл сол сияқты әлеуметтік антропологиямен айналысқан ағылшын ғалымы А. Рэдклифф Браун да мәдениет санатына тілді, діни сенімді, эстетикалық талғамды, кәсіби шеберлікті және әртүрлі салт-дәстүрді жатқызады.

Мәдениет туралы танымды едәуір алға оздырған ғалымдардың бірі – американдық мәдениеттанушы Л. Уайт. Ол мәдениетті біртұтас жүйе ретінде қарап, оның ішінен үш саланы қарастырады. Бірінші – технологиялық сала, яғни материалдық игіліктер мен оны жасайтын құралдар арқылы адам мен адам, адам мен табиғат байланысқа түседі. Екінші – әлеуметтік сала. Мұнда адамдар арасындағы қарым-қатынас өзінен-өзі туыстық, экономикалық, саяси, этикалық, әскери, кәсіби және т.б. қасиеттерді қалыптастырады. Үшінші – идеологиялық сала. Бұған идея, діни сенім, білім, нысанның түрлері, мифология, ғылым, халық даналығы және т.б. жатады.

Мәдениет бұл – адамның ақылы, таланты, еңбек таңбалары бар бізді қоршаған заттар мен құбылыстардың әлемі. Бұл – өзінен-өзі туындататын табиғаттан айырмашылығы бар адам-

дар әлемі. Адамдар жасап шығарған мәдениеттік заттар дүниесі, оның негізгі екі саласына – материалдық және рухани мәдениетке жатады. Адамның өзі белгілі бір кәсіби топтарымен ерекшеленетін қоғам және жеке адамдардың мәдениеттілігінің деңгейі. Әдетте мәдениетті «жаттап алынған тәртіптілік», «үлгілі тәртіптің кешені», «өмірді анықтайтын үлгілердің жиынтығы» деп белгілейді. Осыдан мәдениеттің мәнін анықтай отырып, оның үш жағын бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, адамның материалдық және рухани әрекеттерінің материалданған бұйымдарының аяқталған түрі; екіншіден, мәдениеттің субъектісі, жасаушы және пайдаланушы түрі; үшіншіден, жеке адамдардың субъективтік әрекеттерін объективтік жобаға айналдырған байланыс түрі.

Олай болса, мәдениет адамның жаңарып отыратын болмысын сипаттайды, ал адам текті құбылыс болғандықтан оның өмірі қоғамнан тыс жерде өтуі мүмкін емес, сондықтан мәдениет адамдардың әрекетінің нәтижесінде өзінен-өзі жаңарып отыратын адамдардың болмысы.

Әйтсе де, мәдениет бұл тұрғыда ұжымдағы адамдардың дәстүрімен байытылған нормалар мен тәртіп үлгілерінің міндетті түрде сол этностың өкілінің және оның әртүрлі әлеуметтік топтарының қатынасының деңгейін көрсетеді. Осыған байланысты

мәдениеттің мынадай қызметін бөліп көрсетуге болады: дәстүрлердің сабақтастығын қолдау, бағалаушылық қызметі, мақсаттылық, мағлұматтық.

Философиялық сөздікте мәдениет – сана мен болмыста адамзаттың әлеуметтік-мазмұнына қарай адамның әлеуметтік индивид ретінде дамуы, оның таным, қарым-қатынас, іс-әрекет субъектісі ретінде өмір сүру әдісі, жекелік, шығармашылық, әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық жетілуі деп көрсетілген.

Философиялық энциклопедиялық сөздікте С. А. Арутюнов мәдениет материалдық, рухани өнімдерде, әлеуметтік ережелерді рухани құндылықтарда, адамның өзіне қарым-қатынасында көрінетін тіршілік тәсілі деп түйіндейді.

Этикалық сөздікте мәдениет – рухани өмірдің барлық формаларын біріктіру делінген. Педагогикалық бағытта мәдениет – адамдардың бірлескен ғылыми, моральдық-әлеуметтік көркем және техникалық құндылықтар жасаудағы қарым-қатынас жиынтығы адам тұлғасына бағытталған өзін-өзі танып білу немесе рухани өмірбаяны.

Белгілі ғалым Э. Баллер: «Мәдениет рухани және материалдық құндылықтар байлығы, адамзат санасы, тұрмысы, өткені мен бүгіні», – деп анықтама береді. Осы тұрғыда мәдениет пен құндылықтар ұғымының мазмұндық арақатынасы, әдіснама-

лық мазмұны ұғымдардың ұлттық тәрбиедегі орнын анықтай алады. Соңғы жылдарда жалпы мәдениетке қатысты, соның ішінде ұлттық мәдениетке қатысты мәдениеттанушылар мен этнографтар Ю. В. Бромлей, Н. Н. Чебоксаров, В. И. Козлов, т.б. кең көлемде зерттеулер жүргізген. Демек, мәдениет дегеніміз – қоғамның өмір сүруінің міндетті қызметі екенін аңғарамыз.

Адамзат тарихының тас дәуірінен басталған қазақ халқының рухани мәдениетінің көзі, тууы, өмірге келуі, дамып, сабақтастық тауып сақталуы, сонымен бірге жалпыхалықтық сипат алып, бүкіл бір этносты қамтып, кеңінен тарауы, оның біртұтас бөлінбейтін құбылыс екенін, біздің зерттеген тарихи-ғылыми талдауларымыз аңғартады. Осы құбылыстың бастауына көз жіберсек, қазақ халқының ертеде қалыптасқан үлгі-өнегесі, өрнегі мол, өркениетті ежелгі мәдениеті болғанын айқындайтын мағлұмат деректердің көп екенін байқаймыз. Оларды адамзаттың алғашқы мекендерінің бірі болғанын қазақ даласындағы қазба жұмыстарының нәтижесінде археологтарымыз жан-жақты қарастырған.

Бұл мақсатты жүзеге асыру білімге, адамзаттың асыл қазынасы кітапқа, жазба мұраларға байланысты. Осы ретте Ақсақ Темір туралы мынадай бір аңыз бар. Жаулап алған елдердің халқын қырып, қалаларын

қиратып, мал-мүлкін талан-таражға салған Темірлан ол елдердің мәдени мұраларын, кітаптарды, ескі қолжазбаларды өзінің астанасы Самарқанға ерінбей жинаған екен дейді. Күндердің бір күнінде Ақсақ Темір өзінің бас ғұламасын шақырып алып былай депті:

– Менің қайтыс болар шағым қашық емес, оны өзім де сезіп жүрмін. Мені осы мәдени мұралардың тағдыры қатты қинайды. Әлем жаралғаннан бергі адамзат ақылының ең қадірлі, ең жақсы асыл туындыларын жинау үшін қанша ғұмырым мен күш-жігерімді, қайратымды сарп еткенімді өзің білесің. Енді осы баға жетпес байлық мен өлгеннен кейін тозып, тозаңға айналып жойылып кете ме деп қорқамын. Сөйтіп, Ақсақ Темір өзінің сенімді адамдарымен ақылдасып, сол мұраларды жасыруға ұйғарыпты. Бір таудың қуысынан тоғыз күн үлкен үңгір қаздырып, соған жиырма жеті күн барлық кітаптары мен қолжазбаларын тасытып, үңгірдің аузын бекітіп: «Дүниеде жауыздық пен надандық жойылғанша осында болыңдар, адам көзіне түспендер!» – деп тапсырыпты дейді.

Темірлан Самарқан қаласының орталығына жерленген. Әрбір ай толғанда Темір қабірінен шығып, ұйқыдағы халыққа:

– Әлемде жауыздық атаулы бітті ме, адамдар арасында адалдық, әділдік орнады ма, олардың бір-бі-

рімен туыс болатын күні келді ме, жасырған қазынамды халыққа қайтаратын күн жетті ме? – деп айқайлап, сұрақ қояды екен. Сонда адамдар:

– Жоқ, жер бетінде жауыздық жойылып біткен жоқ, адамдар қайырымсыз, қатал, надандықтың құшағынан шыға алмай жүр, – дейді екен. Мұны естіген Темір ашуланып жерді бір теуіп, қабіріне кіріп жатады екен дейді.

Бұдан шығатын қорытынды, қазынаға халықты ие етіп, әділдік, келісім мен үйлесім орнаған жарасты жақсы өмірдің кілті мәдениетке, рухани кемелділік пен біліктілікке қол жеткізу үшін мәдениеттің даму, өсу кезеңдерін, тарихын білудің маңызы зор екені даусыз да талассыз нәрсе. Мәдениет өзінің ішкі механизмдері мен адам тұлғасына бағытталғандықтан, оны өзін-өзі танып білу немесе адамның рухани өмірбаяны деп есептеледі. Мәдениеттің өмір сүруінің шарты, ол бір ұрпақтан екінші ұрпаққа сабақтастықпен беріліп отырылады. Сондықтан мәдениет өзін-өзі тану мәселесін алдыңғы орынға қояды. Яғни, мәдениеттаным қабылдаудың, қағидалардың, түсініктердің жүйесі болып саналады да, солар арқылы мәдениетті трансляциялау процесі іске асады. Бұл жүйе адам тұлғасының өлшемі туралы мәдениетте жинақталған тиісті білімді, шеберлікті, тәжірибені қамтамасыз етеді.

Мәдениет – тұтас және органикалық құбылыс. Біз оның жасанды жолмен құрылымдық қайта құруларды көтермейтінін ұғынуымыз керек, мұндай эксперименттер оның күйреуіне әкеледі. Жалпы әлемдік өркениеттік процеске өзінше қосылатын әрбір мәдениеттің негізінде прогрессивті немесе реакциялық деп бөлуге келмейтін терең рухани адамгершілік архетиптер жатады. Бұл әртүрлі мәдениеттер дамуының өзіндік ерекшеліктері мен әртүрлілігі туралы идея адамдар санасында енді ғана қалыптаса бастады. Белгілі философ Ю. М. Бородай: «Адамдардың бірқалыпты өмір-тіршіліктері ақылдың айласы мен ойша есептеулердің негізінде емес, әрбір халықтардың өз ерекшеліктеріне сай адамгершілік нормалары мен қалыптасқан санасына сәйкестеледі... осы нәрсе оларды қайталанбас тұлға және қоғамдық индивид ете алады. Адамзат әлемінің әралуандығы мен қызығушылығы ешқандай да логикалық негіздеуге жатпайтын және өзге мәдениет тіліне сай түрде аударылмайтын әрбір халықтың мәдениетінің түбірін құрайтын өздерінің культтық сипаттағы қадір-қасиеттерімен тікелей байланысты», – дейді. Бірақ бұл өзгенің бәрін теріске шығарып, табалдырықтан аттатпау емес, өзгенің тәжірибесін үйренуге болады және ол қажет те, бірақ оның өзгелердің тәжірибесі екендігін естен шығармаған жөн.

Қазіргі қалыптасқан мәдени жағдайда ұлттық төлтума мәдениетті сақтай отырып және оны қазіргі заманғы нарық заңдылықтарына бейімдей отырып, болашаққа қарай бағдар ұстану қажет. Жаңа қоғамға өту барысында жүріп жатқан ғаламдық үрдістерден тыс қалуға болмайды. Қазақстанның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемдегі мәдени тәуелсіздік құқығын сақтап қалу барысындағы бәсекелестікте социомәдени коммуникацияның тиімді жүйесін қалыптастыру қажет. Қоғамның өмір сүруі мен дамуы оның әрбір кезеңі әлеуметтік байланыстың белгілі бір құралдары мен технологияларын қамтамасыз етудің біріктіруші реттеуші функциясы мен мәдени мұралану процесіндегі қызметтерімен тығыз байланысты.

XX ғасырдың II жартысынан басталған ғаламдық ақпараттық қоғам бүкіл планета мен оның маңайындағы кеңістікті қамтыды. Коммуникация желілері литосфераны, гидросфераны, атмосфераны қамтыды: авто және теміржолдар, мұнай және газ құбырлары, электр желілері, әуе және теңіз жолдары, сонымен қатар теле және радиобайланыс, оптикалық талшық каналдары, компьютерлік жүйе, спутниктік жүйелер адам баласының жаңа өлшемдері болып табылады.

Коммуникацияның жаңа құралдарының жасалуы социомәдени жүйе-

нің коммуникативтілік деңгейін де жоғарылатты. Ғаламдық ақпараттық қоғам өзіне бірігуші әртүрлі деңгейлердегі социомәдени субъектілерге – этностарға, әлеуметтік топтарға, мемлекетке өмір сүрудің жаңа талаптарын қояды.

Кез келген деңгейдегі субъектінің бірігу үдерісі бұл – ақпаратты социумның уақыт пен кеңістікте қабылдаудың құралдары мен тәсілдері, оның трансформациясы, көбейтуі, трансляциясы, т.б. жиынтығынан құралатын социомәдени коммуникацияның жүйелері мен коммуникативтік кешенді қалыптастыру арқылы жаңа ақпараттық қоғамға ену болып табылады. Бұл ғаламдық ақпараттық қоғамның өмір сүруінің объективті алғышарты және, сонымен бірге, мәдениеті мен төлтумалығы қалыптаса қоймаған қоғамдық жүйелер үшін үлкен қауіптің бірі.

Әрине, қоғамдық саланың ұлттық мәдениет секілді өте бір күрделі құбылысында барлық мәселелерді толығымен қамтып шығуы мүмкін емес. Бүгінгі қалыптасқан мәдени жағдайда, әлемде рухани дағдарыстан кейінгі мәдениетке деген қызығушылық үрдісі байқалған тұста өтпелі қоғамдағы біздің ұлттық мәдениеттің алдында кептеген шешілмеген мәселелерге байланысты мақсат-міндеттер тұр. Өткеннің рухани-мәдени бағыттарын кешенді фундаментальды зерттеулер арқылы

игере отырып бүгінгі күнгі ұлттық бірегейлікке негіз боларлықтай асыл мұралар мен құндылықтарды саралау қажет. Ұлттық төлтумалық пен бірегейлікке қол жеткізу арқылы ғана болашаққа қарай батыл қадам жасауға болады.

3. Білім берудегі менеджмент және маркетинг. Қытайдың данышпанынан: «ең бір қажетті жағдайда елде нені бере салуға немесе неден айырылуға болады?» – деп сұрағанда: «Армияны беруге болады», – деген жауап алынады. «Ал егер одан да аса зор қажеттілік болса ше?» – дегенде: «Экономикалық потенциалды қысқартуға болады, бірақ еш уақытта ақыл-ойға қатер туғызуға болмайды», – деген екен.

Қазіргі кезде «Білім» деген ұғымның астарында адам капиталы мен адамзаттың өркендеуі мен дамуының механизмі мағынасы бар және бұл дамудың, жетілудің ортасын анықтайды. Әрбір елдің ұлылығы ең алдымен білім жүйесімен анықталады. Білім – бұл капитал салу, кейін экономика, мәдениет және әлеуметтік салада жақсы жағдай туғызу деген сөз. Алдыңғы қатардағы жоғары оқу орны бар елдің ерекше өнеркәсібі болып табылады. Оның ұжымын, 15-20 мың адам (студенттер, оқытушылар, жұмысшылар, әкімшілік басқару) ең ірі кәсіпорынмен салыстырайық. Жоғары оқу орны қоғам өмірінің бүгінгі мен болашағы, қоғам

және ел басшылары жағынан арнайы қарым-қатынасты қажет етеді.

Елдің экономикалық механизміндегі жоғары оқу орнының үш негізгі-сін атайық:

- ұлттың мәдени және білім потенциалын сақтау;
- әлеуметтің білім деңгейін жоғарылату;
- елдің ғылыми-техникалық дамуы;

Білім жүйесінің екі кезеңдік бағыты бар: өткен шақ және болашақ. Білімде, бір жағынан, жинақталған білім және тәжірибе өз нәтижесін көрсетеді, екінші жағынан қоғам мен жеке адамның болашақ өмірі әрекеті анықталады және жинақталады.

Білім жүйесі екі жүйенің біреуін жарыққа шығарады:

- демеуші білім – белгілі, қайталанушы жағдаймен санасуға арналған тіркелген әдіс және ереже;
- инновациялық білім – болашақты жоспарлауға оқушылардың қабілетін қалыптастыру.

Білімнің маңызы елдің мәдени, ғылым, халықтың салауаттылығы және экономиканың өркендеуіне объективті ұйымдастырылған және ақпараттық техникалардың материалды шығуына негізделген.

4. Педагогикалық менеджмент туралы жалпы түсінік. Педагогикалық менеджмент – педагогикалық білім жүйелерінің қалыпты дамуы мен қызмет етуіне қажетті басқарудың технологиялық әдістері мен

тәсілдерінің, оны ұйымдастыру формалары мен принциптерінің тұтас кешені. Мұнда негізгі нысаны – білім беру үрдісіндегі танымдық, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарды жүзеге асыруды басқару болуы керек. Кез келген пән мұғалімі сол ғылым негізі бойынша оқу-танымдық шараларды орындаса, ал білім мекемесінің басшысы бүкіл оқу орнындағы оқу-тәрбие жұмысының менеджері қызметін атқарады.

Сонымен қатар, педагогикалық менеджмент (білім беру үдерісін тиімді басқарудың теориясы, әдістемесі мен технологиясы) өзіндік ерекшеліктері, өзіне тән заңдылықтары бар пән болып табылады. Басқару – шын мәніндегі зерттеу жұмысы. Өйткені мұнда адамдармен жұмыс жүргізудегі басшылық жұмыстың кейбір салаларын зерттеп-үйрену, оны талдап қорыту талап етіледі. Сол арқылы басқару ісінің сан қилы мәселелері мен өзіндік жағдайларын ұғынуға мүмкіндік туады. Оқу курсының негізгі мақсаты – студенттерді педагогикалық басқарудың ғылыми негіздерінен хабардар ету, оны теориялық және практикалық мәселелерімен жеке таныстыру. Сонымен қатар, болашақта мұғалім боламын деген студенттердің еліміздегі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың қандай тәртіппен іске асырылып жатқанын, оның басқару жүйесінің құрылымын, олардың әрқайсысына

тиісті міндеттерді терең сезінуіне мүмкіндік ашады.

Жоғарғы білім беру экономикасы – экономикалық ілімнің әлі толық зерттелмеген және қиын саласы. Бір қарағанда, білім – бұл қоғамның кірісінің бір бөлігін қамтамасыз етіп отыратын, таза шығын аумағы. Жылдық есеп құрған кезде үкімет кірістің жартысын білім саласына бөледі, бірақ елдің тікелей жылдық бюджетінде осы саладан түсім болмайды. Білімді қолдау барлық елде және белгілі мөлшерде болады. Маман дайындаудың мөлшері елдің ұлттық табысының жоғары білімге жұмсалған қаржысы есебінен өседі. Ол тұрғылықты халықтың білім деңгейі және елдің дамуының байланысы қалыптасады. Жоғарғы білімнің проблемасы елдің кешенді даму мәселесі болып табылады. Бірақ жоғарғы мектеп үлкен жауапкершілік пен талапқа сәйкес құрылады. Ең төменгі деңгейдегі білім, кәсіби медициналық көмектің жоқтығы, бі-

лім берудегі материалдық базаның талапқа сай болмауы, тұрғылықты халықтың елдегі экономикалық даму мен индустриялану мәселелерін шешуде дайын емес екендігін көрсетеді.

Білім және ғылымның даму деңгейі қоғамның дамуына ресурс табу қабілетіне әсер етеді. Жоғарғы оқу орнын екі топқа бөлінеді. Біріншісі, профессор-оқытушылар және көмекші құрам, олар жоғарғы кәсіби білім деңгейімен айырмашылықтары бар. Екіншісі – студенттер, елдің азаматтық болашағын жалғастырушылар, кейін оқу бітірген соң, кейбіреулері ел басқару органдарында басқарушы қызмет етеді. Ел басқарушылар және аймақтардың басшылары өздерінің бағдарламаларын ең алдымен жоғары оқу орындарына арнайды. Қазіргі кезде елдің алдыңғы қатарлы оқу орындарында техникалық парктер – кіші ғылыми және өнеркәсіптік бизнес инкубаторлары құрылуда. Бұл барлық дұрыс дамыған елдерде дәстүрге айналған.

Негізгі әдебиеттер:

1. Вазина К. Я., Петров Ю. Н., Белиловский В. Д. Педагогический менеджмент. – М.: Педагогика, 1991. – 268 с.
2. Васильев Ю. В. Педагогическое управление в школе: методология, теория, практика. – М.: Педагогика, 1990. – 254 с.
3. Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей /Под ред. П. И. Пидкасистого. – Москва, 2004. – 608 с.
4. Управление качеством образования. / Под ред. М. Поташника. – М.: «Педагогическое общество России», 2006. – 448 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Дүйсенбаев А. Қ., Елеусінова Г. Е. *Педагогикалық менеджмент негіздері: Оқу құралы.* – Ақтөбе, 2013. – 128 б.
2. Есқалиев М. Д., Шеденов Ө. К. *Жастарға экономикалық тәрбие беру.* – Алматы: Мектеп, 1989. – 176 б.
3. Ильенкова С. Д. *Управление качеством.* – М.: Юнити, 1998. – 200 с.

4.2. Педагогикалық менеджменттің функциялары мен принциптері

Жоспары:

1. Қазіргі білім беру жүйесінің әдіснамалық қағидалары.
2. Педагогикалық іс-әрекеттегі құндылықтар жүйесі.
3. Педагогикалық менеджменттің принциптері.
4. Педагогикалық менеджменттің функциялары.

Негізгі ұғымдар: білімнің әрекеттілігі, білімнің саналылығы, білімнің оперативтілігі, білімнің жүйелілігі, консенсус принципі, басқаруды автономдау принципі.

Басқа пәндермен байланысы: философия, әлеуметтану, психология, экономика, аксиология.

1. Қазіргі білім беру жүйесінің әдіснамалық қағидалары. Жалпы алғанда басқару – белгілі бір жағдайда нәтиже шығаруға байланысты топтың, ұйымның және жеке адамның іс-әрекетіне ықпал ету болып

табылады. Яғни, шешім қабылдауға бағытталған, белгіленген мақсатқа сәйкес басқару нысанын ұйымдастыру, қадағалау, реттеу, алынған шынайы ақпарат негізінде талдау жасап, нәтижесінің қорытындысын шығару әрекеті деп түсіндіруге болады.

Қоғамдық ортада адамдар жеке істей алмайтын немесе жекелеп атқару тиімсіз болған жұмысты істеу үшін басқару қажеттігі туындайды. В. Г. Афанасьевтің пайымдауынша: «Басқару – қоғамның, оның кез келген даму сатысындағы, ішкі өзіне тән қасиеті. Бұл қасиеттің жалпылық сипаты бар және ол қоғамның жүйелік табиғатынан, адамдардың қоғамдық, ұжымдық еңбегінен, еңбек пен өмір барысында қарым-қатынас жасау, өзінің материалдық және рухани өмірінің жемісімен алмасу қажеттігінен бастау алады», – деп келтіреді.

Жалпы алғанда, XX–XXI ғасырлар тоғысындағы басқару білімінің қарқынды өсуі мен өзгеру кезеңіне сәйкес келеді. Бұл эволюцияның бастапқысы ретінде басқарудың класикалық мектебінің негізін салушы

А. Файольдың еңбектерін атауға болады, онда 1916 жылы басқарудың жалпы принциптерін ұсынған. Дәл осы принциптер ғылыми басқару негізіне айналған. Білім беру мекемелеріндегі педагогикалық ұжымның жүзеге асыратын тәжірбиелік жүйесі де басқаруға негізделеді.

Белгілі ғалым Г. И. Щукиннің: «Басқару дегеніміз – мектеп ішіндегі психологиялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік күрделі процестер мен қатынастарды саналы түрде реттеу», – деген пікіріне толық қосылуға болады.

Ал К. Я. Вазинаның пікірінше: «Басқару – нақты бір мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін қалыптасуға жауап беретін жүйенің қызметі», – дейді.

XX ғасырдың көрнекті менеджерлерінің бірі Ли Якокконың ойынша: «Басқару – басқа адамдарды еңбекке бағыттау түрінде саналады». Ежелгі Грекияда басқарушының әрекетін анықтай отырып, Сократ та осындай пікір айтып: «Негізгі міндет – қажетті адамды қажетті орынға қою және нұсқаулардың орындалуына қол жеткізу», – деген.

Олай болса, басқарушы басқарудың субъектісі, басқарылатын басқару объектісі болып саналады. Басқарудың негізі – басқару шешімдерінің қабылдануы және сәтті орындалуы. Практикалық іс-әрекет ретіндегі педагогикалық басқару –

оқушылардың оқуы мен тәрбиесін басқару. Педагогикалық басқару теориясы – мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар жүзеге асыратын тәрбие мен оқыту процестерін басқару туралы ілімдер жүйесін құрайды.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «... білім берудің тиімді жұмыс істейтін қазақстандық жүйесін қалыптастыратын, қазіргі әлемде Қазақстанның лайықты орын алуына мүмкіндік беретін оқыту мен кадрларды даярлаудың сапалық білім деңгейіне қол жеткізетін болады», – деп көрсетілген. Бұл «жаңа» қоғамға «жаңа» сапалы білім мен кәсіби маманның қажеттігімен сипатталады. Мұндай талап-міндеттерді орындау қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет болып табылады.

Осыған сәйкес, белгілі ғалымдар И. Лернер, Ю. К. Бабанский білім сапасының түрлеріне келесідей сипаттамалар береді. Олар негізінен былайша жіктеледі:

Білімнің дұрыстығы – оқушының бойындағы білімнің толықтығы, оқытылатын нысан туралы барлық білімдердің санымен анықталады. Оқушы: а) білімнің барлық жетекші элементтерін атап бере алады; ә) әрқайсысына анықтама бере алады; б) негізгі белгілерін сипаттап бере алады.

Білімнің әрекеттілігі – тұлғаның білімді әртүрлі жағдайда қолдана алуымен сипатталады. Яғни: а) алған білім мен біліктерін қолдану арқылы жаттығулар мен тапсырмалар орындай алады; ә) оқыған білімі мен тәжірибесін өмір құбылыстарын талдау үшін қолдана алады.

Білімнің саналылығы дегеніміз – ішкі байланыстардың мәнділігін түсіну, талдау, салыстыру, дәлелдеу, жан-жақты ашып, бағалай және түсіндіре білуі. Тұлға: а) сабақтағы түсініктер мен айғақтар өзара қалай байланысқанын, не қандай нәрсеге бағытталғандығын немесе қандай нәрседен шығатындығын көрсете алады; ә) оқылатын құбылыстардың ортақ ерекшеліктерін тауып, оларды салыстыра алады; б) құбылыстың, оқиғаның және т.б. себептерін аша алады; в) жан-жақты түсіндіріп, түйін және қорытынды жасай алады. Білімнің тереңдігі берілген білімнің басқалармен, оған ұқсас білімдермен саналы байланыстығымен сипатталады.

Білімнің оперативтілігі – тұлғаның вариативті жағдайларда білімді пайдалана алуға даярлығын қарастырады. Тұлға өз білімін қоғамдық ортада қолдана алатын болса, білімнің оперативтілігі соғұрлым нақты көрінеді.

Білімнің жүйелілігі – кейбір білімнің жиынтығын, иерархиясын және тізбектілігін саналы түрде мо-

йындауын, яғни бір білімді екінші біреулері үшін базалық білім ретінде мойындауын болжайды.

Білімнің беріктігі – барлық көрсетілген сапалардың саны мен тұрақтылығы. Ол интегралды өндірістік сапа болып табылады. Білім сапасының әр алуан түрлеріне сипаттама бере отырып, мынадай анықтама беруге болады. *Білім сапасы* – тұлғаның оқу-танымдық іс-әрекетінің нәтижесін сипаттайтын салыстырмалы тұрақты білім құрылымының біртұтас жиынтығы.

Кейбір зерттеушілер білім сапасының мәнін айқындаудағы тиімділігін атап көрсеткен. Олардың пікірінше, біріншіден, іс жүзінде білім сапасы шартты түрде қарастырылмайды, сондықтан оны тек жүйеде ғана, қандай да бір қиын деңгейдегі тапсырманы орындауда ғана ескеру керек. Екіншіден, білімнің сипаты деңгейлер бойынша алынған ақпаратты меңгеру және қолдана алу заңдылықтарына, ойлау үрдісі заңдылықтарына жауап береді.

3. Педагогикалық іс-әрекеттегі құндылықтар жүйесі. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының танымдық саласы қоғамдық болмыс, еңбек пен мәдениет құндылықтары туралы білімдерді саналы түрде ұғынып, меңгеруімен анықталады. Ал бұл процесс адамның санасына, зейініне тікелей байланысты. Сол сияқты, жеке тұлғаның құндылық іс-әрекет

саласы, жеке тұлғаның құндылық бағдарын, құндылық бағдарының педагогикалық диагностикасын және жеке тұлғаның құндылық бағдар процесінің ғылыми-әдістемелік жүйесін қалыптастыруға қажетті іскерлік пен дағдылардың студенттердің бойынан көрініс табуымен анықталады. Ал жеке тұлға дамуының мотивациялық саласы оның құндылық бағдарын, педагогикалық диагностикасын және ғылыми-әдістемелік жүйесін меңгеруге деген ынта-ықылас пен қызығушылықтың пайда болуымен анықталады.

Адам психикасының айрықша белгілері адамда сананың болуымен тікелей байланысты. Сана адамға тән нәрсе. Сана деп еңбек арқылы пайда болып, адамның жаратылысқа және басқа адамдарға мақсатты түрде қалыптасуында орын алатын психикалық әрекетті айтады. Адамда сана болу үшін ол өзінің айналасындағы дүниеден ажырата біліп, сол дүниеге және өзінен басқа адамдарға қарым-қатынасын анықтап, өзінің кім екенін саналы түрде ажырата білуі керек. Сана – әлеуметтік тұрмыстың, тарихи қоғам дамуының жемісі. Адам белгілі бір нақты қоғамдық жағдайларда өмір сүріп, еңбек еткендіктен, оның санасы қоғам тұрмысының ықпалында болып, сол тұрмысты сәулелендіріп отырады. Қоғамдық тәжірибенің өзгеруімен бірге адамның санасы да өзгеріп отырады. Са-

наны меңгеруші және оның иесі жеке адам, жеке тұлға болып табылады. Оқу жұмысы мен белгілі бір білімдер жүйесін меңгеруде сана мен зейіннің маңызы өте зор. Оқушылар әрекетінің басты, жетекші түрі – оқудағы еңбек. Мұның өзі көп уақытты алып, зор ақыл-ой мен ерік-жігерді талап етеді.

Ғылыми еңбектерді талдай келе біз жас кезеңдеріне байланысты ойын, оқу еңбегі, интеллектуалдық еңбек, оқу қызметіне қажетті рухани және моральдық қасиеттер, мінез-құлықтың әдеттер мен дағдылары тұлғаны қалыптастыруға елеулі әсер етеді дейміз. Оқу арқылы қоғам оқушыларға өзінің ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұрасын, дағды, тәжірибесін береді. Сонымен бірге, жеткіншек білім жүйелерін меңгереді және өзін практикалық іс-әрекетке дайындайды. Білім жүйесін меңгеру арқылы адам ой және дене еңбегінің тетіктерін жақсы түсінеді, оларды жан-жақты біле түсуге мүмкіндік алады. Білімді меңгеру – ұзақ уақытты керек ететін күрделі үдеріс. Таным үдерісі туралы теориялық түсініктемені таным теориясы береді, онда бейнелеу теориясының алатын орны ерекше. Бұл теорияға сай объективті дүниені тану процесі адамның сана-сезіміндегі шындық құбылыстарын бейнелейді. Ғылым мен техниканың өсуіне қарай адам дамуының жетілуіне қажетті жаңа

таным құралдары жасалуда, адамның әлі де танылмаған заттар мен құбылыстар дүниесін меңгеруін жеңілдететін зерттеудің барынша жеңілген әдістері жасалуда. Оқу үдерісі бұл педагогикалық күрделі құбылыс, оның көптеген айырмашылықтары мен ерекше белгілері бар. Таным қызметінің мотивтеріндегі айырмашылық ғылыми және оқушы танымдарының салыстырмалылығына барынша елеулі ақпал жасайды. Ғылыми танымның міндеттері өмірден алынып, қоғам дамуының талаптарынан туындайтыны белгілі. Мектеп оқушыларының таным мотивтері серпінді болуға тиіс. Білім шәкірттік танымға айналу үшін оқушының оқуға, білім алуға деген құштарлығы болуы керек. Оқу, білім алу – адам жеке басының танымдық қызметінің жоғарғы түрі. Оқи жүріп, білім негіздерін меңгере отырып, олар өздерін қоршаған дүниені таниды. Кез келген білімдерді меңгеру оқушыларға зор талап қояды. Өйткені ұғыну – өте күрделі процесс. Ол бірнеше кезеңдерден тұрады, бірінші кезеңінде нені оқу керек, қалай оқып, қалай меңгеруі керектігі жайлы мағлұмат алады. Бұдан кейін қабылданған білімді іс жүзінде орындап, оның келесі кезеңінде тұжырымдап, ұғынған нәрсені ойда ұстап тұру, яғни есте сақтау қабілетін қалыптастыру, соңғы кезде білімнің негізі болып саналатын зат немесе құбылыс ту-

ралы белгілі ұғымды қалыптастырумен сипатталады.

Қоғамдық ортада нарықтық қатынастардың өмірге келуіне байланысы оқушылардың танымдық әрекеттерін әлеуметтік маңызы бар өзекті мәселелердің қатарына жатқызамыз. Себебі қазіргі кезде қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістер, жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастардың қалыптасуы біздің қоғамның әрбір мүшесі үшін маңызы зор құбылыс болып табылады.

Ал мектептің міндеті – оқушыларға құндылықтар жүйесін дарыту кезінде танымдық іскерлікті оқушының талабына сай қалыптастырып, олардың мектеп қабырғасында ғылыми танымның әдістемелері туралы мағлұмат алуларына жағдай жасап, осы бағытта оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру.

Егер оқушылар жеке тұлғаның құндылық бағдарының мәнін, маңыздылығын ұғынса, білсе, онда қажетті іс-әрекеттердің маңыздылығын түсініп, соны меңгеруге қажетті білім негіздерін игерсе, онда танымдық іс-әрекеттің тиімділігінің артқаны. Бұл оқушыларға өздерінің болашағы туралы, болашақ мамандығы туралы, бастапқы мағлұматтар алып, өз мүмкіндігін пайдалана білуіне, білімнің пайдасы мен маңызын саналы түрде ұғынып, түсінуіне көмектеседі.

Білімді меңгерудің басты көрсеткіштері оқушылардың алған білім-

дерін жалаң түрде қайталап айтып берулерімен анықталмайды, сол алған мазмұнына орай өз пікірлерін ортаға салып, ойларын ашық білдіруді, жалпы өзінің көзқарасын анық, батыл түрде жеткізіп, өз бағасын беруімен сипатталады.

Жеке тұлғаның құндылық бағдарының танымдық саласы тек құндылықтар туралы түсініктердің жиынтығымен ғана емес, сонымен бірге белгілі бір объектіні құндылық ретінде ұғынумен де анықталады. Осы құндылықтар арқылы және солардың негізінде жеке тұлға өзін адамгершілік, өнегелі сапаларды таратушы санайды. Құндылықтар теориясында жалпы адамзаттың моральдық интериоризация процесінің мәнін жете ұғыну өте маңызды орын алады.

Көрнекті КСРО психолог-педагог ғалымы А. Н. Леонтьев: «Мен өмірімде нені меңгердім, ал нені меңгере алмадым, соны ұғына алдым ба, жоқ па, егер ұғынсам, меңгерсем, қаншалықты, қандай дәрежеде ұғындым. Оның мен үшін, менің жеке тұлғам үшін маңыздылығы қандай ...» деп, психология ғылымында «мән» және «маңыз» деген ұғымдардың түсініктемелерін зерттеген. Білімді меңгеру процесінде бағалау мен бағаның алатын орны ерекше болып табылады. Себебі баға объективті қасиеттерді танып-білудің негізінде беріледі және бағалау өз алдына таным процесі делінеді.

Мектеп іс-тәжірибесінде білімді формальды түрде, яғни немқұрайлы меңгеру жиі кездеседі. Оқушы ғылыми деректерді біле тұра, оны саналы түрде түсініп, ұғынбайды, ғылым оқушы үшін бұл жағдайда жеке тұлғалық мәнге ие болмайды, қарапайым құбылыс ретінде қалып қояды. Білім мен оны саналы түрде сезінудің арасындағы мұндай алшақтық білімнің маңыздылығын немесе құнын түсіреді, білімнің маңыздылығы оның абстрактілі күйде болуының салдарынын пайда болады. Оқушы білімді жай, уақытша қажеттілік деп санаса, онда білімнің маңыздылығы төмендейді. Ал, егер де оқу әрекетін басқа іс-әрекеттермен (шығармашылық, болжамдық, танымдық қырым-қатынас, іскерлік, бағалау, т.б.) байланыстырса, онда «білсем», «маған керек», «маған қажет» сияқты мотивтерге ұласатыны сөзсіз. Яғни, оқушылардың құндылық бағдарының қалыптасуының жоғарғы деңгейден көрінуі олардың құндылық бағдарды қалыптастыруға, білімдерді саналы түрде меңгеріп, ұғынуына байланысты. Сайып келгенде, мұндағы ең басты мәселе білімді өмірде қолдана білу болып табылады.

3. Педагогикалық менеджменттің принциптері. Білім сапасының әр алуан түрлерін негізгі ала отырып, мынадай анықтама беруге болады. *Білім сапасы* – оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің нәти-

жесін сипаттайтын салыстырмалы тұрақты білім құрылымының біртұтас жиынтығы.

Кейбір зерттеушілер білім сапасының мәнін айқындаудағы тиімділігін атап көрсеткен. Олардың пікірінше, біріншіден, іс жүзінде білім сапасы шартты түрде қарастырылмайды, сондықтан оны тек жүйеде ғана, қандай да бір қиын деңгейдегі тапсырманы орындауда ғана ескеру керек. Екіншіден, білімнің сипаты деңгейлері бойынша алынған ақпаратты меңгеру және қолдана білу заңдылықтарына, ойлау үрдісі заңдылықтарына жауап береді.

Білім беру мекемелеріндегі практикаға педагогикалық менеджменттің идеялары ендірілгеннен кейін принциптердің дәстүрлі жүйесі толықтырылды.

Профессор Ю. А. Конаржевский бойынша басқарудың он үш принципі бар:

- жеке тұлғаға деген құрмет пен сенім;
- адамның тұтастық көзқарасы принципі;
- ынтымақтастық принципі;
- әлеуметтік әділеттілігі;
- басқарудағы жеке қарым-қатынас принципі;
- педагогтың кәсіби біліктілігін арттыруы;
- жеке тұлғаны ынталандыру принципі;
- консенсус принципі;

- ұжымдық шешім қабылдау;
- мақсатты үйлесімділігі;
- көлденең байланыстарға шешім қабылдауы;
- басқаруды автономдау;
- тұрақты жаңару принципі.

Бірінші принцип басқарушы мен педагогикалық ұжымның негізгі принципі ретінде әрбір педагогтың сенімінде көрініс тауып, оның тәртібін түсіндіретін, педагогикалық ұжымның, бүкіл мектептің өмірін басқаруда жетекші орында болуы қажет.

Бұл принциптің талаптары:

- тұлғаның жеке қадір-қасиетін сыйлау, құқық және мүмкіндіктерін мойындау;
- өзіңіздегі адамды, өзгедегі адамды сыйлау керек, өзіңдегі менді қамқорлыққа алу керек, өйткені басқа адамда өз мені бар;
- мүмкіндігінше адамға таңдау еркіндігін беру керек;
- адамға сену керек, оның әлеуеттік мүмкіндігі шексіз;
- өзара сыйластыққа сүйеніп сенім атмосферасын құру;
- адамды құрметтей отырып, жоғары талап қою;
- тұлғаның өз-өзін көрсететін, өз мүмкіндігін ашатындай жағдай құру;
- білім беру жұмысына әрбір тұлғаның қосқан үлесін ынталандыру.

Адамға тұтас көзқарасты қалыптастыру принципі – білім беру ұйымының құндылықтар жүйесінде-

гі екінші маңызды позиция. Басқарушы педагогикалық ұжымдағы әрбір мүшені кәсіби қызметті атқарушы жұмысшы деп қана қарамай, оған тұлға ретінде мән беріп, қажеттіліктерін, мақсаттарын, педагогикалық қызметтегі қиыншылықтарын да білуі керек.

Педагогикалық қарым-қатынасты қызметтік міндет аясында емес, педагогтардың өмірі, рухани әлемі, ұмтылысы туралы да білу қажет, әйпесе педагог өзін шет қалғандай сезінеді. Педагог өміріндегі жұмыс уақытының көп бөлігін қамтитындықтан, жұмыста өткізетін сағаттар, күндер, жылдар жарқын, қуанышты болуы үшін қолдан келген мүмкіндіктің барлығын жасау керек. Педагогтар тек жұмыста ғана емес, бос уақытында да бірге кездесіп, өмір туралы әңгімелер айтуы керек.

Ынтымақтастық принципі басқаруда монологтан диалогқа өтуді, коммуникациядан қарым-қатынасқа, субъект-объектіліктен, субъект-субъектілік қарым-қатынасқа ауысуды қарастырады.

Талаптары: адамды педагогикалық жүйенің пассивті элементі емес, белсенді фактор деп есептеу; педагогтар балаға ізгілік қатынасты, ынталылықты, құзіреттілікті, жауапкершілікті үйретеді; жұмыс жасаушы бағынышты адам емес, қызметкер, жұмыс адамы керек екенін естен шығармау керек; алдымен инициати-

ва, жұмыс, содан кейін адамшылық пен саналы тәртіп барлық уақытта қамтылуы керек.

Н. Витке бойынша: «әкімшілік жұмыстың мәні достық, ұжымдық ынтымақтастық пен психологиялық атмосфера құруда», – деп сипатталады.

4. Педагогикалық менеджменттің функциялары. Негізінен «функция» латын тілінен аударғанда «орындау» немесе «қызмет» деген мағына береді. Басқарушы жүйе мен басқарылымдағы объект арасындағы қарым-қатынас деген мағынамен байланысады. Оқу-тәрбие процесін жоспарлау (шешім қабылдау) – педагогикалық менеджменттің бірінші қызметі. Теория мен практикада басқарудың мынадай түрлерін бөліп көрсетеді: іс-әрекеттің жағдайын талдау, жоспарлау, ұйымдастыру әрекеті, ынталандыру, шешімді орындалу процесін бақылау және реттеу әрекетінің қорытындысынан шығады.

Тиімді де нәтижелі басқару үшін аталған қызметтердің барлығының үйлесімді өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету қажет, олардың біреуін орындамау тұтастай ұжым іс-әрекетінің нәтижелеріне әсер етеді. Барлық басқару қызметтерінің үйлесімді өзара байланысы жоспарлауға негізделеді. *Жоспарлау* – дегеніміз іс-әрекеттің негізгі түрлері мен тұтас іс-әрекеттің тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды анықтау. Тиімді жоспарлау дегеніміз:

- жұмыстың жай-күйін жан жақты және мақсатты есепке алу және іс-әрекеттің қол жеткізген нәтижелеріне объективті баға беру;

- алдағы уақыттағы іс-әрекеттің негізгі мақсаттары мен міндеттерін анықтау.

Алға қойылған міндеттерді шешетін тиімді жолдар мен тәсілдерді, құралдарды айқындау, оларды шешудің қолайлы жолдары мен құралдарын таңдау. Бұлардың барлығы басқару жүйесіндегі істің жай-күйі туралы объективті ақпараттың болуын талап етеді. Ақпараттың көлемі мен мазмұны жүйе іс-әрекетінің мақсатымен, негізгі бағыттары мен аумағымен анықталады. Бағытына қарай олар төмен және жоғары бағытталған ақпарат болып бөлінеді. Төмен бағытталған ақпараттарға басқару субъектісінің іс-әрекетін көрсететін ақпараттар (нормативті, жоғары тұрған органдардың, соның ішінде білім беру органдарының ұйымдастырушылық, бұйрықтық құжаттары). Жоғары бағытталған ақпарат басқарылатын жүйенің жай-күйін сипаттайды (есеп берулер, тексеру нәтижелері бойынша анықтамалар, мектеп ішіндегі күнделікті ақпарат, т.б.).

Басқару іс-әрекеті үшін ақпараттың екі түрі де маңызды. Қазақстан Республикасының орта білім беруді дамыту Тұжырымдамасында: «Басқарудың нәтижелі болуы, оның, қа-

жетті ақпараттың болуына, басқарушылық шешімдерді дер кезінде және сапалы түрде қабылдай алуына және тұтас білім беру жүйесінің мониторингінің ұйымдастырылуына байланысты», – деп келтірілген.

Жалпы білім беретін мектепті басқару барлық іс-әрекеттің негізгі жоспарлануын талап етеді. Мектептің жылдық жұмыс жоспары жетекші құжат болып саналады.

Мектептің жылдық жұмыс жоспары мына қағидалар негізінде құрылады:

а) жоспарлаудың ғылымилығы. Жоспар – іс-әрекеттің әлеуметтік және экономикалық шарттарын, педагогикалық процестің психологиялық, педагогикалық заңдылықтарын, жалпы білім беру жүйесі мен жеке-леп алғандағы, мектептің дамуының тенденциялары мен болашағын ескере отырып құрылуы қажет. Жоспар педагогикалық жағынан мақсатты болуы қажет.

ә) үйлесімді және қолайлы жоспардың құрамында алға қойылған мақсаттарға жету үшін іс-әрекеттің, нақты шаралардың қажетті және жеткілікті мөлшері болуы қажет.

б) жоспардың нақтылығы. Жоспарда қандай шараларды жүргізу қажет, орындаушыларға берілетін тапсырмалар, шараларды өткізуге кім жауап беру керек, оның мерзімі, орны мен уақыты нақты көрсетілуі керек.

в. жоспардың болашағы. Жоспарда жуық арадағы мақсат-міндеттермен қоса, жоспардың алыс-жақын болашақтың көрініс табуы қажет.

г) ұжымдық принципі. Мектеп жоспары ұжымдық шығармашылықтың жемісі болуы қажет, алайда ол ұжымның әрбір мүшесінің жеке-дара жауапкершілігін талап етеді.

Негізгі әдебиеттер:

1. Баймолдаев Т. М. Педагогический менеджмент и современное управление школой. – А.: Ғылым, 2001 – 457 с.
2. Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік /Бас редактор Ж. Қ. Түймебаев. Ред. алқасы: А. Е. Әбілқасымова, И. Б. Бекбоев, Н. Б. Қалабаев, Е. Ә. Оңғарбаев, С. Ж. Пірәлиев, М. В. Рыжаков. – Алматы, 2009. – 400 б.
3. Коротоков З. М. Управление качеством образования. – М.: Академический проект, 2006. – 320 с.
4. Кнорринг В. И. Теория, практика и искусство управления. – М.: Норма, 2009. – 544 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Каракулов К. Педагогика управления. – Алматы, 2000. – 187 с.
2. Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы / Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. – Алматы, 2002. – 384 б.
3. Байсеркеев Л. А. Нравственные основы правового воспитания школьников. Учебное пособие. – А.: «Санат», 1999. – 208 с.
4. Щукина Т. И. Роль деятельности в учебном процессе. – М.: «Просвещение», 1986. – 140 с.

4.3. Басқару стильдері және лидерлік

Жоспары:

1. Басқару стильдеріне сипаттама.
2. Басқарудағы лидерлік.

Негізгі ұғымдар: ұжым, топ, мотив, бұйрық, лидерлік, престиж, шешім, болжам және т.б.

Басқа пәндермен байланысы: менеджмент, әлеуметтану, әлеуметтік психология.

1. Басқару стильдеріне сипаттама. Басқару стилі түсінігінің пайда болуы ХХ ғасырдың 30-жылдары АҚШ-та бірнеше тәжірибелер жасап, басшылықтың авторитарлық, демократиялық, анархиялық түрле-

ріне сипаттама берген К. Левиннің есімімен байланысты. Америкалық зерттеуші Лайкерт басқару стилінің төрт жүйесін: қанаушы авторитарлық, игі ниетті авторитарлық, кеңестік-демократиялық, базалық жүйелерін ұсынса, Дуглас Макгрегор автократ пен демократтың алғышарттарын сипаттайтын «Х» теориясы мен «У» теориясын ұсынды. Белгілі ғалымдар Р. Блэйк пен Д. Мутон тұлғалар мен өндіріс мүдделерін ескеріп отыру дәрежесіне қарай бөлінетін басқарудың бес негізгі стилін қамтитын «басқару торын» жіктеуге және насихаттауға тырысты. Жапон менеджментінде Т. Конон төрт стильдік (жаңашыл-аналитикалық, жаңашыл-интуитивтік, консервативті-аналитикалық, консервативті-интуитивтік) моделін құрастырды.

Бүкіл әлемде қанша ұлт болса, басқарудың сонша стилі мен типі бар. Солардың ішінде жапондық басқару стилі ерекше көзге түседі. Мысалы, жапон қызметкерлері жұмыс күнін өз фирмаларының жалауына қарап, фирманың әнұранын қосылып айтумен бастайды.

Олар жан-тәнімен беріліп еңбек етуді, әріптестерінің арасында қарапайым, қайырымды болуды, басшыларды құрметтеуді, өз компаниясының патриоты болуды уағыздайды. Бұл рәсім басшының жұмысқа сәттілік тілеген сөзімен аяқталады. Ұжымдық дәстүрлерді құрметтеу

рухында тәрбиелене отырып, жапон жұмысшылары мен кәсіпкерлері салт-дәстүрлер арқылы еңбек серіктестігіне адал болу үшін ант береді. Осы кезден бастап олар бір өндірістік компанияға айналып, отбасына қалай қараса, өз қызметкерлеріне де солай қамқорлық жасайтын болады.

Басқару қызметінің мәдениетінің бағасын жұмыс істеу стиліне қарап беруге болады. *Басқарушылық қызмет стилі дегеніміз* – билік органдарының қызметкерлерінің күнделікті жұмысына қолданатын әдіс-тәсілдері, құралдар жүйесі, бағынышты қызметкерлерге қатысты жүріс-тұрыс үлгісі болып табылады. Стиль ұжымдағы әлеуметтік қатынастардың бүкіл біртұтас ықпалымен қалыптасқанымен, ол белгілі дәрежеде басшыға да байланысты болады. Өйткені шаруашылық пен тәрбие жұмысының табиғи байланысын практикада жүзеге асыратын тек басшы ғана. Оның қызметінің жемісті болуы көптеген күрделі факторлар арқылы анықталады.

Ұжымды басқару стилі келесі элементтерден тұрады:

- Ұжымдағы билік органдарының мақсаттық, функционалдық және ұйымдық сипаттамалары;
- басқару органдары қызметтерінің заңды түрде бекітілген және жүзеге асырылатын әдістері, нысандары;

- қызметкерлердің жалпы мәдени, кәсіби және жеке қабілет деңгейі.

Басшы еңбегінің тиімділігін, сөз бен істің қорытындысымен өлшеуге болады. Барлық шығармашылық еңбектер сияқты басшының еңбегін оның шығарған өнімі, қабылдаған шешімі және барлық уақытта дерлік оны қабылдауға кеткен уақытты көрсетіп бере алмайды. Сондықтан басшының өндірісті басқарудағы еңбегін оның шешімді қабылдауға жіберген уақытпен емес, ақырғы нәтижесін есептеп, объективті бағалау арқылы шығаруға болады. Кез келген басқарушының біліктілігі, тәжірибесі және білімімен қатар, белгілі бір лидерлік қасиеттері болуы қажет.

Лидерлік – бұл жеке адамдар немесе бір топта адамдарға әсер ету және оларды белгілі бір мақсатқа жету үшін жұмыс процесін басқара алу қабілеті болып табылады. Бихевиорист ғалымдар лидерліктің анықтамасының мағынасын тиімді қолдандудың 3 тәсілін атап көрсеткен:

- жеке адамның қасиеті мен көзқарасы;
- тәртіптілік;
- сабырлылық.

Жеке адамдардың лидерлік теориясымен келісілген немесе әйгілі адамдар теориясы тұрғысынан қарастырғанда, басқарушылардың таңдаулылары жеке адамдардың барлығына қатысты қасиеттерге ие болғандары анықталынған. Бұл ойды

жетілдіре отырып, былайша атап көрсетуге болады: егер адамдар бұл қасиеттерді өз бойларынан таба білсе, онда олар бұл қасиеттерді тәрбиелей алар еді және осымен бірге тәжірибелі жетекші (басқарушы) бола алар еді.

Бұл ерекшеліктер төмендегідей:

- интеллектуалды білім деңгейі;
- әсерлі сыртқы келбет (бейне);
- адалдық;
- дұрыс бағыттағы ақыл;
- экономикалық және әлеуметтік білім;
- өзіне деген сенімділік.

Тәртіптілік – басқарушы стилін жіктеудің негізін немесе тәртіптілік стилін білдіреді. Бұл тәсілдің тиімділігі басқарушының жеке қасиетімен емес, оның бағынушыларға деген көзқарасымен, қарым-қатынасымен анықталады. Тәртіптілік лидерліктің көздеген мақсатының алға жылжуына үлес қосқанымен, оның кемшілігі де бар. Ал ол кемшілік төмендегідей болжамнан туады, яғни басқарудың жалғыз тиімді стилінің бар екені.

Тәртіптілік тәсілдің лидерлік теорияға қосқан үлесінің бірі мынау, яғни бұл тәсіл талдау жасау мен басқару стильдерін жіктеп құрауға көмек көрсетті, дәлірек айтқанда, бұл басқарушының өзінің қол астындағы бағынушыларымен арақатынасы басқарушының тарапынан белгілі бір тәртіптілікке байланысты.

Басқару қызметімен айналысатын жеке адамдардың бойынан ынталандыру мен жауапкершілік қасиеттердің үнемі табылуы бұл процесте қажетті нәтижелерге қол жеткізудің басты негізін құрайды. Дегенмен, жеке адамдардың ізденгіштігіне, өзін-өзі дамытуға ұмтылыс жасауына ғана үміт артпай, басқару тәжірибесін игеру ұйымдасқан түрде жүргізіліп, ол өз кезегінде басқару стилінің ажырағысыз бөлігіне айналғаны дұрыс. Осыған байланысты басқару стилін жетілдірудің төмендегідей негізгі бағыттарына тоқталып өткен жөн. Басқарудың нақты сипаты, болмысы тек тиісті үрдістерге оның тигізетін ықпалында көрініс табады. Басқару ықпалы қоғамдық даму үрдістерінде бірқалыпты, тиімді жағдайды қалыптастырып, дамытқан, өзгерткен жағдайда ғана орын алады. Егер басқару ықпалы қабылданған шешімдерге, жүргізілген ұйымдастырушылық шараларға, басшының жұмсаған күш-жігеріне қарамастан объектіге жетіп, жүзеге асырылмаса, онда басқару да болмайды. Бұл жерде әңгіме мемлекеттік басқару стилін дамыту бағыты ретіндегі басқару ісінің нәтижелілігі жөнінде болып отыр.

Басқару қызметімен айналысатын адамдардың еңбегін бекітілген нормалар арқылы өлшеу мүмкін емес, себебі бұл үрдісте жұмсалатын күш-жігер интеллектуалдық, шығар-

машылық, коммуникациялық сипатта болады. Бірақ аталмыш қызмет – ой мен істің бір жерден шығуын сипаттайтын, нақты тәжірибе жүзінде іске асатын жасампаздық, шығармашылық қызмет. Сондықтан басқару әсерін қамтамасыз етудің келесідей «ой-пікір (идея) – әрекет – әсер – нәтиже» жүйесін қалыптастыру орынды. Бұл жүйе тиісті лауазымды тұлғалар қызметінің жасампаздық, тәжірибелік тұстарын үнемі талдап және бағалап отыруға мүмкіндік береді.

Басқару қызметінің нәтижелілігі қолданылатын әдістерге, процедура-ларға, нысандарға, лауазымды тұлғалардың білім-біліктілігіне, қабілетіне, талантына байланысты екені белгілі. Практикалық қызмет талданып, ой елегінен өткізілмесе, оны жетілдіру қиындық тудырады және керісінше, теориялық ой-пікірлер тәжірибе жүзінде туындап және онда жүзеге аспаса, олар тек тілек түрінде ешбір нәтижесіз қалып қояды. Сондықтан басқару қызметінің шығармашылық, ізденгіштік, практикалық тұстарын бірге қарастырған жөн.

Басқару қызметін ұйымдастыруда ұжымдық нысан кеңінен қолданылуы тиіс. Басқару ақпаратының күрделілігі, басқару үрдістерінің өзгермелілігі, шешілуін күтетін мәселелердің кешенділігі, жүйелік өзара байланыстылығы жағдайында басқару қызметінің аталмыш ныса-

ны оның ұтымдылығының негізгі алғышарты болып табылады. Тек мазмұны жағынан әртүрлі білімнің, біліктіліктің, тәжірибенің бірігуі, сан қилы мақсаттарды, мүдделер мен құндылықтарды, себеп-салдарларды жан-жақты ескерудің нәтижесінде ғана тиімді басқару шешімдерін немесе іс-әрекеттерін әзірлеп, жүзеге асыруға болады.

Басқару қызметкерлерінің қоғаммен, әртүрлі ұйымдармен, топтармен, бірлестіктермен байланыстарын күшейтудің де басқару стилін жетілдіруде маңызы зор. Лауазымды тұлғалардың азаматтармен өзара байланыстары, қарым-қатынастар орнатуы арқылы басқаруды тікелей қабылданып, кездесу барысында алған әсер негізінде басқарудың мән-мағынасы айқындалады.

Сонымен, басқару стилі – бұл басқарушылық бағынушыларға деген үйреншікті үлгілі тәртібі, яғни ұйымның өз мақсатына жетуі үшін әсер етуі мен оларды ұйымдастыруы. Басқарушы өзінің біліктілігін жүргізетін дәрежеге дейінгі өзіне де қолданылған биліктің типтері және бұлардың бәрінен бұрын оның адамгершілік қарым-қатынас жасауға немесе міндетті орындауына қамқорлылығы. Осының бәрі басқару стилін көрсетіп, аталған лидерді сипаттайды.

Басқарушылық қызмет стилі қоғамдағы режимдерге байланысты жә-

не соған сәйкес қалыптасады. Осыған орай ғылыми әдебиеттерде бірнеше басқару стильдері қарастырылған, атап айтқанда, директивті (әкімшілік, автократиялық, авторитарлық), демократиялық (ұжымдық, кооперативтік) және либералдық. Директивті стильге биліктің шектен тыс орталықтандырылуы, көпшілікпен және бағыныштылармен мүдделерімен санаспау, барлығын басшы өзі шешеді.

Демократиялық стильде – бағыныштыларға еркіндік беру арқылы, олардың белсенді түрде араласуы нәтижесінде шешімдер әзірленіп, қабылданады. Жұмысты орындауға қажетті алғышарттар жасалып, оның нәтижесі әділ бағаланады. Адамдармен сыйласымды қатынастар орнатылады.

Либералдық стиль – басшының бағыныштылардың іс-әрекеттеріне араласпауымен сипатталады. Ол жауапкершіліктен қашқақтап, тіпті ұжым қызметінің ең күрделі мәселелерін шешуге де қатыспайды.

Аталып өткен стильдерден басқа әркім нені және қалай істегісі келсе өз бетінше орындайтын *анархиялық стиль*; белгілі бір шараны орындау, атқару кезінде ғана аса белсенділік танытатын, келесі жағдайларға дейін салғыртсу, әрекетсіздік білдіретін *компаниялық стиль*; көбінесе бұйрыққа, қызметтік тәуелділікке негізделіп, дөрекі психологиялық

қысым жасалатын еріктілік стиль түрлері белгілі. Сонымен қатар, *нормативтік*, яғни көпшілік мойындаған, қоғам қолдайтын жалпыға ортақ стильді, нақтылы басқару қызметінің жағдайларына, түрлеріне және қызметкерлердің қабілетіне байланысты қалыптасатын *жеке стильдерді* де атауға болады.

Американдық психолог Курт Левин (1890–1947) директивті басқарудағы қызметті ең өнімді деп санаған. Демократиялық басқару ең көп тараған және өнімділік пен сапа көрсеткіштеріне қол жеткізуге мүмкіндік туғызады. Басқарудың либералды стилі барлық жағынан нашар болып шықты.

К. Левин мінез-құлықтық бағыттың өкілі болып табылады, себебі оған дейін басқару тиімділігін басқарушының жеке қасиеттерімен емес, бағынышты қызметкерлерге қатысты жүріс-тұрыс үлгісімен анықтайтын тұлғалық және жағдайлық теориялар орын алған болатын. Осыған байланысты стильдер автократиялық және демократиялық болып жіктеледі. Авторлар сәйкесінше оларды «барлық күш-жігерін жұмысқа жұмылдырған» және «барлық күш-жігерін адамдарға бағыттаған» деп бөледі.

Барлық күш-жігерін жұмысқа жұмылдырған басшы үнемі мәселенің дұрыс қойылуы мен еңбек өнімділігін арттыру жайлы ойлайды. Ал «барлық

күш-жігерін адамдарға бағыттаған» басшы еңбек өнімділігінің өсуін тек адами қатынастарды жетілдіру жолдары арқылы ғана өз мақсаты етіп қояды.

Көптеген жағдайларда басшының іс-әрекетінің формасы мен мазмұны бір-бірімен сәйкес келмейді. Мысалы, авторитарлы басшы, шын мәнінде, сырттай өзін-өзі демократиялы түрде ұстайды. Басқарушылық стильдің әрқайсысын қолдану көптеген әлеуметтік-психологиялық факторларға: жеке жағдайдың ерекшелігіне, шешілетін мәселелердің әртүрлілігіне, ұйым мүшелерінің біліктілігі мен бірыңғайлылығына, олардың жеке ерекшеліктерімен және т.б. байланысты. Кейбір төтенше жағдайларда, тіпті демократиялы басшыдан топты қатал түрде басқару талап етіледі. Сондай-ақ, оқиғалардың тыныш күйде өтуі кезінде барып тұрған автократ «жұмсақ» басқару формасын қолдануы мүмкін. Сонымен қатар, жоғары біліктілікке ие, ұжымдық жұмыста үлкен тәжірибелері бар және ұйымдасудың жоғары деңгейіндегі адамдарды басқару басшыдан жаңа, басқаша әдістер мен басқарудың басқаша формалары мен өзгеше қызмет стильдерін талап етеді.

Тиімді басқарудың басқаша стильдік нұсқасы ретінде – араласушылық (немесе партисипативтік) басқаруды атауға болады. Оның мәні: басқару-

шының бағыныштылармен тұрақты жиналыстар өткізуі; басқарушы мен бағыныштылардың арасындағы ашық қарым-қатынастың болуы; ұйымдық шешімдерді қабылдау және тексеруге қатыстырылуы; қатардағы жұмысшылардың ұйымдық өзгерістер мен жоспарлауға қатысуы; өз бетінше шешім қабылдауға құқылы ерекше топтық құрылымдарды жасау; жұмысшыға мәселелерді автономды түрде шешу, жаңа идеяларды қалыптастыру арқылы инновациялық процестерді дамытуға өз үлесін қосуға мүмкіндік беру болып табылады.

Осылайша, басқарушылық қызмет стилі үнемі басқарушының қол астындағылармен жұмыс істеуінің тиімділігіне, ұйымдық ерекшеліктеріне, шешілетін мәселелердің құрылымы және т.б. байланысты болып келеді. Кез келген басқарушылық қызмет стилінің нәтижелілігі туралы тек ұйымдық жағдай мен басқарушының ұйыммен қарым-қатынасының деңгейімен анықталады.

Нақты өмірде аталмыш басқару стилдерінің ешбірі де таза күйінде көрініс таппайды. Әрбір басшының мінез-құлқынан (жүріс-тұрысынан) аталған үш стильдің барлығына тән жалпы ерекшеліктерді кездестіруге болады. Әртүрлі адамдар мен ұжымдарды басқаруға сәйкес келе беретін әмбебап басқару стилі жоқ. Көбіне олар ұштасып, сабақтасып, қан-

дай да бір стильдің басымдыққа ие болуымен сипатталады. Дегенмен басқарудың демократиялық стилінің мақсатқа сай, нәтижелі және перспективалы екендігін тарихи тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл стиль басқарушылық процестерді тұрақтандыруға және сол арқылы ұтымды әрі тиімді қоғамдық дамуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Демократиялы басқарушылық – биліктің бөлінуі мен жұмысшылардың басқару ісіне қатысуымен сипатталады, яғни жауапкершілік жинақталмай, таратылады.

Либералды басқарушылық – басқарушының неғұрлым сирек қатысуымен сипатталады, ал топтың өзіндік шешім қабылдауға толықтай еркі бар.

Оларды төмендегідей айырады:

1. Жұмысқа көңіл бөлетін басшылар:

2. Адамға көңіл бөлетін басшылар.

Біріншісі бәрінен бұрын жобалау мақсатында қамын ойлап, сыйақы арқылы еңбек өнімділігін көтеру жүйесін ойластырды.

Жұмысқа көңіл бөлетін басшының классикалық үлгісі ретінде Фредерик У. Тейлорды атап көрсетуге болады.

Ұжымды ойлайтын басшының міндеті – адамдар болып табылады. Ол еңбек өнімділігін арттыруда, адамдардың арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру жолына көп көңіл бөледі.

Адамға көңіл бөлетін басшы өзара көмекке сүйенеді, жұмысшылардың шешім қабылдауына, қатысуына толықтай мүмкіндік береді.

Осы типтің басшылары ұсақ-түйек қамқорлыққа алып, бөлімшелерге жоғары деңгейлі еңбек өнімділігін орнатып, бағынушылардың қажеттілігімен санасады.

Кейбір басшылар бір уақытта адамға да, жұмысқа да бірдей көңіл бөледі. Профессор Лайкерт лидерлік стильдік базалық жүйесін ұсынды.

Осы жүйелер басшылардың тәртібін жіктеуге көмектеседі.

1. Жүйенің басшылары – қанаушы – авторитарлы басшылар.

2. Жүйенікі – игілікті – авторитарлы.

Аталған екі жүйенің басшылары да бағынушыларына авторитарлық қарым-қатынасты қолдануы мүмкін, оларға шешім қабылдауға қатысуына рұқсат етіледі, бірақ шектелген жағдайларда сыйақы беру арқылы немесе жазалау арқылы мотивация пайда болады.

Лайкерттің ойы бойынша, бұл жүйе нақты – қолданбалы, яғни басшылар толығымен бағынушыларына сенеді. Басқарушы мен бағынушының арасындағы өзара қарым-қатынас өзара сенімді және ресми деп шартты түрде бөлінеді.

Бірақ Лайкерттің қорытындысын барлық жағдайға қолдануға болмайды. АҚШ-тың Орано университетінің бір топ ғалымдары басшылар тәр-

тібін екі параметрмен жіктеу жүйесін зерттеген, яғни:

1. Құрылымы;

2. Бағынушыға көңіл бөлуі.

Құрылымы – басшының топтар қызметін ұйымдастырып, жоспарлап және топпен өзара қарым-қатынасын, тәртібін түсіндіреді.

Бағынушыға көңіл бөлу – адамдарға әсер етуді, ең жоғарғы деңгейдегі қажеттілікті қамтамасыз ете білуді өзара қарым-қатынасты сенімділік негізінде құруды және де басқарушы мен бағынушының арасындағы құрметтілікті, жылулық пен байланыс тәртібін түсіндіреді.

2. Басқарудағы лидерлік. Лидерлік саласында әлемге әйгілі ғалым Дутлас Мак Грегор автократиялық басқарушының «Х» теориясының жұмысшыларына қатынасын айтқан. «Х» теориясы бойынша:

1. Адамдар әуелден бастап жұмыс істегілері келмейді және ыңғайы келгенде жұмыстан қашады;

2. Адамдардың бәрі бірдей адалдықты мұрат тұтпағандықтан, олар жауапкершіліктен құтылуға тырысады, сонымен қатар өздерін басқаруын қалайды;

3. Адамдарды еңбек етуге баулу үшін, еріксіз көндіруді, байқау мен жаза қолдануды қолдану өте қажет.

Осы бастапқы болжаудың негізінде автократ өз билігін қалайда көбірек орталықтандыруға тырыса-

ды, бағынушылардың жұмысын реттеп, өз еріктерімен шешім қабылдауға бостандық бермейді деп айтуға да болады.

Лидерлік дегеніміз – топ ішінде ғана болатын феномен топтың бірігуінің, топтың мақсаттарға жетуінің маңызды факторы. Бұл шағын әлеуметтік топты ұйымдастыру және басқару процесі. Топты басқарудағы кемшіліктер болуынан да туындайды. Ұжымда лидер мен басшы – бір адам. Лидер топ үшін маңызды жағдайда топтың ұйымдастырылуын, мақсатына жетуін қамтамасыз ететін, ресми емес басшының орнына кездейсоқ келетін топ мүшесі:

1) Лидерді ешкім сайламайды;

2) Лидерді, ол ресми емес басшы болғандықтан, топтың нормалары және құндылықтарымен теңестіреді.

3) Лидер топ үшін маңызды жағдайда өзін танытады.

Лидер болу үшін адамның жекедара ерекшеліктері: бастамашылдық, белсенділік, ұйымдастыру қабілеті, топтық мақсаттарға жетуге ұмтылысы, топтың хал-жағдайы туралы хабардар болу, тіл табыса алушылық, тартымдылық, беделділік, өзіне сенімділік, рухани адамгершілік, ізгілік, мейрімділік қасиеттер, т.б. психологиялық ерешеліктерімен сипатталады. Дегенмен, кейде физикалық күшімен де лидерлікке жетуі мүмкін, бірақ ол ұзаққа созылуы мүмкін емес.

Негізгі әдебиеттер:

1. Купешова С. Т. *Инновационный менеджмент: Учебное пособие.* – Алматы: «Қазақ университеті», 2011. – 212 с.

2. Қылышбаева Б. Н. *Әлеуметтік жұмыстағы ұйымдастыру, әкімшілік және басқару: Оқу құралы.* – Алматы: «Қазақ университеті», 2011. – 155 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. *Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы* /Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. – Алматы, 2002. – 384 б.

2. *Педагогика. Оқу құралы* /Жалпы ред. басқарған А. Құдиярова. – Алматы: «Дарын», 2004. – 448 б.

3. *Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов.* /Под ред. А. П. Тряпицкой. – СПб: «Питер», 2014. – 304 с.

4.4. Кадрларды жоспарлау

Жоспары:

1. Кадрларды жоспарлаудың негізгі құрылымдары.

2. Кадрларды жоспарлаудың қызметтік міндеттері.

Негізгі ұғымдар: кадр, кадрлардың қажеттілігін жоспарлау, кадрларды қолдану, бәсекеге қабілеттілік, кадрларға қажеттілікті болжау.

Басқа пәндермен байланысы: педагогика, әлеуметтану, психология.

1. Кадрларды жоспарлаудың негізгі құрылымдары. Кадрларды жоспарлау кадрлық саясатты дамыту, ұйымның даму стратегиясына негізделеді. Кадрларды жоспарлау кадрлар құрамын жақсартуға және қызметкерлердің кәсіби дамуына ықпал етеді. Кадрларды жоспарлаудың түрлері:

– кадрлардың қажеттілігін жоспарлау;

– кадрларды қолдану;

– кадрларды оқыту;

– кадрларды ұстаудың шығыны;

– қызметкерлердің еңбек өнімділігін есепке алу;

– кадрлар құрамын сақтау және қысқаруы;

– қаржылық шығысты есептеу (жұмыстан босатылуына байланысты жәрдемақы төлеу, кезекті еңбек демалысының төлемақысы, біліктілікті

жетілдіру, білім беру, қайта даярлау, семинарлар, оқу бағдарламалары, еңбекақы қорын өзгерту үшін жұмсалған шығыс).

Базалық кадрлық көрсеткіштің бірі брутто-қажеттілік болып табылады, оны келесі формула бойынша анықтауға болады.

$$БПП = (m_i \times t_i) / (TPB \times 60) \times KНВ,$$

Мұндағы БПП – персоналдың брутто-қажеттілігі.

m_i – жоспарлы кезеңдегі жұмыс процесінің саны.

t_i – әрбір жұмыс процесін минутта орындаудың орташа уақыты.

TPB – сағатқа байланысты жұмыс уақытының тарифі.

KНВ – уақыт жетіспеушілігінің коэффициенті (демалыс, ауру, үзіліс). Егер брутто көлемнің сандық мәнінен персонал құрамының нақты санын шегерсек және болашақтағы өзгерістерді ескерсек (зейнеткерлікке шығу, ауысу, жұмыстан босатылу), онда персоналға байланысты нетто-қажеттілікті аламыз.

Кадрларды жоспарлау кадр саясатының негізі қызметі. Егер бұл функция орындалмаса, онда тұлғамен жұмыс ретсіз жүргізіледі, көп уақыт стратегиялық міндеттерді шешуге емес, ағымдағы мәселені шешуге арналады.

Кадрларды жоспарлау қызметі ұжымды басқару әдісі емес, жұмыс беруші мен тұлғаның сұранысының сәйкестігі бойынша жүзеге асырылады.

– кадрларға қажеттілікті болжау – уақыт факторын ескере отырып, кадрлар қажеттілігінің сандық және сапалық ақпаратын жинау;

– кадрлардың сандық және сапалық мінездемесін құру;

– кадрлардың уақытқа байланысты жетіспеушілігі мен көптігін анықтау, соған сәйкес кадрлармен қамтамасыз ету немесе кадрларды босату, олардың біліктілігін арттыру шараларын қолдану.

Ұйымның мақсатын және перспективасын білу жұмыс орындарының санын жобалауға мүмкіндік береді, оларға қойылатын талаптар да ескеріледі.

Кадрларды (еңбек ресурстарын) жоспарлау адам ресурстарына болашақтағы қажеттілікке қанағаттану жоспарын жасау.

Еңбек ресурсын жоспарлаудың үш кезеңі:

Қолда бар ресурстардың бағасы еңбектік дағдыны түгендеу жолымен жүргізіледі, яғни ұйым қызметшілерінің дағдылары мен білімдерін тексеру, сонымен қатар жұмысшылардың мазмұнын талдау. Жұмыстың мазмұнын талдау әдістері: жұмысшыларды бақылау және олармен орындалған міндеттерді тіркеу, әңгімелесу арқылы ақпарат жинау жұмысы мен оның талаптарын сипаттау немесе сауалнамаға жауап беру.

Осы ақпараттың негізінде жұмысшылардың құқығы мен білімді та-

лап ететін негізгі міндеттердің тізімі көрсетілген міндет нұсқаулығы құрылады.

Болашақтағы қажеттіліктерді бағалау – қысқа мерзімді және келешектегі мақсаттарды жүзеге асыруға қажетті қызметшілердің санын болжау. Өзінің болашақтағы қажеттіліктерін анықтап, жетекші оны қанағаттандыру бағдарламасын жасауы керек. Қажеттіліктер бұл мақсат – бағдарлама оған жеткізетін құрал. Бағдарламада ұйымның мақсаттарын жүзеге асыруға қажетті қызметшілердің дайындығы, жолдауы, тартуы бойынша шаралар мен нақты графигі болуы керек. Әрине, еңбек ресурстарын жоспарлау кезінде Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексіне» сәйкес заңды шектеулерді ескеру қажет:

- Ұжымның және жеке еңбек келісімін құру шарты;
- Жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы керек;
- 14-тен 16 жасқа дейінгі жұмысшылар үшін аптасына 24 сағаттан жоғары емес;
- 16-дан 18 жасқа дейінгі жұмысшылар үшін аптасына 36 сағатқа дейін;

Жұмыс күнінің жиынтығында үзіліс пен ас қабылдау уақыты 1,5 сағаттан төмен болмауы керек.

Сәйкес жұмысшыларды түсіну үшін жетекші олар жұмыс уақытында қандай жұмыстарды орындайтынын

және осы жұмыстың қоғамдық сипаттамаларын білу керек.

Еңбек ресурстарын жоспарлауды олардың өзін бағалаудан бастаған дұрыс. Жетекші қанша адам нақты мақсаттың жүзеге асырылуы үшін талап етілген әр операцияны орындаумен айналысып жатқанын анықтауы тиіс. Бұған қоса жетекші өз жұмысшыларының жұмыс сапасын бағалауы қажет.

2. Кадрларды жоспарлаудың қызметтік міндеттері. Қызметшілерді жинақтау ұйымның неғұрлым сәйкес жұмысшыларын таңдап алатын барлық мамандық пен міндеттер бойынша кандидаттардың потенциалды резервін құру қажеттілігімен сипатталады.

Ұйымдар үнемі жұмысшылардың жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз ету қажеттілігіне ие. Көптеген ұйымдар еңбек ресурстарының ортақ сапасы болғанын қалайды.

Бұл мақсатқа жету амалдарының бірі неғұрлым білікті және маманданған жұмысшыларды жинау және іріктеу болып табылады. Жинақтау мәселесі бойынша қажетті жұмыс көлемі бар жұмыс күші мен болашақтағы қажеттілік арасындағы айырмашылықпен анықталады. Сонымен қатар, зейнеткерлікке шығу, ағымдылық, ұйымның қызмет саласының кеңеюі сияқты факторлар ескеріледі.

Іріктеу – кандидаттарда жұмыс орындарына бағалау және жинау барысында құрылған резервтерді іріктеу. Кадрларды іріктеу кезеңінде жетекші жинау барысында құрылған неғұрлым жұмысқа ынталы кандидатураны іріктейді. Тиімді кадрларды іріктеу адамдық ресурстар сапасын алдын ала бақылау формасының бірі болып табылады. Кадрларды іріктеу барысында қолданылатын ақпаратты жинау әдістері: сынау, әңгімелесу, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы мен конкурстық негізде бағалау орталықтары.

14-бан. «Әкімшілік мемлекеттік конкурсты жүргізу ережелері»:

Жалпы негізі;

Конкурсты жүргізудің шарттары мен тәртіптері;

Конкурсты хабарлау;

Конкурстық комиссия құру;

Құжаттарды қабылдау (өтініш, сауалнама, білім туралы құжат көшірмелері, еңбек кітапшасының көшірмесі, денсаулық жағдайы туралы анықтама және т.б.);

Кандидаттардан бақылау сұрақ алу (кандидаттардың жеке және мамандық сапаларын бағалау);

Конкурстық комиссияның қорытынды жиналысы;

Кандидаттардың міндетке кіруі;

Шағым беру тәртібі (конкурс мүшелері конкурстық комиссияның шешіміне байланысты уәкілдік органға шағым беруіне құқылы).

Әңгімелесу жүргізу бойынша нұсқаулар:

- кандидатпен өзара түсіністік бе- кітіңіз және оған еркін сезіну мүмкін- дігін беріңіз;
- әңгімелесу барысында наза- рыңызды жұмыс талабына шоғыр- ландырыңыз;
- бірінші әсер бойынша бағала- маңыз, барлық ақпаратты аяғына дейін күтіңіз.

Еңбекақы мен жеңілдіктерді анықтау – жұмысшыларды тарту, жалдау және сақтау мақсаттарын- да еңбек ақы мен жеңілдіктер құры- лымын жасау.

Еңбекақы жұмысшыға ұйымның орындаған жұмысы үшін төлейтін ақшалай сыйақысы. Ол жұмысшы- ларды орындалған жұмысы үшін сыйақы беруге емес, өнімділіктің қалаған деңгейіне жетуге ынталан- дыруға бағытталған.

Негізгі әдебиеттер:

1. Лихачев Б. Т. *Педагогика: Учебное пособие.* – М.: «Юрайт», 2008. – 464 с.
2. Овчинников В. В. *Менеджмент качества.* – М.: «Институт экономичес- ких стратегий», 2009. – 136 с.
3. Шевчук Д. А. *Управление качеством образований.* – М.: «ГроссМедиа», 2008. – 216 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Зинов В. Г. *Менеджмент инноваций.* – М.: Издательство «Дело», 2005. – 496 с.
2. Третьяков П. И. *Оперативное управление качеством образования в шко- ле.* – М.: «Скрипторий», 2006. – 568 с.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Мектептің жылдық жоспарын бекітеді, мектеп жұмыстарының қорытындысын шығарады:

- A. Педагогикалық кеңес.
- B. Ата-аналар комитеті.
- C. Әдістемелік кеңес.
- D. Оқушылар ұжымы.
- E. Жас мұғалім мектебі.

2. Мектеп кеңесі дегеніміз:

- A. Коллегиялық басқару органы.
- B. Жоғарғы басқару субъектісі тағайындайтын орган.
- C. Мүшелерін директор тағайындайтын жеке басқару органы.
- D. Ата-аналардың қоғамдық органы.
- E. Оқушылардың қоғамдық органы.

3. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін басқару қандай құжатқа негізделген?

- A. Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасына.
- B. Этномәдени білім беру тұжырымдасына.
- C. Жергілікті білім беру бөлімдерінің қатысуына.
- D. «Тіл туралы» заңға.
- E. «Білім туралы» заңға.

4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы қай жылы қабылданды?

- A. 2007 ж.
- B. 1998 ж.
- C. 1995 ж.
- D. 2000 ж.
- E. 2001 ж.

5. Мектеп директорының атқаратын функциясы.

- A. Жаңа технологияларды енгізу.
- B. Мектептің әдістемелік пән бірлестігін ұйымдастыру.
- C. Сынып жетекшілеріне басшылық жасау.

D. Мектептің оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырып, оның сапасына, мектептің шаруашылық, қаражат жағдайларына жауап беру.

E. Әрбір пән мұғалімдерін тексеру.

6. Білім беру мекемесінің іс-әрекетін, құрылымын анықтайтын құжат:

A. Жарғы.

B. «Білім беру» заңы.

C. Конституция.

D. Тұжырымдамалар.

E. Оқыту жоспары.

7. Мұғалімді жұмысқа алу, оларды жұмыстан босату кімнің қызметі?

A. Білім беру ісінің жергілікті басқармасының.

B. Мектеп кеңесінің шешімі.

C. Оқу ісі жөніндегі орынбасарының.

D. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының.

E. Мектеп директорының.

8. Мектепті басқаратын жоғарғы органды не деп атайды?

A. Оқушылар комитеті.

B. Әдістемелік бірлестік.

C. Ата-аналар ұжымы.

D. Педагогикалық кеңес.

E. Қоғамдық бірлестік.

9. Мектептегі білім беру мазмұнының анықтайтын негізгі құжаттар:

A. Оқулықтар, оқу жоспары, оқу бағдарламалары.

B. Газеттер, журналдар және басқа да баспасөз беттері.

C. Әдістемелік оқулықтар.

D. Мектептегі тәрбие жұмысының жоспары.

E. Сынып жетекшінің жұмыс жоспары.

10. Мектептің оқу ісінің меңгерушісінің функционалдық міндетіне жатпайды:

A. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.

B. Сабақ кестесін ұйымдастыру.

C. Оқушылардың үлгерімі мен тәрбиесін қадағалау.

- D. Оқу бағдарламасының орындалуын қадағалау.
- E. Оқу үрдісін қаржыландыру.

11. Мұғалім білуге тиіс емес:

- A. Халықаралық балалар құқықғы туралы декларациясы.
- B. «Білім беру» заңы.
- C. ҚР конституциясы.
- D. ҚР қылмыстық кодексі.
- E. Мектеп жарғысы.

12. Мұғалімнің білімін жетілдіруің негізгі түрі:

- A. Әдістемелік бірлестік.
- B. Білімін жетілдіру институты.
- C. Өзіндік білімін жетілдіру.
- D. Ақпараттық сауаттылық курсы.
- E. Бұқаралық ақпарат құралы.

13. Педагогикалық кеңестің мәжілісінде қарастырылмайтын мәселелер:

- A. Мұғалімдердің қосымша ақыға жұмысы.
- B. Жаңа педагогикалық технологияны ендіру.
- C. Әдістемелік ұйымдардың жұмысы.
- D. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені тарату.
- E. Тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру проблемалары.

14. Педагогикалық біліктілік:

- A. Педагогикалық жобалау дағдысы мен тәжірибесінің барлығы.
- B. Объективтік шындық заттары мен құбылыстары туралы игерілген мәліметтердің, ұғымдардың түсініктердің жиынтығы.
- C. Тәжірибеге бағытталған қызығушылығын жүзеге асырудағы адамның іс-әрекеттерінің жиынтығы.
- D. Адам санасының ерекше формасы өзінің көзқарасын, сенімін, идеалын жүйеге енгізу.
- E. Ұстаздың оқыту мақсатын жүзеге асыру жөніндегі тәртіпке келтірілген қызметі.

15. Білім берудегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының принциптеріне жатпайтындар:

- A. Білім берудің зайырлы сипаты.

- В. Ерлер мен әйелдердің бөлек оқытылуы.
- С. Үздіксіз білім беру.
- Д. Барлық азамттардың тең құқылығы.
- Е. Жалпы орта білімнің ақысыз оқытылуы.

16. Мектептану дегеніміз –

- А. Мектепті басқару ісінің мазмұны мен әдістерін зерттеуді қарастыратын педагогиканың саласы.
- В. Мектеп құжаттарын білу.
- С. Мектептің оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру.
- Д. Мемлекеттік қызмет.
- Е. Ұстаздық қызмет.

17. Мектеп құжаттарына не жатады?

- А. «Білім туралы» заң.
- В. ҚР Конституциясы.
- С. Білім бағдарламасы.
- Д. Оқу-тәрбие жоспары, пәндік бағдарламалар, сынып журналы, т.б.
- Е) Сынып журналы, кітап, ҚР Қылмыстық кодексі.

18. Педагогикалық кеңес деп:

- А. Мұғалімдер жиналысы.
- В. Білім беру мекемесінің тұрақты жұмыс істейтін жоғары органы.
- С. Директордың басқаруымен жүретін жиналыс.
- Д. Ата-аналар жиналысы.
- Е. Оқушылармен кездесу.

19. Педагогикалық консилиум:

- А. Педагогикалық ереже.
- В. Оқушылардың іскерлігі мен тәртібін тереңірек қарастыратын және кемшіліктерді жою мақсатында өткізілетін мұғалімдердің кеңесі.
- С. Оқушылардың іскерлігі мен тәртібін тереңірек қарастыратын және кемшіліктерді жою мақсатында өткізілетін ата-аналардың кеңесі.
- Д. Оқушылардың іскерлігі мен тәртібін тереңірек қарастыратын және кемшіліктерді жою мақсатында өткізілетін міндетті кеңес.
- Е. Оқушылардың іскерлігі мен тәртібін тереңірек қарастыратын және кемшіліктерді жою мақсатында өткізілетін ресми кеңес.

20. Конфессиялық мектептер дегеніміз –

- A. Арнаулы мектеп.
- B. Гимназия.
- C. Тереңдетіп оқытатын мектеп.
- D. Діни мектеп.
- E. Дарынды балалар мектебі.

21. Пәндік әдістемелік бірлестік:

- A. Бір мектептегі кез келген пән мұғалімдерінен құралады.
- B. Мектептің бір бағыттағы пән мұғалімдерінен құралады.
- C. Мектептің тәжірибелі мұғалімдерінен тұрады.
- D. Ата-аналар мен мектеп ұжымы өкілдерінен құралады.
- E. Пән мұғалімдері мен оқушылар ұжымы өкілдерінен тұрады.

22. Мектепке «6 жастан» оқуға қабылдауды ұсынған КСРО-ның ғалымы:

- A. Н. К. Крупская.
- B. А. С. Макаренко.
- C. Ш. А. Амонашвили.
- D. В. В. Давыдов.
- E. Л. В. Занков.

23. «Мектептану» қандай проблемаларды зерттейтін педагогиканың арнайы бөлімі?

- A. Мектеп жұмысын басқарудың ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттейді.
- B. Мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыру негіздерін зерттейді.
- C. Оқыту мен білім мазмұнын зерттейді.
- D. Тәрбиенің теориялық және әдістемелік негіздерін зерттейді.
- E. Халықтық педагогика негіздерін зерттейді.

24. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарының міндеттері қандай?

- A. Сабақ жоспары мен кестелерін құру, реттеу.
- B. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіруді ұйымдастыру.
- C. Педагогикалық ұжымға басшылық жасау.
- D. Мектептің материалдық-техникалық базасын бақылау, нығайту.
- E. Оқу жұмысы, әртүрлі пәндер бойынша әдістемелік бірлестіктердің, проблемалық топтардың, пәндік үйірме жұмыстарын ұйымдастыру, бақылау.

25. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының міндеттері қандай?

- A. Мектепшілік және сыныптан, мектептен тыс тәрбие жұмыстарын сынып жетекшілері, ата-аналармен бірлесе отырып ұйымдастыруға басшылық жасау.
- B. Тәрбие жұмысын жоспарлау.
- C. Озат педагогикалық тәжірибені зерттеу, тарату.
- D. Сынып жетекшілерін іріктеу, бекіту.
- E. Мектептің білім беру сапасын бақылау.

26. Қазақстан Республикасының мектептерінде қолданылып жүрген ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттаудағы тәрбие бағдарламалары?

- A. «Атамекен», «Пионерлер ұйымы», «Скауттар».
- B. «Шығармашылық клубтар», «Ұлттық орталықтар».
- C. «Комсомолдар», «Пионерлер ұйымы», «Скауттар».
- D. «Атамекен», «Елім-ай», «Жұлдыз».
- E. «Скауттар», «Әскери клубтар», «Жұлдыз».

ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫҢ ЖОСПАРЫ

1. Қазіргі заманғы педагогика және оның практикамен өзара байланысы

Жоспары:

1. Педагогиканың қалыптасу тарихы және дамуы.
2. Педагогика – адам тәрбиесі ғылымдар жүйесінде.
3. Шығыс ойшылдарының педагогикалық ой-пікірлері.
4. Қазақстанда әлеуметтік-педагогикалық ой-пікірлердің қалыптасуы.

2. Тұлғаны дамыту, тәрбиелеу және қалыптастырудың арақатынасы

Жоспары:

1. «Жеке тұлға» ұғымы және оның құрылымдық компоненттері.
2. Жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторлар.
3. «Белсенділік» және оның жеке тұлға дамуындағы мәні.

3. Қазіргі педагогиканың теориясы мен әдіснамасы

Жоспары:

1. «Педагогика» ұғымына ерте ежелгі және қазіргі мағынасына сипаттама.
2. Ғылыми білімдер саласы, педагогиканың категорияларының қалыптасу генезисі.
3. Педагогика ғылымының салалары.

4. Оқушылардың жас және жеке ерекшеліктері

Жоспары:

1. Жас мөлшерін кезеңдерге бөлудің бүгінгі жағдайы.
2. Бақылау жасау арқылы бастауыш сынып жасындағы балалармен, жасөспірімдермен, жоғары сынып оқушыларымен педагогикалық жұмыс жүргізудің идеясын сипаттау.
3. Қазақ халқының ұл бала мен қыз бала тәрбиесіндегі этнопедагогикалық көзқарастары.

5. Педагогикалық үдерістегі жүйе түзуші фактор мақсат ретінде

Жоспары:

1. Педагогика ғылымында ұғымдардың мәні.
3. Тұлғаның дамуындағы қозғаушы күштерге анықтама.
4. Педагогикалық үдерістің қарама-қайшылықтары.

6. Қазіргі оқушылардың дүниеге көзқарасының ерекшеліктері

Жоспары:

1. «Дүниетаным» ұғымының мазмұны.
2. Дүниетанымның құрылымына сипаттама.
3. Оқушының тұлғалық дүниетанымының ерекшеліктері.
4. Дүниетанымның қалыптасуының негізгі заңдылықтары.

7. Қазіргі мектептегі патриоттық және құқықтық тәрбие жүйесі

Жоспары:

1. Қазіргі мектептегі тәрбие жүйесіне жалпы түсінік.
2. Патриоттық тәрбиенің мәні, міндеттері, мазмұны.
3. Құқықтық тәрбие берудің әдістері.

8. Білім беру жүйесінде жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыру

Жоспары:

1. Ғұлама-ойшылдардың педагогикалық мұраларындағы адамгершілік тәрбие берудің идеялары.
2. Рухани-адамгершілік тәрбиесінің мәні мен міндеттері.
3. Жеке тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің әдістері.
4. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің проблемалары.

9. Оқушыларды экологиялық мәдениетке тәрбиелеу

Жоспары:

1. Қазіргі жағдайдағы ортаның экологиялық проблемалары.
2. Экологиялық тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері.
3. Жастарға экологиялық тәрбие берудің ерекшеліктері.

10. Оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу

Жоспары:

1. Жастарды салауатты өмір салтына тәрбиелеудің мақсат-міндеттері.
2. Оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеудің әдістері мен құралдары.
3. Халық педагогикасындағы салауатты өмір салтының түрлері және ерекшеліктері.

11. Педагогикалық үдерістің қозғаушы тетіктері: құрал, форма, әдістері

Жоспары:

1. Тәрбиенің тәсілдері, түрлері мен әдістерінің тұтас педагогикалық үдерістегі орны.
2. Педагогикалық ықпал ету тәсілдері, түрлері, тәрбие әдістері ұғымдарының анықтамасы.
3. Оқушылардың санасы мен мінез-құлқын қалыптастыру әдістері.

12. Балалар ұжымы – тәрбиенің объектісі және субъектісі ретінде

Жоспары:

1. Оқушылар ұжымына сипаттама.
2. Балалар ұжымы – мектептегі педагогикалық үдерістің компоненті.
3. Оқушылар ұжымының негізгі даму кезеңдеріне сипаттама.
4. Оқушылар ұжымының дамуының психологиялық проблемалары.

13. Педагогикалық үдерістегі балалар ұжымының жағдайын оқып-үйренудің әдістері

Жоспары:

1. «Ұжым» туралы түсінік.
2. Балалар ұжымындағы өзара әрекеттің мақсаты, міндеті.
3. Балалар ұжымының жағдайын тексерудегі әдістерге сипаттама.

14. Сынып жетекшісінің функционалдық қызметі

Жоспары:

1. Сынып жетекшілерінің негізгі қызметтері.
2. Сынып жетекшілерінің оқушылар ұжымындағы ролі.

3. Сынып жетекшісінің оқушылардың ата-аналар мен жұмысты ұйымдастырудың әдістері.

15. Отбасы тәрбиесі

Жоспары:

1. Отбасының бала тәрбиесіндегі алатын орны.
2. Педагогикалық үдерістің заңдылықтары мен принциптерінің отбасындағы бала тәрбиесінің нәтижелілігіне ықпал-әсері.
3. Отбасы мен мектептің қарым-қатынасы, оның бала тәрбиесіндегі ролі.

16. Тұтас педагогикалық үдерістің құрылымындағы оқыту

Жоспары:

1. Дидактикаға жалпы түсінік.
2. Оқытудың заңдылықтары мен ұстанымдары.
3. Педагогика ғылымдары аясындағы дидактиканың орны мен қызметі.

17. Оқытуды ұйымдастырудың формалары

Жоспары:

1. Оқыту формаларының дамуының тарихы.
2. Оқу жұмысының түрлері.
3. Сабаққа қойылатын қазіргі талаптар.

18. Педагогикалық үдерістегі оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесін бағалау және есепке алу

Жоспары:

1. Мектеп ішіндегі бақылау. Білім, білік және дағды сапасы.
2. Оқыту мен тәрбие нәтижелерін бағалаудың негізгі әдістері.
3. Психологиялық бақылау мен диагностиканың білім беру жүйесіндегі орны.

19. Педагогикалық технологиялар

Жоспары:

1. Педагогикалық технологияның мәні.
2. Дәстүрлі оқыту технологиясына сипаттама.
3. Авторлық мектептердің педагогикалық технологиялары.

20. Мектептің нормативтік құжаттары

Жоспары:

1. Қазақстандағы білім беру жүйесінің негізгі нормативтік құжаттары.
2. Білім берудің мемлекеттік стандарты.

21. Мектепті басқарудың педагогикалық негіздері

Жоспары:

1. Мектептегі оқу-тәрбие жүйесін басқару.
2. Мектеп директоры мен орынбасарларының функционалдық міндеті.

23. Мектептің оқу-тәрбие үдерісін диагностикалау – басқарудың негізі

Жоспары:

1. «Педагогикалық диагностика» ұғымына сипаттама.
2. Мұғалімнің педагогикалық үдерісті басқару әрекетінде педагогикалық ақпараттың ролі.

24. Мектеп жұмысын жоспарлау

Жоспары:

1. Мектеп жұмысын жоспарлаудың түрлері.
2. Мектеп жұмысының жылдық жоспарын құрудың негізгі принциптері.

25. Мұғалімді аттестациялау және мектептегі әдістемелік жұмыс

Жоспары:

1. Мектептегі әдістемелік жұмыстардың түрлері және әдістері.
2. Мұғалімді аттестациялау.
3. Педагогикалық қызметті диагностикалау.
4. Сараптаудың мазмұны, ұйымдастырылуы.

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫ

1-тақырып. Педагогиканың негізгі категориялары және олардың мәні.

1. «Тәрбие», «білім беру», «оқыту», «қалыптастыру», «тұқымқуалаушылық», «тұлға» ұғымдарына берілген анықтамалардың философиялық, педагогикалық, психологиялық мазмұнын түсіндіру.

2. «Жеке тұлға» және «индивид» ұғымдарын салыстыру кестесін жаса, негізгі ерекшеліктерін анықтау.

Әдебиеттер:

1. Бабаев С. Б. Педагогика: жалпы негіздері және тәрбие теориясы: *Оқу құралы*. – Алматы, 2008. – 124 б.

2. Білім және ғылым: *Энциклопедиялық сөздік*. /Бас редактор Ж. Қ. Түймебаев. Ред. алқасы: А. Е. Әбілқасымова, И. Б. Бекбоев, Н. Б. Қалабаев, Е. Ә. Оңғарбаев, С. Ж. Пірәлиев, М. В. Рыжаков. – Алматы, 2009. – 400 б.

2-тақырып. Педагогика ғылымының салалары және оның басқа ғылымдармен байланысы.

1. Қазіргі кездегі педагогиканың салалары мен даму тенденциялары.

2. Педагогиканың гуманитарлық ғылымдармен байланысы.

3. Педагогиканың жаратылыстану ғылымдармен байланысы.

Әдебиеттер:

1. Бордовская Н. В., Реан А. А. Педагогика. – СПб: «Питер», 2001. – 304 с.

2. Педагогика: *Оқу құралы* /Жалпы ред. басқарған А. Құдиярова. – Алматы: Дарын, 2004. – 448 б.

3. Педагогика: теории, системы, технологии: учебник для студ. высш. и сред. учеб. Заведений /Под ред. С. А. Смирнова. 7-е изд. – М.: Издательский центр «Академия», 2007 – 515 с.

3-тақырып. Қазақстанда педагогикалық ой-пікірлердің қалыптасуы мен дамуы.

1. Әбу-Насыр әл-Фарабидің педагогикалық трактаттары.

2. Қожа Ахмет Йасауидің имандылық тәрбиеге арналған өсиеттері.

3. Мұхамед Хайдар Дулатидің педагогикалық мұралары.

Әдебиеттер:

1. Асанов Ж. І. Қазақстан педагогика ғылымы. – Қызылорда: «Тұмар», 2010. – 312 б.
2. Сейталиев Қ. Педагогика тарихы. – Атырау, 2007. – 336 б.

4-тақырып. Педология – бала тұлғасының дамуы туралы ғылым.

1. Педология ғылымының дамуы мен қалыптасу тарихы.
2. Педология туралы зерттеулерді талдау, сипаттама беру.
3. Қазақстанда педология ғылымының негізін салушы ғалымдар.

Әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ. Б. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. – Алматы: Мектеп, 2005. – 238 б.
2. Жарықбаев Қ., Иманғалиева Н. Халел Досмұхамедұлының психологиялық көзқарастары. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 128 б.

5-тақырып. Балалардың жас және дербес ерекшеліктері және оның оқу-тәрбие үдерісіндегі орны.

1. Балалардың жас ерекшеліктеріне педагогикалық, психологиялық сипаттама.
2. Ер баланың анатомиялық, физиологиялық жетілуі және оның проблемалары.
3. Қыз баланың анатомиялық, физиологиялық жетілуі және оның проблемалары.
4. Ұл бала мен қыз баланы бірге немесе бөлек оқыту мен тәрбиелеудің проблемалары.
5. Акселерация құбылысы және жеке тұлғаның әлеуметтік, психологиялық жетілуіне әсері.

Әдебиеттер:

1. Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. / Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. – Алматы, 2002. – 384 б.
2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. / Жалпы ред. басқарған А. Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» ЖШС, 2002. – 256 б.

6-тақырып. Жеке тұлға туралы жалпы түсінік.

1. Жеке тұлға туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерге талдау.

2. Жеке тұлғаның қалыптасуы туралы әлеуметтік факторлаға сипаттама.
3. Халық педагогикасындағы «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғаны тәрбиелеудің проблемалары.

Әдебиеттер:

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. / Оқу құралы. – Алматы: «Рауан», 1998. – 128 б.
2. Бахтиярова Г. Р. Халық тағылымы – тәрбие қайнары. – Алматы: Ғылым, 2002. – 177 б.
3. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – Алматы, 2004. – 304 б.

7-тақырып. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» ұғымдары және олардың мәні.

1. «Тәрбие», «тағылым», «әдеп», «ибалы», «иманжүзді», «тәрбиелі адам» ұғымдарына берілген анықтамалардың философиялық, педагогикалық, этнопедагогикалық мазмұнын түсіндіру.
2. «Жақсы адам» және «жаман адам» ұғымдарын салыстыру кестесін жаса, негізгі ерекшеліктерін анықтау.

Әдебиеттер:

1. Кожаметова К. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы, 1998. – 317 с.
2. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2001. – 350 б.

8-тақырып. Ұлы данышпандар мен ғұламалардың мұраларындағы негізгі тәрбиелік өсиеттері.

1. Анахаристің тағылымдық мұралары.
2. Қорқыттың тәрбиелік өнегелері.
3. Асан қайғының танымдық-тәрбиелік мұралары.

Әдебиеттер:

1. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. / Құрастырған Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – Т. 1. – 320 б.
2. Тайжанов А. Тағылымды танымдар. / Көмекші оқу құралы. – Орал: Ағартушы, 2007. – 304 б.

9-тақырып. Тұлғаның әлеуметтенуіндегі тәрбиенің ролі.

1. «Әлеуметтенген тұлға» түсінігі.
2. «Тәрбиесі қиын» деген ұғымның мәні, оның шығу себептері.
3. Қалада өскен бала мен ауылда өскен баланың тәрбиесі туралы салыстырмалы сипаттама.

Әдебиеттер:

1. Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. / Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. – Алматы, 2002. – 384 б.
2. Педагогика курсының лекциялары. Абай атындағы ҚазҰПУ. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2003. – 368 б.

10-тақырып. Отбасы тәрбиесінің проблемалары.

1. Отбасы тәрбиесіне талдау, сипаттама беру.
2. Отбасындағы өнегелік тәрбиенің ролі.
3. Отбасының әлеуметтік проблемаларына сипаттама.

Әдебиеттер:

1. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы, 1996. – 288 б.
2. Қалиев С. Үлгілі үйдің ұл-қызы. – Алматы, 2000. – 208 б.

11-тақырып. Мектептегі тәрбие жүйесінің бағдарламалары.

1. «Атамекен» бағдарламасы.
2. «Елім-ай» бағдарламасы.
3. «Кәусар бұлақ» бағдарламасы.

Әдебиеттер:

1. Ахметова З. «Кәусар бұлақ» бағдарламасы. – Алматы: «Кәусар бұлақ», 1994. – 32 б.
2. Дүйсенбинова Р. Қ. Қазақ этнопедагогикасын мектеп практикасына ендіру. Монография. – Алматы: Ғылым, 2000. – 335 б.

12-тақырып. Тәрбие сағаттарындағы халық педагогикасының ролі.

1. Ұлттық ойындардың жаңа моделін ұсыну.
2. Ұлағатты сөздердің мәні.
3. Тыйым сөздердің мазмұнына сипаттама жасау.

Әдебиеттер:

1. Калиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. / Оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1998. – 128 б.
2. Бахтиярова Г. Р. Халық тағылымы – тәрбие қайнары. – Алматы: Ғылым, 2002. – 177 б.
3. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – Алматы, 2004. – 304 б.

13-тақырып. Тәрбие әдістерінің мәні мен мазмұны.

1. Тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері.
2. Ынталандыру әдістері.
3. Ақыл-ой тәрбиесінің әдістері.

Әдебиеттер:

1. Әбенбаев С. Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2004. – 152 б.
2. Педагогика: Оқу құралы. / Жалпы ред.бас. А. Құдиярова. – Алматы: Дарын, 2004. – 448 б.

14-тақырып. Тәрбиенің психологиялық сипаттамалары.

1. «Сабырлылық», «ұстанымдылық», «дініне берік» ұғымдарының мәні.
2. «Әдепті баланың» психологиялық сипаттамалары.
3. «Тәрбие жүйесінің» психологиялық қиындықтары.

Әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ., Алдамұратов Ә., Ғабитов Т. Әдептану негіздері: Оқу құралы V–VII сыныптарына арналған. – Алматы: Мұраттас, 1997. – 153 б.
2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. / Жалпы ред. басқарған А. Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» ЖШС, 2002. – 256 б.

15-тақырып. Сынып жетекшісі мен ата-аналардың қарым-қатынасы.

1. Сынып жетекшісі қызметіндегі негізгі проблемалар.
2. Ата-аналармен жұмыс жасаудың жаңаша формалары.
3. Сыныптағы тәрбие проблемаларын шешу жолдары.
4. Ұжымдық тәрбиенің сипаттамалары.

Әдебиеттер:

1. Атемова Қ. Т. Тәрбие теориясы: Оқу-әдістемелік кешен. – Алматы, 2005. – 57 б.
2. Қоңыратбаев Т. Ә. Ұстаздың менталдық әлемі. – Астана, 2004. – 123 б.
3. Мұхамбетова С. Қ. Тәрбие теориясы. – Астана: «ЕҰУ баспасы», 2005. – 195 б.

16-тақырып. Мерекелік шаралардың бала тәрбиесіне әсері.

1. Мерекелік шараларды ұйымдастырудың мәні мен мазмұны.
2. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесі.
3. Наурыз мерекесі.

Әдебиеттер:

1. Армысың әз Наурыз! / Құрастырған Б. Бекжанов, Т. Рысбек. – Астана: Зерде, 2012. – 328 б.
2. Класс жетекшісінің анықтамалығы. / Құрастырған В. М. Коротов. – Алматы: Мектеп, 1982, – 298 б.

17-тақырып. Дидактика туралы жалпы түсінік және оның категориялары.

1. Дидактиканың дамуы мен қалыптасу тарихы.
2. Дидактиканың «оқыту», «оқу әрекеті», «іскерлік», «білім беру», «дағды», «үлгерім» ұғымдарына берілген анықтамалардың педагогикалық, психологиялық мазмұнын түсіндіру.
3. Қазіргі мектептегі білім беру мазмұнына сипаттама.

Әдебиеттер:

1. Педагогика. Дәріс курсы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2003. – 368 б.
2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. / Жалпы ред. басқарған А. Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» ЖШС, 2002. – 256 б.
3. Бабаев С. Б. Педагогика: жалпы негіздері және тәрбие теориясы: Оқу құралы. – Алматы, 2008. – 124 б.

18-тақырып. Оқытуды ұйымдастыру формалары. Қазіргі сабақ.

1. Әлемдік деңгейдегі оқытуды ұйымдастырудың қалыптасуы мен дамуы.
2. Қазіргі мектептегі сыныптық-сабақ жүйесінің тиімділігі мен кемшіліктері.
3. Дәстүрлі және дәстүрлі емес сабақтарға сипаттама.

Әдебиеттер:

1. Әбиев Ж. Педагогика тарихы: Оқу құралы. – Алматы, «Дарын», 2006. – 480 б.
2. Педагогика: Учебник. / И. Ф. Харламов. 7-е изд. – Минск, 2002. – 560 с.
3. Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей. / Под ред. П. И. Пидкасистого. – Москва, 2004. – 608 с.

19-тақырып. Оқыту әдістеріне сипаттама.

1. Оқыту әдістері және құралдарына психологиялық, педагогикалық сипаттама.
2. Оқыту әдістерін жіктеудің педагогикалық маңызы.
3. Пән мұғалімінің оқыту әдістерін тандап алу шарттары.

Әдебиеттер:

1. Педагогика: Оқу құралы. / Жалпы ред. басқарған А. Құдиярова. – Алматы: Дарын, 2004. – 448 б.
2. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических вузов /Под ред. П. И. Пидкасистого. – Москва, 2004. – 608 с.

20-тақырып. Педагогикалық технологиялар.

1. Педагогикалық технологиялар туралы зерттеулерді талдау.
2. «Педагогикалық технология» мен «оқыту әдістерінің» ұқсастықтары мен айырмашылығы туралы сипаттама.

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. / Жалпы ред. басқарған А. Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» ЖШС, 2002. – 256 б.
2. Педагогика: теории, системы, технологии: учебник для студ. высш. и сред. учеб. заведений. / Под ред. С. А. Смирнова. 7-е изд. – М.: Академия, 2007 – 515 с.

21-тақырып. «Педагогикалық менеджмент» ұғымы және педагогикалық негіздері.

1. «Менеджмент», «жүйе», «сапа», «білім», «әдіс», «басқару» ұғымдарына берілген анықтамаларды философиялық, мағынасын түсіндіру.
2. «Менеджмент» және «басқару» ұғымдарын салыстырып ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне сипаттама.

Әдебиеттер:

1. Управление качеством образования: Практико-ориентированная монография и методическое пособие. / Под.ред. М. М. Поташника. – М.: «Педагогическое общество России», 2000. – 448 с.
2. Каракулов К. Ж. Педагогика управления. – Шымкент, 2000 – 187 с.

22-тақырып. Педагогикалық ұжымды басқару нысаны ретінде.

1. Педагогикалық ұжымды басқару проблемалары мен шешу жолдары.
2. Басқарудың негізгі мақсаты және міндеттері.
3. Білім беру мекемелерін басқару функциялары (мақсаттылығы және жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру және реттеу, мекеменің жұмысын есепке алу, жұмысты бақылау және талдау жасау).

Әдебиеттер:

1. Пикельная В. С. Теоретические основы управления. – М: Высшая школа, 1990. – 175 с.
2. Илеуова А. К. Мониторинг развития системы управления региональным образованием. – Алматы: Кітап, 2002. – 88 с.

МӘНЖАЗБА ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Педагогикалық үдерістің қозғаушы күші және оның мәні.
2. Жеке тұлғаның қалыптасуы, дамуы және қарым-қатынасындағы іс-әрекеттің ролі.
3. Дарынды балалар және қабілеттілік, олардың диагностикасы.
4. Жеке тұлғаның әлеуметтік мәселелері және акселерация.
5. Оқушының тұлғалық дамуының жас кезеңдері.
6. Қазіргі мектептегі оқытуды дифференциялау.
7. Тәрбиенің қоғамдық мәселелері.
8. Жеке тұлғаның әлеуметтенуіндегі тәрбиенің ролі.
9. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты тәрбие әдістерін қолданудың педагогикалық шарттары.
10. Қазақ этнопедагогикасындағы тәрбие қағидалары.
11. Жеке тұлғаның тәрбиесіне кері әсер ететін факторлар.
12. Әл-Фарабидің педагогикалық мұраларындағы тәрбиелік қағидалар.
13. Қожа Ахмет Йасауидің тәлім-тәрбиелік өнегелері.
14. Ұл балалар тәрбиесінің этнопедагогикалық негіздері.
15. Қыз балалар тәрбиесінің этнопедагогикалық негіздері.
16. Отбасы тәрбиесінің құқықтық аспектілері.
17. Толық емес отбасындағы бала тәрбиесінің қиыншылықтары.
18. Отбасы шежіресі мен оның бала тәрбиесіндегі орны.
19. Халық педагогикасының әдіс-тәсілдері, оларды отбасы тәрбиесінде қолдану.
20. Ата-ана мен баланың қарым-қатынасы.
21. Отбасындағы баланың эстетикалық тәрбиесі.
22. Мектеп пен отбасының ынтымақтастық әрекеттестігінің формалары.
23. Ата-аналар жиналысын өткізудің әдістері.
24. Сыныптағы театр үйірмесінің баланың жан-жақты дамуындағы ролі.
25. Профессор М. Ғ. Арынның «Бес анық» еңбегі негізінде «Тәрбие деген тәңір бар» атты ғылыми жоба әзірлеу.
26. Оқушыларға имандылық тәрбие беру.
27. Сынып жетекшісінің имиджі.
28. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру.
29. Жеке тұлғаның тәрбиесіндегі қоғамдық тәртіп пен тәрбиенің ролі.
30. Оқушының имиджі.
31. Бала тәрбиесіндегі экскурсияның ролі.

32. Бала тәрбиесіндегі жазалаудың мәні.
33. «Сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғаны тәрбиелеудің проблемалары.
34. Ы. Алтынсариннің бала тәрбиесіндегі таным-түсініктердің халықтық принциптері.
35. Педагогикалық консилиумді өткізу әдістемесі.
36. Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттырудың негіздері.
37. Отбасының педагогикалық процесінің құрылымы.
38. В. А. Сухомлинскийдің «Коллективтің құдіретті күші» еңбегіндегі қоғамдық тәрбиенің ролі.
39. Басқарудың мәдениеті мен этикасы.
40. Карьераның типтері мен түрлері.
41. Менеджмент, оның кәсіби білім беру жүйесіндегі ролі.
42. Педагогикалық менеджменттің тарихы.
43. Білім беру мекемелерін басқарудың әлеуметтік-психологиялық әдістері.
44. Педагогикалық ұжымдағы конфликтілерді реттеу жолдары.
45. Білім беру мекемелерінің имиджі.
46. «Отбасының педагогикалық процесінің компоненттері және олардың арақатынасы» сызбасы.
47. А. С. Макаренконың «Ата-аналарға арналған кітабы» туралы эссе.

ЕМТИХАН ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Педагогика тәрбие туралы ғылым.
2. Педагогикалық ғылымдар және оның мазмұны.
3. Педагогика адам туралы ғылымдар жүйесінде.
4. Жеке тұлға туралы түсінік.
5. Бастауыш сынып жасындағы баланың психологиялық ерекшелігі және оның дамуы.
6. Жасөспірімдік кезең және оның психологиялық, педагогикалық сипаттамасы.
7. Жеке тұлғаның өзіндік ерекшеліктері және оның педагогикалық үдерісте-гі ескерілуі.
8. Педагог мәдениеті.
9. Педагогикалық үдерістің белгілері, сапалары және өзіндік сипаттары.
10. Жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптасуының жолдары мен тәсілдері.
11. Дүниетаным мәні және оның құрамдас бөліктері.
12. Тәрбие үдерісіндегі оқушыларға ықпал етудің әдістері.
13. Тәрбие үдерісінің мәні. Тәрбиенің заңдылықтары дегеніміз не?
14. Тәрбие жұмысының бағыттары.
15. Сынып жетекшісінің функционалдық қызметі.
16. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстағы сынып жетекшісінің негізгі міндеттері.
17. Дарынды балалармен жұмыс жүргізудің әдістемесі.
18. Балалар ұжымы мен жұмыс жүргізудегі педагогтың кәсіби шеберлігі.
19. Сынып сағатын өткізуде қолданылатын әдістер мен құралдар.
20. Тәрбие әдістері, оның мәні мен қызметі.
21. Сынып сағатының қызметтері.
22. Тәрбие әдістерінің түрлері.
23. Ата-аналармен атқаратын жұмыстарында сынып жетекшісінің қызметі.
24. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру.
25. Сыныптан тыс тәрбие жұмысының мақсат және міндеттері.
26. Балалар мен жастар бірлестіктерінің маңызы.
27. Сынып жетекшісінің жеке оқушымен жұмысы.
28. Оқушылар ұжымын тәрбиелеу жолындағы атқарылатын педагогикалық функциялар.
29. Балалар ұжымында саналы тәртіпті қалыптастырудағы мұғалімнің ролі.
30. Балалар ұжымының даму кезеңдері.
31. Педагогикалық жағдаяттарды талдау алгоритмі.

32. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуында жетекші роль атқаратын факторды атаңыз.
33. Қазіргі тәрбие жүйесінің басшылыққа алатын тәрбиенің принциптері.
34. Сыныптағы оқушы тұлғасын қалыптастырудың ерекшеліктері.
35. «Адамның еңбекке қатынасы» дегенді қалай түсінесіз?
36. Қазіргі мектептегі тәрбиенің мақсаты.
37. Ақыл-ой тәрбиесінің негізгі құралдары.
38. Тәрбие үдерісінің мазмұны.
39. Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу жұмысының мазмұнына қандай моральдық қатынастарды қалыптастыруға болады?
40. Ата-аналар қарым-қатынасының бала тәрбиесіндегі ең көп тараған стильдері қандай?
 41. Отбасы тәрбиесінің жалпы әдістері.
 42. Акселерация құбылысы.
 43. Жеке тұлғаның объективті қоғамдық қатынастарға бейімделуі.
 44. Әлеуметтендіру ұғымына сипаттама.
 45. Еңбек тәрбиесі.
 46. Эстетикалық тәрбие алдына қойылатын міндеттер.
 47. Жеке тұлғаның дамуына ортаның әсері.
 48. Іс-әрекетке, мәдениеттілікке қалыптастыру әдістері.
 49. Жеке тұлғаның даму үдерісі.
 50. Тәрбиенің қоғамдық бағыты.
 51. Жастарға патриоттық тәрбие берудің міндеттері.
 52. Тәрбие процесінде тәрбиеші тұлғасының маңызы.
 53. Қоғамдағы тәрбиенің алатын орны.
 54. Сынып жетекшісі іс-әрекетінің жүйесі.
 55. Қазіргі оқу-тәрбие үрдісіндегі тәрбие технологиялары
 56. Сынып жетекшісінің қиын балалармен жұмыс жүйесі.
 57. «Қиын балалар» деген ұғымды қалай түсінесіз?
 58. Тұлғаны «қайта тәрбиелеу».
 59. Мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандыру әдістері.
 60. Жеке тұлғаның қалыптасуындағы проблемалар.
 61. Қазіргі мектептегі тәрбиелеу жүйесіне сипаттама.
 62. Тәрбие сағатын ұйымдастырудың әдістемесі.
 63. Жеке адамның санасын қалыптастыру немесе сендіру әдісі дегеніміз не?
 64. Тәрбие жүйесін диагностикалаудың мәні.
 65. Ұжымдық-шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесіне сипаттама.
 66. Педагогикалық консилиум.

67. Балалар ұжымынның даму кезеңдеріне сипаттама.
68. Тәрбие үдерісіндегі ортаның әсері.
69. Иmandылық тәрбиенің әдістері.
70. Тәрбиенің тәсілдеріне педагогикалық сипаттама.
71. «Бала құқығы туралы конвенция» халықаралық құжатының мәні.
72. Жеке тұлғаның қоғамдық ортаға бейімделуінің әлеуметтік проблемалары.
73. Жеке тұлғаның дүниетанымы туралы түсінік.
74. Әл-Фарабидің педагогикалық идеяларына сипаттама.
75. Мұғалімнің басқару стилінің оқушы ұжымына ықпалын түсіндіріңіз.
76. Оқушылардың жас және дербес ерекшелігіне сипаттама.
77. Тұлғаны әлеуметтендіру институтына түсінік беріңіз.
78. Индивид дегеніміз не?
79. Жеке тұлғаға әсер ететін «Микро ортаға» сипаттама беріңіз.
80. Тәрбие – жеке тұлғаны қалыптастырудың ең маңызды факторы.
81. Жоғары сынып оқушыларына психологиялық сипаттама беру.
82. Жеке тұлғаның өзіндік ерекшеліктері және оның педагогикалық үдерістегі ескерілуі.
83. Тәрбиенің мақсаты, міндеті және мазмұнының өзара байланысы.
84. Педагог мәдениетіне сипаттама.
85. «Дидактогения» ұғымы туралы сипаттама.
86. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негізі.
87. Отбасы – тәрбие факторы.
88. Тәрбиенің этнопсихологиялық негіздері.
89. Сынып жетекшісінің басқару стилі.
90. Сынып жетекшісі мен балалар ұжымының байланысы.
91. Тәрбие құралдарына сипаттама.
92. Педагогикалық эмпатия.
93. Оқытудың мәні, мақсаты, міндеті.
94. Оқытудың әдіснамалық негіздері.
95. Оқытудың психологиялық негіздері.
96. Дидактика – оқытудың және білім берудің теориясы.
97. Білім берудің мазмұнына түсінік беру.
98. Оқытуды ұйымдастырудың түрлері туралы түсінік.
99. Оқыту әдістері туралы түсінік және оны жіктеу.
100. Оқушылардың білім, білік және дағдыларын тексерудің негізгі әдістері.
101. «Педагогикалық менеджмент» ұғымы, оның сипаттамасы.
102. Жаңа педагогикалық технологиялар.
103. Білім беру жүйесі және сапа мониторингі.

ТЕСТ ЖАУАПТАРЫНЫҢ КІЛТІ

1-тарау бойынша

1. E; 2. B; 3. D; 4. E; 5. B; 6. A; 7. E; 8. D; 9. B; 10. B; 11. B; 12. D; 13. A; 14. B; 15. C; 16. D; 17. A; 18. D; 19. A; 20. B; 21. C; 22. D; 23. E; 24. C; 25. C; 26. C; 27. B; 28. B; 29. A; 30. A; 31. B; 32. D; 33. A; 34. D; 35. C; 36. B; 37. A; 38. B; 39. A; 40. D; 41. C; 42. C; 43. B; 44. E; 45. B; 46. C; 47. B; 48. C; 49. B; 50. A.

2-тарау бойынша

1. E; 2. E; 3. E; 4. C; 5. A; 6. A; 7. C; 8. C; 9. C; 10. D; 11. C; 12. E; 13. A; 14. A; 15. B; 16. A; 17. C; 18. B; 19. E; 20. D; 21. C; 22. A; 23. A; 24. A; 25. E; 26. B; 27. D; 28. E; 29. C; 30. A; 31. E; 32. D; 33. A; 34. C.

3-тарау бойынша

1. D; 2. A; 3. A; 4. B; 5. B; 6. A; 7. A; 8. C; 9. A; 10. D; 11. A; 12. A; 13. A; 14. A; 15. E; 16. D; 17. A; 18. C; 19. D; 20. A; 21. B; 22. D; 23. B; 24. A; 25. C; 26. C; 27. C; 28. A; 29. B; 30. B; 31. E; 32. D; 33. A; 34. A; 35. D; 36. A; 37. E; 38. C; 39. B; 40. A; 41. E; 42. B; 43. A; 44. C; 45. D; 46. C; 47. E; 48. B; 49. E; 50. B; 51. A; 52. B; 53. A; 54. B; 55. C; 56. B; 57. B; 58. E; 59. B; 60. D; 61. E; 62. A; 63. B; 64. B; 65. A; 66. D; 67. A; 68. C; 69. D; 70. C; 71. B; 72. B; 73. A; 74. B; 75. D; 76. D; 77. C; 78. E; 79. A; 80. E; 81. A; 82. B; 83. E; 84. A; 85. B; 86. A; 87. B; 88. C; 89. D; 90. A; 91. C; 92. D; 93. A; 94. A; 95. B; 96. E; 97. A; 98. A; 99. A; 100. A; 101. B; 102. C; 103. A; 104. A; 105. A; 106. B; 107. E; 108. B; 109. C; 110. A; 111. B; 112. A; 113. B; 114. E; 115. A; 116. C; 117. E; 118. E; 119. E; 120. C.

4-тарау бойынша

1. A; 2. A; 3. E; 4. A; 5. D; 6. A; 7. E; 8. D; 9. A; 10. A; 11. D; 12. C; 13. A; 14. A; 15. B; 16. A; 17. D; 18. B; 19. C; 20. D; 21. B; 22. C; 23. A; 24. E; 25. A; 26. D.

ГЛОССАРИЙ

А

Автодидактика (грек. «*autos*» – өзім, «*didactos*» – оқытылған) – оқу іс-әрекетін тұлғаның өзі қолданатын, өздігінен білім алу процесінде және өнімді деп қабылдайтын, оның меңгерген оқу әдістері мен тәсілдерінің жиыны немесе жүйесі.

Ағартушылық – қоғамдық-саяси ағым. Оның өкілдері ізгілік, әділеттілік идеялары мен ғылыми таным-білім негіздерін тарату жолдары арқылы қоғам кемшіліктерін түзетуге, оның талғам-талаптарын, тұрмысын өзгертуге күш салды. Ағартушылар қатарында Вольтер, Руссо, Монтескье, Лессинг, Шиллер, Гете және т.б. болды. Олар өз уағыздарын қоғамның барлық топтары мен жіктеріне, әсіресе билік иелеріне бағыштады. Қоғамдағы кертартпа көріністердің бәрі адамдардың надандығынан, олардың өз табиғатын өзі түсінбеуінен деп білді. Ағартушылар қоғам дамуындағы сананың айқындаушы ролі туралы түсініктерге ден қойды. Ағартушылық идеясы XVIII ғасырда әлеуметтік көзқарастардың қалыптасуына ықпал етті. Шығыс елдерінде бұл ағым біршама өзіндік сипатта өркен жайды. Дәстүрлі қазақ қоғамында Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин және т.б. тұлғаларды айтуға болады.

Адамгершілік тәрбиесі – жеке тұлғаның, жасөспірімдердің, оқушылардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыруға және оларға өздерінің бір-біріне, отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген көзқарасын, пікірін анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін қалыптастыруға бағытталған тәрбие жүйесі.

Академия – 1) жоғары оқу орны; 2) ғылыми, оқу және көркемөнер сипатындағы әртүрлі мекемелер мен қоғамдардың аты; 3) Афинадағы Платон (б.з.д. IV ғ.) негіздеген аңыз батыры «Академия» атымен аталған философиялық мектеп; 4) жоғары кәсіптік білім мен жоғары оқу орнынан кейін кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мекеме. Өндірістік, ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметтің белгілі бір саласы үшін жоғары кәсіптік білімі бар мамандар даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын, ғылымның немесе мәдениеттің саласында ғылыми зерттеулерді орындайтын жоғары оқу орны.

Акселерация (лат. «*acceleratio*» – үдеу, жеделдету) – балалардың дене және психикалық дамуының жедел даму құбылысы. Ол XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басынан физиологтардың, педагогтардың және психологтардың зерттеу объектісіне айналды.

Аксиология (грек. «*axia*» – құндылық және «*logos*» – ғылым) – тұлғаның, ұжымның, қоғамның материалдық, мәдени, рухани, адамгершілік және психологиялық құндылықтары туралы философиялық ілім. Қазіргі кезде педагогикада негізінен оның көзқарастарының жүйесін анықтайтын әдіснамалық бағыт ретінде қалыптасты. Ол бойынша адамның өмірінің, тәрбиелеудің және оқытудың, педагогикалық әрекеттің және білім берудің құндылығы түсініледі және бекітіледі. Педагогикалық құндылықтар гуманистік бағыттың мәнімен ерекшеленеді.

Альма матер (лат. «*alma mater*» – емізуші, жақсы ана) – 1) рухани азықтандыратын ұйымдар ретіндегі білім беру мекемелерінің ресми емес атауы; 2) университеттің студенттік аты. Қазіргі кезде адамның оқып жүрген немесе бұрын оқыған оқу орнын білдіру үшін қолданылады.

Антикалық заманда «альма матер» деп «Құдай-ананы» атаған, ортағасырлық Батыс Европада «Мария ананы» атау үшін қолданылған.

Андрагогика (грек. «*andros*» – адам, «*agogoe*» – басшылық, тәрбие) – ересек адамдарды тәрбиелеу. Бұл педагогиканың ертедегі Грециядағы алғашқы атауы. Ол кезде Грецияда үлкендерді қолөнер шеберлігіне үйретуді негізге алған. Бұл ұғымды тұңғыш зерттеуші неміс ғалымы К. Капп (1833 жыл) енгізген. Андрагогика ұғымымен қоса, үлкендерді тәрбиелеу ісін қарастыратын әдебиеттерде «Үлкендер педагогикасы», «Үлкендер білімінің теориясы» деген терминдер қолданылады.

Ә

Әдеп – халқымыздың үлкеннің кіші алдындағы, кішінің үлкен алдындағы, әйелінің ері алдындағы немесе ерінің әйелі алдындағы әдеп сақтау үлгілерінің көрінісі. Мысалы, ата-ананы, үлкендерді сыйлау, сәлем беру, үлкен адамның жолын кеспеу, т.б. әдептілік нормаларды айтады. Әр адамның адамгершілік қасиеттерінің көрінісі және т.б. халықтық тәрбиенің өзін-өзі тану жолындағы үлгісі болып табылады.

Әдіс (грек. «*metohodos*» – танып-білудің немесе зерттеудің жолы, теория, ілім) – танып-білу жолы; іс-әрекеттің, істің тәсілі, шындықты меңгерудің практикалық және теориялық тәсілдері мен операциялардың жиынтығы.

Әлеуметтендіру (латын. «*sosialis*» – қоғамдық) – қоғам мәдениетін меңгеру барысында тұтас өмір кезеңіндегі адамның дамуы мен жетілуі, адамның қазіргі уақытта қоғамға, әлеуметтік ортаға, топқа тән құндылықтарды, нормаларды, мінез-құлық үлгілерін меңгеруі және оның әлеуметтік байланыстарын

және әлеуметтік тәжірибені қайталауы. Адамзат қоғамының пайда болуымен әлеуметтік тәжірибені берудің қажеттігі туындайды. Американдық ғалым Ф. Г. Гиддин (1887 жыл) еңбегінде қолданған.

Әлеуметтік педагогика (лат. «*socium*» – қоғам) – жеке тұлғаның тәрбиесі мен қалыптасуына әлеуметтік ортаның әсерін зерделейтін, әлеуметтік ортаның нақты шарттарын есепке ала отырып, жеке тұлғаға тәрбие беруді оңтайландыру бойынша іс-шаралар жүйесін әзірлейтін педагогиканың бір саласы. Әлеуметтік педагогика тәрбиелеудің әлеуметтану мәселелерін, әлеуметтік-педагогикалық тәрбие мәселелерін зерделейді. Бұл терминді неміс педагогы А. Дистервег ХІХ ғасырда енгізді.

Б

Батавия-жоспар – жеке-дара оқыту жүйесі. АҚШ-та 1898 жылы Батавия қаласында пайда болған оқытудың жүйесі. Оқушылар сыныбында 2 мұғалім жұмыс істейді: негізгі мұғалім сабақта фронтальды жұмысты жүргізеді, ал ассистент сабақтан кейін жеке сабақтарды өткізеді.

Биографиялық әдістер (БӘ) (грек. «*bios*» – өмір, «*grapho*» – жазамын) – тұлғаның өмір жолын анықтап, түзеп және жобалайтын зерттеу тәсілдері. БӘ ХХ ғ. І жартысынан бастап өңделе басталды (Н. А. Рыбников, Ш. Бюлер). БӘ көзі автобиографиялық әдістемелер (сауалнамалар, интервью, тестілер) және адамның іс-әрекет өнімдері (күнделіктер мен хаттардың контент-анализі, өмірлік өлшеу диаграммалары) болып табылады.

Білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі. Білім беру ұғымын ең алғаш рет педагогика ғылымына енгізген Иоганн Генрих Песталоцци.

В

Валеология (лат. «*valeo*» – денсаулық, сау болу) – денсаулық жайындағы ғылым, салауатты өмір салтының ғылыми негізі, сауықтырудың, өмір іс-әрекетінің заңдылықтарын, адамның сауығу әдістерін қарастырады.

Вальдорф педагогикасы (ВП) – адамның дамуын денелік, рухани және жандық факторлардың өзара әрекетінің тұтастығы деп қарастыратын антропософтық интерпретацияға негізделген тәрбиенің және оқытудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. ВП әдіснамалық және дидактикалық – әдістемелік не-

гіздерін Р. Штайнер жасады. ВП міндеттері: рухани еркін адамды тәрбиелеу, адамның табиғи нышандарын барынша дамытудан тұрады.

Визуалды (лат. «*visual*» – көрінетін) – көзбен немесе оптикалық құралдардың көмегімен жүргізетін байқау. Визуалды ойлау (ВО) – келелі мәселені, тапсырмаларды шығармашылық жолмен шешу тәсілі. ВО негізі ретінде көрнекі-әркеттік және көрнекі-бейнелі ойлау түрлері болады.

Г

Гимназия – жалпы орта білім беретін оқу орны. Оқушыларды бейімділігіне сәйкес тереңдетіп, сала бойынша, дифференциалды оқытуды көздейтін негізгі және қосалқы жалпы білім беретін бағдарламаларды жүзеге асырады. Бұл термин ертедегі Афиныда қолданылған. Ең алғаш 1538 жылы Страсбургте (Франция) ашылған орта мектепті осылай атаған.

Гиполексия – оқуға қабілеттіліктің төмендеуі.

Графология – жазуы арқылы адам мінезін анықтау.

Ғ

Ғұлама – үлкен оқымысты, асқан дана, ақыл-ой иесі, білгір ғалым. Өз заманында бар өмірін ғылым жолына арнаған, ғылым-білім жолын жалықпай зерттеген, өзі зерттеген саласы бойынша ғылыми жаңалықтар ашқан тұлғаны айтады.

Ғылыми жарияланым – бұл ғалымның ең басты жұмыстарының бірі. Ғылыми жарияланымдардың көптеген түрлері бар: тезистер, ғылыми мақалалар, монографиялар және тағы басқа.

Д

Дактилография (грек. «*daktylos*» – саусақ, «*grapho*» – жазамын) – жазуға ыңғайлы жазық немесе саусақпен жазу. Дактилография саңырау және соқыр-мылқаулармен қарым-қатынас жасаудың тиімді тәсілі болып табылады. Айтылатын сөз олардың алақанына немесе басқа жазық нәрсеге әріптермен жазылады. Егер әңгімелесушілердің ауызша немесе жазбаша сөйлесуге мүмкіндіктері болмаса (шулы жерде және т.б.), сауатты адамдар да дактилографияны пайдаланады.

Демонстрация (лат. «*demonstratio*» – көрсету) – 1) бір нәрсені көпшілік алдында жариялы түрде көрсету (мұғалімнің сабақ процесінде оқушыларға

приборларды көрстеуі, көрмедегі өнер туындыларының демонстрациясы және т.б.); 2) ЖОО химия, биология, физика, медицина, техника, т.б. құралдарын студенттерге жұмыс жасатып көрсету.

Дидактогения (грек. «*didaktikos*» – оқытушылық, «*genos*» – пайда болу) – 1) тәрбиелеушілердің педагогикалық әдепті сақтамау нәтижесінде оқушыларда пайда болатын жағымсыз психикалық күй (қорқыныш, фрустрация және т.б.), ол өз кезегінде тәрбиеленушілердің іс-әрекетіне және өзара қатынасына жағымсыз әсері; 2) мұғалім тарапынан педагогикалық әдептің бұзылуы салдарынан оқушының жағымсыз психологиялық жай-күйі. Негізін салған – Т. Г. Маркирян.

Дискалькулия (лат. «*dis*» + бөлім, «*calculia*» – есептеу) – оқуға қабілетсіздік, орташа немесе орташадан жоғары баланың әдеттегі арифметиканы үйренуді қиынсынуын айтады.

Дискуссия (лат. «*discussio*» – зерттеу, қарау) – ғылымдағы әртүрлі көзқарастың, ой-пікірді ортаға салып, көпшіліктің талқылауына түсуі. Дискуссияның негізгі қағидасы бойынша теріс пікірлерді арнайы деректер келтіре отырып, әділ сынап, жеңу көзделеді. Дискуссияның түрлері: жиналыс, конференция, симпозиум, форум, семинар және т.б.

Е

Еңбек тәрбиесі – тәрбиеленушілердің жалпы еңбектік біліктері мен қабілеттерін, еңбекке психологиялық дайындығын дамытуға, еңбекке және оның өнімдеріне жауапкершілікті қатынасты қалыптастыруға, мамандықты таңдауға бағытталған тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің бірлескен іс-әрекеті.

Ертегі терапиясы – психотерапияның құрамдас бөлігі. Баланың ертегі сюжетіне әсерленуі, кейіпкердің қиыншылықтарына алаңдауы оның келешекте өз алдында пайда болатын кедергілерден қиналмай өтуіне іштей дайындығын қалыптастырады. Практикалық психологияның ертегілік терапия бағыты – баланың жақсылық пен жамандықты айыруына, мінез-құлықтық стереотиптерді тануына көмектесіп, адамдардың өмірде алдынан шығатын сан түрлі қиыншылықты ең соңында жеңе аларына деген сенімін нығайтады.

Ж

Жауынгерлік тәрбие – қазақ халқының көшпелі өміріне байланысты тұтас қазақ қолының жауынгерлік сипаттағы әзірлігін үзбей ұстауы, елін, жерін, тәуелсіздігін үнемі қорғауға дайын тұруды қамтамасыз ету.

Жәңгір хан мектебі – елімізде қазақ балаларына арнап ашылған алғыш мектептердің бірі. 1841 жылы 6 желтоқсанда ашылды. Бөкей ордасының ханы – Жәңгір хан өз қарамағына алып, қаржыландырып отырған. Екі сыныптық мектеп 1905 жылы төрт сыныптық (қазіргі жүйе бойынша орта білім беретін) мектепке айналып, жанынан мұғалімдер даярлайтын педагогикалық курс ашылады. Жәңгір хан мектебінде шекті аспаптар оркестрі, хор және бай кітапханасы болған.

З

Зерттеу-сабақ – оқытуды жетілдірудегі ерекше тәсіл, ол бірнеше кезеңнен тұрады: проблеманы белгілеу, шарттарын және оны шешу жолдарын талқылау, экспериментті жоспарлау және өткізу, алынған нәтижені талдау және қорыту, қорытынды жасау және ақпарат алмасу.

Зиялылық (лат. «*intelligentis*») – білетін, түсінетін, парасатты) – адамның мәдениетке, парасатқа түсінуге ден қоюшылығынан, мәдениеттің құндылығы мен қажеттілігін түйсінуден көрінетін қасиеті. Зиялылық мәдениет құбылыстарын қайсыбір жалпылама ақиқаттарды, заңдарды, нормаларды ұғындыруға саймайтын, өздігінен бағалы аяқталған авторлық туындылар деп білумен, осы бір ерекше, ештеңе мен өзгертілмейтін авторлық туындыны түсінуден және терең сезінуден байланысты. Ғылыми-зерттеулерде зиялылық негізінен тектілік қағидалары негізінде тұқымқуалаушылық жолмен берілетінін анықтап отыр. Сонымен қатар, зиялылық демократиялық қоғамда жастарға тәлім-тәрбие беруде идеал болып табылады.

И

Индивид (лат. «*individuum*») – бөлінбейтін) – 1) Адам бірліктегі табиғи жан ретінде, (*homo sapiens*) түрінің өкілі, филогенетикалық және онтогенетикалық дамудың өнімі, туа біткеннің және ие болғанның бірлігі, оны басқа адамдардан өзгешелендіретін жекелік ерекше белгілердің алып жүрушісі; 2) Адамзат қауымының жеке өкілі.

Интернат (лат. «*internus*») – ішкі) – 1) оқу орнының жанындағы шәкірттер жатақханасы; 2) жабық оқу орны. Интернатта тәрбиешілер мектеп басшылары бекітіп берген жоспар бойынша оқу-тәрбие жұмысын жүргізеді.

К

Каникул (поляк. «*kanikula*», лат. «*canicales*») – жылдың мейлінше ыстық күндері) – 1) оқу жылы бойында оқу орындарында өтетін сабақтар арасындағы үзілістер. Мектептерде тоқсан сайын, жоғары және орта оқу орындарында семестрлер арасында, сондай-ақ оқу жылы аяқталған соң, білім алушыларға берілетін демалыс; 2) парламент жұмысы арасындағы үзілістер. Каникулды депутаттар тынығу үшін (мысалы, жазғы каникул), сондай-ақ сайлаушылармен кездесу мақсатында пайдаланады.

Коллоквиум (лат. «*colloquium*») – әңгімелесу) – 1) жоғары оқу орнындағы оқытудың формасы, онда оқытушы баға қоймай, сөйлесу арқылы студенттің білім деңгейін анықтайды; 2) ғалымдардың жиналысы, онда белгілі бір тақырып бойынша баяндамалар тыңдалынып, бағаланады, талданады.

Контент (ағыл. «*contents*») – мазмұн) – зерттеу әдісі. Оның мәні бойынша мәтіндерде және басқа да ақпарат көздерінде (бейнежазбалар, теле және радиохабарлар, сауалнама, ашық сұрақтарға жауап, балалар жұмысы, мектеп құжаттары және т.б.) ерекшелік сипаттамаларды анықтауда және бағалауда болады, онда зерттеу мақсатына сәйкесті мазмұнның белгілі бір мәнді бірліктері және ақпарат формалары бөлінеді.

Куратор (лат. «*curator*») – қамқор, тәрбиеші) – 1) Берілген жұмысты бақылайтын адам; 2) Орта арнаулы, ЖОО студенттер тобына жетекшілік ететін педагог; 3) Ауруханада жатқан аурудың денсаулығын қадағалайтын медик студент.

Қ

Қазақ патриотизмі – рухы биік жеке тұлғаны қалыптастырудағы ата-бабаларымыздың қаһармандық, батырлық, ерлік, отансүйгіштік тәлім-тәрбие беру идеалдарының жиынтығы.

Қыздар училищелері – қыз балаларға кәсіптік білім беруге арналған оқу орындары. Қазақ қыздарына арналған Ырғыз қыздар училищесі 1887 жылы алғаш рет құрылды. Қазақ қыздарына білім беруді мақсат еткен Ы.Алтынсарин патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищелерін ашуды сұрады. Кейін осы үлгідегі оқу орындары Торғайда (1891), Қостанайда (1893), Қарабұтақта (1890), Ақтөбеде (1896) ашылды. Бес қазақ-орыс қыздар училищелерінде оқушылардың жалпы саны 1896 жылы 211-ге жетті, олардың 141-і орыс, 70-і қазақ болды. Өлкедегі білім беру жүйесінің дамуымен қыздар училищелері іргелі қолөнер оқу орнына айналды. Онда қазақ қыздары қолөнер үлгілерін меңгеріп, кәсіптік білімдерін жетілдірді.

Л

Лицей – 1) Б.з.д. 335 жылы Аристотель негізін қалаған Афинадағы философиялық мектеп. Аполлон Ликейдің ғимаратының жанында орналасуына байланысты *ликей* деп аталған. Кейіннен Батыс Еуропаның бірқатар елдерінде, Латын Америкасы, Африкадағы жалпы білім беретін орта мектептер лицей деп аталды; 2) Ресейде дворяндардың балаларына арналған, мемлекеттік чиновниктер даярлайтын орта мектептер; 3) Қазіргі кезде оқушылардың жоғары буынымен негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын және кәсіби бағытта (жаратылыстану-математикалық немесе техникалық) оқытуды жүргізетін жалпы орта білім беру ұйымы.

Логопедия (грек. «*logos*» – сөз, ілім, «*paideia*» – тәрбиелеу, оқыту) – педагогиканың тіл кемшілігін, оны жою мен алдын алудың әдістері мен қағидаларын зерттейтін саласы.

М

Мектеп (араб. «*مكتبة*» – жазатын орын) – 1) мұсылмандардың алғашқы оқу орны; 2) жас ұрпаққа, тәрбие мен білім беретін мекеме. Білім беру жүйесінің негізгі буыны. Басты нысаны – сабақ оқыту. Оны мұғалім атқарады.

Менеджмент (ағыл. «*management*») – ұйымдастыру, басқару, меңгеру) – өндірісті, әлеуметтік, саяси және рухани процестерді басқарудың жалпы ұстанымдарының, нысандары мен әдістерінің жинақтамасы.

Мониторинг (лат. «*monitor*») – ескертуші, бақылаушы) – қоғамда немесе оның қандайда бір топтарында болып жатқан өзгерістерді жүйелі түрде өлшеу жүйесін құрайды. Мысалы, адамның шаруашылық әрекетіне байланысты қоршаған ортаның жай-күйін қадағалау, бағамдау және болжамдау, т.б. болуы мүмкін.

Н

Нақыл – өнеге-өсиет, тақпақ, жыр негізінде айтылатын халықтық тәжірибеден алынған тәрбиелік сөз. Ғұлама адамдардың нақыл сөздері жастардың жадында сақталып, зор тәрбиелік роль атқарған.

Намыс – арлы адамның өзіне, айналасына, ұлтына кір келтірмеу үшін күресте бойына қайрат беретін сезім. Қазақ халқында намысқа ерекше мән беріп, бала тәрбиесінде намысты, қайратты болуға үйреткен.

О

Оқыту құралдары – мұғалімге оқытуда көмектесетін аспаптар мен материалдар, яғни оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға көмектесетіндердің бәрі. Оқыту құралдарына мұғалімнің сөзі, оқулықтар, оқу құралдары, кітаптар, анықтамалық әдебиет, оқу жабдығы мен көрнекі құралдар, оқу киносы, радио, дыбыс таспасы, теледидар, т.б. техникалық құралдар, бағдарламалық оқытудың арнаулы құралдары – бағдарламалық оқулықтар, оқу құралы, компьютер жатады.

Орда қыздар училищесі – 1883 жылы қыз балаларға арнаулы-орта білім беру мақсатында Орда қаласында ашылған оқу орны. Арнайы бөлінген 2150 сом қаржыға мектеп үйі сатып алынған, сондай-ақ оқу орнының қажетіне жарату үшін жыл сайын қазынадан 2555 сом ақша жұмсалған. Мектеп жанынан 20 орындық жатақхана-интернат ашылған. Мектепке алғашқы жылы 22 шәкірт қабылданған, оның 7-і қазақ, 15-і орыс қыздары.

1890 ж. 12 шілдеде мектеп үйі өртеніп кеткен.

1891 ж. 2854 сом 48 тиынға жаңа мектеп үйі салынады.

1894-95 оқу жылында мұнда 14 қазақ қызы оқыған.

1911 ж. 1 қыркүйекте Ордада екінші бастауыш қыздар мектебі ашылды. Оның жанында 10 орындық интернат болды. Алғашқы жылы оған 3 қазақ, 1 татар, 16 орыс қызы оқуға келді. Осы оқу орнында қоғам қайраткері Алма Оразбаева мен инженер-металлург Мәдина Бегалиева және т.б. танымал тұлғалар білім алған.

Ө

Өнеге – ұлағатты адамдардың жастарға көрсеткен үлгісі, айтқан насихаты.

Өсиет – кейінгі ұрпаққа айтылған ақыл-кеңес, ғибрат, өнеге, ата-ананың ұрпағына айтқан тәрбиелік сөздері мен өмір тәжірибесінен алынған тағылымдық мұралары. Қазақ этнопедагогикасында халықтың ойшыл тұлғалары мен ағартушыларының тәрбиелік өсиеттері ауызекі, кейде тасқа ойып жазған ескерткіштері де бар. Мысалы, Орхон-Енисей жазуын айтуға болады.

П

Педагогикалық консилиум – эксперттік бағалаудың түрі, ол белгілі бір бағдарлама және бірыңғайдағы белгілермен оқушылардың тәрбиесі мен жетістігі

дәрежесін ұжымдық талқылау негізінде қабылданады. Баланың қалыптасуындағы кемшіліктерді анықтап, оны жоюдың құралдары туралы ұжымдық пікірді белгілеуге болады.

Портфолио – АҚШ-та кең тараған білімді бағалаудың жүйесі. Мәні – оқушының оқу-танымдық әрекетінің үлгілерінің және өнімдерінің сыртқы көздерден (мұғалімдерден, сыныптастарынан, ата-аналардан, ұжымнан және т.б.) алынған сәйкес келетін ақпараттардың материалдарын жинау, әдістемелік талдау ұйымдастырылады. Әрбір оқушының білім деңгейін жан-жақты сандық және сапалық жағынан бағалайды, оқыту процесі одан әрі түзетіледі. Мақсаты – оқушының неге қабілетті екенін барынша көрсету.

Профессор (лат. «*professor*» – оқытушы) – жоғары оқу орнының оқытушысына немесе ғылыми-зерттеу мекемесінің қызметкеріне берілетін ғылыми атақ.

Р

Рақым – біреуге жақсылық, жанашырлық жасаудың белгісі. Халық педагогикасында баланың рақым жасауға, ізгілікті болуын уағыздайды.

Ректор (лат. «*rector*» – басшы, жетекші, «*rega*» – басқарамын) – көптеген елдерде жоғары оқу орнының басшысы. Қайта өркендеу дәуірінде көп класты мектептердің меңгерушілерін «*ректор*» деп аталған. Ректорды ғылыми атағы бар және ғылыми-педагогикалық тәжірибесі жеткілікті мамандардан жоғары оқу орны қарайтын министрлік немесе басқа өкілетті орган бекітеді.

С

Сыни тұрғыдан ойлау (ағыл. «*critical thinking*» – сыни жаттығу) – мәселеге қорытынды жасай отырып заттар мен оқиғаларды талдауда қолданылатын және негізделген баға мен түсініктеме беруге, алынған нәтижелерді оқиғалар мен проблемаларға дұрыс қолдануға мүмкіндік беретін пайымдау жүйесі. Жалпы, сыни тұрғыдан ойлау деп сынға дейінгі ойлауға қарағанда жоғары деңгейдегі ойлау түсініледі. Белгілі бір қоғамда ойлаудың сыни деңгейіне өту – осы қоғамның өркениетті дамуының басталу алғышарты деген пікір бар. Тар мағынада сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлау» деп сипатталады. Психолог Дайана Халперн сыни тұрғыдан ойлауды күтілетін түпкі нәтижеге қол жеткізудің мүмкіндігін ұлғайтатын когнитивтік техникалар мен стратегияларды қолдану деп қарастырады.

Сынып жетекшісі – КСРО мектептерінде 1934 жылы енгізілді. 1) педагогикалық қызметкер, оның лауазымды міндеті: бала тұлғасының дара дамуы және қалыптасуына қажет қолайлы жағдай жасауға ықпал ету; 2) мектептегі баланың білімі мен тәрбиесіне жауапты және әр бала үшін қолайлы орта және моральдық-психологиялық климат туғызатын мұғалім.

Негізгі функционалдық міндеті: балалардың өз арасында, мұғалімдермен, ата-аналар мен қарым-қатынасы кезінде туындаған проблемаларды шешуде көмек көрсетеді.

Т

Тезаурус (грек. «*thesaurós*» – қазына, қор) – 1) тілдің толық мағыналық ақпарат берілген лингвистикалық сөздігі, мағыналық ақпараты толық түсіндірілген, яғни әрбір «бірлігі» анықталған, тілдік зерттеу (негізгі ұғымдар мен түсініктер) сөздігі; 2) адам немесе машина еркін бағдар алуы үшін, білімнің қайсыбір саласы бойынша, толық жүйеленген деректер жиыны; 3) мемлекеттік білім стандартында берілген оқу пәнінің сөздігі.

Тыйым – жаман, жағымсыз істен аулақ болуды талап ету. Тыйымдар тәрбие берудің негізі болып табылады. Діни наным-сенімдерге байланысты қазақ халқында тыйым сөздер де кездеседі. Сол арқылы балалардың жаман әдеттерден аулақ болуына қолданылатын тәрбие құралы.

Тьютор – 1) Студенттің жеке ғылыми жетекшісі; 2) Үйдегі мұғалім, репетитор; 3) Оқу орнындағы куратор, тәрбиеші.

У

Университет (лат. «*universitas*» – жиынтық, жалпылық) – мамандықтың үш және одан да асатын тобы бойынша (медициналық университет – екі және одан да көп) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын, ғылыми және педагогтік қызметті, кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыратын және өз қызметі саласында жетекші ғылыми және әдістемелік орталық болып табылатын оқу орны.

Ұ

Ұлтжандылық – өз ұлтының, тілін, дінін, дәстүрін сүюдің белгісі. Ұлтжандылық өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, дәстүрін қадірлейтін, ұлттық намысты қорғай білетін адамның қасиеті.

Ұлттық тәрбие – тұлғаның бойында ұлттық қасиеттерін, ұлт мүшелерін қалыптастырудағы мәдениет, тілді білуімен қатар, ол қазіргі білімді де меңгеруге тәрбиелеу жүйесі.

Ү

Үлгерім – оқушылардың оқу бағдарламасымен белгіленген білім, білік, дағдыны, олардың тереңдігі, саналылығы, толықтығы мен беріктігі тұрғысынан меңгеру дәрежесі.

Үлгі-өнеге – жеке адамның басқаға үлгі көрсетіп, өнегесін үйретуі. Жеке тұлғаның білімділігі, еңбекқорлығы, имандылығы, үлгілі мінез-құлқы жастарға үлгі-өнеге болады.

Ф

Факультативтер – оқушылардың ғылыми-теориялық білімдерін және тәжірибелік дағдыларын кеңейтуге, олардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және мамандыққа бағыттауға арналған оқытудың бір түрі.

Факультативтер негізгі пәндердің бағдарламаларымен келісілген арнайы бағдарламалар бойынша жүргізіледі. Оқу жоспарындағы оқу сағаттарына сәйкес оқушылардың таңдауымен және ықыласы бойынша ұйымдастырылады.

Х

Халықтық педагогикасы – 1) Бұл практика жүзінде тексерілген және жинақталған эмпирикалық білімдердің, мәлімдердің, іскерлік пен дағдының жиынтығы. Ол халықтың тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің өнімі ретінде, көбіне ауызша түрде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады; 2) Халық арасындағы тәрбиенің мақсаты мен міндетін, тәрбие мен оқытудың құралдары, іскерлік дағдыларының жиынтығынан керінетін эмпирикалық педагогикалық білімдер мен халық бұқарасы тәжірибесінің алаңы негізінде қалыптасқан тәлімдік-тәжірибелер.

Хронометраж – мұғалімнің еңбек уақыты және оқушылардың оқу іс-әрекетінің қайталанатын операцияларын орындауға, олардың ұзақтығын өлшейтін және орындайтын шарттарды талдаудан тұратын оқу уақыты шығынын зерттейтін әдіс.

Ц

Циклограмма – мектептегі шараларды өткізудің апталық графигі. Циклограмманы пайдалану іс-әрекеттің нақты ырғағын анықтауға көмектесіп, бақылауды орындауды жеңілдетеді.

Ш

Шағын жинақталған мектеп – сынып жинақтамалары аралас және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар, оқушылар саны шағын жалпы білім беретін мектеп.

Ы

Ынта – тұлғаның қызмет мақсатын сезінуін қамтамасыз ететін, соның негізінде бағыттылыққа, жаңа деректермен танысуға, болмысты толық және терең бейнелеуге мүмкіндік беретін танымдық қажеттіліктің көрініс табуының формасы. Ынтаны қанағаттандыру оның бәсеңсіп, төмендеуіне алып келмейді, танымдық қызметтің жоғары деңгейіне сәйкес жаңаларын қалыптастырады. Нысанның тартымдылығынан пайда болатын тікелей және іс-әрекеттің мақсаттарына қол жеткізу құралы ретінде жанама түрлерін айырып қарастырады.

Ынтаның тұрақтылығы оның ұзақ сақталуы мен қарқындылығында. Педагогикада тәрбиеленушінің ынтасы оқыту және тәрбие барысында әрқашан өзекті мәселе болып қала береді. Оқу-тәрбие процесінде оқушылардың ынтасын ояту және сақтау оны ізгілендіруге және нәтижеге жетуге мүмкіндік туғызады.

Ырым – тұлғаның жақсылыққа құштарлықпен жасалған әрекеті. Ырымның тәрбиелік мәні зор болып табылатын арман тілектерінен тұрады. Мысалы, нәрестенің кіндігін жаны жақсы адамға кестіру, баланың тұсауын жүйрік, жолы болғыш адамға кестіру, т.б.

І

Ізгілік тәрбиесі – жеке тұлғаның моральдық қасиеттерінің, көзқарастары мен сенімдерінің қалыптасу үрдісі. Ізгілікті деп жалпы адамзаттық моральдың ережелері мен талаптарын, нормаларын өз көзқарасы мен сенімі ретінде, мінез-құлқының үйреншікті формасы ретінде көрінетін тұлғаны айтуға болады.

Іскерлік – адамның меңгерген білімі мен дағдыларының жиынтығымен қамтамасыз етілетін әрекетті орындау тәсілдерін меңгеруі. Тұлғаның білімі мен өмірлік тәжірибесі негізінде, теориялық және тәжірибелік әрекеттерді жылдам, дәл, саналы орындауға дайындығы.

Э

Элитарлық білім (франц. «*elite*» – таңдаулы) – ерекше дарынды тұлғалар үшін мамандандырылған білім беру ұйымдарында іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша алынатын білім.

Ю

Юнга (нем. «*unge*» – жас, жеткіншек, жасөспірім) – 1) теңізші болуға дайындалып жүрген жасөспірім; 2) «кіші теңізші», «кемедегі жас практикант». Негізінен Англия, Германия, Нидерланды және т.б. теңізге жақын орналасқан елдерде жеткіншектерді теңізде жүруге үйретуге бағытталған.

Юнисеф – БҰҰ-ның балалар қоры. Соғыста қиратылған Еуропа елдерінде балаларға көмек ұйымдастыру үшін 1946 жылы құрылған (1953 жылдан бастап қазіргі атауы). Қоғамдық пікірге ықпал ету және түрлі елдердің өкіметін балаларға көмек көрсету үшін бағдарламаларды әзірлеуге мәжбүр етеді. 1965 жылы балалық шақ пен бейбітшілікті қорғау ісіне қосқан үлесі үшін Нобель сыйлығы тағайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аванесов А. А. Теоретические основы разработок знаний в тестовой форме. – М.: Педагогика, 2011. – 247 с.
2. Асанов Ж. Болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығының теориясы мен практикасы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 212 б.
3. Ақылдың кені. (Ұлағатты сөздер) / Құрастырған Қ. Б. Жарықбаев. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 216 б.
4. Асанов Ж. І. Қазақстан педагогика ғылымы. – Қызылорда: Тұмар, 2010. – 312 б.
5. Аубакирова Р., Нұрбекова М. Педагогикалық зерттеулер әдістемесі. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2011. – 128 б.
6. Ахметова З. «Кәусар бұлақ» бағдарламасы. – Алматы: «Кәусар бұлақ», 1994. – 32 б.
7. Әбиев Ж. Педагогика тарихы: Оқу құралы. – Алматы, Дарын, 2006. – 480 б.
8. Әбенбаев С. Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2004. – 152 б.
9. Әбенбаев С., Әбиев Ж. Педагогика. – Астана: Фолиант, 2009. – 336 б.
10. Бабаев С.Б. Педагогика: жалпы негіздері және тәрбие теориясы: Оқу құралы. – Алматы: Нұр-пресс, 2008. – 124 б.
11. Бабаев С. Б., Оңалбек Ж. К. Жалпы педагогика: Оқулық. – Алматы: Нұр-пресс, 2005. – 228 б.
12. Байжанова З. Т. Жалпы педагогика: Оқу құралы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 168 б.
13. Баймолдаев Т. М. Педагогический менеджмент и современное управление школой. – Алматы: Ғылым, 2001 – 457 с.
14. Байсеркеев Л. А. Нравственные основы правового воспитания школьников: Учебное пособие. – Алматы: Санат, 1999. – 208 с.
15. Балтабаев М. Х. Педагогическая культурология. – Алматы: «РИК Каз. академии образования им. И. Алтынсарина», 2000. – 268 с.
16. Бахтиярова Г. Р. Халық тағылымы – тәрбие қайнары. – Алматы: Ғылым, 2002. – 177 б.
17. Бейсенбаева А. А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру: Оқу құралы. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1995. – 156 б.
18. Беркімбаева Ш. К., Қалиев С. Қ. Қазақ тәлімінің тарихы. Оқу құралы. – Алматы, 2005. – 187 б.
19. Бордовская Н. В., Реан А. А. Педагогика. – СПб: «Питер», 2001. – 304 с.
20. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. – 304 б.
21. Білім және ғылым: Энциклопедиялық сөздік. / Бас редактор Ж. Қ. Түймебаев. Ред. алкасы: А. Е. Әбілқасымова, И. Б. Бекбоев, Н. Б. Қалабаев, Е. Ә. Оңғарбаев, С. Ж. Пірәлиев, М. В. Рыжаков. – Алматы, 2009. – 400 б.
22. Вазина К. Я., Петров Ю. Н., Белиловский В. Д. Педагогический менеджмент. – М.: Педагогика, 1991. – 268 с.

23. Васильев Ю. В. Педагогическое управление в школе: методология, теория, практика. – М.: Педагогика, 1990. – 254 с.
24. Гриценко Л. И. Теория и методика воспитания: Учеб. пособие для студ. выс. учеб. заведений. – М.: Академия, 2005. – 240 с.
25. Губашева С., Отарбай А. Тәрбие жұмысының әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2011. – 244 б.
26. Давыдов В. В. Виды обобщения в обучении. – М.: Педагогика, 1972. – 423 с.
27. Дүйсенбаев А. Қ. Ерлік дәстүрлері арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық негіздері: Оқу құралы. – Ақтөбе, 2008. – 155 б.
28. Дүйсенбаев А. Қ., Елеусінова Г. Е. Педагогикалық менеджмент негіздері: Оқу құралы. – Ақтөбе, 2013. – 128 б.
29. Есқалиев М. Д., Шеденов Ө. К. Жастарға экономикалық тәрбие беру. – Алматы: Мектеп, 1989. – 176 б.
30. Жарықбаев Қ., Алдамұратов Ө. Әдептану негіздері: Оқу құралы V–VII сыныптарына арналған. – Алматы: Мұраттас, 1997. – 153 б.
31. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
32. Жумадуллаева А. Отбасы – некелік тәрбие негіздері. – Алматы, 2007. – 146 б.
33. Игенбаева Б. Қ. Адамгершілік сабақтары. – Алматы: Дәуір, 2001. – 174 б.
34. Калюжный А. А. Роль учителя в нравственном воспитании школьников. – Алматы: «РБК», 1994. – 121 с.
35. Керімов Л. Қиын бала және оны қайта тәрбиелеу. – Алматы: Республикалық кабинет, 1990. – 208 б.
36. Класс жетекшісінің анықтамалығы. / Құрастырған В. М. Коротов. – Алматы: Мектеп, 1982, – 298 б.
37. Кожаметова К. Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.
38. Коменский Я.А. Педагогика в Чехии. – М.: «Педагогика», 1970. – 342 с.
39. Купешова С. Т. Инновационный менеджмент: Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 212 с.
40. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. / Жалпы ред. басқарған А. Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» ЖШС, 2002. – 256 б.
41. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Он томдық. XV–XVIII ғғ. билер мен ақын-жыраулар тағлымы. / Құраст. Қалиев С., Аюбай К. – Алматы, 2007. – Т.4. – 464 б.
42. Қожаметова К. Ж. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. – Алматы: Әлем, 2000. – 128 б.
43. Қоңыратбаева Т. Ә. Ұстаздың менталдық әлемі. – Астана, 2004. – 123 б.
44. Қоңыратбаева С. Отбасы: бала мен ата-ана. – Алматы, 2006. – 198 б.
45. Қыдырбаева М. Мектептегі музыкалық тәрбие әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2010. – 136 б.

46. Қылышбаева Б. Н. Әлеуметтік жұмыстағы ұйымдастыру, әкімшілік және басқару: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 155 б.
47. Құрманалина Ш., Галымова Ә. Педагогика. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: «Фолиант», 2012. – 278 б.
48. Леднев В.С. Содержание общего среднего образования. Проблемы структуры. – М.: Педагогика, 1990. – 264 с.
49. Мудрик А. В. Социальная педагогика: Учеб. пособие для студ. выс. учеб. заведений. – М.: Академия, 2013. – 240 с.
50. Мұсаева С., Бегалиев Т. Жас ерекшелік педагогикасы: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2010. – 472 б.
51. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 192 б.
52. Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы, 2000. – 240 б.
53. Оразбекова К. А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. Монография. – Алматы: Комплекс, 2000. – 330 б.
54. Харламов И. Ф. Педагогика. Учебник для студентов педагогических вузов. – Минск, 2002. – 560 с.
55. Педагогика: Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы /Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. – Алматы, 2002. – 384 б.
56. Педагогика: Дәріс курсы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2003. – 368 б.
57. Педагогика: Оқу құралы. / Жалпы ред. басқарған А. Құдиярова. – Алматы: Дарын, 2004. – 448 б.
58. Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов /Под ред. А. П. Тряпицкой. – СПб: «Питер», 2014. – 304 с.
59. Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей. / Под ред. П. И. Пидкасистого. – Москва, 2004. – 608 с.
60. Педагогика: теории, системы, технологии: учебник для студ. высш. и сред. учеб. заведений. / Под ред. С. А. Смирнова. 7-е изд. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 515 с.
61. Платонов К. К. Структура и развитие личности. – М.: Наука, 1986. – 254 с.
62. Сейталиев Қ. Б. Педагогика тарихы. – Атырау, 2007. – 336 б.
63. Созонов В. П. Организация воспитательной работы в классе. Методическое пособия для класного руководителя. – М.: Педагогический поиск, 2000. – 160 с.
64. Тайжанов А. Тағылымды танымдар. / Көмекші оқу құралы. – Орал: Ағартушы, 2007. – 304 б.
65. Тайжанов А. Т. Этноәдени білім мен тәрбие. / Оқу құралы. – Ақтөбе, 2009. – 122 б.
66. Ұзақбаева С. А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.
67. Щукина Т. И. Роль деятельности в учебном процессе. – М.: Просвещение, 1986. – 140 с.

«Жоғары білім» сериясы

Дүйсенбаев Абай Қабақбайұлы

Педагогика

Оқулық

Редакторы В. Ғайнуллина
Техникалық редакторы Э. Заманбек
Корректоры Н. Бимағанбетова
Көркемдеуші редактор Ж. Қазанқапов
Дизайнері В. Козлов
Компьютерде беттеген Ұ. Бердібекова

Басуға 15.0.18 қол қойылды.
Пішімі 70x90 ¹/₁₆. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 21,6.
Тапсырыс №0. Таралымы 0 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманова көшесі, 13

«Регис-СТ Полиграф» баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманова көшесі, 13